



Қадыр
Мырзат Әли

Mirzat Ali



«АТАМУРА»

ББК 84 Қаз 7-44
М 91

Мырза Әли Қадыр
М 91 《Іірім. – Алматы: Атамұра, 2004. – 360 бет.

ISBN 9965-05-936-5

“Іірім” – естелік кітап. Ол – эссе жанрына қойылатын құрделі талаптарға түгелдей жауап береді алдын шымыр шығарма. Жиырмасыншы ғасырда өмір сүрген қазақ ақын-жазушыларының бәрі болмағанмен, біразы осы кітапта қамтылған. Оқырманды жалықтырмайтын тартымды да татымды тілмен автор өзі көріп, дәріс алған Мұхтар Әуезовтен бастап әдебиетке қатарлас келген біраз дарынды әріптестерінің іс-әрекеттерін, мінезд құлқын, ішкі дүниесін шебер бейнелеген. Ең бастысы – туынды жақсы оқылады. Қызықты.

М 4702250201-009 хабарландырусыз–2004 ББК 84 Қаз 7-44
418(05)–2004

ISBN 9965-05-936-5

© Мырза Әли Қ., 2004
© «Атамұра» баспасы, 2004

Ulipiu
(xce)





Кім білген жетістік пе?
Кемістік пе?
Төрт-бес дос жолға шықтық келістік те.
Асыққан көнілдердей экспресс
Ағызып келеді енді кеністікте.

Бас қосып көрші-көлем,
Туыс жандар,
Батасын беріп қалды таныс шалдар.
Болғаны:
Бес-алты жұз теңге менен
Білетін бес-алты ауыз орысшам бар.

Бабамыз мал бағуды кәсіп етіп,
Бағытын өзгертуеген, осы беті.
Біз енді
Кеністікпен қоса бүгін
Келеміз ғасырларды басып өтіп.

Жүйткіді қара айғырдың жалы шұбал,
Жолаушы балалардың жаны шуак.
Қарайды терезеден құла түзге
Вагонның әйнегіне жабысып ап.



Вагондар теңселе ме,
Ыргала ма?
Ыскырып жақындағы бір қалаға.
Шай ішіп,
Шып-шып терлеп біз отырмыз,
Аз ба екен он стақан бір балаға!

Көреді сені дала данасындей.
Қабылда ҚазМУ бізді баласынбай.
Ауыл мен астананың екі арасы
Жарық пен қараңғының арасындей!

Әйтсе де
Шоқтай жанып қара көзін,
Ешкімді менсінбейтін дара кезін.
Бас мына толған қиял,
Біле алмадым
Барады қалай тартып паровозың?!

Жетпей ме болса егерде бойында нәр?
Жайым жоқ күндіз-түні дайындалар.
Қаптаған Алматының ақындарын
Қалпақпен ұрып алу ойымда бар!

Әлі алда қамал бұзар көп күніміз,
Әзірше жас жазушы деп біліңіз.
Әйтсе де жер жаардай дүбіріміз,
Әйтсе де тау жығардай екпініміз!

Бетке алып әлгі әйгілі қала жакты,
Боздатып поезд біздің бара жатты.
Қоямыз сипап-сипап
Ішкиімге
Шешеміз тігіп берген қаражатты!



Абитуриент болғанша түк түсінбеппін. Университеттің қабылдау емтиханынан бастап көзім ашыла бастады. Оған шейін соқыр сезіммен ғана өмір сүріппін.

Окуға тусу үшін біздер бүгінгі күнмен салыстырганда өте көп сабактан емтихан тапсырық. Жазбашасын, ауызшасын қосып есептесек, біздер бір емес, жеті бірдей сыннан өтіппіз. Есенгіреткен де солар, есімді кіргізген де солар!

Тарих – менің осы күнге шейін жақсы көретін дүнием. Тарихи шығармалар мен тарихи зерттеулерді, тіпті окулықтардың өзін өз басым күні бүгінге шейін үзбей оқып келемін. Мектепте алған білімімнің өзі тәп-тәуір болатын. Бірақ қабылдау емтиханында бір бүйра бас ағай, қаншама ҫұрағына жауап берсем де, қалай әдемі жауап берсем де “төрттен” артық баға қоймады. Ал орташалау тапсырған бір талапкерге менің көзімше “бес” қойды. Жағрафия пәнінде де солай болды. “Төрт” алдым. Ал Арменияның халқы қырық миллион деп жауап берген жігітке “бес” қойды. Бірақ ол бәрібір түсе алмай кетті.

Ең жақсы билетін және жақсы көретін пәндерімнен “төрттен” артық баға ала алмаганнан соң оқудан күдер үзе бастадым. Тіптен шалғай, тіптен түкпірде туып, алыс ауылда өскен біздер үшін орыс тілі мұлде бейтаныс, мұлдем жұмбақ тіл болатын. Білмейтін тілінді билетін тілде түсіндірсе бірсәрі ғой. Білмейтін тілді білмейтін тілде оқып, дәлірек айтсақ, оқытып, әбден сорымызды қайнатқан-ды. Енді міне соның зардабын тартатын болдым. Соны ойласам, тәбе шашым тік тұрады. Егер қойып жатса, бұл жолы “үштің” өзіне ырзамын! Ал “екі” қойып жатса, ренжи алмаймын. Менің орысшам “үш”

емес, “екіге” лайық! О, Жасаған, жар бола гөр!
Осында үреймен, осында көңіл-күйіммен жүріп,
орыс тілі диктантын “төртке” жаздым. Ал ауызша-
ның жөні бір бөлек! Мен онда білмейтін тілде сай-
рап, білмейтін тілде жауап беруім керек. Он минут-
қа жетпейтін орыс тіліммен қалай емтихан тапсы-
рамын?! Бірақ қалай қайғырганмен, қалай қақсаған-
мен, қалай жылағанмен бәрібір тапсыруға тиіспін.
Тәуекел деп кірдім де кеттім емтиханға.

Емтихан алушылардың саны көп емес. Бір-екі-
ақ адам. Оның да біреуі кіріп-шығып жүреді. Отыр-
майды. Біреуі тапжылмайды. Екі көзі билет алған
талапкерлерде. Басқаларға қандай сұрақ келгенін
білмеймін, ал маған ақылға қонбайтын қырсық сұ-
рактар бұйырыпты. “Горький и мировая литерату-
ра!” Мемлекеттік емтихан болса бірсөрі! Мектептен
жаңа шыққан сары ауыз балапанға осында сұрақ
қоя ма еken?! Кешегі мектеп оқушысы, оқушы түгіл,
студент, студент түгілі мұғалімдердін өзі, тіпті кей-
бір ғылым кандидаттары осы сұраққа жөнді жауап
бере алар ма еken! Ақылға сыймайды. Эйтсе де бұл
сұрақ мені қорқыта алмады. Орысша білмесем де,
қазақшаға аударылған кітаптар арқылы орыс жазу-
шыларын, тіпті шетел жазушыларын да тәп-тәуір
білетінмін. Көркем әдебиеттің өзін ғана емес, “Әде-
биет және искусство” журналы арқылы әдеби тал-
даулар мен шолуларды көп оқитынмын. Сол мака-
лаларда Лу Синьді Қытай Горькийі, ал Андерсен
Нексені Данияның Горькийі деп жататын. Говард
Фаст деген жазушы болған. Бұғінде оны ешкім де
білмейді. Кезінде оны Американың Горькийі деп
мақтайтын. Он минутқа әрең жететін шолақ орыс-
шаммен осының бәрін былықтырып айтып шық-
тым. Емтихан алушы өйел біресе онға, біресе солға

бұрылды. Біресе жоғары қарады, біресе төмен қарады. Орыс тілінің омыртқасын біраз мұжыдым-ау деймін. Мұғалімнің екі беті қып-қызыл бол алаулап кетті. Ұлы орыс тіліне қиянат, қиянат қана емес, обал жасап отырған мен емес, өзі секілді сезінсе керек, тіптен абыржып, не істерін білмеді. Бір мезгілдерде ғана барып есін жиғы-ау деймін, ақырын ғана:

— Сіздің орысшаныз, кешірерсіз, мұлдем кәдеге аспайды. Мұлдем! Бірақ ақылға сыймайтын бір нәрсе — Сіз тақырыбынызды өбден жақсы білесіз. Бұл тақырыпты талапкерлер түгіл студент, студент түгіл аспирант, тіпті кейбір ұстаздардың өзі біле бермейді. Мұндай сұрақтың емтихан билетіне қалай кіріп кеткеніне таңым бар! — деп біраз отырды. Не істерін білмеді ғой деймін, алдындағы ақ қағазды шыжбайлап сыза берді, сыза берді. — Эйтсе де, — деді содан кейін сөзін жалғап: — Орысша өте нашар сөйлегенізге қарамай қын сұрақтың өзіне тәп-тәуір жауап бердіңіз! Байқаймын, қайнаған қалың қазак ортасынан келген окушысыз ғой. Тілді әлі-ак үйреніп кетесіз... Құдай қаласа, Сізден түбінде жақсы өдебиетші шығады. Шыгуға тиіс! Мен Сіздің болашағынызға сенем! Сондықтан “бес” қоям! — деді. Мен, әрине өз құлағыма өзім сенбедім. Қуанғаннан жүргім жарылып кете жаздады. “С-с-с” дей беріпшін. “Спасибо!” дегім келген болуы керек.

Мектеп есігін жаңа ғана жапқан ауыл баласында қайбір данышпандық ақыл болушы еді! Ойлаймын келіп, ойлаймын. Кейін сұрастырып білдім, тарихтан емтихан алған мұғалім өзімнің жақын жерлесім болып шықты. Жә, тіпті жерлесім болмай-ақ қойсын, дұрыс жауапқа дұрыс баға қоюы тиіс



емес пе?! Өмір босағасынан енді-енді аттаған тап-таза талапкер балаға осылай қиянат жасауға бола ма?! Менің бағамды түсіріп, біреудің бағасын өсіріп қойғанмен біреулердің жетектеген жетесіз жақындары бәрібір окуға түсе алған жок. Ал түскендері оқып жарытпады. Бір-екі айдан кейін белгілі болды: көркем әдебиетке, тілге ешқандай қатынасы жок мажантопай біреулер болып шықты. Бір жаманы солардың кесірінен қабілетті талапкерлер сыртта қалды. Сонынан білдім, солардың бірі – кейін қазактың көрнекті жазушысы болған, өлерінің алдында “Абайдың қателігі” атты романы үшін Мемлекеттік сыйлыққа ие болған Рамазан Тоқтаров. Балы жетпегендіктен университетке өте алмай, Шет тілдері институтының француз факультетіне түсіп, соны бітіріп шықты.

Маған ойламаған жерден “бес” қойған жомарт мұғалімнің кім екенін де кейін білдім. Қыз күніндегі фамилиясы беймәлім. Сол кездегі фамилиясы Поссе. Аты-жөні Татьяна Владимировна. Біздерге сабак берген жок. Бірақ анда-санда көріп тұратынмын. Кейінірек көз жазып қалдым. Бірнеше жыл өткеннен кейін Александр Жовтис деген әдебиетші және аудармашыдан сұрап көріп едім, ол оны бірден мақтай жөнелді. Айтудына қарағанда өте-мөте адал, не болса да әділін айтатын тұра адам болған екен. Саяси қуғынға ұшыраған қазак, орыс және еврей интеллигенциясына батыл ара түсіп, біразын аман алып қалыпты. Жовтистің осы әңгімесінен кейін мен ол туралы өлең жаздым. Біраз жылдар жатып жатып кейінірек “Кылыш пен қанжар” кітабыма кірді. Өлең “Тұсаукесер” деп аталады. Ол туралы да, өзім туралы да сол өлеңнің біраз шумағын еске түсіріп көрейін:



Ойларымды ысырды
Оқыс тұрган бір құйын.
Есіме тез түсірдім
Әрбір елдің Горькийін.

Қабілет пен сауатқа
Қай кезде де көп сенем.
Лу Синъмен сабактап,
Түйінделім Нексемен.

Тағдыр тағы тырнағын
Батырды ма барысша?!
Сынға түсті
Жұрнағы,
Жалғауы жоқ орысшам.

Жақсы ойларды тілімдеп
Жатса – тілім кінәлі.
Көзәйнегі күлімдеп,
Сөйлеп берді мұғалім:

– Әріптестер еншілес
Мүмкін маған тағар сын:
Орыс тілің онша емес,
Оны түゼп аларсын!

Күндердің бір күнінде
Ұғатындар ұғады.
Жанылмасам,
Түбінде
Сенен кадр шығады!

Адаммын мен сыйлаған
Апа мен ағаны...

Қазактарым қимаған
Қыды ол ұлкен бағаны.

Мен зымырай жөнелдім,
Көңіл әбден өскесін.
Дана қызы ұлы елдің
Тұсауымды кескесін!

Осы бір азамат әйелдін, көреген ұстаздың алдында мен адам ретінде, ақын ретінде де мәнгі қарыздармын. Мен оны ешқашан ұмытқан емен. Өмірдің әр белесіне шыққан сайын Татьяна Владимировнаны бір еске алам. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа ұсынылып, сайлаушыларыммен алғаш рет кездескенде де мен ол кісіні есіме алып, қарыздар адам ретінде атын атап өттім.

Шынын айтсам, маған кезінде, өте керек кезінде қол ұшын берген, мандайымнан сипаған, қолтығымнан демеген жақсылар мен жайсандар, құдайға шүкір, аз емес. Мен өзімді шарапаттың шуағында өскен бақытты гүлдердің бірі деп санаймын.

Ұлы Отан соғысынан кейін Батыс Қазақстаның жағдайы, соның ішінде менің туған ауданымның тұрмысы, хал-ахуалы жақсы бола қойған жок. Жартылай аш, бұтіндей жалаңаш ғұмыр кештік. Нанды талонмен алып тұрдық. Ертемен сатылатын сол нанның өзіне бір күн бұрын, кешкісін барып тіркеліп, сол дүкеннің түбінде түнеп шығатынбыз. Аудан орталығының нан дүкені биқтеу бір төбенің басына орналасқан-ды. Әрен дегенде қолым жеткен бір буханка нанымды қолтықтап, әлгі төбеден түсе бергенімде көзім қарауытып, басым айналды. Төніректі қара түнек басты да иненің жасуындай ғана жарық қалды. Сәлден кейін ол да өшіп, мен жалп

етіп құладым. Біреулер көрсө керек, аузыма су тамызып, үйіме жеткізіп тастанды. Мұндай жағдайда оқуды қалай жалғастыруға болады? Уақытша тастан тұруға тұра келді. Төрт сыйып бойына мені өқытқан мұғалім апайым ата-анам бармаған аудандық оку бөліміне барып, арызданып жүріп, өлердегі сөзін айттып, мектеп-интернатқа орналастырды. Соның, тек қана соның арқасында орта мектепті бітіріп шықтым.

Әлқисса, бұл бағыттағы әңгімелер мұнымен шектелмейді. Өмір жолында маған он қабақ танытқан, аузыма су тамызып, жылы сөзімен жұбатқан, жүрек шуағымен жылытықтан жайсан жандар жөнінде өлі талай сыр шертпек ойым бар. Ондай ойларым болмаса мен бұл кітапты жазбай-ақ қойған болар едім.

Университетке тұсу, барынша мол білім алу – басты мақсаттарымның бірі. Бірақ негізгі мұратым емес. Негізгі мұратым – ақын-жазушы болу. Газет-журналдарда жарық көрген өлеңдерді жібермеймін. Оқимын. Оқып қана қоймаймын, жаттап алам. Филология факультеті жанында әдебиет үйірмесі бар. Оны Еркеш Ебікенов деген жас ақын басқарады. Өзі төртінші курста оқиды. Танысуга батылым бармайды. Қарсы келіп қалсақ, амандасам. Сосын параллель көшеге өтіп кетіп, біраздан кейін алдынан тағы шығамын. Еркеш – нағыз ақын, анқау. Менің әдейі осылай істеп жүргенімді байқамайды. Мен де білдірмейге тырысам. Құндердің бір күнінде үйірменің мәжілісі болып, біраз студент қатынасты. Бәріміз де шығып сөйлемдік. Әркім өзінің не жазатынын, қашаннан жазатынын айтты. Кейбіреулері өлеңін оқыды. Үйірме өзінің жарты жылдық жоспарын бескітті. Сол жоспар бойынша таяу құндердің бірінде

Сәбит Мұқановпен кездесу өткізілді. Қазіргі Байтұрсынов көшесі мен Төле би көшесінің киылысқан жерінде университеттің жаңа корпусы болатын. Филология және журналистика факультеттері сонда орналасқан-ды. Міне осы корпустың үлкен залында сол кездегі қазақ ақындарының ағасын, әрі акуласын қабылдадық. Ол кездерде кез келген мәжіліс, кез келген кездесулер орыс тілінде өтетін-ди. Бұл кешке филология факультетінің орыс-қазақ бөлімінде оқитын барлық студент түгелге жуық қатынасты.

Сәбенді бұрын-сонды бұлай жақыннан көрген жоқ едім. Ақ сары келісті қазак еken. Үстіндегі өзі өндес женіл костюмі бойына қонып-ақ тұр. Бірнеше күн жорықта болып, аттан жаңа ғана түскен жауынгердей теңселінкіреп жүреді еken, сахнада түрегеп тұрып, ұзак сөйлемдері күрделі емес, карапайым. Логикасы мықты. Тыңдаушыға жағымды. Қысылмайды, өзін барынша еркін үстайды. Орыстың бір сөзін есіне түсіре алмаса, залда отырған студенттерден қазақша сұрап алады. Жастар оған жамырап жауап береді. Бір кезде ол женінің түймелер түсын көрсетіп:

— Осы жерді орысша не деуші еді? — деп сұрады.

— Манжет!

— Манжет! — деп айқайлады залдағылар.

— Иә, иә. Манжет! — деді Сәбен де студенттерге қосылып.

Сәбен негізінен, отызыншы жылдардағы орыс ақындары, әсіресе, Маяковский және оның серіктестері туралы ұзак және қызықты әнгімелер айтты.

— Маяковский түйе секілді болса, оның жанында Кирсанов ешкі сияқты болатын! — деп бір күлді-



ріп қойды. Мәскеуде Красная профессурада оқып жүрген кезінде Сәбенің оларды жи қөргені рас. Сәбен оларды көріп қана қоймаган. Сөз саптасына қарағанда оларды оқыған да, билетін де тәрізді.

Бұл кеште мен залдағы көптің бірі болып, ықыласпен тыңдадым. Бірер жылдан кейін Сәбенмен кездесіп, ойламаган жерден әңгімелесіп те көрдім. Ыңғай білдірген де мен емес, Сәбенің өзі. Ол кезде мен университетті бітіріп, жақындағана ашылған “Балдырыған” журналында қызмет істеп жүргем. Жазушылар одағына жи барам. Бұл жолы да сол жерде жүргенмін. Екінші қабатта Сәбенмен жолыға кеттім. Сәлем бердім.

— Сен осы қай баласың? — деді Сәбен маған жылы жүзбен.

— Қадыр Мырзалиев деген балаңызыбын! — дедім.

— Е, Қадыр Мырзалиев деген ақын сен бе едін? — деді ол. — Мен сені сыртынан жақсы білемін. Қазақ балалар бақшасына баратын немерем сенің өлеңдерінді жатқа біледі. “Сөзін жазған Қадыр Мырзалиев” дейді тақылдаپ. Өлеңдеріндіғана емес, сын мақалаларынды да үзбей оқып тұрамын. Сен өзің, байқаймын, высокий штильмен жазады екенсің. Мысалы, Әлияс Омаровтың кітабы туралы жазған “Еркін серпінің” сондай! — деді ол. Үлкендердің аузынан мұндай жылы сөз естіп көрмеген сорлы басым сасып қалсам керек. — Сен неге үндемейсің? Менің “стиль” демей “стиль” дегеніме таң қалып тұрсың ба? Таң қалма! Ломоносов заманында көбіне-көп “стиль” деп жазған.

Кез келген ақын-жазушы, әсіресе әдебиет есігін енді-енді ашып, сөз сарайына еніп келе жатқан жас дарын жетім бала тәрізді біреу-міреу арқамнан

қақса, басымнан сипаса деп тұрады. Сәбенің ойда жоқта жылы шырай білдіріп, көніл жомарттық жасауы жүргіме бол құйғандай әсер етті.

Жалпы Сәбен тұмысынан адам жатырқамайтын көпшіл кісі болатын. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін әңгімені өзі бастайтын... Бірде Жазушылар одағының дәлізімен оң жаққа қарай бұрылышп бара жатып, Әдеби қордың ашық түрган есігінен Сәбенді көріп қалдым да барып сәлем бердім. Кабинет директордың кабинеті. Бірақ иесі жок. Сәбен жалғыз. Сірә, директорды күтіп отырған болуы керек. Баяғы сол жайдары, көнілді қалпы. Аман-саулық сұрасып болған соң:

— Асығып бара жатпасан отыр! — деді. Бұл жерде асығыс не шаруа болушы еді, отыра кеттім. Әңгіменің неден басталғаны есімде жок. Бір кезде Сәбен: — Сен осы көп білесін, көп ізденесін... айтшы маған осы мына сахна классиктері атанип жүрген Мұхан мен Ғабиттің пьесалары Мәскеу, Ленинград театрларында неге койылмайды?! — деді төбеден түскендей. Мен үшін бұл мұлдем қын мәселе. Оның үстіне менің ол кезде театрмен, драматургиямен шұғылданып көрмеген кезім.

— Қайдан білейін, Сәбе! Шынын айтсам, шұғылданбаған, ойланбаған мәселе! — дедім. — Көркем әдебиет негізінен, тілдін жемісі ғой. Мұханың тілі де, Ғабенің тілі де ұлттық бояуға қанық. Оларды басқа тілге аудару өте күрделі болса керек, сірә! — дедім өз болжамымды айтып.

— Мен сенің бұл айтқаныңа қанағаттана алмаймын. Құлық жасап тұрсын. Меніңше, мұлдем олай емес! Тіл қай кезде де проблема. Бірақ кілтін тапсан, ол да қын шаруа емес. Мәселе тілде емес, мәселе шығарманың өзінде. Көтерген идеялық-көр-

кемдік мәнінде! Жүгінде! Образдарда! Көрермендерге оқыс жаңа дүние ұсынуда! Ал Мұхтар мен Ғабиттін европалықтарға ұсынатын ештеңесі жоқ. Бұлардың айтып жүргендегі оларға бұрыннан таныс. Жауыр болған дүниелер. Оқиға өзгеше болғанмен, ой баяғы! Орысша айтқанда вторично!

Әңгіменің дәл осы тұсында Әдеби қордың директоры келіп қалды да сөзіміз шорт үзілді. Сәбенмен қоштасып, өз жұмысыма кеттім. Әйтсе де бірер күннен кейін сол Жазушылар одағында Сәбенмен тағы жолықтым. Сәбен мені қолтықтап тұрып:

— Жүр! Бос кабинеттердің біріне барып, әнеуқүнгі әңгімені одан өрі жалғастырайық! Ол өзі өте маңызды мәселе! — деп бос тұрған екінші хатшының бөлмесіне алып кірді. Сосын: — Сен осы Аймауытовты білесің бе? Оқыдың ба? — деп сұрады.

— Жоқ, білмеймін! Оқыған емеспін!

— Эрине! Эрине! Аймауытов түгіл, сендер Сәкен, Бейімбет, Ілиястарды да оқыған жоқсындарғой! Солай ма?! — деді.

— Өкінішке орай, солай, Сәбе!

— Бұл өзі белгілі бір азаматтардың ғана емес, бүкіл елдің, бүкіл қазактың трагедиясы ғой! Бірақ қайтеміз?! Болар іс болды, бояуы сінді... Десек те, менің айтайын дегенім бұдан басқа! Айтайын дегенім — Аймауытов! Мәдениетті қазақ прозасы, тіпті драманың өзі осы Жүсіпбектен басталады. Тек бір ғана Аймауытовтан айырылуымыздың өзі біздің әдебиетімізді жарты ғасыр кейінге ысырып тастады. Бір Аймауытовтың өзі бір көркем қол, бір әскер сияқты еді!. Сендер мактай беретін Әуезов пен Мұсіреповтеріңің өзі осы Жүсіпбек шапанынан шыққандар. Бұлар жазып жүрген бүгінгі драмалардағы ақ өлеңді Мұхтар мен Ғабит ойлап тапқан жоқ!

Оның төркіні шешендік сөздерде және Аймауытова! Қарындашпен жазудың өзін Ғабит сол ағасынан үйренген. Жүсілбектің әйелі қырым татары болатын. Бекесі өте биік орналасқан. Ростов жылқысы сияқты! Сол женғеміз үнемі біздей ғып қарындаш ұштап отыратын, жарықтық...

— Сәбе, сол Аймауыттың кітаптарын шығаруға болмай ма?!

— Болады ғой деп ойлаймын. Аймауытов — сыншыл реализмнің өкілі. Идеологияда шаруасы жоқ. Нені көрсе, нені білсе — соны, яки өмір қалай болса, солай жазады. Егер маган со кісінің туындыларын түгел жинап бастыру керек, сол жауапкершілікті Сізге жүктейміз десе, ойланбай келісер едім. Ойланбай бір түнде бес-алты томын дайындалап, қол қояр едім, — деді Сәбенә сенімді сөйлеп.

Сәбенің осы сөзін бір ағамызға айттып едім, ол:

— Сәбенә қанша қарапайым болса, сонша құрделі де! Оның бұл сөзіне жүз пайыз сене алмаймын. Осы айтқаны таза шындық болса, ол неге басқа адамның бұйрығын күтеді. Аймауыттың актау көрек деп айқай салмай ма?! Сонда ол бір түнде, бір күнде халық қаһарманына айналып шыға келер еді ғой! — деді.

Кім білген? Кім білген?! Өз басым Сәбенді ақымақ адамдардың да, алаяқ адамдардың да қатарына қоса алмаймын. Ол — тегін түлға емес. Қанша нәрсеге араласып, қанша нәрсені бұлдіргенін білмеймін. Әйтеуір ол да өз заманының диірменінен өтті. Сырттай байқалмаганмен, іштей зардабын шекті. Рас, Сталин өліп, мемлекет басына Хрущев тәрізді нақұрыс келіп, демократияны жақсы көргендіктен емес, Сталинді жек көргендіктен тоталитаризмнің



тамырына балта шапты. Отзынышы жылдары жазықсыздан жазықсыз жазаланған ақын-жазушы айдаудан қайтты. Аз уақыт болса да саяси өмірде күн жылынғандай болды. Илья Эренбург сол кезді пайдаланып, “Оттепель” атты шығарма жазды. Заман да сол туындының атымен **жылымық** заман аталды. Бұл көп адамға жаққан жоқ. Көп адамға көп нәрселер үшін жауап беруге тура келді. Соған шыдамай дәл сол тұста болмағанмен, сөл кейінірек Александр Фадеев өз саяжайында онаша жатып, атылып өлді.

Міне осы тұста Сәбен “Өмір мектебінің” үшінші кітабын, яки “Есею жылдарын” жазды. Бірінші болып көркем шығармада Голощекиннің саяси бейнесін жасады. Бірақ ол кітаптың өзі біреуге ұнағанмен, біреуге ұнамады. Марксизм-ленинизм институтына рецензияға берілді. Біrnеше күн бойы Жазушылар одағының президиумында талқыланды. Қаламдастар өзара бет жыртысуға шейін барды. Мен өзім сол жиналыстардың бәріне де қатынастым. Ол кезде мен “Жұлдыз” журналында Бас редактордың орынбасарымын. Президиум мәжілісіне міндетті түрде қатынасамын. Сондай көп отырыстардың бірінде “Есею жылдарын” талқылау үшін президиум мүшелері түгелдей жиналып мәжіліс басталғалы жатқанда Сәбен қып-қызыл болып орнынан тұрды да:

– Жолдастар! – деді. – Тоқтатындар мына жанжалды. Сәбит Мұқановтың көрген құқайы бұл ғана емес! Менімен айтысқан қазактың онғаны жоқ! Тоқтат, Ғабиден!

Дәл осы кезде Ғабиден ақсақал аузына насыбайын салып, тілінің астына басып, рақаттанып отырган. Өзі қызыл адам одан бетер қып-қызыл бол

шыға келді. Сұқ саусағын тілінің астына жүгіртіп, сілемей-сілемей насыбайды тез шығарып, жаюлы жатқан бір газетке былш еткізді. Сосын:

— Эй, Сәбит, мен де сенің құқайыңнан қорықпаймын. Шынтуайтқа келгенде мен сені ... жіберемін! — деді анайы түрде. Экемдей адамдардың, әулие тұтып жүрген классик жазушылардың аузынан мынадай нас сөздер шығады еken деп кім ойлаған! Жерге кіріп кете жаздадым. Есікке жақын жерде отыр едім, оп-онай шығып кеттім. Не көрсем де, не естісем де отыра беруім керек еді. Шығып кеткеніме артынан қатты өкіндім.

Қазакта “бұрын-сонды” деген сөз бар. Соның екінші сынарын алып тастап айттар болсақ, бұрын Қазақстанда Конаевтай жайлы басшы болған жок. Бірақ сол жайлы Димекен Сәбит Мұқанов үшін жайлы бола қоймаған сияқты. Біз бәріміз де пендеміз. Сондай бір пенделігі ұстаған сөтте партия пленумының мінбесінде тұрып Конаевтың адресіне салмағы бір пүттық “мешок обещаний” деген ауыр сөзді лактырып жіберсе керек Сәбен. Негізінен табиғаты жұмсақ биязы басшы ол үшін Сәбенің сонына түсіп, куалай қойған жок, әрине. Сәбен бұл сөзді айтқан кезде Димекен Министрлер Кеңесінің Төрағасы ғана болатын. Жазушы ағамыз Конаевты Республиканың бірінші басшысы болады деп ойлады дейсіз бе?! Әлде болмағаны дұрыс деп ойлады ма, кім білген. Қалай болған күнде де айтылар сөз айтылды. Кайталап ескертем, Димекен ол үшін Сәбенің сонына түсे қойған жок. Психологиялық түрғыдан түсінер болсақ, Сәбенді кудалаған Сәбенің өз сөзі. Басқалар ұмытса да, оны Сәбенің өзі ұмыта алмады. Тіпті өзін-өзі кешре алмады. Оның үстіне “Есею жылдарының” төнірегіндегі әдеби

айқас алпысқа келген ақ бас ағамызды титықтатып жіберді. Сөйтіп жүріп Сәбенә мүшел тойын өткізді. Жазушы ретінде, өсіресе пенде ретінде өкіметінен, партиясынан ұлken сый, марапат құтті. Ашып айтар болсақ, Енбек Ері деген атақтан дәметіп қалды. Ол дәметудің де өзінше логикасы бар-ды. Бірақ логика жұмыс істемеді. Пенделікке пенделік қарсы тұрды. Сәбенә алтын жұлдызызы қалды. Оның орнын бұрын алып жүрген Ленин ордені басты. Қазақстанның аға жазушысы үшін той ойдағыдан өтпелі. Той демекші сол тойға мені де шақырды. Бұл Сәбеннің мені елегені, ескергені еді. Бірақ мен балалық жасап, сол дастарқанға бармай қалдым. Ол кезде менің өзім жасап алған темірдей тәртібім бар еді. Сонымен жатып, сонымен тұратынмын. Жұмыс аяқталар аяқталмастан үйіме жетуге тырысатынмын. Женілжелі тамақтанып алыш, бірер сағат қалғығанға үйренгендін. Содан түннің бір уағына дейін қозғалмай жазу үстелінде отыратынмын. “Ой орманы” мен “Дала дидаres” темір тізгіннің арқасында дүниеге келген-ді. Сәбенә дастарқанына бармай қалғаным да сондықтан еді. “Мен ол кісінің басты қонағы емеспін, іздей қоймас” деп ойладым. Мен солай ойлағанмен, Сәбенә олай ойламапты. Бір кездескенде “Қадыр, сен тойға неге келімдін?” деді. Мұндай әңгіме болады деп ойламаған сорлы басым “Сәті болмай қалды, Сәбе!” дедім. Ол басын шайқады.

Сәбенә жарықтықтың қырық жылға жуық тарта әдеби-қоғамдық өмірінде араласпаған шаруасы, белсенділік көрсетпеген жері жоқ. Соғыстан, Ұлы Отан соғысынан кейін, өсіресе елуінші жылдардың басында ұлтшылдық деген ескі дақпыртты қайта жаңғыртып, қазақ интеллигентиясына тағы қара бұлт төне бастаған-ды. Күнде жиналыс, күнде тал-

қы. Жиынды басқарып отырған Сәбен ет қызыумен Кенесарыға байланысты тоғызынышы сыныпка арналған әдебиет оқулығына тиіседі. Қатты-қатты сын айтады. Сонда алдынғы қатарда отырған бір азамат шыдамай:

— Сәбе, сол оқулықты өзініз біреулермен бірігіп жазған жоқ па едініз? — дейді.

— А? Солай ма еді?! Осы менің де араласпайтын шаруам жоқ! — деп Сәбен сылқ етіп отыра кетеді.

Шынында да Сәбен араласпаған шаруа болмаған сияқты. Сәбен өзі араласпайын десе де, басқа біреулер оны араластырмай қоймайтын.

Бірде Әбділда ағамыз диссертация қорғайды дегенді естіп Академияға бардық. Соның алдында ақын Әбділданың “Өмір және поэзия” деген үлкен кітабы жарық көрген-ді. Төрт-бес ай бұрын Сәбит Мұқановтың “Қазақ әдебиеті” газетінде ол кітап туралы көлемді сын мақаласы жарық көрген болатын. Әбділда сөйлеп болғаннан кейін мінбеге Сәбен шықты. Қасымда отырған жолдасыма:

— Көр де түр қазір Сәбен сояды! — дедім сенімді түрде. Өйткені “Қазақ әдебиетіндегі” мақаласында Сәбен “бірінші, екінші, үшінші, ..., оныншы” деп қойып, біраз кемістіктерін батыра-батыра айтқанды. Енді солардың бәрін түгелдей сыйып тастап, жетістіктерін ғана айтып шықты. Аң-таң болдым. “Мұнысы несі?” деп ойладым. Сөйтсем... Кейінірек естідім: Әбділда Тәжібаевтың “Өмір және поэзиясы” Мұхтар Әуезовке ұнамайды. Диплом жұмысының деңгейінде деген сөзді айтып қалады. Оны естіген Әбекен жылап Сәбене барады. Барлық жағдайды түсіндіріп айтады. Ара түскенін қалайды.

— Іңқ етпе, — дейді Сәбен. — Екінші рет оқып шыққаннан кейін кітаптың маған ұнауы мүмкін ғой!



Әсіресе диссертацияның Сөйтіп Сәбенұң жылап келген Әбекене жаңы ашып, бұрынғы пікірін жүз пайыз өзгертіп, оның сәтті қорғап шығуына септігін тигіздеді. Сірә, Алматыда болмаған болуы керек, Мұхан үйлі қорғауға келмеді. Бірер қиқар сұрак берген Қажым Жұмалиев және басқалар атмосфера жасай алмады. Бұл жолы мен Сәбит Мұқановты тағы бір қырынан таныдым. Қанша білдім десенде, бір адамды, тіпті белгілі тұлғаның өзін білемін, жақсы біле мін, жете білемін деуге болмайды екен. Әбділда Тәжібаев диссертациясы кезіндегі мен білем-ау деп жүрген Сәбит Мұқанов мұлдем басқа Сәбит Мұқанов болып шықты.

Сәбен туралы маған жұрт не демеді? Мен не естімедім? Бір ғажабы: өз басым өзге адамның үлкен сөзіне сенбей, өзімнің кішкене ақылымға құлақ түрем. Содан да шығар, мен Сәбенді жек көріп, Сәбене теріс айналып кете алмадым. Ол маған үнемі қарапайым, үнемі қөпшіл, үнемі елгезек, үнемі кішіпейіл көрінетін. Ал бұл өзі сирек кездесетін қасиеттер. Ондай қасиеттерге мән бермеу, сенбеу, иланбау менің ақылымға сыймайды.

Басқа жанрмен салыстырғанда естелік-эссенің өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Мысалы, прозада қандай образ жасағың келсе, сондай образ жасайсын. Кейіпкеріне қандай мінез берем десен, сондай мінез бересің. Ал ол тек өз мінезіне лайық әрекет жасайды. Сенің мына кейіпкерің ондай емес, мынандай. Сен оны бұрмалап суреттеп отырсаң да біреу саған жармаса алмайды. Өйткені ол — сенің қиялынан туған, сен сомдаған бейне... Естеліктегі мұлде басқаша. Сенің суреттеп отырған бейнен — көркем бейне ғана емес, өмірде болған, біреу білмесе, біреу билетін нақтылы адам, кейде тіпті тарихи тұлға. Ке-



рек десеніз, Құдайдың өзі жаратқан Адам. Оны бүрмалап көрсетуге ешқандай қақың жоқ. Осы тұргыдан келер болсак, Сәбен бойында да біраз кемшілік болатын. Ол тап күресі дегенге, пролетариат диктатурасы дегенге, интернационализм дегенге әбден сенген адам. Оның “Жас тұлпар” қогамына сенімсіздікпен қарауы да сондықтан... Сөйті тұра сол “Жас тұлпар” істей алмаған шаруаны Сәбенің өзі істеді. Ана тіліміздің басына тәнген қауіпті бірінші бол сезінді. Алматы қаласында ең бірінші қазақ балалар бақшасын сол Сәбен аштырды. Республика Оқу министрлігінің бірінші орынбасары шовинист Щербаковпен тайсалмай айқасты. Оған тойтарыс берді. Қазақ мектептеріндегі қазақ тілі сағатының қыскаруына қарсы тұрды. Екінің бірі оны істей алған жоқ.

Дәл қай күні өткені есімде жоқ, әйтеуір елуінші жылдардың аяғы, алпысыншы жылдардың басында Казакстан Жазушылар одағында ашық партия жиналысы болды. Өз басым жиналыс атаулыны жек көрем. Әйтсе де жолдастарым, әріптестерім үгіттеп қоймаған соң сол ашық партия жиналысына бардым. Қынжыла-қынжыла бардым. Бірақ барғаным дұрыс болыпты. Ол жиналыс менің көп нәрсеге көзімді ашты. Қаламдастарымыздың көбі, әсіресе айдаудан аман-есен оралғандар отызыншы жылдардың ойраны туралы біраз сыр шертті. Ашына сөйлемді. Қаламгерлермен бірге сол жиналысқа ойранда опат болған жазушылардың жесірлері де қатынасты. Ілияс Жансүгіров пен Бейімбет Майліннің үйіндегі қам көніл шешелерімізді мен бірінші рет сол жерде көрдім. Фатима шешеміз Мұхамеджан Қаратасевты жерден алып жерге салды. Ілияс айдалып кеткеннен кейін Қаратасевтың үйлеріне басып кіргенін, ақын-

ның кейір қолжазбаларын жыртып-жыртып туалетке ағызып жібергенін, аузы-мұрнынан шығып өрен отырган жүкті әйелді (өзін) көшеге айдап шығып, Болат деген ұлын мұз үстінде босанғанын ашынып айтты.

— Өтірік десендер мына отырған Бейімбеттің жесірінен сұрандар. Нәрестенің кіндігін осы кісі кесті! — деді.

Біраздан кейін мінбеге Хамза Есенжанов шыкты.

— Ол кезде, — деді Хамза ағамыз, — сотқа үш адам шақырылады. Менің ісіме байланысты Қажым Жұмалиев, Оралдың бір казак-орысы және Дихан Әбілов келді. “Хамза Есенжанов үлтшыл ма?” деген сұрапқа Қажым “Жоқ! Ол үлтшыл емес!” деп, казак-орыс “Жоқ! Үлтшыл емес!” деп жауап берді. Дихан Әбіловтің олай деуге ерлігі жетпеді. Ол қазір осы залда отыр! — деп мінбеден түсті.

— Иә, рас! Солай дедім. Олай демеуге менің құдіретім жетпеді. Олай демегенімде менің өзімді айдап кететін еді. Сондықтан сені қаралауға мәжбүр болдым. Бар шындығы осы. Қалай десен олай де. Болар іс болды! — деді Дихан Әбілев.

Бір кезде мінбеге Қасым Тоғызаков деген ағамыз көтерілді.

— ... Не бұлдіріп қойғанымды түсінсем бұйырмасын! Тұрмеде отырып жылай бердім, жылай бердім. Өксіп-өксіп жыладым! Бір уақытта тұрменің бастығы келді. “Сен неге жылайсың? Бұл патшаның тұрмесі емес! Социализмнің тұрмесі. Ұялмайсың ба жылауға?!?” деді.

Өздері жыларман болып отырған халық осыны естігенде ду күлді. Жабыла күлді.

Жиналыс ұзакқа созылды. Құсалы қalamгерлер ашу-ызасын бүгіп қалмай, іркіп қалмай, актарып

салды. Бірақ мен сол өткен жинальстың протоколын жазып отырған жоқпын. Есімде қалған кейбір оқшау тұстарын ғана ортага салмақпын. Тарихтың аты тарих. Шындықтың аты шындық. Оны ұмытуға да, бұрмалауға да болмайды. Сондықтан да мен бүйрекten сирак шығармай, барынша әділін айтып бағам. Бірақ қанша еске түсірсем де, Сәбенің атына айтылған ашы сөз, тіпті өкпе-наздың өзі болған жоқ. Бұл тегін болмаса керек.

Сәбен мен ғана емес, мениң әкемнен де бірер жас үлкен. Бірақ ол ешқашан адамның жасын сұрап жатпайтын. Мән бермейтін. Табиғатынан демократ, табиғатынан көпшіл, алды кең қазақ еді. Кездескен жерде қолтығынан ұстап, іліп әкете беретін. Жас кезімде мен өте ұялшак, именшек болдым. Сондықтан да Сәбенің бұл қасиетін жақсы көре тұра пайдалана алмадым.

Кеңес өкіметі кезінде көсемдердің туған күніне ерекше мән беретін. Елуінші жылдардың аяғында Владимир Ильичтің тоқсан жылдығына қызу дайындық жүріп жатты. Қазақ ақындарының Ленин туралы өлеңдерін авторларына оқытып, кино-журнал жасамақ болып, біраз ақынның басын қосып, жиналыс өткізді. Ен үлкеніміз Сәбен. Ен кішіміз – біз, біздің буынның өкілдері болды-ау деймін. Өлеңдерімізben танысқаннан кейін, хабар күтіндер деп бәрімізді қайырып жіберді. Бірер күннен кейін хабар алдым. Барсам, Сәбенің басқа ешкім жоқ. Анықтап көрсем, Сәбен екеуіміздің өлеңдерімізді ғана ұнатып алыпты. Енді соларды авторлардың орындауында жазып алмақ. Телестудияға шақырды. Ол кезде хабарлардың бәрі әнгімені жүргізушілермен бірге экранға тұра шығады. Сондықтан студия түн оргасына шейін босамайды. Жазып алу сол кездер-



де басталады. Осыған байланысты Сәбен екеуіміз түн ортасында жазылып жүрдік. Ол кісі өлеңдерін жатқа оқиды екен. Және жаңылмайды. Зердесі таза. Дикциясы өдемі. Менде тәжірибе аз. Оның үстіне қысыламын. Эйтсе де қысыла-қысыла окуға ма-шықтанып алдым. Үзілістерде Сәбен әнгіме айта-ды. Тұнгі үш-төрттерде үйге қайтамыз. Сәбеннің қара ЗИМ-і бар. Шофері мені үйге жеткізіп тастав-ды. Бірақ “күн жеткенде бастан жақ та айрылады” дегендей, телевидениедегі жазу да аяқталды. Содан кейін біраз уақыт Сәбеннен көз жазып қалдым.

Кейбір адамдармен ұзақ уақыт бірге болдым, бірге жүрдім, тігтен бірге қызмет істедім. Бірақ ес-телік жазайын десем, ойыма ештепе оралмайды. Ал Сәбенмен өмірімде небары он шақты рет кездестім. Сол күндердің бәрі есімде. Көз алдымда. Көмескі тартпай, көркін бұзбай, әлі де нұр шашып тұр. Соның бірі Сәбеннің соңғы қатынаскан Жазушылар одағының кезекті съезі. Съезден кейінгі ұйымдастыру пле-нумы аяқталып, тарай бастаған сәт.

— Кадыр! — деген таныс дауыстан жалт бұрыл-сам, Сәбен шайқала басып маған таяп қалған екен.

— Ассалаумагалейкум, Сәбе! — деп жанына жетіп бардым.

— Сен осы нешедесің?

— Жас адам жас санамайды. Отыз бірде болу-ым керек, сірә!

— Сонда сенің тумай жатып екі дүшпаның бол-ғаны ғой!

— Неге олай дедініз, Сәбе?

— Жаңа сайлау қорытындысын хабарлағанда қатты мән бердім: саған отыз үш адам қарсы дауыс берді ғой!

— Мен соған мән бермеліпін.

— Ал мен мән бердім. Ғабит болсын, Ғабиден болсын, мен болайын, бәрібір. Біз сіздерге қарсы дауыс бермейміз. Қарсы дауыс бергендердің бәрі өз қатарын. Достарың болуы да ғажап емес! Бұл жолы басқарма құрамына таңдал-таңдал екі жас талант иесін — Олжас екеуінді ғана өткіздік. Ал дәметкендер аз дейсін бе?! Солардың көбі қарсы дауыс берді, құдай біледі! — деді Сәбен.

Сәбен өулиелік танытты. Бірер жыл өткеннен кейін Шәміл Мұхамеджанов марқұм мас болып отырып:

— Кадыр, кешір! Бір топ замандастарың алдын ала келісіп алып саған қарсы дауыс бердік! Ақымақтық, әрине! — деді.

Менің Алматыға келгенімнің өзіне бүгінде жартығасыр болды. Жетпіске де жетіп қалдым. Зерде тозғанға ұқсайды. Көп нәрсе көмекі тартқан. Біраз дүние ұмыт болды. Осы естелікті жазып отырып, қателесіп кетпейін деп, күнделіктерге, құжаттарға, кезінде жазылған хаттарға қарап-қарап қоям.

1961 жылы Жазушылар одағына мүшелікке өттік. Бірде сол мүшелік билетті алуға шақырды. Жазайы болатын. Әртүрлі себептермен ертерек барып қалыптын. Жұрттың бәрі тұскі демалысқа шығып кеткен болулары керек. Ешкім көрінбейді. Жұмыс орным алыс емес. Бірақ бір барып, бір келіп жүрем бе деп, фойәдегі бос орындықтардың біріне жайғасып отырдым. Көп уақыт өткен жоқ, бір кездерде ауыр-ауыр қозғалып, екінші қабатқа көтеріліп келе жатқан Сәбене көзім түсті. Атып тұрып алдынан шықтым.

— Мезгілсіз уақытта мұнда неғып жүрсін? — деді Сәбен әдеттегідей жылы ұшырап. — Біреуді күтіп жүрсін ғой шамасы.

— Иә, Сәбе. Бүгін мүшелік билеттерімізді тапсыратын еді, соган ертерек келіп қалыптын.

— Жүр! — деді Сәбен. Сонын Ғабит Мұсіреповтың кабинетіне қарай бұрылды. Кіре берісте бір кездері өз қарауында ұзак жыл жұмыс істеген біраз жастағы толық орыс әйелі отыр екен. Соған: — Мына жігіттің жазушылық жаңа билетін маған алып кел! — деді. Әйел маған қарады. Мен түсіне қойып:

— Мырзалиев Қадыр! — дедім. Ол ә дегенше алып келді.

— Менің фамилиям Ғабиттің фамилиясынан салмақтырақ болмаса, кем емес! Ал оқырманым үштөрт есе көп. Осы билетіңе өзім қол қоям, өзім тапсырам! Қарсы емессің бе? — Сөйдеді де билетке әдемілеп тұрып қолын қойды. — Ал енді Жазушылар одагының ресми мүшесі болуынмен құттықтаймын! Тәртіп бұзып, шығып қалып жүрме! Онда ұятқа мен қалам! — деп қалжындасты. Бүгін тағы кімдерге билет тапсырылатынын білмеймін. Бірақ ішім сезеді. Осы билеттің иесінен мықтысы жок-ау деп ойлаймын! — деп шын көнілден қарқылдап бір күлді.

Дәл қанша жыл өткені есімде жоқ, бірнеше жылдан кейін Жазушылар одағы жаппай билет айырбастанады. Ескі билеттерді қайырып алып, жана билет берді. Ескі билеттіңде жоғалтып алғанмын деп, Сәбен қол қойған билетті тапсырмай қойдым. Ол қазір менің қымбат архивімде сақтаулы.

Байқаймын, тұлкі құған аңшыдай, Сәбен туралы естеліктің қызығымен ұзаңқырап кеткен тәріздімін, біраз шегінбеске болмас.

“Есею жылдарының” төңірегінде әңгіме сол кітаптың өзі туралы деумен шектелмейді. Айтыстың аяғы Қазак әдебиеті деген рухани әлемнің ішіндегі азамат соғысына айналып кете жаздады. Әбділда Тे-

жібаев, Мұхамеджан Қаратаев, Зейін Шашкин және басқалар Сәбит Мұқанов жағына; Әлжаппар Әбішев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тахауи Ахтанов Ғабиден Мұстафин жағына шыққан тәрізді. Ал Ғабит Мұсірепов, Тайыр Жароков, Жұбан Молдағалиев секілді біраз қalamгерлер аралық позиция ұстауға тырысты.

“Есею жылдарының” төнірегінде бір майдан жүріп жатса, “Қазақ әдебиеті” мен “Жұлдыз” редакцияларының арасында тағы бір майдан пайда болып, онын да оты өрши түскен-ді. Бұлардың қайқайсысы да жақсылыққа апармайтын жайсыз жайлар еді.

Әдебиет пен өнердегі дау – мәнгі дау. Ол қай елде болмасын, қай халықта болмасын әлсін-әлсін, жиі-жій болып тұратын таныс құбылыш. Солай деп қарауға да болар еді, бірақ бұл айтыстың аяғы насырға шауып, қазакы ірен ала бастады. Ең жаманы – бұл ауруда әдеби-саяси идеологиялық нышан базым бола тұра жершілдік-рушылдық симптом да жоқ емес еді... Ең бастысы, абырой болғанда, бұл дау тап-таза аға буынның дауы еді. Жастар әлі келгенінше қалыс қалды. Аға буынның бір ақылдылығы – осы пәлеге жастарды араластырғысы келмеді-ау деймін. Өз басым соны байқадым. Және солай түсіндім. Өйткені менің басымнан сипап, арқамнан қағып жүрген Сәбен де, колынан келгенінше өсіріп, жауапкершілік жүктегісі келіп жүрген Ғабиден Мұстафин де “Қадыр, сен осы қалай ойлайсың: кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс?! Сен өзің қай жағындасын?” деп сұраған жоқ.

Мені бір күні сол кездегі басшымыз шақырды. Жасыратыны жоқ, әңгіме күннен-күнге асқынып бара жатқан. Әңгіме сол төңіректе болатын шығар

деп жобаладым. Ондай жағдайда өрі редактор, өрі президиум мүшесі Әбдіжәміл Нұрпейісовпен сейлеспей ме? Мен кіммін ақылдасатын?! Бар болғаны Бас редактордың, яки Нұрпейісовтың орынбасарығанамын.

— Нұрпейісов, — деп бастады Ғабең әңгімесін.
— Соғыстан бұрын да, соғыстан кейін де жауапты жұмыс істеп көрмеген азамат. Рас, ол жақсы жазушы. Бірақ редакторлық тәжіриbesі жоқ. Соған қарамай, өте жақсы журнал шығарып жүр. Бұл өзі негізінен, редакцияда отырған жастардың еңбегі болуы керек. Өз басым солай топшылаймын. Ал Нұршайықов тәжірибелі журналист, көпті көрген қаламгер. Өзі де өділ жігіт. Бірақ “Қазақ әдебиеті” дүрыс бағыт ұстамай отыр. Соның бәрі орынбасарының өсері ғой деймін. Жақын арада президиум мәжілісінде сол газеттің мәселесін қарамақ ойымыз бар. Орынбасарды орнынан босатып, басқа біреуді қоятын болармыз, сірә. Міне сол орынға өзінді лайық па деп есептеп отырмыз. Бұл негізінен, менің ұсынысым. Қалай қарайсың?

— Ғабе-ая! Мен сол “Жұлдызға” үйреніп қалдым ғой! Жақсы жазушы болсаң деген адамға газеттен гөрі журнал дүрыс емес пе? Бір орынбасарлықты бір орынбасарлыққа айырбастағанда не табам?

— Мен бірдене табасың деп отырған жоқпын. Тапсан, мені ғана табасың! Жақсы бастамаларыңды қолдаймын. Біздің буын қартайып келеді. Баяғылардың тілімен айтқанда біздер базардан қайтсак, сіздер базарға бара жатқан жансындар. Үйреніндер! Әдебиеттің тізгінін сендерге тапсырмағанда, кімге тапсырамыз? Мен сені сыртынан қадағалап жүрмін. Откен әдебиеттің жылдық қорытындысында поэзиядан жақсы, тіптен жақсы баяндама жаса-



дын. Мұндай мадактауды менің аузымнан кез келген кісі ести бермейді. Шынын айтсам, сен өзің де, сенің жазғандарын да маған үнайды. Өмірбаяның мен таныстым. Экең екінші жылы туған, менің түйдей құрдасым екен. Сен де менің Қайратыммен шамалассың.. Менің көnlімді қалдырма. Айтқаныммен келіс! Ал менен сұрайтының болса, сұра. Қандай өтінішің бар? Орындаіын!

— Ғабе! Шынын айтар болсам, сол жер маған үнамайды. Әйтсе де әкендеймін деп отырсыз ғой, мен де сізді әкемдей көрем. Әkenің бетін қайыруға болмайды. Саудаласайын деп те отырғаным жоқ. Құдай сақтасын! Дегенмен бір өтініш айтайын. Үйге, пәтерге мұқтажбын. Небары жиырма сегіз шаршы метр күштей екі бөлмеде тұрып жатырмыз. Жазу үстелін қоятын жерім жоқ. Өзі сұық. Бала-мыз ауруханадан шықпайды. Үй бөліп жатырсыздар ғой. Мені де ескерсеніздер! — дедім қысыла-қысыла.

Ғабен бірден үнсіз қалды. Аяқ астынан бір нәрсени бұлдіріп алғандай өзім ыңғайсыздандым. “Күнге құле қарасаң – көйлегіне жамау сұрайды” демекші, “Менен сұрайтының болса сұра. Қандай өтінішің болса да айт!” дегесін, жақсы ниет білдіргенін пайдаланып сұрай салып едім, ұят болды-ау! Қап!” деп өкініп қалдым. Ғабен үнсіздігін бұзып:

— Менің өзім сертке берік адаммын. Сөз бен ісім қайши келіп қалмаса екен деп, аландап жүрем. Кеше ғана осы пәтер мәселесіне байланысты арнағы комиссия құрып, бәрін де әділ шешіндер, өздерің шешіндер деп тапсырма бергенмін. Бір күн өтпей жатып, сол комиссияның шаруасына арала-са кетуді қолайсыз көріп отырмын. Бірақ сайтан тұртті ме, періште тұртті ме, “не сұрасаң орындаімын” дегенді айтып қалдым ғой. Бұл сөзімнен де

қайтуға болмайды. Орындастын. Өзіңе неше бөлмелі пәтер керек еді? Қай қабаттан алғанды қалайсын? – деді Ғабен бір шешімге келіп.

Мен, әрине, “Қазак әдебиеті” газетінің редакторы боламын деп қуанған жоқтын. Ал орынбасарлығы кім болса сол бара алатын жай жұмыс емес пе? Мен баспана мәселесін шешіп алатын болым деп қуандым. Бірақ мұның бәрі іске асқан жоба емес, қиял ғана болатын.

Көп кешікпей Қазақстан Жазушылар одағының президиумы жоспарлы мәжілісін өткізді. Мәжілісте “Қазак әдебиеті” газетінің жұмысы талқыланды. Газеттің Бас редакторы Әзілхан Нұршайыков қатынасқан жоқ. Іссапарда жүр еді. Біреулердің айтуына қарағанда әдейі кеткен. Газеттің мәселесі редакторсыз талқыланбайды. Шынында да Әзекенің бұл әрекеті тактикалық әрекет болуы керек. Бірақ оның жоқтығына қарамай, президиум оның орынбасарын тыннады, талқылады. Талқылағанда да қатты талқылады. Жекең Жұмахановты жүндей тұтті. Бейшараның түгін қоймады. Газеттің жұмысын қанағаттанарлықсыз деп тапты. Жекең Жұмаханов орнынан босатылсын, оның орнына Қадыр Мырзалиев тағайындалсын деп шешім қабылдады. Бірақ іс мұнымен біте қойған жоқ. Керісінше, өрт өрши түсті. Әзілхан Нұршайыков іссапардан орала сала дау қайта басталды. Мен екі оттың арасында қалдым. Әйтсе де түсініспі алайық деп, Әзекене кірдім. Өзі де бәрінен жақсы хабардар ғой, бірақ мен де тәптіштеп айттым. Ол кісі маған:

– Қадыр, менің сенде ешқандай шаруам жоқ. Қарсылығым да жоқ! Президиум шешім қабылдан екен, соның негізінде кел де отыр. Орның бос, өзінді күтіп тұр! – деді.

Бұрын да ренжісіп көрмеген тату-тәтті жандармыз. Сыпайы сөйлесіп, сыйласып, тіл табысқандай болдық. Бірақ мен “Жұлдыздың” жұмысынан бас көтермей, көптен бері демалыс алмай қажып жүр едім:

— Эзеке! Бөлісе алмайтын түк те жоқ, алдыныз жайлы болғанмен, дінінзге берік адамсыз. Тізе қосып, тіл табысып, тәуір жұмыс істесетін шыгармыз. Мен Сізге жақсы көмекші бола аламын ғой деп ойлаймын. Бір ғана өтінішім: “Жұлдыздагы” демалысымды алып, бір айдан кейін келейін!

— Жақсы! Солай-ақ болсын! — деді Эзекен.

Әңгімені осы арадан үзе түрғым келеді. Өйткені Эзекен өзінің кейінректе жазған естелік кітабында екі көзін тастай жұмып, Қадыр Мырзалиев партияда болмағандықтан, оны Орталық Комитет бекітпеді депті. Бұл енді қып-қызыл өтірік. Қып-қызыл өтірік деймін-ау! Өтірік болғаннан кейін оның сарысы не, қызылы не? Көгі не, қарасы не? Өтіріктің бәрі бір өтірік емес пе? Шынын айттар болсак, мұлдем олай емес. Сірә, менің орынбасар болып барғанымды біраз адам қаламаған болуы керек. Соңдықтан менен құтылу үшін түрлі-түрлі жолдар іздең, ақыры редактордың орынбасары деген қызметті қысқартып тынды. Ол кезде штат қысқарту деген мода болатын. Соны жақсы пайдаланды. Ал егер мені коммунист емес деп бекітпеген болса, басқа бір партия мүшесін бекітер еді ғой. Өйтпеді. Ол орынға ешкімді де алмады. Бұл бір дәлел. Екінші дәлел: “Қазақ әдебиеті” газетінің де, “Жұлдыз” журналының да орынбасарлары Орталық Партия Комитетінің но-менклатурасына жатпайтын. Жатқан болса, мен “Жұлдыз” журналында қалай Бас редактордың орынбасары болып бірнеше жыл қызмет еттім?!

“Сонымен сол апаң байға тиіпті, некесін орыс қызыпты” дегендей, Орталық Партия Комитеті ешкімнің де көніліне қараған жоқ. Ғабиден Мұстафин арыз жазып, өз еркімен орнынан кетті. Нұрпейісов пен Нұршайықовқа партиялық сөгіс жарияланды және жұмыстарынан босатылды. “Жұлдыздың” жана редакторы болып Сырбай Мәуленов тағайындалды. Менін орныма яки Сырбайдың орынбасары болып Іслем Жарылғапов бекіді. “Қазақ әдебиетіндегі” мен баруға тиіс орынбасарлық орын штат ретінде қысқартылды. Мен жұмыссыз қалдым. Басқалардың жөні бөлек. Біреу артық, біреу кем жазаларын алды. Ал Мырзалиевке обал болды-ау! Қосак арасында босқа кетті-ау деген бір адам жоқ! Кеңестік гуманизм, міне, осындей болатын! Жә, жұмысты қойшы! Ғабиден Мұстафин уәде берген пәтер де қалды далада! Сөйтіп еңбекақысыз алты ай үйде отырдым. Жетім қозы – тасбауыр, тұңілер де отығар! Тұнілуін тұнілдім. Бірақ отығып жарытпадым. Бар өшімді қағаз бен қаламнан алдым. Жұмыссыз қалдым деп отбасыма айтпадым. Жұмыска кеттім деп ертемен кетіп, жұмыстан келдім деп кештеу оралып, негізінен кітапханада жүрдім. “Еңбекақымды” кезінде өкеліп тұрдым. Сол жылдары мен:

Достарымның достығынан кейде зиян көремін,
Кыздың қою бұрымындағы тарқатыла беремін.
Қастарымның қастығынан кейде пайда көремін,
Қыл шылбырдай бір шыңғырмай ширатыла беремін, –

деген шумағымды тіршілік кредитосына айналдырдым. Бұл тек өлең емес, тек романтика емес – өмір шындығы еді. Жұмыссыз өткен алты ай, қиянатшыл дүние мені қатты шынықтырды. Ең бас-



тысы мені өмір дұрыс сабак алуға, кемістікті жетістікке айналдыруға, көлөнкені шуакқа, өшпенділікті кешірімге айналдыруға, қысқасы, мыстап алтын жасауға үйретті. Бұл, әрине, үнемі қолдан келе бермейді. Бірақ менің осы әрекетімнен, осы философиямнан нәтиже шықты. Менің уақытша женілісім ғұмырлы жеңіске, қайсарлық-ка айналды. Оған дәлел – менің өнімді шығарма-шылығым, жинаған абырайым.

Мен өзі о бастан байлық, билік, данқ мәселе-сіне құдікпен қарап үйренгем. Ол – окудың, ізде-нудін нәтижесі емес, жетімдік мектебінің жемісі. “Нагыз жазушы жетімнен шығады” деген екен Эрнест Хемингуэй, сол сөздің жаны бар. Менің бі-рінші кітабым – “Әліппе” болған жок. Адамдардың қас-қабағы болды. Өзгелердің қас-қабағын оқи білген балаға қытай иrogлифінің өзі түк емес. Әйтсе де... Адам канша мықты болғанмен, Өмір одан гөрі мықтырак! Есенгіретіп кеткен кездері де аз емес!

Жазушылар одағында жүріп өткен қара дауылдан кейін біраз уақыт қын болатынын өзім де ту-сінгенмін. Бірақ осынша ұзакқа созылады деп ойла-ған жоқ едім. Сөйте тұра ол өте ұзакқа созылды. Жарты жылдай жұмыссыз отырып қалдым. Әйелім де еш жерде жұмыс істемейтін. Бесікте баламыз бар.

Ауыс-күйіс кезінде Ғабиден Мұстафиннің орнына келген жаңа бастығымыз Ғабит Мұсіреповтың атына бірден өтініш беріп қойғанмын. Әбдіжәміл Нұрпейісовтың орнына Сыrbай Мәуленов барып, оның орны бос тұрған. Маған сол консультанттық жұмыс жетіп жатыр. Бірақ неге екені белгісіз, сол орынға не мені алмайды, не басқаны алмайды. Бос тұр. Арызым Ғабит Мұсіреповтың алдында әлі жатыр. Жалпы өз қатарының ішіндегі ен күрделісі де,

ең жұмбағы да осы кісі. Түйік және тұңғиық. Оның ішінде не сыр барын окудан шумерлерден қалған тас жазуларды оку өлдекайда женілдеу. Бірақ ол да адам, ол да пенде болатын.

Біздін қазақ әдебиетінің қасіреті қалып. Ол негізінен, қызыл империя кезіндегі құғын-сұргінге байланысты. Енді-енді көктеп, қаулап өсіп келе жатқан қазақ мәдениеті мамырдың қақ оргасында қалып қардың астында қалды. Үсік шалды. Бейімбетті, Ілиясты, Сәкенді ақын-жазушы ретінде енді-енді толысып, енді-енді пісе бастаған кездे аяқ-қолдарына кісен салып, айдал әкетті. Әйтсе де халықтың аты халық, өнердің аты өнер ғой. Шалғындағы орып, құрактай қырқып, жайпап жатқанның өзінде елге ес болатын бірер азамат қалған-ды. Мұхтар Әузов, Сәбит Мұқанов, екі Ғабең бар. Солардың арқасында қазақ әдебиеті жетімдік көре қойған жоқ. Бір күйменің төрт дөңгелегі, бір тұлпардың төрт тұяғы тәрізді бұл төртеуі өнер керуенін адастырмай біраз жерге алыш келді.

Міне, осы төртеудің бірі және сол төртеудің ішіндегі саясаткері, дипломаттауы Ғабит Мұсірепов екінші рет келіп, Жазушылар одағын басқаруға кірісті. Бұл Ғабең жай дипломат қана емес, адамдар арасында жүріп жататын шахмат ойынының да шебері, композиция құрудың да виртуозы еді. “Есею жылдарына” бола басталып, басқа да дау-дамайлармен ушықкан Жазушылар одағындағы ұлы майданда женіп шықкан жалғыз Ғабит болды. Олай дейтінім: Қазақстан Жазушылар одағының президиумы он бес адамнан тұратын. Соңғы шешуші мәжілісте соның екеуі қатынаспай, қалған он үштің алтауы Сәбенді, алтауы Ғабиденді қолдап тепе-тен өткізу өтті. Ғабит ақсақал ғана ешбір топқа қосылмай жалғыз



өзі қалыс қалды. Сол дипломатияның арқасында Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы болып сайланды. Сөйтіп жаңа орнына келіп отырды. Қайталап айтам, сол күні-ақ жұмыс сұрап, өтініш апарып таstadtым. Бес ай бойы жауап болмады. Бес ай бойы поэзия бөлімінің консультанттының орны бос тұрды. Бес ай бойы ешкімге бұйрық берілмеді. Бірақ бес ай бойы поэзия секциясына түскен қолжазбалардың шекесіне “Мырзалиевке” деп бұрыштама соғылып отырған. Мұны қалай түсінуге болады? Осы күнге шейін соған ақылым жетпей-ақ қойды.

Басқа өрекеттерін былай қойғанда Ғабенің жүріс-тұрысы, өзін-өзі ұстаяу, тіптен киім киоі өзгелден гөрі өзгешелеу болатын. Күн сайын костюм ауыстырып отыратын. Костюмдерінің саны да жетісегізден кем болмаушы еді. Әр күнің өз костюмі болатын. Кейін сол костюмдерге қарап, алтаның қай күні екенін жаңылмай ажырататын халге жеттім.

Кім-кешек өз алдына, Ғабенің кейір қылғы әйелдердің қылғына ұқсайтын. Қастарының айналасы көбіне-көп көгілдірленіп тұратын. Мұнысы несі деп ойлаушы едім. Сөйтсем, ағамыз әлсін-әлсін қасын да қырып тұрады екен. Төңірегін өбден тазалап жіп-жіңішке қас қалдыратын. Дұрыстап, ұқыптырак үніліңкіресен, дөңгелек жүзінен өбден баптаған, массаждаган әжімсіз бетінен опаның да белгісі байқалатын. Қысқасы, сәнқой жан болатын. Соның бәрін қыз-келіншектерге ұнау үшін істейтін, әрине! Замандастарының қуәландыруына қарағанда сұлуулардың сонына шам алып түсетін Дала Дон-Жуаны! Қаншама сақ болғанмен, абай болғанмен, женгеміз соның бәрін сезіп-біліп отырғанға ұқсайды.

Кейбіреулердің айтуына қарағанда, Ғабен бірде іссапардан оралады. Ол кезде ағамыз өлі де болса ессе қоймаған ескі Алматының бір қабат жер үйінде тұрса керек. Сәл демалған соң шағын ауласына шығып, шылым шегіп отырады. Аулада тауықтар жайылып жүреді, сірә. Қызыл шпорлы, қызыл телпекті көрі қораз жас мекиенге бір емес, бірнеше мәрте шүйлігіп келіп, түк бітірмей, тайқып кете берсе керек. Соған көнілі толмаған Ғабен даусын шығарып, кекесін үнмен:

— Мына қоразға не болған өзі, алжығаннан аман ба?! — дейді.

Таң ата келіп, парыз-марызын өтемей, бәйбішесінің қойнында бірден қор ете түскен ағамызға женгеміз өкпелі болса керек, көмейге келіп қалған орынды өзілді ұстап тұрмай лақ ете түсіреді:

— Бұл қораз да өзің секілді сапардан келген ғой... — дейді.

Женгеміздің көніліне алғашқы күдіктің қашан кіргені белгісіз, Ғабенің ізін андуға кіріседі. Сондай көп іздің бірі К. дейтін келіншектің үйіне барып тіреледі. Абайлан, алыстан қадағалап, көз жазбай ілесіп отырып, Ғабит ағамыздың сол үйге барып кіргенін көреді. Төзімділік жасап, біраз тұрғаннан кейін есік қағады. Өзара араласып тұратын татутетті көршилер. Бір мезгілде есік ашылып, ар жағынан К. шығады.

— Кіріңі! Кіріңіз, женеше! — деп бәйек болады. Женгеміз кірген бойда үйдің қуыс-тесігін көзімен бір шолып шығады. Кереуettің үстінде жатқан костюмді көреді. Шұлығынан басқасының бәрін шешіпті. Шалбарын қырын сындырмай, ұзынынан жатқызып қойыпты. Бәрі бар, тек иесі жоқ! Хұсни түк байқамағансып, түк білмегенсіп, К.-мен әнгі-

мелескен болып отырып алады. Ол кезде Ғабен сасқанынан шифонъердің ішіне сұнгіп кетсе керек. Ситуация Гогольдін “Ночь перед рождеством” хикаясындағы сияқты. Ғабен мен К.-нің жағдайы өте нашар! Бірақ не істеуге болады?! Жағдайдың тізгінін қолына мықтап ұстаган Хұсни женгеміз кінәлі екі пендениң әр минутын тамұққа айналдырады. Жақсылық па, жамандық па, осы сөтте К.-нің күйеуі келіп қалады. Өзі де келісп түрмаган оқыс жағдай одан бетер шиеленісе түседі. Ойында түк жоқ тек қожайын ағамызғана! К. мен Ғабенді құтқарса, Құдай не Хұсни женгемізғана құтқарады. Соны жақсы түсінген данышпан женгеміз қожайынның көзінше шифонъердің есігін қағып:

— Эй, Ғабит, бала болып кеттің бе, шық! Қожайын да келді. Осындай да қалжың бола ма еken?! Кіін! Ойыннан от шығып кетер! Шайымызды ішелік те кетелік! — дейді.

Шифонъердің ар жағында не істерін білмей әрен түрған Ғабен сүмірейіп шығып келе жатады. Өмір шындығы емес, кәдімгі құрдастардың қалжыны тәрізді шын қалжың еken деп қожайын мәз болып күледі. Басқаша ойлайын десе, Ғабен әйелімен жүр... Сонымен, кәдімгі түк болмағандай, төртеуі отырып шай іshedі. Өзі бұлдіре жаздаған дүниені өзі түзетіп, Хұсни женгеміз іштей қуанады. Осындай ақылды алтын әйелдерге ескерткіш орнату керек кой!

Қанша аузы күйсе де, қаншама өшкере болса да Ғабит ағамыз осы бір “кәсібін” қоймай-ақ кеткен тәрізді. Мен өзім Ғабенмен бір емес, бірнеше мөрте сапарлас болдым. Қай жерде отырсын бір-екі сұлу келіншек қатынасқан жерде Ғабен қара көзөйнегін киіп алыш, өлгілерге қарайтын да отыратын. Ғабен-

нің кімге қарап, кімді арбап отырғанын ешкім байқамайтын.

Отызынышы жылдардың ойранына байланысты қалыптасқан құлық болуы керек, айналасының бәріне күдікпен қарайтын өте сақ адам еді. Сондықтан да шығар, ол өзі аз сөйлеп, көп тыңдайтын. Өз қарауында істейтін қызыметкерлер түгілі көптен бері араласып, кәдімгідей сыннан өткен адамдардың өзін өте алыстатпай, тігтен жақыннатпай, белгілі дәрежеде, белгілі бір инстанцияда ұстайтын. Ауру қалса да, әдет қалмайды. Сол бір жарты ғасыр бұрын қалыптасқан осы бір дәстүрді Ғабен, заман қанша өзгерсе де, өзгерте қойған жок.

Онысина түсінуге болады. Жиырмасынышы-отызынышы жылдар Ғабене оңай соқпаған тәрізді. Ол өзі, бүгін болмаса – ертең, ертең болмаса – бүрсігүні айдалып кетемін деп ойлаған. Сондықтан, өзінің айтудынша, бір-екі пар таза киім, беторамал, шұлық, ұстара, сабын, тарақ және басқа аса қажет дүниелер салынған жол чемоданын босағаға сүйеп қойып, екі көзі есікте болған. Ерте ме, кеш пе – ұстала қалған күндерде тергеушілер жармасады-ау деген туындыларынан алдын ала бас тартып, күнделік-жазбаларында өз пайдасына шешілетін пікірлер жазып отырған. Бір ғажабы, ешқандай дау туғызбау үшін, бұрмалап аудармау үшін кейбір пікірлерін “мойындауларын” орыс тілінде жазған. Мысалы, латын әрпімен басылған “Қыз Жібек” драмасының үшінші бетінде өз қолымен жазылған мынандай сөздер бар: “Прошу всех, мужчин и женщин, настоящих и будущих, т. е. ныне здравствующих и будущем рождающихся, если эта глупейшая вещь попадет кому-нибудь в руки, не читайте ее дальше этой стра-

ницы. Написаны мерзко, глупо, бездарно, даже бес-совестно!" Автор Мусрепов 1. 1. 1945 г.

Отызыншы жылдардың аяғындағы құғын-сүргіннің шарыктау шегіне шырқап шығуына Ұлы Отан соғысы қатты кедергі жасады. Уақытша болса да оны тоқтата тұру қажет еді. Өзі де солай болды. Бірақ бұл процесс, ерте ме, кеш пе, жалғасуға тиіс еді. Ұлы Отан соғысы үлкен женіспен аяқталып, ел енді-енді есін жия бастаған кезде, яки елуінші жылдардың басында қазақ зиялышарының басына қара бұлт қайта үйірілді. Қореген қаламгер ретінде Ғабен соны алдын ала сезді. Әрекет етіп бақты. "Кыз Жібектің" үшінші бетіндегі "мойындау" Ғабеннің өзі көрсеткеніндей дәл қырық бесінші жылдың бірінші қаңтарында жазылды деп ойламаймын. Бұл не де болса елуінші жылдардың басында жазылған дүние. Бірақ бес-алты жыл бұрынғы data көрсетілген. Тактика, әрине. Автор өз кемшілігін бұдан әлдекайда бұрын сезінген, әлдекайда бұрын мойындаған демекші ғой Ғабен баяғы... 1953 жылы наурызда Сталин оқыс дүние салды. Бірақ соның өзінде біраз қазақ айдалып, түрмеде отырып келді. Тарихшы Бекмаханов, әдебиетші Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов секілді белгілі ғалымдар Сібірге "саяхат" жасап үлгірді. Солармен бірге Ғабит Мұсірепов ағамыз да айдаудың ашы дәмін татуға шақ қалды. "Кыз Жібек" кітабының сол алғашқы бетінде мынандай да жазу бар:

"Более гнусной вещи я никогда не создавал!"

Ет пен сүйектен жаратылған адам ғой, отыз жетінші-отыз тоғызыншы жылдарды басынан кешкен, елу екінші жылды қөзімен көрген сезімтал жан қалай ғана қорықпайды, қалай ғана сескенбейді?! Ол занды да. Ұлтшылсың деп жазықсыз адамдарды

ұстап жатқанда барып тұрған ұлтжанды Габен қорықлағанда кім қорқады?! Сондықтан да оның шығармаларында ұлтқа бүйрегі бұрыш тұрған патриоттық туындылар жоққа тән. Жағымсыз орыс образдарына жоламаған. Оның жағымсыз образдары, негізінен қожалар мен төрелер. Оларды аямаған. Ыза-кегінің бәрін соларға төккен. Егер заманы дұрыс болғанда қазактардың абыройын аспанға көтеретін қандай батыл, қандай батыр шығармалар жазған болар еді! Бірақ жазбады. Ал ретін тауып айта білген, жаза білген қаламгерлерді қатты бағалады... Шамамен алпысыншы жылдардың орта шенінде бір топ акын-жазушыны басқарып, Габен Батыс облыстарын аралауға шықты. Шалқардан бастап, Ақтөбе, Орал, Атырау аумағын көктеп өттік. Сол сапардағы кездесулердің бірінде мен “Бір жақсысы, бір жаманы” деген өлең оқыдым.

Бабамыздың шоқ басқан табанымен
Бірдей еken жақсысы жаманымен.
Бір жаманы – тынымсыз көше берген,
Бір жақсысы – кимаған Дағаны кен.

Бір жаманы – жел сөзге ерген еken,
Бір жақсысы – тілге ерік берген еken.
Бір жаманы – кетпенге орашолак,
Бір жақсысы – найзагер, мерген еken!

Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан,
Бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.
Бір жаманы – қыздарын малға сатып,
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан!

Бір жаманы – шаруасын мандытпаған,
Бір жақсысы – кулықпен жанды үтпаған.

Бір жаманы – үйленіп женгесіне,
Бір жақсысы – жесірін қанғытпаған!

Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған.
Бірде тоңып сұыкта, бір мұздаған!
Бір жаманы – сонда да үй салмаған,
Бір жақсысы – абақты тұргызбаған...

Осы өлең Ғабене қатты ұнаса керек, кешкісін қалалық партия комитеті берген қонақасында соны тағы бір оқып берші деп өтінді. Ғабен өтініп жатса неге оқымасқа! Оқыдым. Ол сондай бір ықыласпен тындалап, “Вот сволочь!” деді. Мен түк түсінбей, іштей ренжіп қалдым. Сөйтсем, ренжитін ештеңесі жоқ, ол оның сүйсінгенде айтатын сөзі екен. Құдайға шүкір, осы сөзді мен одан, бір емес, бірнеше рет естіп үлгердім. Естімей кетсем, сағынатынды шығардым.

Ғабен жол-сапарды жақсы көретін. Ғабенмен сондай екі-үш күн бірге болған үш күндік сапарым ойыннан шықпайды. Мамыр айының алғашқы бір әдемі күндерінде Жазушылар одағына бара қалмасым бар ма? Ол кезде одаққа соққан қаламгер “Қаламгерге” соқпай кетпейді. Екі-үш күнге созылған Бірінші май мейрамының қызығы әлі басыла қоймаған. Сағат күндізгі он-он бірлердің кезі. Соған қарамай екі-үш үстелдің басында әріптестерім толып отыр екен. Бардың төріне қарай өте бергенде:

— Қадыр! Бері кел! Төрлет! – деген таныс дауыс шықты. Жалт қарасам, Ғабен! Ғабит Мұсірепов! Жанында Шерхан Мұртаза, Базарбай Жұманиязов. Бос тұрған төргінші орындыққа барып отыра кеттім. Басқадан бас тартсам да, Ғабеннен бас тарту мүмкін

емес! Шампан ішіп отыр екен. Маған да құйды. Әңгіменің қалай басталғаны, не туралы болғаны, әрине, есімде жок. Бір кездерде Ғабен:

— Менімен бірге Мойынқұм жаққа барып қайтуға қалай қарайсың? — деді.

— Сізбен бірге мына тұрған Мойынқұм түгіл, Солтүстік Мұзды мұхитына шейін барып қайтуға дайынмын! — дедім ойланбастан. Басым бос, еш жерде жұмыс іstemей, үйде отырған кезім.

— Өте жақсы! — деді Ғабен шынымен қуанып. — Аудан басшысы көптен шақырып жүр еді. Мына Шерханның қолы тимейтін көрінеді. Базарбай келісімін беріп отыр. Көлігі бар. Менде Польшадан өкелген палатка-шатыр бар.

— Оның қажеті не?!

— Қажет болғанда қандай?! Өйткені бара жатқанда да, келе жатқанда да жолда далаға қонамыз. Түнейміз. Үйлерінде қандай дәмді тамак, әдемі ішімдік бар, ала шығындар!

— Жолға қашан шықпақтыз?

— Сегізінші мамырда, түстен кейін!

— Құп болады!

Бір-екі күннен кейін уәделі уақытта атқа қондық. Шофермен төрт адамбыз. Жолда жоспар бойынша жұпар иісі анқыған жазық далада бір түнеп алдып, келесі күні тұс ауа Мойынқұмға жеттік. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қарсы алды. Тойдың аты той. Ат жарыс болды. Палуандар күресті. Іштік, жедік. Астан кейін Ғабен, Базарбай және сол жердің бір-екі жігіті бас қосып карта ойнады. Менің ондай әдетім жок. Жалғыз жүріп серуендер, демалдым. Есте қалатын оқыс оқиға бола қойған жок. Ал ұсақ-түйек нәрсені тәптіштеп жатқым келмейді.



Мойынқұмнан қайтар жолда жолсызбен солтүстікке қарай бұрылдық. Бұл кезде қаранды түсіп қалған. Аспан бұлтты, күнгірт. Ай жарығы да жоқ. Машинаның фарын пайдаланып, шатырымызды құрып алдық. Төсейтіндерімізді төседік. Алматыдан алып шықкан шамымызды жақтық. Шайымызды дайындадық. Дастанқанымызды жайдық. Ғабен, негізінен конъяк ішетін. Мен бір өте сирек кездесетін Абхаз конъягін алып шыққанмын. Соны іштік. Сұлу әйелдерді, сирек конъяктарды көргенде Ғабен көрі қырандай комданып, бір сілкінетін.

— Эй, Кадыр, осы сенің Кавказбен бір байланысын бар-ау деймін! — деді. Осы сөзді мен Ғабенің аузынан бұрын да бір рет естігенмін. Жаңылмасам, Жазушылар одағында хатшы болып жүрген кезінде ағамыздың басшылығымен бүкіл Батыс Қазақстанды түгелдей арапап шыққанбыз. Ақтөбенің үш-төрт ауданында болып, одан Орал асқанбыз. Одан Атырауға аттандық. Ол жақта бірер күн болып, Алматыға қайта оралдық. Сол кездегі Гурьевтен (Атырау) шыққан жалғыз вагон біраздан кейін Мәскеу-Алматы поезына келіп тіркеледі. Бірақ тіркелер алдында жолдағы үлкен стансалардың бірінде сөл аялдап, екі сағат күтеді. Қантарылған көңілсіз вагонның ішінде елдің іші пысады. Әсіресе жастар не істерін білмейді. Ал үлкендер карта ойнайды. Біздер, жастар, оларға дастанқан дайындаймыз. Жолда адамның тәбеті тәуір болуы керек, үстел үсті тез босайды. Екі сағаттық үзіліс кезінде ішімдік жағы сарқылып, басыртқылар таусылады. Вагондарды тұйыққа әкеліп, тұсап тастаған. Жақын жерде оны-мұны алатын азық-түлік дүкені жоқ. Не істеу керек?! Гурьевтегі жолдас-жоралар салып жіберген қызыл балық, қара уылдырық, көп жыл-

дық армян конъягі бар еді, солар есіме түсіп, куанып кеттім. Ғабендер отырған көк тұтінге толы купенің терезесін ашып, ауасын тазартып, дастарқан жайып едім, конъяққа көзі бірден түскен Ғабен:

— Вот тебе и сказка! — деді орысшалап.

— Сказка о том, как один мужик двух генералов прокормил! — дедім мен Салтыков-Щедрин ерте-гісінің атын есіме түсіріп. Ғабен сәтті айтылған өзіл жауапқа мәз болып:

— Конъяк! Конъяк болғанда қандай конъяк?! Қадыр, сенің осы Кавказбен бір байланысың бар-ау, сірә! — деген.

Бұл жолы да Ғабен сол бір сөзін тап сол күйінде қайталағандай:

— Эй, Қадыр, осы сенің Кавказбен бір байланысың бар-ау! — деді.

— Мүмкін, Ғабе! Бала кезімде нағашыларымнан ақылым жетпейтін қызық әңгімелер естітінмін. Бұл менің екінші-үшінші сыныптарда оқып жүрген шағым. Үлкен нағашым Кенжес өзінің тетелес інісі Кожасқа:

— Кожас, осы сенің есінде ме, жастау кезімізде Темірхан-Шорага барып, ұзак жүріп қайтып едік кой, — деді.

— Иә, есімде еміс-еміс...

Темірхан-Шора бұрын-сонды басқалардың аузынан естімеген сөзім. Ал нағашыларымның жас кезімізде деп отырғаны Қазан төңкерісінен бұрынғы жылдар ғой деп топшылаймын. Өйткені олардың өзі он тоғызыншы ғасырдың төртінші ширегінде дүниеге келген азаматтар. Ал енді Темірхан-Шорага келетін болсақ, ол мен үшін жұмбак. Ауыл ма, қала ма? Бала кезімде естіген осы бір сөзімді көп жылдар бойы анықтай алмай-ақ қойғам. Картадан да іздел

таппағам. Бірақ біраз жылдар өткен соң Сұлейман Стальский жайында арнайы кітап жазған орыс тілді лезгин жазушысы жөнінде ЖЗЛ-дан шықкан әйелінің кітабын оқып отырып, ойда жоқта Темірхан-Шора деген сөзге тап болдым. Автордың айтуына қарағанда Темірхан-Шора дегеніміз Дағыстандағы қазіргі Буйнакск қаласы көрінеді.

— Дағыстан! Онда сенің нағашыларың нағып жүр?

— Мәселе сонда, Ғабе! Олар оқымаған адамдар. Жағрафиядан мұлдем хабарлары жок. Әйтсе де әйгілі барымташы рудан!

— Қандай ру?

— Ақберлі!

— Сырымның әкесі — Дат. Даттың әкесі — Шолан. Ал Ақберлі Шоланның бауыры емес пе?

— Соның өзі! Ақберлі, Шолан, Құл, Олжарыс, Дауымшар бәрі біртуған. Ақберлі мен Шолан — батыр, ал Дат момын адам болған.

— Енді түсінікті! — деді Ғабен. — Дағыстанда ногайлар, құмықтар тұрады. Біздермен тамырлас, түркі туыстар. Ноғай, ноғайлылар — біздің ең жақын бауырларымыз. “Ноғай, қазақ біртуған” деген өлең де бар. Сенің нағашыларың соларды сағалап барады екен ғой. Ақылға сыйды. Құмықтың Жыршы Қазақ деген үлкен ақыны болған. Өзі жыршы, өзі қазақ! Ол да тегін емес қой!

— Эрине, Ғабе!

— Қысқасы, олай айт та, былай айт, сенің Солтүстік Кавказбен байланысың болып түр-ау! Енде-ше қүй сол Кавказдың конъятын!

Құйдық. Ғабеннің денсаулығы үшін деп алып қойдық. Бір емес, бірнеше шишаңың түбіне жеттік. Әңгіме қызды және әдебиеттің төңірегіне ауысты. Біраздан кейін қазақ классиктері, соның ішінде

Мұхтар Әуезов туралы әңгіме болды. Сөйлеп отырған Ғабен оқыстан үнсіз қалды.

— Қалың ойдың ішіне кіріп кетіп шыға алмай отырмын. Қалың ой емес, ауыр ой! Өте ауыр! Айтсам ба, айтпасам ба? Вот в чем вопрос! — деп, сөз аяғын Гамлеттің монологымен тұжырымдады.

— Айтыңыз! — деді Базарбай.

— Айтыңыз! — дедім мен де.

— Не айтатынымды білмеген соң “Айт!” “Айт!” деп отырсындар ғой. Білсендер “Айтпай-ақ қойыныз!” дер ме едіңдер, кім білген! Шындық! Шындық! деп айқай саламыз. Ал сол шындықты жария ету кейде дүниенің азабы! Дұрысы сол шындықты білмей-ақ қою. Кейде өтірік адамды өрге сүйреп, ақиқат адамды көрге тығады! — Ғабен тағы біраз үнсіз қалды. — Мәселе Мұхтар Әуезов туралы. Дау жок, ол үлкен жазушы. Ұлы жазушы! Бірақ, қалай айтсам еken, қызғаншақ кісі еді! Біз күеміз. Ал қарапайым халық оны білмейді! Мүмкін білмегені де дұрыс шыгар!

Мені не сайтан тұрткенін білмеймін:

— Ғабе! Сіз зират басында мұлдем басқаша сөйлеп едіңіз ғой! — дедім.

— Иә, басқаша сөйледім. Қалай сөйлеуім керек еді сеніңше?! Барып тұрган пенде еді деуім керек пе еді?! Жок, мен именно солай сөйлеуім керек еді ғой. Мен шындыққа керегін айтқам жок, елге керегін айттым! Ал енді біреу болмаса, біреу сол шындықты біле жүргені дұрыс секілді! — деді де, Ғабен алдындағы қадағын ешқандай тостсыз тастап жіберді.

— Әрине, қалай болғанда да ақиқатқа ештеңе жетпейді! — дедім мен басқа түк ойламай. Менің сөзім көнілі күпті ағамызды сәл-пәл жұбатқандай

болды ғой деймін... “Солай ойлағандарың дұрыс болар еді” дегендегі Ғабен өзініп алды.

Содан кейін далага шығып, біраз жүрдік, біраз тұрдық. Одан кейінгі әңгіме жараспады. Ауадан емес, ойдан мастығым тарағ кетті. Жатқаннан кейін де үйиқтай алмай дөңбекшіп біраз мазасыздандым. Ғабенің “акиқатты біреу болмаса, біреудің біле жүргені дұрыс қой” дегені миымнан шықпай қойды.

Келесі құні өртерек оянып, құн ысып кетпей тұрғанда жолға шықтық. Жол үстінде көп әңгіме бола қойған жоқ. Әркім өз ойымен өзі, кешегі әңгімелерге талдау жасап келе жатқан төрізді. Тұнде біраз ішіп едік, бүгін соның әсері білінбейді. Тым сергекпіз. Қордайдан аса бере бір кішкене бұлақ жағасына тоқтап, тамақтанып, көк шалғынға аунап, қалғып та алдық. Ғабен бізден бөлініңкіреп, әрірекке барып жатқан! Оянды ма еken деп, жақындаңқырап барсам, теріс қарап жатқан Ғабен құбір-құбір етеді. Қарасам – қолында буда-буда жұз сомдық ақша... Андып жүрген адамдай болмайын деп, ақырын басып шегініл кеттім. Бұл неғылған көп ақша! Талай-талай қаламақы алыш көргенмін. Көп ақшаның не екенін жақсы білем. Бірақ мынадай мол дүниені көрген емен! Өзімен бірге алыш шыққан ақша болса оны есептеп керегі не? Онсыз да белгілі емес пе! Е-е, қаламақы алған шығар деуге бұл жерде баспа жоқ. Баспа болған күннің өзінде мұндай көл-көсір қаламақы ақылға сыймайды. Осынау шешуі жоқ жұмбак шаруаның ұшығын таптай машинада отырып тағы қалғып кеттім. Алматыға келгенде бір-ақ ояндым!

Жұмыс бабында Ғабен өте жайлы адам болатын. “Ананы неге іstemедін? Мынаны неге іstemедін? Жұмыс кезінде қайда жүресің осы?” деп қызметкерлеріне жекіп жатқан сөтін бір көрген емен.

Ол басшылық еткен кезде Жазушылар одағындағы айқай-шу, дау-дамай, негізінен басылып, кәдімгідей тыныштық орнап қалған-ды. Бір күндері себепсізден себепсіз Жазушылар одағының секретарылығынан босатып, оның орнына Әди Шөріповты алып келді. “Басқа адам таппағандай онысы неси?” деді жазушылар. Өншең классиктер баскарлып келген Жазушылар одағына бірер естелік жазған партия-кенес қызметкерін отырғызу, әрине оқыс құбылыс болатын. Бірақ Габеңнің өзі секілді Әди Шөріпов те жайлышамат еді. “Мен бастықпын! Мен де жазушымын!” деп шірленген жоқ. Шығармашылық жағын Жұбан Молдағалиевке тапсырып қойып, өзі шаруашылықпен, жазушылардың мұн-мұқтажымен шұғылданды. Бір қызығы, Әди Шөріпов пленумда бірінші хатшы болып сайланғанмен, өзінің бұрынғы істеп жүрген жұмысын, яки Министрлер Кенесі Төрағасының орынбасарлығын бірден тапсырмай, қосымша атқарып жүрді. Соны пайдаланып, Жұбаның қолымен Министрлер Кенесіне өтініш хат жаздырды да, өзі орынбасар ретінде өлгі өтінішке бұрыштама соғып, жана шырлықпен шешім қабылдайды. Сейтіп Жазушылар одағына Әдекен біраз жақсылық жасап, жарылқап таstadtы. Одакқа жаңа жиһаз бергізді. Жолма-жол аудармалар жасау үшін біраз қаржы бөлдірді, қарауындағыларға пәтер өперді. Сол кісінің аркасында мен де пәтер алып қалдым. Соның бәрін де ол үлкен ақылмен, парасатпен істеді. Менің ықылассыздығыма қарамай, әрі үгіттеп, бері үгіттеп, мені жергілікті комитеттің төрағасы болуға көндірді. “Сонда сен маған да, өзіне де пәтер алуға көмектесесің!” деді. Әйтпесе, жағдайымыз өбден мүшкіл-ді. Төрт жан жиyrма жеті шаршы метр тар бөлмеде тұрып жатқанбыз. Жазу



үстелін қоятын жер жок-ты. Дәлізде қарсы келіп қалған екі адамның біреуі шегінбей, екіншісі өте алмайтын. “Министрлер Кеңесі Автомобіль ми-нистрлігі салып жатқан орталықтағы әдемі үйден Жазушылар одагына екі екі бөлмелі, екі үш бөлмелі пәтер бергелі отыр. Сол үш бөлменің бірін сен ала-сың!” деп Әдекен қөнілімді алдын ала құпті қылып қойған. Жоғарыдағылар сөздерінде тұрмай, аяқ асты сабындағы бұзылып, өзгере қалатынын кім білген! Бір күні Әдекен Үлкен үйден ренжіп қайтты. Үш бөлмелік жок! Екі екі бөлмелік, бір бір бөлмелік! Үйдің екінші жартысы бітпей жатыр, біткеннен кей-ін үш бөлмелікті береміз деп алдарқатыпты. “Содан аласың. Немесе мына екі бөлмеліктің біріне разы боласың!” деді Әдекен. Қөп ойландым. Қатты ой-ландым. Ертengі күн үш бөлмелі пәтерді бере қойса жақсы. Бермесе ше?! Айнып кетсе ше?! Екі бөл-менің өзін ала берсем бе? Екіні екіге айырбастаған-да не ұтамын?! Біреулер айтады: салынып жатқан үйдің үш бөлмелігі жақсы. Ал екі бөлмелісінің өзі отыз жеті шаршы метр. Ал менің екі бөлмем неба-ры жиырма жеті шаршы метр. Он шаршы метр кіші! Он шаршы метрдің өзі бір бөлме ғой! Сонымен ой-ланып-ойланып, алғаным дұрыс шығар деп шештім. Бірақ әйелім ол туралы ештеңе білмейді.

Алғаш алған пәтерімнің тұсында өне береді, міне береді, әні аламыз, міні аламызben өбден ма-замыз кеткен! Қой, бұл жолы отбасын орынсыз аланнатпайын, алдын ала әуреге салмайын. Не де болса, мәселе түгел шешілгеннен кейін бір-ақ біл-сін, бір-ақ қуансын деп таптым. Пәтер алуға керек құжаттардың бәрін өз аяғымнан жүріп жинадым, үй іші түк сезген жоқ. Сездірmedім. Ақыры ордер қол-ға тиді. Абылай хан данғылы мен Гоголь көшесінің

киылышқан тұсында теңізге шыққалы дайын тұрған аппақ ақ кемедей зәулім үй алыстан көз тартады. Сүмдық әдемі. Үй емес, арман! Әттең үш бөлме емес, екі-ақ бөлме! Әйелім ол кезде көк базардың жанындағы бір дүкенде уақытша жұмыс істейтін. Тұскі тамактан кейін қолтықтағ, сол үйдің жанынан өттім. Оның екі көзі аспанда. Басына ақша бұлт киіп тұрған тамаша гимаратта.

— О! Қандай әдемі үй! Қандай әдемі үй! Бұл үйден пәтер алған адамдар қандай бақытты! — деді.

— Аларап ма едің осы үйден? — деймін мен.

— Алмай ше?!

— Екі бөлмесі жарай ма?

— Екі бөлмесі түгілі, бір бөлмесіне де барап едім! Мұндай үйде тұрмай-ақ, әшейін кіріп-шығып жүргеннің өзі ғажап қой!

— Қой! Бір бөлме не болады?! Мен саған соның екі бөлмесін-ақ алып берейін! — деймін күліп.

— Қалжындаама! Адамның арманымен ойнауға болмайды!

— Жоқ! Ойын емес. Қаласаң — алып беремін! — деймін төс қалтамдағы ордерді сыртынан сипап қойып.

Зәулім үйге қарай-қарай мойны талған әйелімді жұмысына шығарып салдым да, екі-үш жігітті ертіп үйге қайттым. Ол кезде дүние деген дүние жоқ. Ең көбі, ең қымбаты және ең қынын — кітап! Ол жағы енді менде баршылық! Солардың бәрін бір машинағып тиеп алдық та көштік те кеттік. Ол кезде бізбен бірге Мұхтар Шахановтың қарындасты тұратын. Соған:

— Сен өзірше осында бол! Тәтен қелгенде аға үйді көшіріп өкетті де. Үйді өзі көрген. Пәтері 37. Мана тұс кезінде екі бөлмелі пәтер әперем деп уәде

бергем! Соны орындағым. Келген бойда тезірек жетсін! – дедім.

Жаздың қақ ортасы. Күн күйіп тұр. Жүктің өзі аз болғанмен, машақаты көп. Оны біз төрт қабат үйдің үшінші қабатынан түсіріп, жеті қабат үйдің алтыншы қабатына шейін көтердік. Лифт бар, бірақ жұмыс істемейді. Жұрт жүгін тасиды деп, әдейі тоқтатып қойған. Үйдің өзі жеті қабат. Оның астында тағы бір қабат бар. Ол үлкен дүкен, гастроном. Соның бәрінен көтерілу оңайға түскен жок. Шаршаудайын шаршадық. Эйтсе де шыдадық. Эйелім келгенше тасып біттік. Шөлдеп, таңдайымыз кеуіп өліп барамыз. Кітаптар буылмаған. Оларды сөрелерімен көтереміз. Қолдан қол, дәлірек айтсақ, саусактан саусақ қалмады. Тасып болған кезде саусактарымыз бүгілмей, бүгілсе жазылмай сіресіп қалды. Енді-ендиғана көшіп келген үйде не болушы еді, дайын тамакта жок. Женіл-желпі жуынып алдық та думанханаға тарттық. Ең жақыны деп “Жетісу” ресторанына бардық. Бара сала тоңазытқышта сырты қырауланып тұрган салқын сырға тапсырыс беріп, бірер фужерден тастап-тастап жібердік. Сосын, аятын не бар, ең дәмді, ең қымбат тағамдар алдырыдық. Содан кейін көлден қайтқан үй үйректеріндей маң-маньбасып отбасымызға қайттық. Жолдастарымды шығарып салып, тоқтай қалған бірінші троллейбусқа отыра кеттім. Мас емеспін, бірақ ескі әдет бойынша көшіп кеткен үйіме бір-ақ келдім. Есіктің тұтқасына қолымды соза бергенімде есімді жиғдым. Жаяу баратын жаңа пәтерге бармай, құдай айдалап, ескі үйіме оралыптын. Оқасы жок! Бұл үй маган жақсылық әкелген үй. Осы пәтерде тұрып мен “Ой арманын”, “Дала дидарын” жаздым. Осы үйде мен комсомол сыйлығын алдым, осы үйде тұрып мен

жұмыс бабында біраз өстім. Бес ай жұмыссыз отырғанда біраз жаңа нәрселер жаздым. “Дала дидары”, алмасам да Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Біз кеткеннен кейін біздің бұл баспанамызға ұйғыр жазушысы Жамаладдин Босақов, одан кейін Оразақын құрдасым көшіп келді. Оразақының бұрын бір-екі қызы бар еді. Осы пәтерге келгеннен кейін келіншегі үл тапты. Рахмет саған, құтты қоныс!

Бұл жылдар қазақ әдебиетінің шарықтап өскен жылдары еді. Әдебиеттің өзі ғана емес, әдебиетке деген ықыластың ерекше дамып, оқырман қауымның да қаулап көтерілген кезі. “Жұлдыз” журналының таралымы бүкілодақтық әдеби-қоғамдық журналдардан: “Октябрь”, “Дружба народов”, “Знамя”, “Новый мир” және баскалардан асып түсті. Көркем кітаптар қырықелу мындан, тіптен одан да үлкен таралымдармен шыға бастады. Қысқасы, елдін рухани деңгейі бұрын-сонды болмаған биікке көтеріліп кетті.

Ақын-жазушылардың өз оқырмандарымен байланысы бұрын-сонды болмаған дәрежеге жетті. Ел аралау, халықтың тұрмысымен танысу басты дәстүрге айналды. Ғабит Мұсіреповтың басшылығы кезінде Батыс Қазақстан өлкесін араласа, Әди Шәріпов кезінде Шығыс өлкесімен танысу жоспарланды. Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстанға рухани көркем саяхат жасалды. Сапар-саяхаттар кезінде жас ақын-жазушылардың семинарлары өткізілді. Бір сөзben айтқанда жақсы бастама болды.

Жалғыз жүрсөн бірсөрі. Көппен жүру мен үшін өте ауыр. Үйкүшіктеу болып өскен мен се-кілді жүйелі тәртіп адамына осының бәрі онай соққан жоқ. Батыс сапарында Ғафу, Сағи марқұмдар он шақты күн ішінде бұғақтары шығып, қарындары томпайып, жұмырланып шыға келсе,



мен тәбетімнен айырылып, үйқым қанбай, жүдеп-жадап қайттым. Өңшең бір майлы тамак, өншең бір қуатты ішімдіктер мені тез титықтатты. Үйдің, асхананың қарапайым тамактарын сағынып, Атырауда топтан бөлініп, көзден тасалау бір жердегі дәмханаға кіріп, борщ ішіп борша-боршам шығып терлегенім бар.

Бұл сапар да маған оңай соққан жоқ. Эйтсе де Батыс құндерінен алған тәжірибем бар, шыдан бактый. Делегацияның құрамы өжептәуір, әр облысқа барған бойда топ-топқа, бригада-бригадаға бөлініп, ықшамдалып жүретін болдық. Павлодарда мен Баянауыл тобына сұрандым. Мен ғана емес, қонақтардың барлығы дерлік сол Баянауылды қалады. Баянауыл шынында да адам қызығатын жер екен. Тұбін су мужіген жартастар, көк тасты жарып шыққан қайсар қарағайлар тереңінде тұрып ине сабактауга болатын мөлдір су! Кай жағына бұрылсан да көздің жауын алатын сұлулық! Болашақ “Жер-үйік” кітабының идеясы да, алғашқы эскиздік тармақтар да осында дүниеге келді.

Кереку сапары ақырын-акырын Семей шекарасымен жалғасты. Абай ауданында бұрын-сонды бір-екі мөрте болғанмын. Бұл жолы Ақсуат ауылдарын көргім келді. Бізді, Сағынғали Сейітов екеуімізді облыстық газеттің редакторы Қарқабат деген азамат алып жүрді. Бұдан бұрын ол кісі Орал облыстық газетінде бірнеше жыл редактор болып қызмет істеген екен. Батыс Қазақстанға, сол елдің халқына деген ниеті болек, ерекше. Үлкен ілтифат, ізет көрсетті. Ақсуат таза қазақтар тұратын алыс аудан болып шықты. Қонакжай ел бізді бірден аспанға көтеріп өкетті. Алыс ауданның алыс жайлауында, Қытаймен шектесетін тау басында тұнедік. Құндіз ыс-

тық, түнде сұық. Таң атқанша құмандағы су мұз болып қатып қалады екен. Жылды киініп, қалың жамылып түнеп шықтық.

Кай жерде жүрсек те әдеби кездесулер ұйымдастырып, ел алдына шығамыз, шығармаларымызды оқимыз, сырласамыз, жүрттың сұрақтарына жауап береміз. Сондай өдемі кездесу, салихалы сұхбат Тоғыз тарау деген жерде, клубтың ішінде емес, сыртта, кәдімгі далада өтті. Бұл кездерде дастарқан кен, дәм мол болғанмен, тарту-таралғы жағы шектеулі болатын. Оны да жақсы білеміз. Және ештеңе дәметпейміз. Сөйтеп тұра сол кездесуде бір жергілікті азамат, мен өлең оқып болып, орныма отыра берген кезде қол көтеріп, сөз алды.

— Карапым Қадыр! Мен сенің өлендерінді әлім келгенінше жібермей оқимын. Өйткені қатты ұнайды. Біз алыс ауылдың адамдарымыз. Өздерініздей ақын-жазушылармен күнде-күнде жолысып, күнде-күнде дидарласып жатқан жоқпыз. Бұғін мен сені өз көзіммен көріп, өз құлағыммен тындағым. Ырзымын. Байқап тұрған шығарсың, мен өзім Ұлы Отан соғысының мүгедегімін. Бір қолды беріп қайтқанмын. Сол шолақ қолмен атып алған бір сілеусінім бар еді. Соның терісін саған сыйлағым келеді. Кабинетінің қабыргасына іліп қоярсың. Азырқанбай қабылдағанынды қалар едім, — деп президиумның басына жақындасты. Шолақ қолымен құшақтап, сау қолымен сыйлығын ұсынды. Сәлем де, сыйлық та алдымен үлкенге беріледі. Сағынғали ағам отырғанда мен ыңғайсызданып қалдым. Бірақ елдің аты ел, халықтың аты халық. Кімді жақсы көреді, кімді жақсырақ көреді, оны олар ешкімнен сұрамайды...

Қайтарда біз Көкпектінің үстімен жүрдік. Аудандық газет редакторының үйінде түстеніп, одан

әрі асып кеттік. Алда Өскемен сапары тұрды. Бұл менің бұрын-сонды болмаған қалам. Үйлері үлкен, көшелері кең ірі қалалардың бірі екен. Бәрі жақсы, бірақ қазағы аз. Бұл жердің орыстары Қазақстанда тұрып жатырмыз деп ойламайды, ойлағысы да келмейтін сияқты. Барған күні Өскемен қалалық партия комитеті біздерге арнап қонақасы берді. Дастар-қан иесі сөйлеп тұрып:

— Вот к нам приехали гости из Казахстана! — деді. Беті бұлк еткен жоқ. Біз бәріміз жаппай құлдік. Талайды көріп едім, бірақ мынадай надан, мынадай нахалды бірінші көруім. Соның сезін естігенде Әдекенің жанында отырған Хамит Ергалиевтің көзі шақырайып, екі беті қып-қызыл болып кетті. “Эй, бұлдіресіз-аяу!” деп ойладым. Бірақ әртүрлі ситуацияларда бір емес, мың рет болыш, мың рет аузы күйген көкжал шыдамдылық көрсетіп, өзін-өзі ұстап қалды. Содан кейін батыл-батыл сөйлем дастар-қан иесінің қолындағы билікті түгелдей өз қолына алып, кешті өзі жүргізді.

Ертең ертемен топ-топ болып аудандарға шығамыз. Қазакы аудандардың жақыны жоқ. Бәрі шалғай. Мүмкіндігінше жақсылап дем алғып алайын деп, қонақүйге ертерек оралдым. Бірақ барған бойда телефон соғып, Әдекен шақырып алды. Байқаймын, бірдене дегісі келеді, бірақ дей алмайды.

— Жай шақырдыңыз ба, Әдеке? — дедім қиналып отырғанын сезіп.

— Жай емес, әрине! Шаруа бар, — деп біраз кідіріп барып, — бұрын бұлай деп ойламаушы едім. Жазушыларды басқарудан өкіметті басқару әлде-қайда женіл ме деп қалдым.

— Сіз білмегенмен, біз өзіміз білеміз. Баяғыдан

солай! Онып тұрған халық емесліз! – дедім Әдекенің ыңғайына жығылып.

– Иә, – деді Әдекен. – Міне осыған байланысты маған сенің көмегің керек!

– Қандай көмек?

– Қыруар адамбыз. Бәріміз бірге жүре алмаймыз. Аудандар да көп. Солардың бәрін қамту керек. Сондыктан ағайындарынды бірнеше топқа бөліп, жан-жакқа таратайын десем, бір қындық болып тұр.

– Қандай қындық?

– Хамит Ерғалиев пен Сәкен Жұнісовтің жанына ешкімнің де қосылғысы келмейді. Жалғыз үмітім – өзіңсің!

– Соған бола қиналып отырсаңыз, мен-ак барайын!

– Өй, айналайын! Құтқардың мені, құтқардың! – деп Әдекен балаша куанды.

– Екеуінің де міnezі келісіп тұрған жок. Бірақ мен өзім ешкімді де жатырқамайтын адаммын. Оның үстіне бір жылға қоян терісі де төзеді демекші, бірер күнге шыдармын, Әдеке!

– Рахмет! Рахмет, айналайын! – деді Әдекен қолымды алып, мен орнынан тұра бергенде. – Таты бір шаруам бар. Қалай ойлайсың, женіл машина дұрыс па, самолет дұрыс па жолға? Сендер Зайсан-Тарбағатай бағытына жүресіндер, әжептәуір алыс аудандар!

Мен сөл ойланып қалдым. Шынын айтсам, өз басым ұшак атаулысын жек көрем. Ал машинамен кетсек, дала жолы біраз соғады...

– Бәрін қойып... Зайсан көлін жарып өтіп, Қара Ертіспен неге жүрмейміз? – дедім оқыс ұсыныс жасап.

— Бұл менің ойыма келмеген... Керемет ақыл!
Ең дұрысы — катер!

Әдекең облыстық партия комитеті өкілдерімен сөйлескен екен, олар бұл ұсынысты қуана-қуана қабылдапты.

Сонымен шағын залға татитын каютасы бар жапжана, тап-таза катермен жолға шықтық. Біздер жайғасар-жайғаспастан дастарқан жайылып та үлгереді. Жол дастарқансыз, дастарқан ішімдіксіз болмайтын кез. Бір бес-он минут көмей жібітіп алғаннан кейін ойыншылар преферанска кірісіп кетті. Қай кезде де менің картада шаруам жоқ. Жұмсақ орындыққа шалқайып отырдым да үйкыға бастым. Үйкы — менің осал жерім. Қисайсам болды — қор ете түсетін әдетім бар. Сондай бір тәтті үйкыға батып бара жатсам керек, дабыр-дүбір, айқай-үйкай шудан оянып кетсем, катер тоқтап, жағада тұр. Сәкен Жұнісовтің қолы Хамит Ергалиевтің, Хамит Ергалиевтің қолы Сәкен Жұнісовтің жағасында қарысып қалған!

- Мен сені!..
- Жоқ! Мен сені!..
- Қазық қып қағып жіберем!
- Жаңғақтай шағып жіберем!
- Мен сені үн қылып үгіп жіберем!
- Ал мен просто ігіп жіберем!

Хамаңның құркіреген кәрі жыны бір кезде басым түсе бастап еді, Сәкен бір ілездे тактикасын өзгертіп, кулышқа басты.

— Хама, айтпады деменіз, қып-қызыл қан боламыз. Менің түгім де кетпейді!

- Менің де!
- Жоқ! Сіздікі кетеді!
- Нем кетеді?
- Ең аз дегенде, күздегі тойыңыз өтпей қала-

ды! Қан кешіп жүріп өрен алған партия билетінізден айырыласыз!

— Астағфраңла! — деді Хамаң. Содан кейін секуелдей сіресіп қалған сол қолы қылыш қызып тұскендей Сәкеннің кенірдегінен босап, төмен қарай суси берді.

Әйтеуір қан төгіс болған жоқ. Оған да шүкір! Әйткенмен алып бара жатқан ағайындардан ұят болды. Олардың ішінде басқалар білмесе де, жазушылар жақсы билетін Жұмағали Смағұлов бар. Бұрын “Қазақ әдебиетінің” редакторы болған. Қазір Шығыс Қазақстан облыстық газетінің бас редакторы. Бұгінгі Алматы қонақтарының жетекшісі. Бәрін көзімен көрген куәгер. Ол не ойлады? Кімге хабарлайды? Не айтады? Бір құдай біледі.

Әрине, түк болмайды! Түк көрмегендей, түк іstemегендей тымырайып келеміз. Кешкісін Зайсан түрғындарымен кездесу болды. Ешкім ештеңе байқаған жоқ. Хамаң ақылды ағаның, Сәкен өнегелі інінің рөлінде ойнап-ақ бақты. Сәкен өзін ынғайсыз сезінді-ау деймін, тағы да дипломатияға басып, кешкі дастарқан басында Хаманың денсаулығы үшін деп тост көтерді. Бұл кешірім сұралғаны деп түсінді ме, Хамаң жылы-жылы сөздер айтып, Сәкенге шығармашылық табыс тіледі. Бұл тілектердің аяғы өзара мактауға айналды. Кездесуде ел маған қол соғады. Ұзак-ұзак қол соғады. Ал дастарқан басында екі-ақ классик бар. Олар: Хамаң мен Сәкен. Мен жоқтын. Миғымнан құліп отыра берем.

Жасы үлкен, жолы үлкен көпті көрген азамат қой, өздерімен өздері болып, мені естен шығарып алғандарын сезді ғой деймін ақыры. Әдетте кездесудің соңында сөйлеп жүрген Хамаң соңғы кезде-

сулердің бірінде бірінші бол сөйлеп, әңгіменің объектісін өзгерткендей болды.

— Тарбагатайға келгелі талай сәттер өтті. Талай кездесуді бастан кешірдік. Соның бәрінде керемет өлендер оқығаны болмаса, омыраулап алға шықпай, шаң жұтып сонында қалмай, түбінде мені көрмегендегі кімді көресіндер?! Түбінде мені мойында мағанда кімді мойындайсындар деп, сабасынан асып-тасымай, сабыр сақтап келе жатқан бір талант бар. Ол жайғана талант емес, бай талант. Бір талант емес, бірегей талант! Жұлдыз болғанда да ағып түсіп жатқан баянсыз, тұраксыз жұлдыз емес, мәнгі жұлдыз! Бірде көрініп, бірде көрінбей көзінді талдыратын көмексі жұлдыз емес. Жарық, аса жарық жұлдыз... — деп бастап, Хамаң қызып алды. Апрыым-ай, Хамаң Әмір бойы біреуді бұлай мактамаушы еді, бұлай таусылмаушы еді, кімді айтып тұр, не айтып тұр? деп жауабын таба алмай, дал болып отырғанымда:

— Менің айтқалы тұрганымды кім деп ойлайсындар? Ол — мына Қадыр Мырзалиев! — деп тоқтады да, — Бұл өзі бұрыннан белгілі, дәлелді керек қылмайтын ескі шындық: өзімнің шәкіртім ғой! — деп аяктады. Хамаңның соншалық таусылып сөйлегені енді түсінікті болды! Мен ұқтым. Жұрт ұғына қоймады. Хамаң қандай өділ! Өзінің өкшесін басып келе жатқан талантты қалай-қалай мактайды! Қалай мойындаиды деп ойлайды ел. Менің қақ алдыма үйіп салған асыл қазынаның бәрін соңғы сәтте уыстап тұрып, өз қалтасына сұнгітті. Сұнгітіл жібергенін ешкім анғармай қалды. Өзі туралы бір сөз айтпай, тек мен туралы айтып, тек мені мактап, тек мені мадақтап тұрып, асыра дәрілтеп тұрып “өзімнің шәкіртім ғой” дегеннен кейін-ақ маған арнаған ғажап сөздерінің бәрі бұрылып, тұра өзіне қайтты!

Жалпы Хамит Ерғалиев марқұм ешкімге ұқсамайтын айрықша үлкен ақын болатын. Шындаң келгенде мың жылдық қазақ өлең-жырына жаңа леп, жаңа бояу, жаңа рең берген осы Хамит Ерғалиев. Ерекше екпінді, өзгеше өрнекті асқақ поэзияны өте қарапайым детальдармен, штрихтармен ауыстырып, өлең жолдарына кәдімгідей жан бітірген Хамит Ерғалиевті реформатор ақын деп бағалауға әбден болады. Оның шығармашылық алғашқы қадамы қазақ ауыз әдебиетімен емес, сол жылдардағы жаңа орыс поэзиясымен, әсіресе Александр Трифонович Твардовский поэмаларымен тамырлас һәм сабактас. Бірақ ақын ағамыз өзінің өлеңдік бастауын, табиғи төркінің өз аузымен ашып айтпай кетті. Бір жер болмаса, бір жерде Твардовский поэзиясы маған ұнайды, онымен екеуіміздің арамызда екінің бірі байқамайтын байланыс бар деп сыр шертпеді. Керісінше, білдірмеуге тырысты. Мың жерден данышпан болсада, кез келген ұлы ақынның бір тамыры, бір төркіні болады. Рас, нағыз талант ешкімнің көшірмесі емес. Сөйте тұра оның рухани және поэтикалық сиынары һәм сүйінері болмаса, поэтикалық тірліктің, көне дәстүрлердің тартылыс күшінен шығып кете алмайды. Қазақ поэзиясында Хамит Ерғалиев ешкімге де ұқсамайды. Бірақ ол аспаннан түскен жоқ!

Хаманмен мен көп араласа қоймадым. Мүмкіндігінше алыс жүргүре тырыстым. Аз аралассам да, ол кісінің табиғатын терен түсіндім. Қара жер хабар бермесін, Хамаң барып тұрған өзімшіл адам еді. Ол өзін ешқашанда екінші, үшінші орынға қойып көрген емес. Поэзияда “біз” деген сөзді ұнатпайтын. Оған керегі “мен” болатын. “Мен болғанда да лирикалық “мен” емес, тұра мағынасындағы өзі. Ол тіпті “Біз” деп басталған сөйлемді сөйлемнің аяғында

“менмен” бітіретін. Мысалы, “Біз осыдан бірнеше жыл бұрын қырық жазушы болып Қарағандыға барғанымда” дейтін.

Бұл тарау Әди Шәріпов жөне Әдекең басқарған Жазушылар одағы туралы болуға тиіс еді, Хамаң өзінен тән кеудесімен бұзып-жарып, кіріп алды. Ал оны зорлықпен айдал шыға алмайсын. Оның үстіне амандық болса Хамаңа бір емес, бірнеше оралып соғатын түрім бар. Ендеше “мен” туралы хикаяны осы жерде үзе салды деп, ағамыздың аруағы ренжи қоймас!

Әди Шәріпов көп адамның көңілін тапты. Әйтсе де оның хатшы бол отырғанын қаламайтын ағайындар аз емес-ті. Бірнеше жыл бойына бірінің соңынан бірі отырып, бүкіл қазак жазушылары Сәбит Мұқановқа, Габит Мұсіреповке, Габиден Мұстафинге өбден үйреніп қалған-ды. Жазушылар одағына осы үшеуінен басқа лайық адам бар деп ешкім ойламайтын. Өзін іштен өте мықтымын деп есептейтін есерлердің өзі бұл орыннан үміттene қоймайтын. Күндердің бір күнінде әлгі үш “құдіреттің” орнына не “Дауылдан кейінін”, не “Оянған өлкесін”, не болмаса “Ботагөзін” жазбаған бір партизан отыра қалғанда қазақ жазушыларының психологиясы оқыс өзгеріп, көңіл түкпірінде жатқан сайтандары мен пендешіліктері ояна бастады. Мәселе сенің қандай өулие жазушы екеніңе байланысты емес, заманға байланысты, тек соғанғана байланысты деген ой бас көтеріп, көп жазушының үйкісі қашты. Құбір-құбір, сыбыр-сыбыр әнгімелер көбейді. Логика бойынша мұндай әрекеттер Әбділда Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаяев, Жұбан Молдағалиев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тахауи Ахтановтың айналасында болуға тиіс сияқты еді. Бір қызығы бұл әнгіме, бұл

бастама осы айтқандардан шықпай, ең бір жуас, ең бір қарапайым, ең бір жұпны жазушы Әнуар Әлімжановтан шықты. Ол бір күні мен отырган кабинетке келіп әңгіме айтты. Әңгімелесуін әңгімелессекте, сырлас бола қоймаган әріптестерміз. Әйтсе де Әнуар маган екінің біріне айта қоймайтын сырларын ашты. Димекенде болғанын, қандай мәселелер көтерілгенін ортаға салды. Сенбейтіндей ештеңесі жок... Әнуар жетімдер үйінде тәрбиленген орыс тілді журналист. Жай журналист емес, мәшіүр журналист. Бірақ үлкен жазушы деп айта алмаймын. Журналистиң көбі өздерін жазушы санайды. Ол, әрине қате. Журналистика деген бір бөлек, әдебиет, көркем әдебиет деген бір бөлек өнер! Өнер. Ал журналистика өнер емес! Әнуар бірнеше повесть, роман, әңгімелер жазды. Бірақ көркемдік деңгейлері ойдағыдай емес. Публицистикадағы қабілеттің көркем әдебиетте барынша таныта алмады, көрсете алмады. “Литературная газетада” бірнеше жыл бойына Казакстандағы арнаулы тілшісі болып, абыраймен қызмет етті. Димекенің жақсы көретіні рас. Ол аз болғандай, Димекенің көмекшісі Бекежанов өзін катты қолдайды. Мұны мен ғана емес, ағайындардың, әріптестердің бәрі біледі. Әнуардың айтуы бойынша, Димекен Әдекенді онша жақсы көрмейді. Жазушы деп есептемейді. Министрлер Кенесі Төрагасының орынбасарлығынан босату үшін шыгармашилық одағына уақытша хатшы қызып жіберген. Қойған орында біраз отырды. Енді өкетуге болады.

— Қалай? — дедім мен.

— Кәдімгідей! — деді Әнуар. — Жазушыларды басқару үшін үлкен бедел керек. Ондай бедел Әдекенде жок. Әріптестерінің көбі риза емес.

— Оны о баста ойлау керек еді ғой!

— Ойлануын ойланған шығар!.. Бірақ Әдекен риза болатын орын таппаған болуы керек.

— Ал сонда біз не істеуіміз керек?!

— Пікір үйымдастырамыз.

— Мен не істеуге тиіспін?!

— Сол пікір, сол документке қол қойсан болды!

— Жазуды біреу үйрете ме?

— Жоқ! Ешкім үйретпейді.

— Маған да ешкім үйреткен жоқ. Сәбит Мұканов та, Ғабит Мұсірепов те, Ғабиден Мұстафин де, Мұхтар Әуезов те үйретпейді. Мен оны, Әдекенді, не деп кінелай алам? Ол маған ешқандай жамандық жасаған жоқ. Мен оны қалай жамандауым керек?

Сол күні Әнуар менен ештеге шығара алмай кетті, кетуін кеткенмен, күн сайын келіп тұрды. Айтатыны бір өңгіме. Әди Шәріповтен құтылу ...

— Неше кісі таптың?! – деп сұрадым бірде.

— Біраз бар! – деп Қалтай Мұхамеджановтан бастап бірер жазушының атын атады.

— Осы да жетпей ме?

— Жетпейді! Сен қойсан жетіп қалар! – деді ол күліп.

— Сайын қол қойды ма? – деп сұрадым.

— Жоқ! – деді ол күмілжіп.

Мен өзім де Мұратбеков қол қоймас деп есептегенмін, Әдійң не, Әнуарың не? Екеуі бірдей. Тіптен ағайын.

— Бірақ қол қояды! Қоймай қайда барады дейсің? – деді біртүрлі сенімді сөйлеп. – Ал сен қойсан, ол ойланбай қояды!

— Жоқ, ол қойсын алдымен. Сосын мен қояйын! – дедім сайтан тұртіп. Бекер-ақ айтқан екем.

Келесі күні-ақ Әнуар оның қол қойған қағазын әкеп көрседі. Мен өз көзіме өзім сенбедім. Бірақ өз сөзіме өзім байланып, ұсталдым да қалдым. Сүрінбейтін жерде сүрініп, қателеспейтін жерде қателестім. Күн сайын болмағанмен, екі-үш күнде бір кіріп, сөйлесіп шығатыны бар еді, сол күннен бастап Әнуар көрінуден қалды. Жұмыс ауыстырсаң ба деген ой келді. Бірақ мені күтіп дайын тұрган қолайлыштымет бола қоймады. Эрі ойланып, бері ойланып басым қатты. Өзі бірденені сезді ме, әлде Орталық Партия Комитеті арызбен ресми таныстырды ма, кім білген, мені Әдекең шақырып алды.

— Қадыр! — деді, — менен не жамандық көріп едін? Бір топ адамның ішінен сенің фамилияның көргенде қатты таң қалдым. Айтшы маған, түсіндірші маған, менің қандай кінәм бар?

— Сізде кінә жоқ. Кінә менде! Кінә менің ақымақтығымда! Бетім күйіп Сізге кіре алмай жүрмін. Өмірде арыз жазбаған, арызға қол қоймаған жан едім...

— Жә, Қадыр! Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін түяқ жоқ! — деді Әдекең мақалдап. Бірақ адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң! Бұл идея, бұл инициатива сенен емес. Оған менің сенімім мол. Бұл қолайсызыдау әрекет Әлімжановтың әрекеті. Оның бүгін тандағы бүкіл ойы, арманы — Жазушылар одағына бастық болу. Ол, рас, жаза алады. Бірақ басқара алмайды. Ал мен дұрыстап жаза алмайтын шығармын, бірақ басқара алам! Мен әлде қате айтып отырмын ба?! — Жауап күткендей маған тесіле қарады.

— Моральдік тұрғыдан алғанда Сіз казір бізден жоғары тұрсыз. Бірақ мен ақылға сыймайтын ақымақ арызға қол қойған кінәлі адаммын. Әділ баға

беруге жарамаймын. Сіз мұны түсінуге тырыссаңыз және кешіре алсаныз болды...

— Мен де жас болып көргенмін. Мен де қателескенмін. Мәселе қателесу, қателеспеуде емес. Мәселе содан қорытынды шығара білуде, сабақ алушада. Бір ғана нәрсені есінде ұстасан болды. Менің сенде ешқандай шаруам жок. Және мен зиянсыз адаммын. Енді бәрін ұмыталық. Түк болмағандай жұмысынды істей бер! — деді Әдекен үлкен адамдарға тән қылық көрсетіп.

Кінәлі адамның жағдайы белгілі ғой. Бұл әнгіме маған оңай сокқан жок. Орталық Партия Комитеті мәжіліс өткізді. Мәжілісті марқұм Саттар Имашев басқарды. Оған бюро мүшесі Асанбай Асқаров қатынасты. Көп адам сөйлемді. Орынды-орынсыз қатты сындар айттылды. Мен бұл жолы әңгімеге араласпайдым. Орталық Партия Комитетіндегілердің не ойлағанын білмеймін, дау-дамай уақытша тоқтап, біраз тыныштық орнағандай болды.

Айтпақшы, бір өзгеріс әйтсе де болды. Көп кешікпей Әнуар Әлімжанов “Қазақ әдебиеті” газетінің редакторы болып тағайындалды. Мен оған:

— Әнуар Әлімжановтықтан “Қазақ әдебиетінің” редакторлығына шейін төмендеуінмен құттықтаймын! — дедім. Әзілге жоқ Әнуар біраз қызарактап қалды.

Әнуар, өзінің айтуына қараганда, жетімдер үйінде тәрбиеленген, орыс тілді қазақ еді. Сөйлеуін қазақша сөйлейді. Бірақ қазақша жаза алмайды. Сөйте тұра қазақ газетінің, жай ғана қазақ газеті емес, әдебиет газетінің редакторы болып бекітілді. Сірә, Әди Шәріповті бірден алып тастаудың жөні бола қоймаған ғой. Ал алып тастаган күннің өзінде оның үстінен арыз берген адамды оның орнына қою

Этикаға да жатпайды... “Қазақ әдебиеті” болса, Әнур үшін қөтерілу жолындағы бірінші баспалдақ, үзенгі іспетті. Енді оның аяғы үзенгіге салулы. Бір секірсе армандаған арғымағына отырады. Осы күйде ол ұзак жүрген жок. Кезекті бір пленумда бірінші хатшы боп шыға келді. Илияс Есенберлин де үміттенген екен, бірақ ол екінші хатшы боп сайланды. Жұбан Молдағалиев өзі арыз жазып, жұмысынан кетті. Сол реніш-наланың әсері ме екен, кейін ол “Хатшы” деген өлең жазды. “Жұлдызды” жарияланды. Кітаптарына о кезде кіре қоймады. Бірақ журналдағы нұсқасының өзін біреулер Димекене жеткізгенге ұқсайды. Бұл Сіз туралы туынды деп түсіндірсе керек. Ол кезде “Жұлдыздың” редакторы Тахауи Ахтанов болатын, Орталық Партия Комитеттінен қатты ескерту естігенте ұқсайды. Соңғы жылдарда қалыптасқан ситуация болмаса, тап сол өлеңге назар аудармаса да болар еді. Бірақ біреуді біреуге айдаланып, арасында күн көріп жүрген әзәзілдерге ондай мүмкіндікті босқа жіберуге болмайды ғой. Пайдаланып қалды. “Сен хатшысын, ертеңін құнгірт сенің, Мен ақынмын, ақын бол қала берем” деген ой қай әкімге ұнаушы еді?! Жұбаганың Димекене кіріп жүрген есігі біраз жылға жабылды. Ақынмен қырғи қабақ қаламгерлер оған қуанбаса, қайғыра қойған жок. Ал Жұбагана бір өлең жазып, Димекен көңіліне түскен дақты жуып-шаю үшін бүтіндей бір поэма арнауға тура келді. Жазды да кейін, Димекен кешіргендей болды. Бірақ ұзакқа емес!

Әнур Әлімжанов, ниет қылса, кез келген адаммен тіл табыса алатын тәп-тәуір жігіт еді. Бірақ оның түбіне жеткен Илияс Есенберлин болды. Көпті көрген көрі түлкі анғалдау Әнурды қалаған жауына

айдап салды да отырды. Мен оның қарауында екі-үш жыл жұмыс істедім. Сол азғана жылдар аралығында Ілекеннің талай-талай абыройсыз әрекеттеріне куә болдым. Рас, ол маған жамандық жасаған жоқ. Бірақ басқаға жасаған кияннаттарын өз көзіммен көрдім. Мен “Жазушы” баспасының поэзия редакциясын басқарып жүрген кезде Шеміл Мұхамеджановтың шағын бір томдығын шығардық. Ол менің қарауымда аға редактор болып қызмет істейтін. Бәрімізден де стажы үлкен. Бала-шағасы көп. Тұрмысы жұпыны. Соның әлгі шыққалы жатқан кітабының әр тармағына сол кездегі бір сом қырық тиыннан қаламақы қойғанмын. Оны бір сом жиырматыынға түсірді. Директордың сөзі – соңғы сөз. Менің қолымнан ештеңе келмейді. Менің қолымнан келмеген нәрсе Шемілдің қолынан мұлдем келмейді. Бірақ “алашағым кетсе де, айташағым кетпесін” деген мәтел бар емес пе?! Бірер күннен кейін баспаның ұзын дәлізінде жігіттер шылым шегіп тұрғанды. Қасымыздан Ілекен өтті. Сол сәтте Ілекене қолын беріп амандастып жатқан Шеміл:

— Ілеке-ау, менен үнемдеген жиырма тыынмен қай жыртығынызды жамайсыз? — деп қалды.

— Сен де жамамайсын. Бәрібір ішіп қоясын! — деді Ілекен қабағын түйіп.

— Ілеке, Сіз мені білмейді екенсіз ғой. Мен ешқашан өз акшама ішпеймін! — деді Шеміл. Директор оны естісе де, естімеген болды.

Бірде, бұл енді Ілияс Есенберлиннің Жазушылар одагында екінші хатшы болып істеп жүрген кезі, кабинетіне кіріп сөйлесіп отырған едім, асығып-үсігіп шофері келді.

— Ілеке, менің анам мына Талдықорған қаласында тұратын. Тұн ішінде дүние салыпты. Соған

барып, өз қолымнан жерлеп қайтуға рұқсат етіңіз! Бір-екі күнге машинаңызды бере тұрыңыз!

— Эрине! Эрине! Адамның анасы күн сайын өлмейді! Бара ғой! Бар! — деді. Ілекенің мынадай елгезектігіне, жана шырлығына ішім жылып қалды. Бірақ анасынан айрылған қаралы азамат раҳметін айтып кабинеттен шыға бере Ілекен көмекшісіне телефон соғып: — Ана Тайыр кетіп қалмай тұрганда ұста! Талдықорғанға барып қайтуға рұқсат сұралған, барсын! Бірақ машинаны берме! Шешесі өлгендердің бәріне бірдей көлігімді бере берсем, өзім не мінем?! Бар! Тез! — деді. Осы сөзді естігенде жаңа ғана жылып сала берген ішім қайтадан суып қоя берді.

Директордың қолындағы мүмкіндікті Ілекен жүз пайыз, тіпті одан да артық пайдаланды. Оның ең үлкен мақсаты, басты арманы — Лениндік, құрығанда Мемлекеттік сыйлықты алу еді. Оның алдында ол Ғабит Мұсіреповпен қатар түсіп, Республика сыйлығын “женіп” алған. Ұлы классигіміз Ғабит ақсақал бұл жолы Ілияспен дұрыстап тіресуге жарамады... Бірақ Мәскеу мінез көрсетті. Бұл жолы “жолы болғыш” қазақ жазушысы грузин жазушысы Нодар Думбадземен қатар тұсті. “Алтын Орда” менің түсінігімде, Ілекен шығармаларының ішіндегі ең сүйектісі, ең мықтысы. Бірақ Нодар Думбадзеге төтеп бергенмен, Эдуард Шеварнадзеге төтеп бере алмады. Ал Шеварнадзе Думбадзенің досы, құдіретті басшы. Сөйті тұра Ілекен де оңайлықпен беріле қойған жоқ. Ол Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар комитетінің бүкіл мүшелеріне арнайы хат жолдады. “Маган дауыс беріндер!” деп емес, әрине. “Қай кітабыңыздың қазақ тілінде жарық көрғенін қалайсыз? Біз сол дүниенізді тездетіп шыга-

рып берелік” деп хат жазды... Мұның бәрі нысанасын тапқан мергеннің оқтары еді! Оған мен өзім күөмін. Бірақ қазақтың қулығынан грузиннің қулығы басым түсті. Нодардың кітабынан титтей кем емес “Алтын Орда” сыйлыққа ілікпей қалды. Ал Ілекен жұз пайыз сенімді еді...

Бірде Орталық Партия Комитетінің екі бірдей хатшысы келіп, Қазақстан Жазушылар одағының кезектен тыс пленумын өткізді. Энвар Әлімжанов пен Илияс Есенберлинді орындарынан босатып, Жұбан Молдағалиевті бірінші хатшы қылып сайлады. Сірө, соңғы жылдар Димаш ағамыздың Жұбан Молдағалиевке деген көзқарасы сәл-пәл өзгерген болуы керек, алпыс жылдығына Ленин орденін берді. КСРО Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланды. Бұл азғана жылдарға болса да, адами бақыттың қайтып оралуы еді. Сол сайланған пленумда Жұбан сөйлемді. Және бір орынды сөз айтты. “Кеткен бастықтың жақсысы жок, келген бастықтың жаманы жок!” деді. Өзі де кеткенше жақсы бастық болды. Кеткенше, әрине. Кеткенше. Кеткеннен кейін ол да жамандар қатарына қосылған шығар.

Жұбан Молдағалиев сайланған сала жазушылардың көбі “Енді Қадыр өседі. Қадыр шырқайды!” деп ойлады. Жок, ешқандай өзгеріс болған жок. Сол алғашқы үйымдастыру пленумы өте сала Тахауи Ахтанов ағамыз маған:

— Немене, Қадыр? Ағам бастық болды деп мәз болып жүрсін бе? Оның бәрі бекершлік! Шөміштен қысатын алдымен сол ағаң болады! Менің өз басым досым болмай, қасым бастық болғанын дұрыс көрем! Өйткені мен өз үлесімді жағаласып жүріп, жұлып алам одан! Ал туысқаннан тартып ала алмайсың! “Сен шыда! Әйтпесе өсекке қаламыз!” дейді.

Сөйтіп саған сенің өзіңе тиесілі нәрсенің өзін беруге қорқады. Айттың не, айтпадың не, солай со лай! Жұбан хатшы болып отырған кезде мен Мемлекеттік сыйлықты өрөң алдым. Онда ол сыйлыққа мен Жұбан келмestен екі жыл бұрын ұсынылып, Мемлекеттік сыйлық комитетінің арнағы қаулысы бойынша келесі жылдарға ысырылғанмын. Дұрысрақ айтсам, Мемлекеттік сыйлықты Жұбансызың алып тұрган туынды болатын. Бұл мәселеде ағамыздың сінірген еңбегі шамалы.

Жалпы Жұбан екеуіміздің туысқандығымыз орыстардың туысқандығындай. Қазакы денгейге көтеріле алмаған, көніл толмайтын олқы туысқандық болатын. Сөйте тұра мен Жұбағаңа ренжіп көр гем жоқ. Балаларының өзін басынан сипамайтын катал өке тәрізді өз сезімін өзі үнемі іркіп ұстайтын. Бірақ өділ, жомарт, дарқан еді. Мәскеу сапарларында жиі хабарласып, қаланы бірге аралайтынбыз. Дүкен аралаганды жақсы көретін. Сувенирлерге құмар еді. Өзіне деп бірдене алса, саған мынау керек пе деп сұрамайтын, бірден екеуін алатын.

Мен өзім өте көп жазып, өте көп жарияланған адаммын. Соның бір де бірін оқымаған сияқты көрінетін ол маған. Әйткені “мен сенің анауынды оқыдым, мынауынды оқыдым. Алай екен, былай екен” деп пікір айтқан емес. Мен де сұрамайтынмын. Ал өзі үлкен кітапқұмар болатын. Кітапханасы бай. Абай көшесі мен Фурманов көшесінің қылышқан бұрышында белгілі кітап дүкені бар. Сол жерде жиі жіккі кездесетінбіз. Бірде тап сол дүкенде Сагынғали Сейітов, Жұбан Молдағалиев және мен, бір ауылдың үш азаматы күтпеген жерден жолығып қалдық. Біраздан кейін Жұбаған:

— Жә, мына арадан мен жақсы ештене көре

алмадым. Қайда кеткен тамаша кітаптар? – деді өзімен-өзі сөйлескендей.

– Қайдан болсын? Оның бәрі мына Қадырдың үйінде! – деді Сағынгали ағамыз.

– Одан бізге не пайда? Бәрібір бермейді!

– Інінің беретіні бір-ак нәрсе! Қалғаның беруге міндепті емеспін! – дедім мен. Бұл кезде бұл жерден жөнді ештеңе таппаған Жұбаған есікке беттеп бара жатқан. Кері бұрылып:

– Ол не нәрсе? Ініңдер беретінін айтам да..

– Не болушы еді? Әрине, сәлем! – дедім мен қалжындал.

– Фу! Шынында да бірдене береді екен деп тұрсам! – Жұбаған қолын бір-ак сілтеп шығып кетті.

Шынында да Жұбаған менің өлеңдерімді оқымайтын, оқыса да сүйсінбейтін шығар. Сүйсінсе бірдене демеуі мүмкін емес қой деп ойлайтынмын. Оным қате екен. Бірде Мәскеуде Жұбағаның негізгі аудармашысы Владимир Савельевпен жолығып қалдым. О кезде ол менің де дүниелерімді аударып жүрген. Сол жолы ол:

– Қадыр! Жақында Жұбанның маған сен тура-лы не дегенін білесің бе?! Қадыр ақын ретінде менен әлдекайда мықты. Аударсан дұрыстап аудар! – деді.

Мактауды кім жек көреді?! Бойымда бір жылы қан жүтіріп өткендей болды. Бірақ имандай шыным, мактағанына емес, мені оқып жүретініне, іштей бағалағанына қуандым.

Тағы бір шындық: өдетте, мен үшін кітапты жазу емес, шығару қызын болатын. “Ой орманын” бастырып шығару жолында ең бірінші рет менің самайыма ақ кірді. Құланбай Көпішев, редактор ре-

тінде бұл жинақты шығаруға үзілді-кесілді қарсы болды. Қолжазбаның жартысын жариялауға жарамайды деп тапты. Үлкен редакциялық мәжілістің талқылауы: Ғали Орманов, Сыrbай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Тайыр Жароков, Әбу Сәрсенбаев, ... тағы толып жатқан абыройлы аға ақындар ара түспегенде, қамқорлық жасап қолдамағанды бұл кітап өз архивімде шіритін еді. “Корамсақ” кітабы да көрместі көрді. Қолжазбаны аман алып қалу үшін “Жалын” баспасындағы жанашырларым оны Жұбағана жабық жасырын рецензияға берді. Кейін сол кітаптың редакторы сол пікірмен таныстыруды. Жұбан ағамыз, обалы не керек, бұл қолжазбаның авторы кім екенін білмей тұрып-ақ, пессимистік сарында жазылған бірер өлөндерге орынды ескертпелер жасағаны болмаса, негізінен, қолжазбаны барынша түсініп, қолдау көрсеткен. Ақырында сол “Корамсақ” марқұм Мұхамеджан Қаратасевтың алғысөзімен жеке кітап болып басылып шықты. Редакторлардың корыққаны соншалық, тіпті алғысөздегі академиктің өзі айрықша атап өткен айшыкты шумактарды аяусыз қыскартып бакқан. Алғысөзде макталған мысал шумактар кітаптың құрамында жок. Ал кітап жарық көріп, тарап кеткеннен кейін Баспасөз Комитетінің сол кездегі төрағасы Шерияздан Елеуkenov қолжазбаға қол қойған ақылды бір азаматты шақырып алып, қатты сөздер айтқан. Шығаруға болмайтын кітапты шығардың деп айып таққан.

Жұбағаның ішкі-сырткы дүниесі, бүкіл он екі мүшесі оннан-мұннан құрастырмай, тұтас бір материалдан қашап жасалған монумент іспеттес еді. Және тұла бойы тұрған күш-қуат болатын. Жүргеннің өзінде жай жүрмейтін. Екі қолын артына ұстап, ілбіп басып келе жатқан Жұбағанды көз алды-

ма елестете алмаймын. Басын тұқыртып алып, тро-туарды жарып бара жатқан ағамыз қазір бір жерде бұрылатын адамға ұқсамайтын. Керісінше, сол екпін, сол қуатпен алдағы бір дуалға, не болмаса қа-быргаға қойып кететіндегі көрінетін.

Егер бір шүғыл жұмыс шығып қалмаса, Жұба-ғанның үйіне өз бетіммен жетіп барған емеспін. Қандай мақсат, қандай шаруамен шыққаным дәл қа-зір ойымда жок. Жауын-шашынды бір жексенбі кү-ні ағамыздың үйінен табылmasым бар ма?! Ол кісі ертengліk серуенде кеткен екен. Женгеміз екі бі-лелегін сыбанып, еден жуу үстінде қарсы алды. Олар қаланың қақ ортасында үкімет адамдары үшін са-лынған сапалы үйдің төртінші қабатында тұрады. Үстерінде басқа пәтер болмағандықтан аяқ киімде-рін есіктің сыртына шешіп қалдырады. Үйдің сыр-тында кіре берісте күзет бар.

Сағат шамамен он-он бірлер шамасында құй-ындытып Жұбагаң жетті. Артындағы тормоз-па-риштын ашқаннан кейін барып әрен токтайтын ре-активті ұшқыр зымырандар сияқты екпінін баса ал-май, аяқ киімін шешпестен төргі бөлмелерге өтіп кетті. Ешқандай мұқтажы болмаса да жанағана жу-ылған тап-таза төрт бөлмені батпак-батпак ботинка-сымен әбден таптап, әбден ластап шыққаннан кейін барып есік алдына қайтып оралды. Аяқ киімін содан соң барып шешті. Қолына сыгулы улкен шүберегін ұстап женгем түр. “Әй, Жұбан, туфлиінді шешпей-сің бе?!” деген жок. Еденді қайта жууға кірісті. Мен женгемді аяп кеттім.

Преферанс ойнағанда да осы. Жарқылдан сөй-лең, қарқылдан күледі. Тымырайып отырмайды. Ұшқыр ойлайды. Не құлайды, не құлатады. Сондай құдікті тәуекел жүрістердің өзімен-ақ есесін жібер-



мейді. Көбіне-көп ұтып жүреді. Ол тіпті бірде әйгілі ойыншы Бутиннің өзінен он сом ұтып, одан сол ақшага “автограф” жаздырып алыпты.

Табиғатынан тарихи ірі оқиғалардың қалың ортасында жүру үшін жаратылған осы бір дарынды тұлға өзіне жүктелген аса үлкен шаруаларды түгелдей тындыра алмай кетті-ау деп қайғырамын. Бауырда жатқан бүтін тастардың өзін паршалап жіберетін ультра дыбыс тәрізді зәлім заман ағамыздың адымын аштырмай-ақ қойды ғой! Ол Құдай берген қабілеттің, мүмкіндіктің оннан бірін пайдалана алмаған ішкүса ақын.

Басқаны былай қойғанда, оның жазуының өзі ірі, әрбір әрпі торғайдай болатын.

Өз басым көп жылдар бойы Жұбағанды түсінбей келдім. Көнілім толмаған кездер де болды. Ал ол рухани тұншығып жүрген екен ғой! Бір жылда-ры ел:

Асан боп туып қазактар
Өледі Асан-Қайғы боп, –

деп жазған еді. Не деген ұлы түйін, ұлы сөз. Оның өзі де Асан боп туып, Асан-Қайғы боп өлгендердің бірі! Өлді дейміз-ау, бірақ мен соның өлгеніне сенбеймін! Дәлірек айтсам, өлгеніне емес, өліміне сенбеймін! Оның ауруы аяқ асты өле салатын ауру болмайтын. Оның халық үшін өмір сұруі керек болғанмен, қоғам үшін, қарғыс атқан қоғам үшін өлуі керек болды ғой деймін.

Желтоқсан оқиғасынан кейінгі Жазушылар одағында өткен жиналыста Колбинмен кездесуде Жұбаған керемет сөйлемді, қатты айтты. Осының бәрі немен тынарын сезіп тұрып, біліп тұрып, солай



істеді. Батыр болуға тиіс азамат еді, батырлық істеді. Пәленбай жылдар жүргегін қысып, лоблытып келген запыранын құсып тынды. Ондай батылдықтан кейін оның тірі жүруінің өзі ақылға сыймас еді! Интуиция деген бір құдірет бар. Соған сенсем, Жұбағаң өз ажалынан өлген жок!.. Өлерінің алдында Әбділда Тәжібаев Жұбағаның қөңілін сұрап барыпты. Әбекендерінде айтудың қызығынша Жұбағаң сонда:

— Әбеке! Мен осы жерден тірі шыға қояр ма екенмін! — депті. Бұл сөз ауруынан қауіптенген адамның сөзі емес, қоғамнан қауіптенген адамның сөзі.

Өзі әділетсіз қоғамда әділ болу тіpten мүмкін емес. Соған қарамай, Жұбағаң өл-қадарынша әділ болып, бәрін де дұрыс шешуге әрекеттенді. Екінші хатшылықтан қашшама адам дәметті. Оның ішінде өз ағайындары да бар, әрине! Бірақ Жұбағаң олардың орынды-орынсыз үміттерін қылышпен шапқандай қиып тастады. Біраз уақыт бойына екінші хатшының орнына адам таба алмады. Кадр жоқтықтан емес! Кадр болмаса да, Қадыр бар. Бірақ бұл вариантқа Жұбағаң өмірі бармас еді. Бармады. Жүріп-жүріп Қалтай Мұхамеджановқа тоқтады. Өте жақсы азамат, дарынды драматург, — оған ешқандай дау жок. Бірақ іскер емес. Сол тұрғыдан алғанда соншалық сөтті табылған кадр еді деп есептемес едім. Эйтсе де ол солай шешкенді дұрыс деп талты. Мұнысы көп адамға ұнамады. Басқаша шешкенде де біраз ағайынға ұнамайтын еді. Мысалы, Арқаның азаматын әкелсе Онтүстікке, Онтүстіктің азаматын әкелсе — Арқаның қазақтарын ренжітіп аламын деп ойласа керек, ешбір жүзге жатпайтын қожаны қолайлы көрді. Саяси-дипломатиялық принциппен есептегенде жөн, әрине. Бірақ жүздің мәселесін жүз

шешпейді. Жұзден биік тұргандар ғана шеше алады. Осыны түсінетін кез келді емес пе?!

Обалы қанша, Жұбагаң өзіне жүктелген ауыр міндетті әл-қадарынша әдемі атқарды. Ешкімді ренжітпеді. Әкіметке жағу үшін жұмысты жақсы істеу аз. Жұмысты жақсы істеуің керек және бастығынъың жақыны болуың керек! Димекен Жұбанды ұзак отырғызу үшін әкелген жоқ. Оның алдындағы азды-көпті кінөсын жуу үшін әкелді. Содан кейін барып, ұзак уақытқа өз адамын отырғызбақ ойы болды. Ол – Олжас еді. Олжас шынында да ғасырда бір туатын азамат. Талант десен талант, білімді десен білімді, ақылды десен ақылды. Димекен оны байқады. Баласында жақсы көрді. Кейбіреулердің айттына қарағанда, оны Орталық Партия Комитетінің идеология жағын басқаратын хатшысы қылыш тақоймақ болған. Бірақ ол – Мәскеудің билігіндегі орын. Бекітетін солар. Олжас болса өте парасатты жігіт. Ал ондай адам қоғам үшін қашанды қауіпті. Сондықтан да Олжастай адамды аса жауапты қызметкес әкелу онай сокпаса керек.

Әрине, Құдай берген көптеген қасиеттерімен Қазақстан Жазушылар одағына бірден-бір лайықты кандидат болатын. Бірақ ол қазақ жазушыларының өзара қарым-қатынасын жақсы білмейтін. Ал білмейтін адамды қате жолға, жалған жолға салып жіберу онша қын емес. Ондай адамдар тез табылады. Кабинетке кіріп алыш, құлағына құюмен болды. Ақыры арандатты. Оларды мен жақсы білемін. Бірақ өзірше актарылмай тұра тұрам. Олар Олжасқа жаны ашитын ағайындар емес. Керек десеніз, халықтың да жанаширы емес, рухани азғындар. Қанішер Колбин бірінші хатшы бол сайланған түні қаракшылар сияқты кешкі қарандылықты жамылып

келіп Бас поштадағы телеграф арқылы соны құттықтап телеграмма бергендер. Бұл құжаттарды сол түні телеграфта кезекте болған қазақ қыздары тапсырыды. Кейбіреулерді халық алдында қарабет қылатын бұл қағаздар бүгінде сенімді сейфтерде сактаулы. Бірі жоғалса, бірі қалады. Өйткені олардың көшірмелері жеткілікті!

Арам адамдар адал екі кісінің жақындасқанын қаламайды. Ұнатпайды. Әрқылы ойлайтын, бірақ ниеттері түзу екі таланттың татулығын кешірмейді. Әлі есімде, бір топ жастар “Жұлдыз” журналында істейтінбіз. Ұжым мықты. Бәрі де аузымен құс тістеген жүйріктер. Редакторымыз Әбдіжәміл Нұрпейісов. Бір мезгілде кіріп келді де:

— Сенсация! Сенсация, жігіттер! Бүгін “Литгазета” Олжас Сүлейменов деген қазақ жігітінің өлеңдерін жариялады. Керемет жақсы өлеңдер! Леонид Мартынов сәт сапар жазып, батасын беріпті! Міне, сол жігіттің өлеңдерін қазақшаға аудару керек! — деді. Айтты — бітті! Әбішке тапсырып аударттық. Келесі сандардың бірінде Олжас туралы “Тұлпардың тұяғы” атты мақала дайындағық. Бұл әңгімeden Олжас бейхабар. Жаман хабарды жедел жеткізуге тырысатын жарамсак ағайын жақсы хабарды жеткізуге келгенде сондай марғай!

Рас, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің бір басына жететін кемшілігі бар. Кейде тіпті көңілің қалып, көргің келмей кетеді. Бірақ Құдай берген мінезге редакция жүрмейді. Редакциялауга қақымыз жоқ. Әбдіжәмілді қалай болса, солай қабылдау керек. Мен оны тәптәуір билетін тәріздімін. Сол билетініме арқа сүйеп, Нұрпейісов Олжасқа жамандық жасай алады, бір кезде жасады деп айта алмаймын. Және айтқандарға сенбеймін. Ол екеуінің ортасына от салып, пайда



тапқан ағайын Әбекеңмен арпалысып-арпалысып түк тындыра алмаған соң, оған Олжасты айдап салуға кірісті. Жасыратын несі бар, өзөзілдер белгілі дәрежеде біраз нәрсені бұлдіріп үлгерді. Әдette жолбарысты жолбарыс, арыстанды арыстан ғана ықтыра алады. Мұны қорқаулар өте жақсы біледі. Сондықтан да олар мықтыларға мықтыларды айдап салу арқылы ғана дегендеріне жетеді. Өкінішке орай, адалдығына, күшіне сенетін құдіреттілер, не-гізінен, анқаулау келеді. Өкінішті, әрине!

Олжас – елдің азаматы. Оны бөле жаратын, басқа бір азаматқа қарсы қоятын біреулер болса, олар – елдің жауы. Өкінішке орай, ондайлар жеткілікті. Кез келген қазақтың өсек сөзін тындей қоятын Олжас та акымақ емес, әрине. Дегенмен жиі-жі айта берсе, әлсін-әлсін сыйырлай берсе, тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар деген, адам көңілінде дұшпандық туғызбаса да, құдік туғызуы әбден мүмкін. Міне, осындай іріткі әрекеттер Олжасқа да жақсылық өкелген жок. Өзі шаршадым, кетем демесе, өле-өлгенше отыратын орнынан ысырып жіберді.

“Жазушы” баспасында поэзия редакциясында менгеруші болып жұмыс істеп жүргенмін, директорымыз Ілияс Есенберлин шақырып жатыр деген соң бардым. Алдында Олжас Сұлейменов отыр.

– Кел, Қадыр, кел! Отыр! – деді Ілекен, амансаулық сұрасып жатпай-ақ. – Мына Олжас бізге өтінішпен келіпті. Кітабын қазақша шыгармақ ойы бар.

– Жақсы ой, әрине! Оны аударма редакциясы шешпей ме? – дедім.

– Шешу мәселесін мен өзім-ақ шешем! Мәселе

онда емес! Мәселе кімге аудартуда. Ал Олжас сенің аударғаныңды қалайды!

— Патша көнілі біледі. Бірак алдын ала айтып қояйын: Сүлейменовты қазақшага аудару өте қын!

— дедім мен. — Бұл бұлдану емес, шындық!

— Қанша қын екенін білмеймін. Бір аударса, оны сен аудара алатын сияқтысың! — Мен Ілекене қарадым.

— Егер келіссек, қазір шартқа отырамыз. Ал көлеміне келсек, бірінші аударма ғой, он баспа табақ жарап қалар! — деді Ілекен Олжасқа бұрылып.

— Әрине! — деді Олжас.

Олжаспен бұрын-сонды араласып көрген емен. Осы таныстықтан кейін, аударма үстінде де жақындастып кеткеніміз шамалы. Орыс мектебінде оқығандықтан ба, қайдам, оның төнірегінде өншең орыстар немесе жолбарыс терісін жамылған евекендер жүреді. Кейінгі жылдары оның қатарынан шешендер жиі көріне бастады. Қазақтар өте сирек, тіптен жоққа тән. Соңғы жылдары ғана Олжастың жанынан өзі секілді орыс тілді Шалахметовті көретін болдық. Бірақ оның өзі де жиі емес.

Мен бұрын да тиіп-қашып аударма жасап жүретінмін. Бұл жолы Олжас өлеңдерін тәржімалауға белді бекем буып, білекті сыбанып, құшырлана кірістім. Аудармашы құл емес. Жуковский айтқандай — бәсекелесің. Менің түсінігімде аударма дегениң, ең кемінде, түпнұсқаның деңгейінде болуға тиіс! Ал түпнұсқадан асып түссе тіптен жақсы! Алдыма осындай биік мақсат қойған соң, аянбай енбек ету керек болды. Олжас өлеңдерін қазақшалау үстінде екі бірдей қындық байқадым. Олжастың тілі орысша болғанмен, рухы қазак. Ол өзінің осы қасиетімен орыс оқырмандарын баурап алды. Олжас-



тын пайдалануындағы “Аруақ!”, “Айналайын!” деген мұлдем бейтаныс жұмбақ сөздер оқырмандарын құпиялау қасиеттерімен бірден елеңдетіп, дуалап тастағандай болды. Ал қазақтар үшін ол сөздерде құдірет-күш, ең бастысы оқыс әсері жок. Еттері үйренген.

Олжас жай ақын емес, психолог ақын. Ол орыс оқырмандарына не керек екенін өте жақсы біледі. Сондықтан ол қазақтар, қазақ даласы, қазақ тарихы, қазақтың өткен өмірі, керек жерде экзотикадан да тартынбайды. Мысалы, Махамбет туралы өлеңінде батырдың бір отырғанда бір қойдың етін бір өзі жеп қоятын еді дейді. Басқа халықтар үшін бұл, әрине, қызықты, әсерлі. Бірақ қазақтарды онымен елеңдете алмайсың. Сондықтан басқаша сурет, басқаша бейне, басқаша әрекет, бір сөзben айтқанда, көркем балама іздейсің. Яки түпнұсқадан саналы түрде ауытқисың. Сол өлеңнің осы тұсын мен:

О даланың жолбарысы,
Көкжалы,
Көкжал бөрі қай кезде де олжалы! –

деп қазақшаладым. Бір қойдың етін бір өзі жеу қасқырдан ауысқан қасиет! Қазактар сүйсінген адамын “Әй, қасқырым-ай!” дейді. Ал бір қойдың етін бір өзі жейді десен, оны қомағай, мешкей деп есептейді. Сондай-сондай батыл әрекеттерді дұрыс байқаған болуы керек, бір кездескенде Мұқагали марқұм маған:

– Әй, Қадыр! Сен Олжасты жақсылап сұндетке отырғызыпсың ғой! – деді. Осы сөйлемдегі “сұндетке отырғызыпсың” деген тіркес көп ойды, көп пікірді қамтып тұр. Оны талдап жатудың керегі бола



коймас. Көркем аударма – өте күрделі өнер. Жұз пайыз сәтті аударма бола қоймайтын шыгар. Мен өзім өлең аударумен өте көп шұғылданым. Осы жақында, қолым сәл-пәл босаған кезде аударма еңбектерімді жинап, жүйелеп көріп едім, он бір-он екі том болды. Ол енді аз еңбек емес! Сол көп томның екі томы Олжастан аударған дүниелер. Ақын алпысқа толарда “Әр күн – арайлы таң” деген атпен үлкен бір томын басып шыгардық. Ол кітап бүтінде кітапханалардың қазынасына және көркіне айналды.

Өз басым Олжасты қатты сыйлаймын. Ол да мені жек көрмейді, әрине. Сөйте тұра біздер нағыз жолдас, нағыз дос ретінде жақын араласып кете алмадық. Олжас – Қазақстандағы ең абыройлы азаматтардың бірі. Оныменен есептеспейтін, оның сөзіне құлақ түрмейтін қазақ жоқ деп білем. Қазақтарымызғана емес, орыстарымыз да солай. Міне, сондай мәшһүр ақынмен рухтас, замандас, пікірлес, мақсаттас бола тұра қыын-қыын кездердің өзінде бір нәрселерге байланысты өтініш жасап, қолқа салып көрген жокпын. “Мен сені аударып журмін ғой, сен де мені аударып көрсөң қайтеді” – деп ұсыныс жағаған емеспін. Бірак өзі бір кездескенде:

– Біздер, орыс тілді үш жігіт отырып сенің “Тұған жердің тылсым сырын ұғып көр” деген шағын өлеңінді аударып байқадық. Шығара алмадық. Өте қыын. Қолымыздан келмеді. Кешір, ста-рик! – деді.

Ол өлеңнің түпнұсқасы мынадай:

Тұған жердің тылсым сырын ұғып көр,
Бұлтын оның бұлт демей бір түбіт дер.
Карап тұрып мынау биік тауларға,
Қалай тәмен боламыз, ей, жігіттер!



Туган жердің тылсым сырын ұғып көр,
Тұма-бұлак дариядан ұміткер.
Карап тұрып мынау түпсіз тенізге,
Қалай тайыз боламыз, ей, жігіттер?!

Туган жердің тылсым сырын ұғып көр,
Теніз кешіп, шың басына шығып көр.
Карап тұрып мынау байтақ Даңаға
Қалай кіші боламыз, ей, жігіттер?!

Осы сөзді маған кейін Шалахметов те айтты.
Есінде қалған екен, оқып берді. Қиналғандары көрініп тұр.

Адам болған соң оның арманы да болады. Кішігірім армандар мені де мазалаған. Ақын болсам деп армандадым. Оным жүзеге асты. Менің әкем үш ағайынды еді. Соның ішіндегі кенжесі менің әкем болатын. Сол үшеуден қалған мұрагер ер бала мен ғанамын. Содан да шығар, көп болмаса да, екі-үш ұлым болса деп тілеп едім. Құдай ол тілегімді де берді. Қартайған кезде үш-төрт томдығым жарық көрсе, соған да шүкіршілік дейтінмін, қиялға беріліп. Бүгінгі танда тандамалы жинағымның өзі он екі том болып жарық көрді. Тағы да бір төрт томы дайын тұр. Қөркем аудармаларымның өзі он бір-он екі томның төнірегінде екен...

Армандауға тыйым салынбайды. Нені армандасаң – соны арманда. Өз еркің. Бірақ армандар да акылға сиятын, іске асатын адами армандар болғаны дұрыс қой! Қөрпене қарап көсіл дегендей, өз басым жұптыны тірлікке өбден үйренгем. Қарапайым, кішіпейіл пендермен. Кезінде мен бір емес, екі мәрте депутаттыққа ұсынылдым. Ұсынылып қана қойған жоқпын, сайландым да. Үшінші рет сайла-



нұға да мүмкіндігім болатын. Оған бармадым. Шүкіршілік еттім. Шынын айтсам депутаттық менің өнім түгіл, тұсіме кірмеген дүние еді. Ойламаған жерден Жоғарғы Кенестің депутаты болып шыға келдім. Тіпті Президиум мүшесі болдым. Қонаевтың жанында отырған кезім болды. Болды! Болды! Бірақ мен сол дәрежеге лайық жалғыз ақын болғандықтан сайланды дейсін бе?! Тіптен олай емес! Бұл белгілі бір жағдайға, ситуацияларға байланысты. Алғаш рет мен Алматы қаласындағы сайлау округтерінің бірінен ұсынылдым. Кімнің құдіреті, кімнің ақылы екенін білмедім. Бірақ кейін, әрі ойладап, бері ойладап, тапқан сияқтымын. Ұсыныс Олжастан шыққан болуы керек, сірө. Бірақ ол “Сені мен депутаттыққа ұсынып жатырмын!” деп айтқан емес. Жай депутат болып қана қойғам жоқ. Бірінші сессияда Президиумға сайланым. Оған қалай өтіп кеткенімді, мен түгіл Олжастың өзі де білмей қалды. Ол туралы не ойлады екен, беймәлім. Алғашқы нұсқаларда басқа бір жазушы болған тәрізді. Кейін кандидаттар тізімін қарап отырып, Димекен мені дұрыс көріпті. Мен оны Орталық Партия Комитетінің бір жауапты қызметкерінен естідім.

Өмір іірімдері деген осы. Бірде сүйреп апарып, су түбінен бір-ақ шығарса, бірде сол тұнғиықтан сұрып алып,abyroй биігіне отырғыза салады. Кейде керісінше...

Әр нәрсенің бір себебі болады. Сол сайланған жылы, бірінші сессия өтпей тұрып, сегізінші наурыз күні Опера және балет театрында халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналыс болды. Сол жыында қалалық партия комитетінің талсырмасымен маган сөйлеуге тұра келді. Олар мені екі жылдан бері қолқалап сөйлете алмай жүрген.

Мен қайта-қайта бас тартып, бірінде Тұманбай, бірінде Мұхтар Шаханов сөйлеген-ді. Бұл жолы бас тартуға мүмкіндік болмады. Қалалық партия комитетінің идеология саласын басқарып отырған хатшы ініміз Шәріп Омаров:

— Осы жолы жалтармай сөйлеп берінізші бір! Небары үш-ақ минуттық лебіз ғой! Қиналмаңыз! Бір ғана өтініш: сөз арасында Димекен туралы бірер ауыз жылы ниет, ыстық ықылас білдірсөніз жақсы болар еді. Сөзініздің мәтінін бізге алдын ала көрсетіп алуды ұмытпаныз тек! — деп ескерткен-ді. Бірекі күннен кейін дайындаған қысқа сөзімді әкеліп таныстырдым.

— Қадеке! Әдейі сөйтіп отырсыз ба, әлде ұмытып кеттініз бе? Димекен туралы бірер сөз айтуныз керек еді ғой, — деді.

— Інгайсыз көрдім. Тіпті дәтім шыдамады. Біреуді мақтап әдеттенбеген кісіге мінbenі пайдалаңып, дифирамба оқу мен үшін оғаш қылық көрінеді... — дедім. Бірақ хатшы айтқанынан қайтпады. Қайта отырғызып, қайта жаздырды. Менікі этикалық принцип. Әйтпесе Димекенді өзім де жақсы көрем. Әсіресе біреу-міреу екі көзін жұмып алып, тоғы жүргіттың алдында мадақтай жөнелгенде екі беті оттай лаулап, Димекен жанын қоярға жер таппайтын. Соны көре тұра жер-көкке сыйғызбай мактау кәдімгі садизм емес пе? Бірак Шәріп інім, қайталап айтам, өз дегенінен қайтпады. Ақыры дегенін істепті. Бұдан бірер жыл бұрынғы сөздерінде Тұманбай да, Мұхтар да мақтапты. Бірақ қалай мактады, білмеймін. Әдебиет теориясында мадақтау деген жанр бар. Оны дифирамба дейді. Мадақтау объектісіне қанша байланысты болса, мадақтаушыға да сонша байланысты. Тігісін жатқызып айта білсен, ол да,

сен де ұялмайтындағы сөз тапсаң – оған не жетсін! Бәрібір мақтауга мәжбүр болғаннан кейін абыройлы шығуға тырыстым. Қазір осы жазып отырган сәтімде сол дайындаған сөзім түгел есімде жоқ. Бірақ бір жерде сақтаулы болуы керек. Тапсам, кітаптарымның біріне кіргізермін. Ол сөзде алдымен мадақтағаным – Алматының қызы-келіншектері болды. Олар бұл әдемілігін қоймаса, дүние жүзінің назары Алматыға ауады. Ал Алматының өзі соңғы жылдары мұлдем сұлуланып кетті. Оның көшелері, даңғылдары, гүлзар-бактары, көздің жауын алатын сәулеті келім-кетімді қонақтардың көңілін бірден баурап алады. Алматы шынында да әдемі және қымбат. Өйткені Алматы Димекеннің болашаққа қалдыраар аса бағалы автографы, қолтаңбасы дедім. Бірінші қатарда Зухра шешеміз отыр еді, шешінген судан тайынбас дегендей біреу түсініп, біреу түсінбестей қылып, бірақ қайткенде де ол кісінің жүрек қылын қозғап өтетін бір сөзді дифирамбаның сүр жебесіне байлаң сол жакқа қарай зу еткіздім. Ел ду қол шапалақтады. Концерт алдындағы шағын үзілісте бейтаныс бір қазақ келіп, менің қолымды алды.

— Сөздің әдемілігі – артық та кептей, кем де түспей, орнымен айтылуда ғой. Сіз әр сөзінізді фармацевтің безбеніндей дәл есептеп, дәп түсіріп жаттыңыз. Димекен ерекше ықыласпен, ынтамен тыңдады. Бұл Сіздің өмірінізге үлкен өзгеріс өкеледі өлі! – деді.

Мұнда тұрган ешқандай өулиелік жоқ. Адам психологиясын ұқыпты және үнемі қадағалаудан қалыптасқан байқағыштық қой. Әлгі кісінің айтканы келді. Екі айдан кейін өткен Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің бірінші сессиясында мен Президиум құрамына өттім. Мұның статусы министрдің



статусымен бірдей. Бірак мұны жазушының бақты, арманы деп есептесек, қателесеміз. Мен сонда айна бір рет отыратын Президиум мәжілісі мен үш айда бір өтетін сессия мәжілісінде ішім пысып өліп қала жаздайтынмын. Уақыт маған босқа өтіп бара жатқан сияқты көрінетін. Үйдегі бос тұрган жазу үстелімді сағынатынмын. Сондай бір арпалысқан ақындық сезімнің әсерімен сессия үстінде отырып, “Заман-ай!”, “Парламент” атты публицистикалық екі поэма жаздым. Кейбіреулер маған “Сіз осы сөйлемейсіз ғой, неге?” деп жи құрап қоятын. “Жазып отырған адамға сөйлеп не керек?!” деп әзілмен жауап беретінмін. Имандай шыным, мен өзім ешқашан еш нәрсені шығармашылықтан жоғары қойып көрген емен! Президентіміз бірінші рет парламентті таратқанда өз басым қайтыра қойғам жоқ. Қайта сайлансан деп әрекет етпедім. Реформадан кейінгі өте ауыр жылдарда үйде жұмыссыз, жартылай аш отырдым. “Қазақ әдебиетіне” “Аш-жалаңаш ақындар” атты мақала жазып бастырдым. Бұл болашақ “Жазмыш” кітабының бір тарауы еді. Әдеби кор, негізінен жабылған. Жазушылар одағында дәрмен жоқ. Бұл Одақ өте абырайлы одақ. Оны сондай абырайлы адамдар, бүтін болмаса да жартылай көсемдер, ен дұрысы Ар басқаруға тиіс. Ал бізде оны кім басқармады?! Басқармақ түгіл, Жазушылар одағына мүше болуға жарамайтын жандар да биледі. Мениң заманымда осы абырайлы орынға төрт-бес тірі классик отырды. Олар Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мұсірепов, Жұбан Молдағалиев, Олжас Сүлейменов. Әди Шәріповтың, Әнуар Әлімжановтың, Қалдарбек Найманбаевтың келуіне дауыс бергендер – Ғабиден Мұстафиннің, Ғабит Мұсіреповтің, Жұбан Молдағалиевтің, Олжас Сүлейменовтің кетуіне да-



уыс бергендер. Сөйтіп олар кетті. Олармен бірге Жазушылар одағынан да абырой кетті. Пенклуб деген бірдене пайда болып еді, оның да жетісіп тұрғаны шамалы!

Анаусына да, мынаусына да мүше болып көрдік. Енді кейде анаусынан да, мынасынан да бастартсам ба деген ой келеді.

Жазушылар одағын пендे басқармау керек. Адам басқару керек. Арамдық басқармау керек. Ар басқаруы керек. Бірақ көбіне-көп олай болмай келеді. Оның құрамы да нашарлау үстіне нашарлап барады. Пенделер әр уақытта өз елін ойламайды, өзегін ойлады.

Мен өзім көп жылдар бойы Жазушылар одағының қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы болып қызмет атқардым. Барынша әділ болуға талпындым... Әнуар Әлімжанов дәуірінде Қабылдау комиссиясының төрағасы Ілияс Есенберлин болды. Мен сол баяғы жауапты хатшы болып жүрдім. Комиссияның кезекті бір мәжілісінде көп арыздың бірі ретінде Әбулахан Райымбековтың да өтінішін қаралық. Жалғыз мен ғана қарсы болдым. Бірақ қолымнан ештеңе келмедин. Әбулахан қабылданды. Жібі түзу бір тармағы жоқ біреу қасиетті одаққа мүше бол шыға келді. Бір аптадан кейін Ілияс Есенберлин мені жауапты хатшылықтан босатып, менің орныма Ахат Жақсыбаевты отырғызды. Кейіннен туғандау міндеттес болып калдым. Сөйтсек бұл алдағы съезге алдың ала дайындық екен. Жазушылар одағына шын ақын, шын жазушы емес, өздеріне дауыс беретін пенделер керек болғаны фой!

Біреуден өшімді алам, кегімді қайтарам, қайткенде де мұқатам деп жазған естелік – естелік емес, ол – онбаған жазушының автопортреті! Қолдан

келіп жатса, жақсының жақсылығын, азаматтың азаматтығын сүйсіне суреттегенге не жетсін! Рас, авторда бір емес, бірнеше мақсат болады. Ол менде де бар. Бірақ сол мақсаттардың ішіндегі ең басты мақсат – менің адам болып, ақын болып қалыпта-сұяма септігін тигізген асыл ағайындардың шара-патты әрекеттерін қалың қауымға жария қылу. Қолдан келгенше солай етуге тырыстым. Бірақ кейбір адамдар өте құрделі. Айдың бергі беті, арғы бері бар: бергі беті – жарық, арғы бері – қараңғы.

Сондықтан да мен Есенберлин туралы өле-німде:

Есенберлин Ілияс қызық еді,
Арқамыздың сілемі,
Үзігі еді.
Арктика мұзындей тақырыпты
Алғаш рет ол өзі бұзып еді.

Тарихқа да қажеті – не қалғаны.
Тұқ қалмаса – адамның жоғалғаны.
Ерлігінді елемеу – қиянат та,
Енбегінді ескермеу – обал-дағы, –

деп, оның әдеби ерлігін баса көрсеткем. Адами осалдығын да жүқалап айтып өтуге тырыстым.

Жаратпаймын жосықсыз қысылғанды,
Жақсы көрді сыйлыққа ұсынғанды.
Түсінде де таласып “достарымен” –
Тағдыр солай –
Ол әбден ысылған-ды.

Арғымағы болса да арық тіпті,
Аламанда әйтекеір жарып шықты!

Тірекеннің барлығы шыдамады,
Тізесі де қатты еді жарықтықтың!

Саялайтын кісісін саялайтын,
Аямайтын адамын аямайтын.
Ағайын деп жатпайтын,
Ағайынды
Аямайтын жерінде аямайтын! –

деп, оның пәндешилік “қасиетін” де жасырмай айткам. Ал естеліктे тек детальдар, штрихтар, нақтылы оқиғалармен дәлелдеп бақтым.

Алайда барынша сендеріп айту, иландырып айту ете қын. Ілекең бір адамды ғана ұнатпай, бір адамды ғана жек көріп қойса, ештеңе емес, топ-тобымен де жоққа шығара беретін. Мысалы, Ғафу Қайырбековті адам ретінде, ақын ретінде де қабылдамайтын. Себебін кейін анықтадым. Бір кездері Ілекеннің өзі де баспада істеген. Сол кезде ешқашан орнында отырмайтын ағасы туралы Ғафекен:

Кеше келсен – жұз қырық үш,
Бүгін келсен – жұз қырық үш,
Осылай жұмыс істейді
Есенберлин деген бір ішкіш! –

деп жазып кетіпті.

Бұл – болған оқиға. Солай деп куәгерлер айтады. Ренжуге, өкпелеуге болады. Бірақ сол үшін жек көру – менің ақылымға сыймайды. Және Ғафуды ғана жек көрсе ештеңе емес-ау, Ғафу үшін Ғафудың бүкіл жерлестерін жек көретін. “Қойшы соларды! Шетінен маскүнем!” деп отыратын.

Рас, Ғафекен де періште болмайтын. Жалпы қайсысымыз періштеміз?! Періште болмаса да,

Фафекен ақ көңіл, емен-жарқын, шадыман, ең бастысы, кешірімпаз қазақ еді. Ал ақын ретінде ойы үшкір, тілі үшкір аға болатын!

Қай жерде отырмасын, кіммен отырмасын, бір сөзді бір сөзге үйқастырып, екі шақлақ тасты біріне бірін соғып, үшкындатып отыратын. Бірде Фафекен, араларында Мұзағаң және бір-екі ақын-жазушы бар, насихат бюросымен Новосибирск жағына барып, ел аралап қайтады. Ресей Қазақстан емес. Ол біздер сияқты бар жылы-жұмысағын ала жүгірмейді. Тамақтың өзін қоғамдық асханалардан ішіп, кешкісін қонақуйлерде түнеп, шет жерде жүргендіктегін қатты сезінеді. Сол сапарда қай асханаға барса да, Мұзафар ағамызың биғштекс сұрайтын көрінеді. Соған байланысты Гафу Ынісі:

Жазғаны екі-үш текст,
Жейтіні – биғштекс, –

деп өлең шығарады.

Бір жылдары біздің Қазақстан Жазушылар одағы жетінші қараша күні Қазан революциясына арналған мерекелік парадқа шықты. Сол парадта мен де болдым. Женіл киініп барғанбыз. Күн сүйк болды да біраз тонуға тұра келді. Тісіміз тісімізге тимей біз қалышылдап тоңып тұрғанда “Простор” журналының сол кездегі Бас редакторы Иван Шухов майданнан ала келген қалайы флягасын ашып, анда-санда конъяк ішіп тұрды. Соны көрген Гафу:

Иван Шухов дегенің мына кісі,
Қалтада сыйлдырлайды флягісі.
Қазақ ішпей тұрғанда орыс ішіп,
Адамның келеді екен жылағысы, –

деп өлең шығарады... Осы тұста бір айта кететін нәрсе – Ғафекен өте тынышсыз, мазасыз адам болатын. Тойларда, банкеттерде кезегін күтүге шыдамы жетпейтін. Айналасындағыларды елендетіп, регламент дегенінді бұзып-жарып, бір сөйлем алатын. Бір сөйлем қана қойса, ештене емес-ау! ..

Бірде біздер бір топ ақын Абай құндерін өткізу үшін Семей облысына бардық. Жергілікті басшылар жолдан келді ғой, демалсын, көнілдерін көтерсін деп, табиғаты тамаша жайлы жерге киіз үйлер тігіп, сонда алып барды. Тура баяғы қазақ ауылы. Алтыбақандар құрулы. Домбырашы, әншілер жиналған. Бірақ бір нәрсе жетпегендей болды да тұрды. Соны алдымен байқаган Ғафекен:

– Оу, агайын, қыз-қырқындарың қайда? Ресейдегі еркектер монастырына келдік пе? Әлде қазақ ауылына келдік пе? – деді. Сол сөздің айтылуы мұн екен, бір сағаттың ішінде бір машина қыз-келіншек жетіп келді. Әншілер ансамблі ғой деймін... Дала өзгеріп сала берді. Ғафекенің көзі жайнап, жүрегі ойнап, шабыттанып кетті. Келер-келмesten иеленіп алғандай бір-екі қызды жанына отырғызып, дүниені дуылдатып жіберді. Ақынның ақ жынына арактың ақ жыны қосылғасын не болушы еді, Ғафекен шенберден шығып кете жаздады. Ауыздығымен алысып отыр. Біз қолайсызданып, ауыл иелері қысылды... Ойынның аяғы ойнаққа айналып кетпесе деген шығар, күн батар-батпастан қыздарды тұп-түгел машинаға отырғызып, көздерін құртты. Ғафекен мекиені жоқ қаныраған бір аулада жалғыз қалған қызыл айдарлы қораздай қанатын сабалап, жанын қоярга жер таппады.

Енді ең дұрысы – жатып демалу. Бәріміз де бірауыздан осылай шешіп, далаға шықтық. Әрлі-

берлі жүріп, бой жаздық. Содан соң киіз үйге кірер алдында ат суарған жауынгерлердей қатар-қатар тұра қалдық. Күн батқан, ай жарық. Faфудың жаңында тұрғам, бір кезде:

— Күндіз-түні тыныгуды, демалуды білмейтін еңбеккөр пәле! Бірақ бағы жанбай-ақ қойды! — деп шалбарын түймелей бастады.

Ұйқымыз ашылып кетер деп ешкімге ештеңе демедім. Келесі күні әлгі сөзді сапарластарыма айтып едім, жігіттер күні бойы күлді.

Естелік деген қызық жанр: біреулер туралы не айтсам деп қиналасын, біреулер туралы қайсысын айтам, қалай айтам, қалай аяқтаймын деп қиналасын. Отыз жыл қатар жүрген әріптесің туралы кейде айттарға он ауыз сөз таппасан, өмірінде небары бір-екі мәрте көрген адамың туралы жазған кезде өзінді өзің тоқтата алмайсын. Faфекең жайлы, өз көргенім бар, білгенім және естігенім бар, көсліліп те, есіліп те сөйлей алам. Бірақ мәселе жазып отырған нәрсенің көлемінде емес, мәселе қалай жазылуында, образдың қалай сомдалуында.

Бұл кітап — мен және менің төнірегім туралы емес. Менің төнірегім және қала берсе менің өзім туралы. Кей жерде тізгінді өз еркіне қоя берсем, кей жерде оны іркіп ұстауға тұра келеді.

Біз бәріміз де адамбыз, бәріміз де пенденіз. Менің міндетім — пайғамбардың немесе періштенің бейнесін жасау емес, кәдімгі өздеріміздей бірде кісі, бірде пенде мың құбылған тіршіліктің мың құбылған өкілдерін еске алу. Мен, өрине, Faфекенің сұрінген де, қабынған да тұстарын көп көрдім. Оның бәрін тізіп жату қажет бола қояр ма екен?! Пенде Faфу енді жоқ. Тек ақын Faфу қалды. Келешекке керегі де сол! Соңдықтан да ақын ағамыз дүние сал-

ған күні оқыстан бір ой келіп, өлең туған. Сөзімді сонымен аяқтасам деймін.

Көріне ме басқаша көрегенге?
Жан бітетін қалғыған қара еменге.
Айналатын Ғафудың сиқырынан
Айналмайтын нәрсенің бәрі өленге!

Жинал жұртын жыр деген ту астына,
Жарысынды жарысқа ұластырап.
Ақын еді ол шіркін-ай,
Қиналмай-ак
Екі сөзден бір өлең құрастырап!

Толқымайтын жерде де толқыр ақын.
Топ алдында топ жарып ол тұратын.
Кауырт кезде
Қаңырап босқа қалған
Бір клубты бір өзі толтыратын.

Қағып түсер қалжыны албастыны,
Қалай ғана халқыма жармасы мүн?!
Жаракаттап біреуді,
Кейде өзін де
Кесіп кетіп жататын алмас тілі!

Еркін сөйлеп,
Жүретін еркін күліп.
Еркін сөзден сезілер серпінділік!
Қайран Ғафен
Кететін кетер кезде
Қаралы үйдін өзін де желпіндіріп!

Қандай жаман ажалдың қандауыры!
Талай-талай асау жан тұрды ауырып.

Он ғасырлық қазақы ұлы жырдың
Біткені ме осымен бір дәуірі?!

Қайталап айтам, бұл шығарманың негізгі кейіпкері – мен емес – менің айналам, мен өмір сүрген орта. Сол себептен де шығар, кітап менің ата-бабамнан, туган құнімнен басталмай, туындының орта тұсынан басталып кетті. Қоркем шығарма – анкета емес. Сондықтан онда жылдардың орны сакталмайды.

Отыз екінші жылғы алапат аштықтан ел есін енді-енді жинай бастағанда отыз бесінші жылы қашарлы қантардың басында қазақы шалғай ауданда дүниеге келген екем. Тууын Қаратөбеде тусам да, бал дәурен балалығым ата-бабам мекенінде Жымпітыда өтті. Сонда есейдім, сонда бірінші рет мектеп есігін аштым. Сонда орта мектепті бітіріп, жоғарғы оку орнына сол жерден аттандым. Бір кезде өзім оқыған мектеп бүгінде менің атымда аталауды.

Анатолий Мариенгоф деген орыс ақыны, Сергей Есениннің замандасы әрі досы өзінің естелік кітabyнда “бала кездегі үнемі аузынан тұспейтін емізігім әлі күнге есімде” деп жазады. Сену қын. Дегенмен солай болуы ғажап емес. Бірінші сыныпқа барғаннан кейінгі өмірім жадымда жақсы сақталған. Оның ар жағын еміс-еміс білемін. Оның өзі үзік-үзік. Сондықтан ол кездерді еске алып әуре болмағаным дұрыс-ау деймін. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы мен менің мектепке баруым қабат келді. Бір ғажабы: сол әлемдік соғыстың алдында балалар арасында ақ пен қызылдар болып өзара айқасып ойнау қатты етек алған-ды. Тактайдан қылыш жасап, мылтық жонып, құнұзакқа соғысатынбыз. Ауыл қариялары “Бұл не сұмдық!

Ырымға жаман ғой мыналарың! Болды! Қайтындар үйге! Шақырмай қайдағы бір жамандықты, тоқтатындар!” деп ұрысатын. Бірақ оларды тындал жатқан біздер жоқ. Одан сайын өршелене атысатынбыз. Акыр түбінде сол ырымшыл қариялардың айтқандары келді. Қанды қыргын басталды да кетті. Ауыл, ауыл дейміз-ау, аудан орталығының өзі қаңырап калды. Қатарлары кетіп жатқанда, кеңсе күзетіп, үйде отыруға арланған азаматтар өз беттерімен сұранып, өз еріктерімен майданға тартты. Эшелон-әшелон болып Батысқа қарай жосылып жатты. Ол кездегі Кенес халқының психологиясын қазіргі заман адамдары мүлдем түсінбейді. Түсінуі де мүмкін емес! Әсіресе сол кездегі ауыл қазақтарының адалдығы, тазалығы, имандылығы таң қалдырады....

Оқыс басталған соғысқа қарамай, оқу жылы өз мерзімінде, өз мезгілінде, сол баяғы қыркүйектің бірінде басталды. Тап сол кезде біздің Қазақстанды босқындар басып кетті. Сонау Батыс Украинадан мал айдаған бауырластар біздің түкпірде жатқан алыс ауданға әрен жетіп, естерін бір-ақ жиды. Азған, тозған, аш-жалаңаш Украина қойшылары алдындағы отар-отар қойларына ие бола алмай, кез келген жерге қисая кетіп, кез келген жerde ұйықтап жатты. Ал олардың шашыраған қойлары кез келген сайда, кез келген апаңда, кез келген қазақтың ауласына, қорасына кіріп, жергілікті малға қосылып, иелерін ұятқа қалдыра жаздады. Соның өзінде аш-жалаңаш әрен отырған менің жүдеу жерлестерім миы айналған босқындардың бір тышқақ лағына көз алартпай, адасып, лағып жүрген тоқтыторымдарын иелеріне айдап апарып тапсырып журді. “Бұлінген елден бұлдіргі алма” деген иманды ел өз биігінен көріне білді.

Байтак даланың бір бейбіт бүйірінде пыр-пыр ұйықтаپ, тыр-тыр қасынып жатқан алансыз ел едік. Соғыс түгілі, таяп қалған қыстың өзіне дұрыстап дайындала алмайтын жайбаракат жамағат “соғыс” деген сұық сөзді естігенде естерінен танып қалды. Колхоздастыру, конфискация, аштық бірінен кейін бірі келіп, ойран салып өткен он жыл елдің еңсесін езіп, жаншып тастаған-ды. Өзге өлкелердің көргенін бұл өлкे екі-үш есе артық көрді. Алашордалық ауданының бас көтерер азаматтарын алдымен әкетіп, Дала данасызы, Ел ерлерсіз қалған. Қаныраған қыстау, азынаған ауыл! Ән салып, күй тартып, ұлын үйлендіріп, қызын ұзатып, түні бойы тойлап жататын азан-қазан аймақта енді иттің өзі үруін қойғандай, тып-тыныш, тым-тырыс.

Ел күйзелген үстінен күйзеле түсті. Бір жылға жетер-жетпес болымсыз уақыттың өзінде қасіретке толы қаралы қағаздар қардай жауды. Алғашқы кезде майдангер азаматынан қуанышты хабар күткен көнілі күпті қыз-келіншек хат тасуышыны көргенде қуана жүгіретін болса, бара-бара жүректері шайлықкан сол қыз-келіншек сол пошта тасуышы ағайынды көргенде тайсақтаپ, тайып тұратынды шығарды. Хат тасуышлар түгіл, күбір-күбір сөйлескен үштөрт адам үйлеріне қарай беттесе, жайсыз хабар әкеle жатыр-ау деп зәрелері ұшады.

Бұрын әр үйде көнірсіп бірдене пісіп жататын болса, қазірде мұржадан шығатын қою түтін де сүйылған. Біздер, мектеп оқушылары, ертегілік үйден нәр татпай шығамыз. Кешкісін ғана көже ме, быламық па — әйттеуір бірдене татқан боламыз. Оны да қаранғы түспей тұрып ішіп алуға тырысамыз. Өйткені шам жок. Дұрысы: шам бар, шамға құяр жермай жок!

Ауыз суды ауыл сыртындағы тұшы құдықтардан тасимыз. Кейбір үйлердің өз құдықтары да бар. Бірақ оның бәрі аңы. Ол суды малға береді, шаруашылықта пайдаланады. Құн бата шаңы шыққан аулаға су сеуіп, үйдің іргесін сипырып, сол жерге бойра немесе тоқыған ши төсеп, үстеріне текемет жайып, төсек саламыз. Кітап оқыын десек, жарық жоқ. Үйқы қысып тұрмаса да амалсыз жатамыз. Әжеміз де сырт кімдерін шешіп, жастығының астына салып, қисаяды. Содан соң даусын шығарынқырап, “О, Құдай! Бергеніңе шүкір!” дейді. Солай деп, Жаратқанға ырзаңылық білдіріп жатқан әжеміздің жалғыз ұлынан қара қағаз келген, қүйеу баласынан қара қағаз келген! Шалынан түк хабар жоқ. Сөйте тұра “О, Жаратқан! Бергеніңе шүкір!” дейді. Несіне шүкір дейді?! Осы сұракты біз әжемізге қоямыз. “Шүкір демегендеге не деймін?! Бұдан да жаман болуы мүмкін ғой!” дейді ол. Бұдан жаман күндерді мен көз алдымға елестете алмаймын! Ойлап-ойлап, шаршаймын. Шаршаймын да үйқыға кетем.

Соғыс басталғалы ауданға келіп тұратын тауарлардың өзі тоқтады. Пышак кескендей тыйылды. Окулықтар жоқ, дәптер жоқ. Қалам-қарындаш жоқ! Бидайды қуырып күйдіреміз. Содан күрең қоңыр сия жасаймыз. Жас балалардың жүрмейтін жері, кірмейтін тесігі бар ма?! Бір күні аудан орталығына салынған ағаш үйдің подвалына түстік. Онда өншең бір папкілер. Арасы толған қағаз. Бәрі жазылған, бәріне мөр басылған. Кейбір беттері таза, жартылай таза. Сол беттерді жыртып алып, түптеп дәптер жасадық. Ал окулықтың жөні басқа. Оны ештенеден жасай алмайсың... Соғыс басталған жылы қазактар латын әрпінен “бас тартып”, орыс әрпінен, яки ки-

риллицаға көшті. Соған байланысты оқулықтарды бастырып үлгірмесе керек.

Оку басталғалы бір сабак жіберген жоқпын. Күнде барам. Кешікпеймін. Бірақ мұғалімнің айтқандарына түсіне бермеймін. Неге екенін қайдам, миыма қона қоймайды. Солай бір-екі тоқсан өтті. Кағып алу қабілетім төмен. Құдай маған қабілет бермеген ғой деп қамығамын. Бірақ қуанышка қарай, оку жылының екінші жартысында бұрынғыдай емес, көзім ашыла бастады. Эріптерді өзара құрастырып, оқи алатын болдым. Үйге берген есептерді қиналмай шығарамын. Тіпті мұғалім тапсырмаған есептерге шейін ерінбей-жалықпай шығарып жүрдім.

Сол кездердің тапшылығы мен жокшылығы шымбайыма әбден батса керек, осы күнге шейін мен қағаз-қаламға үлкен құрметпен қараймын. Асып-төгіліп жатқан молдығына қарамай, ақ парактардығана емес, машинкадан шыққан артық даналардың өзін лактырып тастауға, жыртып тастауға қимай, оның сыртқы ақ бетін екінші рет пайдаланам. Сызып-сызып, умаждап лактырып жіберу менде мүлде болмайды. Колжазба өртегенді ұнатпаймын. От тиген қағаз оқ тиген сарбаз төрізді бүктеліп барып күлге айналады.

Неге екені белгісіз, соғыс жылдарындағы жартылай жетім шағым әлі күнге есімнен кетпейді. Көнілім өсіп, желік біте бастаса Аязби атамыз сияқты “Аязби әлінді біл, құмырсқа жолынды біл! ” деп сабама түсем. Эрнест Хэмингуэй “нағыз ақын, нағыз жазушы, негізінен жетімдерден шығады...” деген. Осы бір оқыс ой менің көніліме жұбаныш болды.

Өзім білем: көп оқыдым, көп еңбек еттім, көп жаздым, көп аудардым, ... Мен қалам тартпаған

жанр жок. Соның қай-қайсысында да абыройсыз емеспін. Қатарымның алды болсам деп мақсат қойғам жок. Бірақ жанкешті еңбектің арқасында біраз табыска жеттім. Бірақ та ешқашан өзім туралы жоғары ойлап, болдым-толдым деп асып-таспай келе-мін. Алпысыншы жылдардың аяқ шенінде “Мәдениет және тұрмыс” (қазіргі “Парасат”) журналына жарияланған кезекті бір кроссвордты шешіп отырып, “қазактың көрнекті ақыны” деген сұрап-жұмбакқа тап болдым. Небары бес әріптен тұрады. Сәкен, Ілияс, Қасым, Тайыр, Асқар, Жұбан ... Тағы кімдер бар өзі?! Біразын тізіп бақтым. Біреуі де діттеген жерге дәп түспеді. Басымды өрі қатырып, бері қатырып, таба алмадым. “Мен білмейтін қай қазақ ақыны ол?!” деп таба алмағанымға өбден ызам келді. Сөйтіп ойлап жатып қалғып кеттім... Бір айдан кейін журналдың келесі саны келді. Әлгі кроссвордтың шешімі бар еken. Мен таба алмаған жұмбақ ақынның, көрнекті жұмбақ ақынның аты кім болды еken деп қарасам, – о, тоба, – Қадыр, Қадыр Мырзалиев! Менің ол кезде отыздан жаңа ғана асқан кезім. Көрнекті ақынның деп ешқашан ойлаған емеспін. Ойланбақ тұгіл, біреу айтса, қысылатын кезім. Өз көзіме өзім сенбей біраз отырдым.

Бірақ дұшпандық істегісі келген адам сенің қадір-қасиетіне терең үніліп, қастерлеп жатпайды. “Жала көмір сияқты: күйдірмесе де күйелейді” деген сөз бар. “Социалистік Қазақстан” газеті өзінің сенбілік бір санында:

Той таланттың отызға келуі де,
Оны біздер тойлаймыз елуінде.
Бағаламай ақынды тірісінде,
Жылаап-сықтап тұрамыз өлігінде, –

деген шумағыма жармасып, авторы көрсетілмеген ұтсызыдау бір макала жариялады. Қадыр Мырзалиев өзін данышпан санайды. Менің отзыымды атап өтпелі деп әдепсіздік көрсетіп отыр дегенге шейін барды. Александр Пушкин өзінің “Ақын және сыншы” деген әйгілі өлеңінде бүркеншік атпен бұғып келіп тиіскен сыншысын “Ол да мені тырнағынан таныды, мен де оны құлағынан таныдым” деп әшкерелейді. Шынында да ол сыншы есек болмаса, осындай сөз айттар ма еді?!

“Жазушы” баспасының поэзия редакциясын басқарып жүрген кезім. Жұмыс уақыты. Жанына ерткен бейтаныс бір жігіті бар Әбділда ағамыз келді. Келді де:

– Қадыр, мен саған жақсы бір ақын ертіп келдім, қолжазбасымен танысып шықшы! – деді. Қолжазбаны қолыма алып, алдымен авторына қарадым. Маған бұрыннан белгілі фамилия!

– Әбеке, бұл “жақсы” ақыныңызды жақсы білем! Бұл жігіт менің үстімнен бұркыратып арыз жазған мықты! – дедім.

– Не дейді?! Шын ба??

– Шын, Әбеке! Шын! Жазғанда қандай! Бір данасы “Правдаға”, бір данасы “Социалистік Қазақстанға”, бір данасы Орталық Партия Комитетіне.

– Онбаған! – деді Әбекен қып-қызыл болып.

– Жоғал көзіме көрінбей! – “Жақсы” ақын далага атып шықты.

– Кешір, Қадыр! Бұдан былай қарай ақын жетекеп келмеспін саған!

– Жок, Әбеке! Біздің қасиетті қазақ поэзиясы на қаншама дарын жетектеп өкелдіңіз! Олардың ішінде Төлеген Айбергенов бар, Өтежан Нұргалиев

бар, Мұқағали Мақатаев бар, Фариза Оңгарсынова бар, Күлөш Ахметова бар, ... — деп шұбырта жөнеліп едім, Әбекен балаша қуаныш:

— Тұу, өңшең мықтыны өзім әкелген екенмін той! Мына бір шіріген жұмыртқа абырайымды төге жаздады емес пе?!

Қайран Әбекен! Әбділда Тәжібаев! Ол туралы да аз сөз айтылған жок. “Біз де қазакпыш” туындысы үшін Орталық Партия Комитетінің атақты қаулысына ілігіп, “Ленинград” және “Звезда” журналдарымен бірге қатты сынға ұшыраған акылды да анқау, анқау да астарлы Әбекен!

— “Біз де қазакпышы” жазып, мен таяқтың астында қалып едім, “Мен – қазакпын!” деп сен Мемлекеттік сыйлық алдын. Шіркін бақытқа дауа жок кой! — деп қалжындайтын Жұбан інісіне.

Әбекен жарықтық әзіл-қалжынды өте жақсы көретін. Ол – көңіл қоңырауы сияқты еді. Онысын мен бірінші көрген күнімнен байқадым. Бұл өзі, ұмытпасам, 1954–1955 жылдарда болған оқиға. Студенттін. Кім ертіп барғаны есімде жок, сөті түсіп, алғаш рет Қазақстан Жазушылар одағына бардым. Ол кезде одақ Пролетар көшесінде орналасқан. Революциядан бұрын салынған көнелеу үйлердің бірі. Баспалдақпен сәл жоғары көтеріліп барып ішке, дәлізге кірсөн, қарсы алдында мәжіліс залы құшақ жая қарсы алады. Біз барғанда сол залда біраз қазақ жазушылары отыр екен. Жиналыш әлі бастала қоймаған. Еркін әңгіме. Бір кезде Мұзатар Әлімбаев ағамыз сөздің ыңғайына қарап:

— Біздің Әбекен неміске судай, ағып түр той. Эйтпесе Генрих Гейнемен сонша еркін сырласа алар ма еді! — деді. Әбекен осы әңгіменің боларын алдын ала білгендей:



– Эй, Мұзафар! Менің немісшемнен гөрі Гейненің қазақшасы әлдекайда жатық және артық екен. Қайда, қашан, қандай жағдайда үйреніп алды десейші, ағып тұр! – деді қысылмай, аспай-саспай.

Маған Мұзафар ағамыздың әзілі қандай орынды көрінсе, Әбекен әзілі әлдекайда ұтымды көрінді.

Кейін, бірнеше жыл өткеннен кейін мені Жазушылар одағына қабылдайтын күні президиум мәжілісін, Ғабит Мұсірепов болмай, Әбділда Тәжібаев жүргізді. Менің анкетаммен елді таныстырып болғаннан кейін Әбекен:

– Қадыр, сені осы біреулерге тиісіп жүреді дейді. Аулақ бол ондай әрекеттен! – деді. Түсінбедім. Ол кезде балалар әдебиеті төнірегінде жиі-жиі макалалар жазып жүргенмін. Соның бірін ұнатпай қалса керек. Қайсысы болды екен ол?! Кейінірек есіме түскен сияқты. Ол кезде мен Мырзабек Дүйсеновтың “Мен қалай торғай болым?” деген кітабын оқып, “Қазақ әдебиетіне” мақала апарып бергенмін. Онда бірақ өткір сын жок, ұсақ-түйек кемістіктерді майдалап отырып, атап өткенмін. Ал редакция менімен келіспей, ақылласпай, мақаланы мұлдем өзгергіп жіберген. Мақаланың атын да “Бұлай торғай болмайды” деп өздерінше қойған. Бұл маған ұнаған жок, әрине! Алдын ала білгенімде мақаламды қайтып алатын едім. Баstryмайтын едім. Ондай мүмкіндік менің қолымнан шығып кеткен. Сөйтіп аяқ астынан жазықсыздан жазықсыз адам болып шыға келдім. “Қазақ әдебиетіне” қатты ренжідім. Бірақ дауласуды жән көрмедім. Кітап авторымен және газетпен арақатынасым шиеленісіп асқынып кететін болды. Солай, бар ауырталықты өз басыма жүктеп үнсіз қалғанды дұрыс деп таңтым.

Сол жылы Қазақстан Жазушылар одағының кезекті пленумы өтгі. Онда қазіргі қазақ балалар поэзиясы туралы Әbdілда Тәжібаев әдемі баяндама жасады. Баяндамада мен туралы жылы-жылы сөздер айтып, менің сол жылы жарық көрген “Жанғалактар” атты жаңа жинағыма жоғары баға берді. Ақындық шығармашылық жолы енді-енді ғана басталған жас талап үшін мұның өзі үлкен көмек, үлкен жанашырлық еді. Қөнілім өсіп, іштей түлеп әжептөүір желпініп қалдым.

Әbdілда Тәжібаев ақын ретінде де, азамат ретінде де, негізінен отызынышы жылдары қалыптасқан. Ал ол жылдар аса күрделі жылдарға жатады. Былай сөйлесен – өзгеге, бұлай сөйлесен – өзіңе жақпайтын кез. Дұрысын айтсан, Итжеккенге кетесін. Бұрысын айтсан, тірілей өлесін! Яки өзінді өзің өмір бойы жек көріп өтесін. Әбекен сүрінсе сол жылдары сүрініп, қателессе сол жылдары қателескен шығар. Мен ешкімнің қаралаушысы да емеспін, актаушысы да емеспін. Мен өзгенің өсегіне сенбеймін. Көптеген нәрседен хабардар болсам да, бүйрекім ақын Әbdілдаға бұрып тұрады. Бірақ шынын айтсам, ақын ретінде Әбекенің бұрынғы өлеңдерін үната қоймаймын. Мұхтар Әуезовтің өзі Әbdілданың өлеңдері көбіне-көп жалаңаштау және қарадүрсіндеу деп бағалаған. Алпысынышы жылдарға дейінгі жырлары сол Мұхан айтқандай... Кейін Әбекен Мәскеуде Жоғарғы Әдеби курста оқып, күрт өзгерді. Менің Тәжібаевым оның “Аралдарынан” басталады. Оның бұл кітаптағы өлеңдері Хрушев дәуіріндегі Жылымық кезенге лайық – батыл да батыр. Шын демократияға ұмтылған және соған сағына жеткен үздік туындылар. “Аралдардан” бастап Әбекен өле-өлгенше өсүмен болды. Оның

“Көне қоңырауы” атты жаңа жинағы мен поэзия редакциясын басқарып отырған кезде жарық көрді. Сол кездегі баспаның бас редакторы ол Әлендерге көп қиянат жасады. Тізеге басып отырып алғы тастады. Бірақ жыланды қырық кессен де кесірткедей әлі бар. Қаншама қысқартып, қаншама бұрмалағанмен, “Көне қоңырау” өзінің негізгі сапасын сақтап қалды. Қазақ поэзиясының алтын қорына қосылды ғой деп есентеймін.

Жоғарыда да айтып өттім ғой, Әбекен көптеген жас талантты қолтығынан демеп, поэзия көкжиегіне шейін шығарып салды. Менің кейінгі еңбектерімнің бірі “Қызыл кітап” жөнінде ағынан жарылып, актарылып-ақ, айтты. Ол кісінің немере қызы марқұм Мендерекеш Сатыбалдиевтің бір ұлына түрмисқа шығып, біздер Әбіш екеуіміз құдалары іспетті Әбекеннің ақдастарканынан дәм татқанбыз. Кейін сол немере қызы ұл тапқанда жас сәбидің шілдеханасында болдық. Онда Әбекен келе алмай, Сара женгеміз келді. Сол шілдеханада Әбекенің жазбалай жіберген ұсынысы бойынша нәрестеге Сәкен деп ат қойдық. Осы бір ағайыншылық дәстүрді жалғастырып, Әбекенмен әдемі байланысты керегінше соза беруге болатын еді, бірақ көп кешікпей, әйелі қайтыс болып, Әбекен сүйенішсіз қалды. Бала деген жақсы, бірақ ол құдай қосқан қосағындей бола алмайды-ау деймін. Қарттығы бар, ауруы бар, жалғыздығы бар, Әбекен үйден ұзап шыға алмай, ошарылып қалды. Мазалай беруге дәтіміз бармады. Қебіне-көп телефон арқылы байланыс жасадык.

Айтпақшы, бірде біз Қара теңізде Әбекен отбасымен бірге демалдық. Ол Сара женгемізben, мен бүкіл отбасымен: әйеліммен, үш баламмен. Ол кездер қай-қай жағынан да бір әдемі кездер еді. Әбе-

кең сырт киімдерін шешіп, аласалау орындықтардың бірінде кішкене ғана балдақты таяғына иегін қойып, қимылсыз, әрекетсіз ұзақ отыратын. Жетпейтіні бүйра-бүйра қою сақал. Соны жабыстыра салса болды Нептун – Теніз құдайы болып шыға келер еді!

Әбекенің не істеп, не қойғанын білмеймін. Өз басым қайда жүрсем де, өсіресе курорттарда әрі демалып, әрі жұмыс істеп бағам. Сонда көnlім ток болады. Аяғы ұзақ журуге жарамайтын Әбекен қөп қыдырғанды ұнатпайтын. Өмірінің көбін үйінде, негізінен кабинетінде өткізген ақын. Үйдегі адам қарап отыра алмайды. Сондыктан да болса керек, үнемі оқиды, үзбей жазады. Кара теніз жағалауында да қарап жатпаған шығар деп ойлаймын.

Әбекен Сыр бойында өскен қазак қой, жақсы малгитын. Кере-кере құлаштап, ұзап кететін. Эрірек барып, су бетінде демалып жататын. Жақсы малти билетін адамға теніз бетінде қимылдамай жатып алу оншалық қын емес. Тұла бойынды тақтайдай жазып, өзінді горизонталь ұстай білсең болғаны, судың өзі сені көтеріп тұрады.

Мен о кездері күнделік жүргізген жоқпын. Сондыктан әңгімелеріміз есте түгел сакталмалты.

Дүниеде ең тез өтетін уақыт – демалыс уақыты. Елге қайтатын кез де таяп қалған-ды. Шалгай жакқа шыққанда, өсіресе отбасынмен жүргенде қаражат жағын көбірек қамтып, молырак алып шығатын едік, есепсіздеу бірденелер алып қойдық па, осы жолы ақшага мұқтаж болып қалып, Әбекеннен қарыз сұрадым. Әдетте мен қарыз алмауга тырысатын қазакпын. Бірақ адамның аты адам, өмірдің аты өмір. Адамды болмыс билейді. Күтпеген шығындар болып, сонда амалсыз ағайын іздейсін.

Бірде Жарасқан әйелін ертіп Қырымға демалуға барады. Барған бойда ақшасын ұрлатып алады. Амал жок Алматыға телефон соғып, жұмыстас досстары Сағат пен Шөмішбайға барлық жағдайды түсіндіреді. Ауыздары акқа енді-енді тиген жас қызметкерлерде ақша бола қоя ма, жылап маган келді. Мен, әрине, бетін қайырмадым. Қанша керек болса, сонша алды. Бір ай деген уақыт па?! Бір-екі той, бірекі жиналыс өткенше Жарасқан да жетіп келді. Қарызымды уақытында қайырды.

— Раҳмет, Қадеке! — деді.

— Есінде болсын, Жарасқан, — дедім мен оған.

— Шалғай жерде жүргенде қалтандағы қаржыңнан гөрі алыстағы ағайын сенімді. — Өз басым Шөмішбай мен Сағатқа сеніп, алыс жерге аттанбас едім!

Жарасқан менен алды. Мен Әбекеңнен алдым. Әбекенде кезінде біреуден алған болуы керек. Адам күні адаммен. Айналайын ағайыншылық-ай!

Алматыға келген бойда, бір тәулік өтер өтпесте мен де Әбекеңнің қарызын апарып бердім.

— Қарыз берсе, саған беру керек еken ғой! — деді Әбекен.

— Мен де қарыз сұрай қалсам, Сізден сұрауым керек еken-ау деп түйдім!

— Тек бар кезінде сұра! — деді Әбекен құліп.

— Жоқ, Сізде бар кезінде емес, өзімде жоқ кеzinde сұраймын, Әбеке!

Өте көп жазып, өте көп жарияланып жатқаннан да шығар, кезінде мен қаржылы адамдардың бірі болдым. Менен қарыз алмаған ағайын аз. Менен де көп жазып, менен де көп тапқан Ілияс Есенберлиннің өзі менен қарыз алған. Қайырды. Бірақ жүрттың бәрі бірдей емес. Қайырганы да бар, қайырмaganы да бар. Қайырмagan қарыздарым үшін өкінбеймін.



Кешіремін. Бірақ өкіметке не істеймін?! Ол менің Жинақ банкісіндегі бар байлығымды жеп қойды. Мен кассага салған кезде бір сом америка долларынан қымбат болатын. Мен ең болмағанда, үстіндегі өсімін есептемегендеге, қанша салсам, сонша алуға тиіспін фой. Жок, ол енді менің мың сомыма бір доллар төлемек! Каракшы да бұлай істемес! Халқын же-ген өкіметтен не үміт, не қайыр??!

Сонымен Әбекен туралы да әңгімем аяқталып келеді. Шынын айтсам, кезінде Әбекенмен соңғы рет қоштасу қандай қын болса, ол туралы естелік-пен қоштасу сондай қын болып отыр. Аяқтар алдында не жазып, не қойғанымды бір қарап шықтым. Бәрі орынды, бәрі дұрыс. Қалып қойғаны бар ма? Бар, әрине! Бәрін айтып, бәрін жазу мүмкін емес. Міндет те емес. Дегенмен Әбекенді ренжітіп ала жаздаған бір жәйтті тастап кеткенім қалай болады?

Ресейде әбден қалыптасқан бір әдеби дәстүр бар. Олар ұлы ақындарын жылына бір мәрте ресми еске алады. Пушкин күні, Лермонтов күні, Блок күні деп атап өтеді. Сол күндері ақынның туған жерінде түкпір-түкпірден жиналған әдебиетшілер және оқырмандар бас қосады. Сол жақсы дәстүрге еліктеп, республикада біз де Абай күндерін өткізе бастадық. Соның біріне Әбекен де барды, мен де бардым. Абай ауылы қонақ қабылданап үйренген. Ақын күндерін өте жақсы өткізді. Басқа халықты біле бермеймін, біздің басты кемшілігіміз – көп сөзділік. Тойда да көп сөз, жиналыста да көп сөз. Сөз! Сөз! Сөз! Сол Абай күндерінде де біраз адам көп сөзімен миымызды ашытты. Осы көп сөз, осы мылжың тіршілік бір халықтың көне дәстүрін есіме салды. Айтатыны жок, керемет ақылды дәстүр! Оны жұрттың бәрі біле бермейді. Ал білгені жөн болар еді.

— Қай халық екені дәл қазір есімде жоқ. Әйтеуір бір көне халықтың көне дәстүрі бар екен. Сол дәстүр бойынша тойда ниет білдірген қонақ бір аяғын көтеріп тұрып сөйлеуге тиіс көрінеді. Бір аяқты көтеріп, бір аяқпен ғана тұру онай емес! Сөз алған шешен аяғы талғанша сөзін айтып бітіруге міндетті. Әйтпесе үятқа қалады! — дедім. Біреулер мәз болып күлді. Біреулер тымырайшып үнсіз қалды. Сол үнсіз қалғандардың бірі — Әбекен! Сол сәтте байқамаптын. Кейін білдім. Кейін аңгардым. Әбекен жарықтық — ақсақ еді ғой! Бір аяғын көтеріп тұрып сөйлеу Әбекен үшін жалпы мүмкін емес. Менің аяқ туралы осы әңгімемді ағамыз тұра өз адресіне қабылдаса керек. Ондай ой менің үш үйіктасам түсіме кірмеген ой. Бірақ логикада кінә жоқ. Әбекенің сол сәтте солай ойлауы занды.

Бір күннен кейін біздер Алматыға оралатын болып, поезга отырдық. Вагонға кіргеннен кейін:

— Сен менің жанымда бол, Қадыр! — деді Әбекен.

— Тек Сіздің жаныңызда! — дедім мен қуаныш кетіл.

Сол оңаша купеде отырғанда Әбекен маған реніш білдірді. Дәл не дегені есімде жоқ. Әйтеуір қаты ренжігенін жасырмады. Сол жерде айтылған азды-көпті сөздің есімде қалғаны:

— Эрине, жаман ойың болмаған шығар. Солай болгай! Ал басқаша ойласан, қателесесің! Егер мені кекетпек болсан, мұқатпақ болсан, одан ештеге шыклайды! Ондайлардың омыртқасын үзіп, қабырғаларын қақыратып жібергенмін! — деді Әбекен өңін суытып. Бұл сөз маған ұнамады. Баласындаид адамға қокан-локы жасап керегі не?! Бірақ ренжіген

жоқын. Шалыс басқан өзім. Өзіме ғана ренжуім керек қой!

— Эбеке! Имандай шыным, Сізді мұқатқанда мен не табам?! Алды-артымызыға қарамай айтып қалатынымыз бар. Осымен екінші рет өз сөзімнен аузым күйіп отыр, Эбеке! — дедім. Эбекен өлең ете түсті. “Ол қалай болып еді, қалай?” дегендей маған қарап біраз отырды. — Эбеке, есінізде бар ма, “Қазақ әдебиеті” газетінде машинистка болып бір ұйғыр әйел істеді ғой. Бірде соны іздеп барғам, орнынан табылмады. Сол кезде кабинетінен Ғафу ағамыз шыға келмесі бар ма?!

— Атын ұмыттып қалдым, екі беті бұжыр-бұжыр, корасан дағы бар әйел отыратын еді ғой осында, көрмедініз бе?! — дедім. Қарасам, Ғафекенің екі беті алаулап, көзі қызарып, маған шүйліккелі төніп түр екен. Түсіне қойдым.

— Ғафеке! Кешіре көріңіз! — деп зыта жөнелдім. Ойламай сөйлеу деген осы ғой енді. Ғафекенің беті әлгі ұйғыр машинисткасының бетінен әрі болмаса, бері емес! Сөйлем тұрғанда оған тіпті мән бермеппін.

Әбекен құліп жіберді. Менің көнілім де орнына түсті.

— Ер кезегі үшке шейін енді бір сүрінуіме қакым бар! — дедім қалжындал.

— Жоқ! — деді Әбекен. — Сен сияқты азаматтың бір сүрінуге де қакы жоқ.

— Сол сенімінізді актауга тырысамыз, Эбеке.

Ешкімге зияны жоқ, өзімен-өзі жүретін қызық ағаларымыздың бірі Фали Орманов болатын. Мен “Жұлдыз” журналында істеп жүрген кезде ол кісі Казақстан Жазушылар одағында екінші хатшының қызметін атқарады. Жасы да, жолы да үлкен Ғале-



кең жұмыс бабында жиі-жі шақырып тұратын. Ол ағамыз туралы небір қызық әңгімелер айтылады. Соның көбін құрастырған құрдастары, замандастары болуы керек. Әдетте Ғалекенді сараң адам ретінде бейнелейді. Көзбен көріп, қолмен ұстамаған соң сене қою кын.

Бір күні әлдекандай шаруамен Ғалекен шақырып, сол кісінің кабинетінде, сол кісінің алдында отырдым. “Үлкен жолдың ұстінде” атты поэмасында Хамит Ерғалиев өзінің негізгі кейілкере жөнінде:

Отірік айтар алдында
Бір жетеліп қалатын.
Шынын айтар алдында
Шылым шегіп алатын, –

деп жазады.

Менімен сөйлесер алдында Ғалекен де қалтасынан “Қазбегін” алып, жана қорапты өз қолымен жыртып ашып, бір тал папиросты саусағының арасына қыстырып, сосын:

— Осы сен, Қадыр, шылым шегесің бе? — деп сұрады.

— Жок, Ғалеке! Ондай әдетім жок!

— Қандай жақсы жігітсің! — деп “Қазбектін” қорабын өзіне жақындастып қойды. Енді біреулер бар. Өз ақшаларына папирос алмайды. Бірақ біреудің тегін темекісін тартуға дайын!

Тап осы сөзді айта бергенде Қалтай Мұхамеджанов ағамыз кіріп келді. Кірді де менің алдыымдағы бос креслоға құлай кетті. Мас емес. Бірақ ағаларының алдында өзін сондай еркін ұстайтын, еркін сөйлейтін. Бір кезде Ғалекеннің алдында жатқан “Қазбегіне” көзі түсіп, соган қолын соза берген кезде Ғалекен оны алды да:

— Бұл “Қазбек” — таусылған “Қазбек”! — деп жаңындағы тұрган бос себетке тастай салды. Мен таң қалдым. Жаңа ғана ашылған қорап ә дегенше қалай біте қалды? Соны сезіп қойды ма Қалтай ағамыз:

— Менің ұлым “Қазбектің” қорабын жинаітын еді! — деп себетке қолын соза бергенде Ғалекен:

— Е, айтпакшы, ұмытып кетіппін ғой, оны мениң немерем де жинаітын еді! — деп “бос” қорапты Қалтайдан бұрын қағып алып, қалтасына сұңгітіп жіберді. Осының бәріне куә боп отырган мен енді шыдамадым. Жаңа спектакльдің бірінші премьерасын қөргендей қол соқтым. Театрдың білгірі, драматург Қалтай ағамыз да қол соқты. Жалғыз қалғанды қолайсыз қөрді ме, Ғалекен де қол соғып, біздерге қарап, жымың-жымың етті. Мұнысын мен өте тапқырлық деп қабылдадым.

Біздің казақ, негізінен, жайбасар, ашық-тесік, етек-женін жинап жүрмейтін алқа-салқа халық қой. Ал Ғалекен өте жинақы, өте ұқыпты адам еді. Ісіне де, сөзіне де қатты жауапкершілікпен қарайтын. Бір күні ол біздерге, “Жазушы” баспасына жаңа өлеңдер жинағының қолжазбасын әкеліп тапсырды. Шынын айтсам, бұрын-сонды мұндай таза, мұндай жинақы, мұндай ұқыпты қолжазба көргем жок. Ең сапалы ақ қағазға басылған, өріп қателері жоқтың қасы. Қыртыстанған, бүктелген бір де бір парақ көрмейсін. Банкіден жаңа шыққан судай жаңа банкнот тәрізді. Сондай керемет қолжазбаны тапсырып кеткені сол еді, он бес-жиырма минуттан кейін Ғалекен телефон соғып:

— Қадыр, сендерге тапсырып кеткен қолжазбаның сексен үшінші бетінде үшінші шумақтың төртінші тармағында “с” пен “п” алмасып түсіп, “ас-

пан” сөзі “апсан” болып кетіпті. Қалай байқамадым екен! Соны әзірше қарындашпен жөндей салшы! Кейін ол бетті қайта бастырып берермін. Кешір, айналайын! – Колжазбасына осынша жауапкершілікпен қараған ұқыптылығы үшін Ғалекене іштей қатты разы болдым.

– Тұмаш, Ғалекенің кітабын өзін қара! Және көп ұзатпай тез бітір! – дедім бастықсып. – Мұндай қолжазбаны дайындағанның өзі бір қуаныш! Колжазба таза, авторы ұқыпты.

Бір апта өтер өтпесте дүйсенбі күні Ғалекенің өзі келді. Редакторына разы. Ұсақ-түйек кеткен селкеулерді тағы бір қарап шығу үшін қолжазбаны қайырып алды және кетерінде:

– Қадыр, мен қазір отбасыммен Казпотребсоюздың демалыс үйінде бір коттедж алып, салқындал жатырмын. Қалада өте ыстық. Ал ол жerde қоңыржай. Сендерге арнап қой байлаپ қойдым. Бүкіл редакция болып алдағы бейсенбіде келе қалындар! – деді. Шығып бара жатып: – Қайратты да ала келіндер. Қорсем өзім де айтармын! – дегенді қости.

Сол айтылған уәделі күні төрт-бес жігіт такси жалдап, Қарғалыға тартып отырдық. Шілденің ыстығында әбден шөліркеген түйе көмей туысқандар асығып бір сағат бұрын шықтық. Келсек, абырой болғанда, бәрі дайын. Дастанқанда жок емес дәмнін бәрі бар-ау, бәрі бар. Тоңазытқыштан жана ғана шығып, сырты суланып терлеп түрған салқын сыра, жылы конъяқ, кереметтей әдемі бастыртқы həm ыстық тамак. Жұмыс аяғы, аландайтын шаруа жок. Жігіттер сөреден аттай бере аттың басын қоя берді. Бір-екі рюмқадан кейін үйеме табақ ет келді. Саттар Сейтхазин, Шеміл Мұхamedжанов, Сағи Жиенбаев,

Тұманбай Молдағалиев және мен бармын. Қайрат өлі жетіп үлгірген жок. Сапырып ішіп, жапырып жеген аш бәрілердің қарындарына ел қонғаннан кейін, сәл демалайық деген ұсыныс та болып қалды. Үй іргесіндегі қоленкеге тасқілем төсеп, көрпе төсеп, қисая-қисая кеттік. Жігіттер карта ойнады. Мен жай жатып демалдым. Бір сағат өткен кезде Қайрат Жұмағалиев те келді. Қайтадан үйге кіріп, қайтадан дастарқан басына жиналдық. Шағындау табакқа салынған Қайраттың сыбагасын әкелді. Біз шай іштік. Бұл жолы шөлмек жағы көрінбеді. Жарқылдал отырған көңілді жігіттердің қабактары жабыла бастады. Сөз саябырсыды. Аяп кеттім оларды. Бірер кесе шай ішкеннен кейін:

— Ғалеке! — дедім. — Сізге көп-көп раҳмет! Даркан дастарқан, даладай көңіліңіз үшін ғана емес. Ең бастысы — әдемі қолжазбаныз үшін! Редактордың жаңын қинамайтын жұп-жұмыр жинағының үшін раҳмет! Кітап өндіріске дайын. Біз өз пікірімізді түгелге жуық айттық. Мүмкін Қайраттың да Сізге деген арнаулы лебізі бар шығар, — дедім дипломатияға басып. “Құрғақ қасық ауыз жыртар” дегендей, әдетте рюмкасыз тілек айттылмайтын кез. Осыны түсінді ме, лепілдеп, бірақ не істерін білмей отырған Ғалекенің күйеу баласы атып тұрып, тоназытқышқа қарай жүгірді. Ашып жіберіп, он саусақтың арасына бір-бір шөлмектен қыстырып, үстелге біраз дүние алып келді.

— Дұрыс қой, дұрыс! — деді не дерін білмей қалған Ғалекен. Үстелге келген нөрсе енді қайтып өз орындарына оралмасын біле қойған жігіттер тағы біраз сілтеді. Ғалекен — сараң. Жок, сараң емес деген қарама-карсы екі пікір қай жағына жығыларын білмей, дірілдеп тұрды.

Үйлерімізге қайтып келе жатқанымызда құрдастары таратқан Ғалекен туралы өзіл әңгімелер есіме түсті. Солардың айтуы бойынша, сенбі-жексенбілердің бірінде Ғалекеннің үйіне Алматыда оқып жүрген студент ағайындары келе қалады. Женгеміз шай береді. Жастар жай сөлем беру үшін ғана келді дейсің бе?! Оларға не жетпейді? Ең алдымен ақша жетпейді. Стипендияға күн көре алмайсың. Ал ағаның, өсіресе, елге аты шықкан өйгілі ағаның үйінде бәрі бар! Ең болмағанда тойып қайтады... Жігіттердің онша асығыс емес екенін байқап қалған женгесі:

— Асықпандар! Отырындар, айналайындар! Ас салайын! — дейді.

— Бұлар етінді қайтеді?! — дейді сол кезде Ғалекен жұлып алғандай. — Мен жақсы білем, бұлар қазір ЖенПИ-дің жатақханасына асығып отыр, құдай біледі!

— Оның жөні басқа! — дейді женгеміз ағамыздың ойын түсіне қойып.

Дос-жолдастарының айтуына қарағанда Ғалекен қай кезде де тәбетті, тамаксау қазақ болғанға ұксайды. Құрдастары оны әжұа қылып, құлкіге айналдырған. Қонаққа шақырған үйдің барғаннан кейін, алдымен ас үйіне кіріп, дайындықтарын өз көзімен көріп шығатын еді дейді.

Алпысыншы жылдары Қазақстанның қырық жазушысы Қарағанды облысына барады. Елмен, өндіріспен танысады. Қарағанды қалалық партия комитеті келгендерге қонақасы береді. Делегацияның жетекшісі де, жасы үлкені де Ғабит Мұсірепов. Соған тартылғалы келе жатқан койдың басын Ғабен анадайдан көріп, қырағы көзі көп нәрсені бірден байқап үлгіреді. Орекендер бастың қасиетін білуші ме еді! Оны қалай пісіруді де өнер деп есептемейді.

Делегация бастығы қатты піскен көрі қойдың басын ұсына бергеннен-ақ Ғалекене аудара салады. Ашқартау ағамыздың ойында ештене жок. Ұсынған бастан бас тартпайды. Бірден мұжуге кіріседі. Бір қайнаған көрі қойдың басы қандай болушы еді! Ғабенің құлықпен аудара салғанын енді түсінеді. Бірақ ол үшін ағасына не деуге болады? Ғалекен соны пайдаланып:

- Қойларыңыздың ғұмыр жасы ұзак болсын!
- деп бата береді дастарқан жинардың алдында.

Адам адамды қайталамайды. Тіпті баланың өзі туган әкесіне ұқсай бермейді. Табиғаттың негізгі қасиетінің өзі осында секілді. Дүниеде қанша адам болса, сонша мінез, сонша құлық бар. Біз бәріміз де сондаймыз. Дарамыз. Ал кейбір адамдар ұқсамақ түгіл басқалардан мұлдем оқшашу тұрады. Жарықтық Тайыр Жароков тап сондай жандардың бірі еді.

Алғашқы жылдары мен оны қанша жиі көрсем де, қанша амандассам да, жанына барып жақындастан, сырласқан кісім емес-ті. Қазақтың қай-қай ақыны да өлеңмен ерте айналысқан тума таланттар. Сол өлеңді мен де ерте, тіпті алтыншы сыныптан бастап жазғанмын. Оқуға түскеннен кейін әдебиет менің негізгі шаруам ғана емес, басты дертіме айналды. Оқитыным да, жазатыным да сол. Бірақ газет-журналдарда аздал жарияланғаным болмаса, жеке жинақ шығару мұлдем мүмкін емес. Жоспарға кіргізбейді. Кіргізсе, өйтеуір бір жерде сзызылып қалады.

Қазір, әрине, кімнің ақыл бергені есімде жок. Әйтеуір бір ағайын Тайыр Жароковқа барсан қайтеді, жерлес қой, мүмкін көмектесер деді. Шапанымды шешіп алар дейсің бе? Бардым. Пәлендей үмітім жоқ. Бірақ “суга кеткен тал қармайды” деген,

кармаған соңғы талым Тәкең болды. Ол кезде Көркем әдебиет баспасында Бас редактордың орынбасары болып қызмет істейді. Жалғыз отыр екен, кірдім. Амандастым. Кім екенімді айтып, таныстырдым. Ең бастысы – жерлес інісі екенімді басып айттым.

- Өлеңдерінді өкелдің бе? – деді.
- Бұл жолы керегі бола қоймас дедім.
- Жатқа билетіндерің бар ма?
- Бар!
- Оқышы!
- Жақсы! – Балаларға жазған бірер өлең және бір лирикамды оқыдым. Мінезсіз жылқыдай басын кекжитіп қолайсызыдау отырып тындағы. Алдында жатқан етектей-етектей үлкен бір қағаздарды өрліберлі ашып қарады да бір жерге менің фамилиямды жазбақ болды. Осы кезде Иманжан деген халық ақыны кірді. Аман-саулықтан кейін:
 - Мына бала қай бала? – деді.
 - Ақын бала! – деді Тәкең.
 - Ақын болсан оқышы бірер өлеңінді! – деді қария.

Оқыдым. Байқаймын, оған да ұнады.

– Қай жердің баласысың? – деді сосын. Тәкең шошып кетті. Рушылдық, жершілдік дегеннен Тайыр ағамыз сүмдық қорқатын. “Е, белгілі болды, біргұган екенсіндер ғой!” деп қалатындағы іштей се-кем алған Тәкең:

- Оны қайтесіз? Бәрібір емес пе қай жерден болса да!
- Әрине! Әйтсе де жөн сұрасу – ата салты емес пе?!
- Бара бер, айналайын! Кейін хабарласарсын!
- деді Тәкең менің одан өрі отырганымды қаламай. Мен тұрып жүре бердім.

Осы болған оқиганы ауылдас бір ағама айтып беріп едім:

— Кім саған Тәкене бар деп жүрген?! Тұк те шықпайды одан! — деді ол өзінен өзі ренжіп.

Шынында да менің бұл өрекетімнен ештеңе шықпады. Тәкен жәрдем бере алмады. Сірә, қолынан келмеді-ау деймін.

Бірнеше жыл өтті. Балаларға арнап бірнеше өлендер кітабын жаздым. Оларым шетінен жарық көріп жатты. Бірақ лирикалық өлендерімнің жолы ауырлау болды. Эйтсе де ізденгенімді, жазғанымды тоқтатқан жокпын. Бір күні тәуекел етіп, олардың басын қосып, жеке жинақ жасадым. Жинақ емес, табиғаты ортақ өлендерден тұратын өлендер кітабы. Заты да, аты да өзге дүниелерге ұксамайды. Сәті түсіп тұrsa керек, бір кезде Қазақстан Жастар одағы жанынан шығармашылық бірлестік ашылып, сонда жас таланттардың туындылары талқыланатын болды. Бірінші болып менің “Ой орманым” сол ортада талқыға түсті. Сол бір әдеби шығармашылық отырысты сол кездегі Қазақстан Оргалық комсомол комитетінің идеологиялық хатшысы, сол кездің өзінде көрнекті журналист Камал Смаилов жүргізді. Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Әбіш Кекілбаев, Аскар Сүлейменовтер бастаған сол кездегі мықтылардың біразы қатынасты. Талқылау сәтті өтті. Бірлестік бірауыздан “Лениншіл жас” газеті осы талқыланған өлендердің жұрт көңілінен шықкан тандаулы тобын бір бет қылышп жарияласын деп қауалы алды. Обалы не керек, газет қырсықкан жок. Кітаптың бәрі бірдей бір бетке сыймады. Сөйтеп тұра “Ой орманы” өзінің композициялық тұтастығын жоймай, қысқартылып, ықшамдалып, кітаптың газеттік нұсқасы оқырманның қолына тиді. Мен бір

күнде мәшіүр болып шыға келдім. Содан “Ой орманы” 1965 жылы жеке кітап болып жарық көрді. Бір жыл өткеннен кейін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығын алды.

Өзіне жетпей жатса да, қазақ біреуге ақыл бермей жүре ала ма?! Бір жерлес ағайынам:

— Сен осы аты шыққан ақын ағаларыңмен аласып тұрасың ба? — деді.

— Жоқ! — дедім шынымды айтЫП.

— Олай болмайды ғой. Адам күні адаммен! — деді әлгі ақылшым. — Мына лауреат болғаныңды тілге тиек қылыш, соларды үйіңе шакырып жібер! Ештеңең кетпейді.

Мен ойланып қалдым. Үй ішіммен ақылдастым. Сейтіл әрқайсысының отырған жерлеріне барып, қонаққа шақырдым. Ешкім бас тартқан жоқ. Пәтеріміз тар. Күкітай-қуықтай екі бөлмеден тұрады. Небары жиырма сегіз шаршы метр. Қедімгі құрқылтайдың ұясындай. Өздеріміз төрт жанбыз. Өзім, әйелім және екі балам. Алматы жиһаз фабрикасы жасаған үлкен дөңгелек үстел. Үлкен болғанда да үлкен. Бір өзі залдың жартысын алып тұр. Барымызды салып дайындалдық. Әліміз келгенше мәдениетті, интелигент болып көрінуге тырыстық. Арак-шараптың өзін шишасымен қоймай, думанханадағыдай графинге құйып, әспеттеп-ақ бақтық. Стакандардың көзін құрттық. Оймақтай-оймақтай рюмкалар. Ішіндегі шарабымен қосып өзін де жұтып коюға болады.

Ол кездердегі Жұбаганды құтырған ит қауып, аузына мұлдем арак алмайтын. Тәкең мен Сағынғали ағаларымыз тек қана портвейн он екі дегенді іshedі. Ішіндегі әмбебабы Әбекен, Әбу Сәрсенбаев. Жасы үлкені де сол. Ішпейтін дастарқан ең тыныш, ең

момын және ең көнілсіз дастарқан болады. Сәл көнілсіздеу өтіп жатты. Үзіліс кезінде шылым шегетіндер далаға шығып, женгелеріміз балконға шығып, онашалай қалған бір сөтте Тәкең қолымнан қысып тұрып:

— Немене, сенің үйінде кәдімгі қырлы стакан жоқ па? — деді.

— Бар!

— Экел, бар болса!

Әкелдім.

— Енді құй осыған!

Құйдым.

— Дұрыстап құй!

Тағы да құйдым. Тәкең жан-жағына бір қарап алды да тартып жіберді.

— Тағы да! — деді сосын. Тағы құйдым. Оны да тартып жіберді.

— Енді осыдан кейін рюмкаға құймақ түгіл, оймаққа құйсан да бәрібір! — деді қабағы ашылып.

Тайыр Жароков салынып ішкен адам емес. Бірақ аз-аздап бабымен және үзбей ішетін. Жазушылар одағы мен “Жазушы” баспасы бір ғимараттың ішінде орналасқан-ды. Ол кісі бірінші қабатта, мен екінші қабатта жұмыс істеп жүрдік. Күніне бір емес, бірнеше мәрте көрісетінбіз. Содан білем, ол кісі Fafu інісімен бес-он минутқа шығып кетіп, бір стакан шарап ішіп оралатын. Киров (Бөгенбай) мен Мир (Желтоқсан) көшелерінің қылышқан тұсында бір кездे қонақ үй болған. Соның астында буфет бар. Біздің ағайындар сол жерге барып көмейлерін жібітіп қайтады.

Бірде Тәкең он-он бірлердің шамасында менің кабинетімнің есігін ашты да он қолының сұқ саусағымен шығып кет деп белгі берді. Енді-енді оқымақ

боп алдым ала берген қолжазбаны жаптым да, ағамыз күтіп қалар деп, жедел шықтым. Тәкен түсіп барады екен, артынан ілесе бердім. Ол артына қарамай, сыртқы есікті ашты. Шыға бере онға бұрылды. Мен де онға бұрылдым. Еріп келем. Киров көшесіне жете бере кілт токтады. Әскери тәртіппен өкшесін сарт еткізіп, тағы да онға бұрылды. Енді түсіне бастадым. Өзіне таныс маршрут тұп-тура ескі қонақ үйдің подвалына алып кірді. Ол менің еріп келе жатқаным сондай сенімді. Бірақ ойы екеуіміздің қатар келе жатқанымызды тірі адамға сездірмеу. Діттеген жеріне жетті де буфеттің алдына токтады. Бірақ үн жоқ. Осы кезде жанына жетіп барып, буфетші әйелге:

— Екі жұз грамм портвейн, елу грамм коньяк!
— дедім.

Әйел ақшасын тез-тез есептеп, құятынын құйып берді. Мен төлейтінімді төлеп, қалған-құтқан тиын-тебенімді қалтама салып:

— Ал енді, Тәке! — деп бұрыла берсем Тәкен жоқ. Өзіне арнап алған бір стақан портвейнді сарқып ішіп, асығыс шығып кетіпті. Бір ауыз рахметі де жоқ... Кейін түсіндім: бұл процедура Тайыр ағамыз бер Гафу ағамыздың күн сайынғы үзбей істеп отыратын ритуалдары екен ғой. Сол жолы бір себептермен Гафекен келмей қалып, Тайыр ағам маган амалсыз бұрылған. Өйткені қаржы Гафу інісінің қалтасында, өзінде ештеңе жоқ. Бұл жағдайға мен бірінші рет тап болып, бірінші рет стақандас болдым. Екінші рет қайталанбады. Сірә, Гафу ағам содан кейін тәртіп бұзбаған болуы керек.

Ақындардың басты қызығы – өлеңдері, шығармашылығы. Бірақ ол кезде әлі де болса, шығармашылықтың қуанышынан қаупі көп-ті. Поэзия ақынның үнемі ақырат жағында болғанын қалайды. Ал



тоталитаризмге ақиқатынның құны бір тын! Оған қажеті – саясат, жалған сөз, көз бояу. Дәлірек айтсақ, қоғамды және партияны мактау, мадактау. Сонда ғана жұлдызын жаңып, абыройын қөтеріледі. Креслон да биіктей түседі. Сөйтіп партияға жақындаған сайын халықтан алыстай бересін. Енді Ел сені бұрынғыдан ізден жүріп оқымайды. Ұмыта бастайды, ұмыта бастайды. Тәкен мұны түсінбеді дейсін бе?! Түсінді. Былай жүрсе – арбасы сынады, былай жүрсе – өгізі өледі. Екі ортада ақын өледі. Поэзия өледі. Басы қатқан сорлы талант не істерін білмейді. Шақшадай басы шарадай болады... Жаңа бір ауруға тап болады. Содан емделсем дейді. Ондай емді Құдайдын өзі де ойлап таппаған. Бірақ халық айтатын көне мақал “суга кеткен тал қармайды”. Ол талың көбіне-көп шиша болып шығады... Эйтпесе Тайыр Жароков – туа біткен талант, тұтас тұлға. Оның түбіне жеткен – социалистік реализм. Сол социалистік реализм негізінде жазылған “Тасқын” да, “Тасқынға тосқын” да, “Жапанды орман жаңғырты” да авторына абырой өкелген сүйкімді дүниелер. Бірақ Тайыр Жароков таланттын түгел көрсете алатын түбегейлі туынды, асыл қазына деу киын!

“Абай” романы басылып шыққаннан кейін Әуезовтің абыройы бұрынғыдан бетер артып жүре берді. Көп жылдық еңбегінің жанғанына не жетсін! Ол роман жарық көріп қана қойған жок. Көзге түсті. Орыс тіліне аударылды. Сол арқылы оның оқырмандары қөбейді. Тылқан тілдерге де аударыла бастады. Сталиндік сыйлыққа ұсынылды. Міне, осы кезде Мұханған тыныштық кетті. Әртүрлі себептермен сол бір күрделі туындының үстінен арыз берушілер молайды. Әдетте арыз атаулы аяқсыз қалмайды. Комиссиялар құрылады. Оларға арызда көрс-

тілген көлегейлі құбылыштарды анықтау тапсырылады. Мәскеуден келген сондай бір салиқалы комиссия Тәкенді шақырып алып:

— Эуезовтін романында ескілікті аңсау бар. Откен феодализм дәуірі сондай бір үлкен сүйіспеншілікпен суреттелген. Ең бастысы — ұлтшылдық сарын байқалады делінген арыздарда. Сіз соған қалай қарайсыз? — дейді. “Иә, арызда айтылған уәждін жаны бар. Эуезовтің олай жазбауы керек еді”, — деуге Тәкеннің ар-ожданы бармайды. Ұлы жазушының әйгілі шығармасы суретtelіп отырған сол дәүірге барынша сәйкес келетінін мойындап, актап сөйлеуге тағы да батылы бармайды. Содан бұл сұраптардан онай құтылып кетудің амалын таппай:

— Ал Сіз өзінің қалай қарайсыз? — дейді комиссия адамына. Қорқақ па, жоқ па? Кесіп айта алмаймын. Бірақ та үркек жылқы секілді селк ете түсетін мінезі бар. Ол мінез жалғыз Тәкеңе ғана тән емес. Сол заманда өмір сүрген талай қазақтан байқалатын.

Сталин дүние салғаннан кейін Кеңестер Одағында бұрын-сонды ақылға сыймайтын өртүрлі өзгерістер бола бастады. Шетелдік қонақтарды жиіжі көріп, өз адамдарымыз да ақырын-акырын темір тордың ар жағына барып қайтатынды шығарды. Жарты ғасыр бойы ерінбей-жалықпай салған саяси бөгеттерді жарылыс жасап бұзбағанмен әр жерден бір тесіп, шлюздер арқылы дем шығаратын мүмкіндік болды. Кенірдегіне шейін түймеленген көйлектер мінез байқатып, кеуденің жартысын көрсөтіп тұратын барынша ашық омыраулар көбейді. Бір кездегі тротуар сыптырып жүретін кен балақ шалбарлар мүмкіндігінше тарылды. Үйрек тұмсық туфлилердің орнына үтіктей сүйір женіл туфлилер бас-

ты. Бұрымдар қысқарған үстіне қысқара түсті. Эйелдердің шашы шолтиып, ерлердің шашы жалбырай берді. Көйлектер мен юбкалар апшыра-апшыра тізеден әлдекайда жоғары шығып кетті. Ең қыны осы болды. Жоғарғы жағы төмен, төменгі жағы жоғары мөлтек көйлек киген әдемі қыздар қысылмай алдынан еркін өтіп жатқанда тез тұтанған сезімтал жігіттер өздеріне өздері әрең-әрең ие болатын. Тайыр Жароков сол кездерде жігіт жасынан енді-енді өтіп, жігіт ағасы бола бастаған. Дер кезіндегі қырма сақал, албырт ақын тұтанбағанда кім тұтанады?! Ол өргенбегенде кім өргенеді?! Сол Тәкенді бұдан да жастау кезінде көрген бір замандасы айтады: “Бір күні Жазушылар одағына келсем, комсомол жиналысы жүріп жатыр екен. Ашық жиналыс болғаннан кейін кіріп отырдым. Мәселе Тайыр Жароковтың тәртібі туралы. Әнгіме енді қызып, қызыл кенірдек бола бастаған кезде Сәкен Сейфуллин келді. Ол колындағы өрнекті таяғымен есікті тұртіп ашып: “Бұл неғылған жиналыс?!” деп сұрады. Жиналыстың төрағасы: “Жас ақын Тайыр Жароковтың моральдік кейіпі туралы мәселе қарап жатырмыз” – деп жауап береді. “Ол не бұлдіріп қойып еді?” дейді Сәкен Сейфуллин. “Бір қызбен ойнап қойыпты!” “Шын ба?” “Шын!” “Догарындар тез! Ол өзі келісті жігіт болса, керемет ақын болса, қалай қызға қарамайды, қалай ойнамайды? Тоқтатындар кәне!” – дейді.

Бір кезде сондай болған сойқан Тәкен он бесжырма жылда түзеле қойды дейсің бе? Арнасын бұзбаса да, айналасын суарып жататын жыр дариясы себеп болса, тасуға дайын... Бір күні Жазушылар одағына кіре бере фойэнің қакортасында тұрган Тәкене көзім түсті. Есік жакқа сыртын беріп, мойнын сол жакқа қатты бұрып, қатып қалыпты. Тақап ба-

рып, Тәкең қарап тұрған жаққа көз жүгіртіп едім, ұзын дәліздің терең түкпірінен баспада істейтін орыс қызы бері қарап келеді екен. Омырауы жартылай ашық. Төңкерілген екі тостаған кеудесін тесіп барады. Юбкасы тіктен шолақ. Ана жер, мына жерге шейін деп айтудың өзі қын. Балтыр түгел жалаңаш. Және жұп-жұмыр, Тәкеңде ес жоқ. Қызben бірге мойын да қозғалып, қыз орта жерге жақындағанда басы түзеліп, он қанатқа ауғанда мойны да онға қарай бұрыла бастады. Сол онға бұрылған бас жартылай жалаңаш сұлуды біраз жерге шығарып салды. Мен енді шыдамадым. Желке тұстан:

— Тәке! — дедім оқыс. Тәкең селк ете тұсті. Колайсызданып қалғаны сезіліп тұр.

— Сен қашан келіп қалып едің бұл жерге? — деді.

— Сіздің мойныңыз сол жаққа қарап қырық бес градус бұрылып тұрғанда келгенмін!

— Бәрін байқаған екенсің ғой, сайтан!

— Сайтан емес! Сайтанның інісі!

— Бірі сайтанның інісі, бірі сайтанның ағасы!

— деді ол қалыспай.

Тайыр Жароков көп жылдар бойы “Жазушы” баспасы бас редакторының орынбасары болып істеді. Бастықтары бір емес, бірнеше мәрте өзгерді. Бірақ Тәкең орынбасар болып қала берді. Өспеді. Сірә, өсірмеген болуы керек. Содан да ма, ағамыздың жұмысқа құлқы жоқ сияқты көрінетін. Қашан барсанда алдында ашулы қолжазба жатады. Бір барғанда жанында тұрып, көз жүгірткен едім — Жұмен кең Нәжімеденовтің жаңа дүниесі екен.

— Мұны несіне оқисыз? — дедім.

— Неге оқымауым керек?

— Жаман жаза алмайтын жақсы ақын. Мен мұн-

дай қолжазбаларға оқымай-ақ қол қоя салар едім!

— Қорықтай ма?!

— Қорықтай.

— Мә, ендеше!

Жұмекен ол кезде, ұмытпасам, төрт-бес жинақтың авторы болып қалған. Жылдан жылға өсу үстінде. Алғашқы екі кітабына қатарынан мақала жазып, қолтығынан демегенмін. Менің түсінігімше, тап сол тұста Жұмекеннен мықты ақын жок болатын. Керемет еңбеккор. Қайдан шығып жатқаны белгісіз. Жазады да жатады. Жазады да жатады. Мені ең бірінші рет таң қалдырган тірі ақын осы болды. Сұрастырып көрсем, менің қатарым. Бір жылдың төлдері екенбіз.

Көп кешікпей Жұмекен жас ақындардың Бұқілодактық фестиваліне катынасып, үлкенabyroyimen оралды. Ол онда, яки Мәскеуде Сергей Смирнов дегеннің семинарына катынасып, өз тобының озығы атанды. Сергей Смирнов өте бір ойлы және жинақы ақын болатын... Эр ұлттың ақыны әр тілде жазады. Оқу да, түсіну де, бағалау да қынн, әрине! Бір ғана жол, бір ғана мүмкіндік – жолма-жол аударма. Сол жолма-жол аударманың өзінен Жұмекен өзінің қандай құдіретті ақын екенін танытқан. Сергей Смирнов семинарының лауреаты болып танылған. Бұл Бұқілодактық семинарда жалғыз Жұмекен ғана емес...

Бұл сапарда орыс тілінде жазатын Олжас Сүлейменов Николай Тихонов семинарына катынасып, ол да үлкенabyroyiga ие болып қайты.

Жұмекеннен басқа біреу болса, сол фестивальдің жемісін барынша пайдаланып қалатын еді. Орыс ақындарымен, әйгілі аудармашылармен танысып, Мәскеу базпаларына соғып, бір жылда болмағанмен

бірер жылда Бұқілодақтың денгейдегі белгілі ақындардың қатарына қосылып-ақ кететін еді. Бірақ Жұмекен кез келген онтайлы сөтті пайдаланып қалатын есептің ақыны емес. Ол тек таза поэзия үшін, еңбек үшін жаратылған жан болатын. Рас, ол да өз заманының жемісі, өз заманының өнімі. Керек десеңіз, өз заманының, өз уақытының құрбаны. Басқа ақындар секілді ол да бір мекемеде, редакцияда сол жердің байлаулы бұзауы сияқты нокталаулы болатын. Басқалар сияқты ол да өз үйіне шаршап, шалдығып қайтатын. Ешкімнен кем ішпейтін. Басқалар сияқты ол да қонаққа барып, қонақ шакырып, әріптестерімен жиі араласып тұратын. Қайталап айтам, ішетін. Бірақ та арақтың сонына түскен жоқ. Мансап қуған жоқ. Қол босатпайтын қын тірліктен бірер сағат, кейде бірер минут ұнемдеп, өлеңмен оңаша қалуды қөңілі қалап тұратын. Қандай жағдайда да ол өз катарынан, өз әріптестерінен бірер сағат артық жұмыс істейтін. Алталаپ, айлап жазбай кету Жұмекен үшін барып тұрған трагедия еді. Қажып жүрген күндердің өзінде, бірер сағат қалғып алғып, жазу үстеліне барып отыратын. Бастаған нәрсені бітірмей тынбайтын. Бітіре сала басқа бір жаңа дүние бастайтын.

Жұмекен драматургияға барып үлгермеді. Бірақ прозада жақсы дүниелер жазып кетті. Оларды өзінің поэзиясына зиян келтірмей, ел мен өлеңнің арасында жүріп тындырды. Жаңылмасам, бір күні “Мезгіл өуендері” деген жинағын алғып келді. Редактор екеуі, шамамен, бір айдай ғана жұмыс істеді. Өндіріске қол қойып, шартты қолына алғаннан кейін бір-екі апта өтті ме, өтпеді ме, келесі кездескенде Жұмекен маған:

— Қадыр, мен роман жазып бітірдім! — деді.

-
- Қашан?
 - Осы жақында!
 - Қай уақытта жазып жүрсің?

Ол жауап бермеді. Жымыш күлді де қойды. Жұмекен жалпы жұмбақ жігіт болатын. Содан ол романын құшақтап Тахауи Ахтановқа барады. Ол кезде Тахаң “Жұлдыздың” редакторы болатын.

— Taxa! Менің мектептес бір жолдасым роман жазыпты. Маған оқып берші дейді. Поэзия болса бірсәрі. Прозага мен не дей алам? Сіз қарап, өділін айтыңызшы!

Бірер күннен кейін мен Тахауи ағамызбен жолыға қалдым.

— Кадыр! — деді ол амандаса сала. — Жұмекен-нің бір жолдасы жап-жақсы роман жазыпты. Ешкімге үқсамайды. Сен оны танымайсың ба?

- Жок, танымаймын, — дедім өдейі.

Әңгіменің жалғасын мен екі-үш күннен кейін Жұмекеннің өзінен естідім.

— Мына романды жазған адам кім? Осы арада тұра ма өзі? Елде болса шақыр! “Жұлдызға” жариялаймыз! — дейді.

- Шақыртып керегі жок! — дейді Жұмекен.

- Неге?

- Өйткені ол адам алдыңызда тұр!

— Өй, өзің қызық екенсің ғой! Роман жазып едім, бірінші үлкен дүнием ғой, оқып, пікір айтыңызшы демейсің бе!

— Деуге болатын еді, әрине! Бірақ белгісіз автордың белгісіз дүниесіне өділін айтсын дедім... Оның үстінен батылым бармады.

- Сенікі болғанда өділін айтпаушы ма едім?

— Жок! Айтасыз ғой... Бірақ аяушылық білдіріп, сылап-сипап жіберуіңіз де ғажап емес!

Тахауи марқұм інісінің осынау бір оқыстау әрекетіне қатты ырза болып, жиі-жиі айтып жүретін.

— Эй, Жұмекен, жолдастарыңның біреуі слу-чайно жана роман жазып бітірген жоқ па? Мен оқып беруге дайынмын! — дейтін Жұмекенді көрсе өзіл-деп. Ал басқа жерде, Жұмекен жоқ жерде — Шын жазушы, міне, осында таза болуға тиіс! — дейтін.

Авторының кім екенін білмей тұрып Тахан жылы қабылдаған романды прозашыл қатарласта-ры салқын қабылдады. Проза секциясында талқы-ланды. Бұл мәжілістен мен бейхабар едім, талқылау жүріп жатқан кабинетке кездейсоқ барып қал-дым. Жиналыс басталып кетіпті. Ағынан жарылып, актарыла сөйлеген адам болмады. Ұсақ-түйек кем-шіліктердің айналасында, шөп-шөнгө терген әң-гіме ғана... Байқаймын, осыдан кейін Жұмекеннің прозага деген ықыласы бірте-бірте суи берді, суи берді. Поэзиясына тез қайтып оралды. Көп ке-шікпей “Жеті бояу” деген жана жинағы жарық көрді. Соны маған сыйласап тұрып, өмірі айтпаған бір өтініш айтты:

— Қадыр! Осы менің миым ашып, адасып жү-руім де мүмкін! Мына кітапты ұқыпты оқып шы-бып, қалың оқырманның алдында әділ пікірінді айт-шы! Не де болса, бүкпей айт!

Кітап қолға тиген бойда оқып шықтым. Негізі-нен, ұнады. Сол баяғы Жұмекен. Өзіне тән филосо-фия. Терен мағыналы өлендер. Жаздым. Жарияла-дым. Менің шын көнілден жазған жұпыны мақалам оны аздап болса да жұбатты. Үйреншікті өлендеріне сағына оралып, терендей түсті. Жана бір талпыныс, жана бір қуатпен шамырқана жұмыс істеді. Жылға жетпейтін уақыт өтті. Бір жексенбіде ертемен теле-фон соқты.

— Не боп қалды? — дедім мен ерте оятқанын ұнатпай.

— Сағат он бірде “Динамо” стадионына келші! — деді..

— Жай ма?

— Кейін айтам!

Бардым. Екеуіміз стадионның жоғарғы орындықтарының біріне шығып отырдық. Бәрібір өлеңтін күнім өлді. Не де болса төзуім керек. Ананы айттық, мынаны айттық. Негізгі мәселе қозғала қоймады. Бір мезетте Жұмекен сағатына қарады да:

— Жұр, кеттік! — деді.

— Қайда?

— Ўйге! Ет дайын!

Әйелі екеуі жақсылап тұрып келіскең болулары керек. Барсак үстел жаюлы. Қол жуып отыра кеттік. Өте сирек кездесетін ұлken бір шиша. Бұрын-сонды мен ішпеген арак. Ашылды. Құйылды. Сонда ба-рып Жұмекен:

— Қадыр! Мен жаңа бір өлеңдер жинағын бітірдім! — деді.

— Құтты болсын! Қөлемі қанша??

— Он жеті, он серіз баспа табак!

— Көп қой!

— Енді қашанғы жаза береді дейсің?! Тапжыл-май отырып, он бір айда аяқтадым.

Мен өзім де көп жазатын, өнімді жазатын авторлардың бірімін. Бірақ мұншалық мол дүниені соншалық аз уақытта жазып үлгергеніне таң қалдым.

— Осыны оқып бер! Қанша сын айтсан да өкпелемеймін! — деді.

— Тегін ғой, әрине! — дедім өзілден.

— Эрине! — деді ол да күліп. — Немене, оқығаныңда соғым сұрамақсың ба?

Бірінші рюмканы тамшысын қалдыrmай қағып салдық. Осы жақында ол ет қызыумен жүріп, инфаркт алғанын да байқамай қалыпты! Отпен ойнап жүр!

— К. Мырза! — деді ол бір кезде. Ол мені, әдетте, осылай атайдын. “Жұлдыз” журналында жауапты хатшы бол жүрген кезімде авторларға қаламақы қоямын. Журналдың бір саны ақшаға көшіргенде 30000 сом қаламақы. Ол кезде ол өте көп ақша. Сол мол ақшаны пышақ үстінен бөліп, ведомстының астына “К. Мырза” деп қол қоям. Содан соң сол тұстағы қаламақысы өте аз “Лениншіл жас” газетінен барып, бес-он сом ғана қаламақы аламын. Алған бойда құжатқа “К. Ырза” деп қол қоямын. Соларды өз көзімен көріп жүрген Жұмекен мені көбіне-көп “К. Мырза” деп атайды.

— К. Мырза! Бұгін енді ішуге тұра келеді! Ішесің!

— Жұмекен-ау, менің қалай ішетінімді өзің жақсы білесің ғой! Көтере алмаймын. Құсып тастаймын! Арағынды аямайсың ба?! Зорлама!

— Зорлаймын! Зорлаймын! Зорлаймын! — деді бала болып кеткендей! — Құссан құса бер, зорлаймын! Ішесің! — деді.

Сонымен не керек құя берді, іше бердік. Құя берді, іше бердік. Қанша уақыт өткенін құдайдың өзі біледі. Бір мезгілдері шайқала басып далаға шыктық. Әрен шықтым. Шыға бердім де есік алдындағы кара еменнің түбіне лакылдатып құстым. Ұзак құстым. Басқа жерде бірер рюмкамен шектеліп, барынша аз ішуге тырысатынмын. Бұл жолы олай істей алмадым. Сәл бас тартсам досымның көніліне келетіндей болды да тұрды. Бұрынғы Жұмекен жок. Ол шаршаган, ол қажыған. Өкпешіл. Не болса соған

ренжи салады. Таусылып жүрген жақын жанның жарасына тұз сеуіп, асқындырып алмайыншы деп көне бердім ырқына.

— Эй, Қ. Мырза, бақыттысың ғой! Бақыттысың!

— Қандай бақытты айтып тұрсың?

— Құса аласың! — деп Жұмекен шылымына шашалып қалды.

— Сен неге құспайсың?

— Құса алмаймын!

— Құса алмайды емессін, — деймін мен лоқсып жатып, — құсығынды да қимайсың!

— Не десен, о де! Құса алмайтыным рас!

Ол мені трамвайға шейін шығарып салды. Ар жағы есімде жок.

Жұмекен сөйлегеннен тындағанды, дауласқаннан жазғанды жақсы көретін. Сол принципін өле-өлгенше сактап өтті. Бірақ ұн демей отырып-отырып, төбеден түскендей бірдене айтатын. Оның өзі бейнелі, әсерлі шығатын. Бірде тұс кезінде қазіргі Мәншүк пен Элия ескерткіші орналасқан алаңда қырқылған, күзелген гүлзар ортасында демалып отыр едік, бір-екі қазақ қызы жақын орындықтардың біріне келіп жайғасты. Бұл баяғы мини юбканың шырқап тұрған шағы. Бір аяғының үстіне бір аяғын қойғанда юбка жалпы жоғалып кетеді екен. Жұмекен бір жымып алды да:

— Қарашы, қара! — деді ол. — Көрдің бе: түрі ұлттық, мазмұны социалистік бұттарын жария ғып отырғандарын! — Ол кезде кенес мәдениетіне байланысты бірдене айтыла қалса, “түрі ұлттық, мазмұны социалистік” деген тіркесті жи қайталайтын. Әдеби сын мақалаларда осынау бір саяси тіркесті өзім де талай айтушы едім. Жұмекеннің жаңағы тенеуінен кейін аузыма алууды қойдым.

Жұмекен әдебиетке ойда жоқта оқыс келіп, қазақ поэзиясының қақ төрінен бір-ақ шықты. Шығып қана қойған жоқ, бірден орнығып қалды. Отырған жеріне бірте-бірте бата түсті. Бірінші кітабынан екіншісі, екіншісінен үшіншісі салмақтана берді. Замандастарына, әсіресе өз қатарына бұл, әрине, үнай қойған жоқ. Қой аузынан шөп алмайтын Сагидың өзі бұл құбылысты жайбаракат қабылдай алмады. Бір дастарқан үстінде Жұмекенді шалалақпен тартып жіберіпті. Мұны біреуден естіп жүрсе мені ренжиді деп ойласа керек, келесі күні Сагидың өзі айтты.

— Үят істеген екенсін! — дедім мен оған.

— Өзім де солай ойлаймын! — деді момын Саги.

Екі-үш күннен кейін барып Жұмекен кездесіп, болған оқиғаны ашу-ренішсіз айтып берді.

— Не кінөм барын білмеймін. Не жаздым мен оған?!

— “Не жаздым?” “Не жаздым?” деген не?! “Қалай жаздым?” де! Жақсы жаздың! Бар кінөң сол! Ал онікі жай пендешілік! Қызғаншак адамдардың алдында біз бәріміз де кінәліміз. Өйткені үнемі жақсы нәрсе жасауға тырысамыз. Ол біреудің қолынан келеді, біреудің қолынан келмейді. Қолдарынан келетіні шапалақ!

— Сагидың өзі де жақсы жазады гой!

— Эрине! Бірақ сен одан да ғөрі жақсы жазатын болуың қерек! Әзірше мені шапалақпен періп қалған ешкім жоқ. Бірақ періп қалса, таң қалмаймын! “Жақсы өлең жазған сайын сезеді ішім, қайтейін досспен бірге жау табамын”...

— Бұл сенің өлеңің гой.

— Рас, менікі. Бірақ жағдай ортақ қой!

Ол жымиып күлді.

Бірақ қанша күшті болсан да, қанша шыдамды болсан да өзіңе өзің ие бола алмайтын сәттерді талай бастан кешірдік. Сондай бір сәттер Жұмекен мен Мұқағалидың да бастарынан өткен төрізді. Бұл енді Алматыда емес. Талдықорған шаруашылықтарында болғанға ұксайды. Көргендердің айтуына қарағанда, сол айқастың кезінде Жұмекеннің бір уыс шашы Мұқағалидың уысында, Мұқағалидың ту сыртынан сөгілген қалың жейдесі Жұмекеннің қолында жүргенге ұксайды. Ол екі қошқардың не себепті сүзісіп қалғандарын білмеймін. Не Жұмекен, не Мұқағали маған ол туралы бір ауыз сөз айтқан жоқ. Олар қалған ғұмырларында бірін-бірі қатты сыйласп өтті. Ал шатақ шыққан кезде екеуі де қатты қызу, мүмкін тіпті қатты мас болған шығар.

Мұқағали марқұмды сондай бір буырқанған бура тұстарында бірнеше мәрте көргенмін. Жазушылар одағында ол әр хатшының есігін бір ашып, бөрліктіріп жүретін. Төзімдері таусылған Одақ басшылары күндердің бір күнінде Мұқағалиды мүшеліктен шығарып, фойзеге секретариаттың шешімін іліп қойды. Біз, біраз адам, бұл шешімге іштей қарсы болдық. Бірақ Одақ басшылары солай істеуге мәжбүр болған сияқты.

Жұмекенде ондай мінез жоқ еді. Ол не болса да іштей тынатын. “Өмірден өтер алдында Жұмекенмен көп сөйлескен Қадыр Мырзалиев болатын... Екеуі үйдің жанындағы стадионға кетеді. Ұз-а-ак сөйлеседі. Кейде сол серуеннен қатты ренжіп келіп жүрді. Оны не де болса Қадыр біледі. Қадыр “Жас Алашта” жарияланып жатқан “Иірім” атты туындысында біраз жайды айтып жатыр ғой. Бәлкім Жұмекен жайлы бір шындықты айтып қалатын

шығар” – депті “Жас Алаш” газетіндегі сұхбатында Жұмекеннің көп жыл отасқан зайыбы Нәсіп.

“Не болса да ол іштен тынатын еді” деп отырмын фой. Оның негізгі дерпті де, қасіреті де сол мінезіне байланысты... Жұмекен, қайталап айтам, аса еңбеккер, одан да дәлірек айтар болсам, бейнеткер еді. Бейнетін көрген адам Зейнетін де көруге тиіс емес пе? Бірақ мұндай компенсация бола қойған жок. Оның көрген зейнеті бейнеттің оннан біріне де татымайтын. Алғаны – бір ғана Комсомол сыйлығы. Оны Жұмекеннің бақайына тұрмайтын біреулер де алды. Ол бірнеше жыл “Жазушы” баспасының балалар әдебиеті редакциясында кіші редактор болып істеді. Ен өскен жері – “Мектеп” баспасында бөлім менгерушісі болды. Бұл өзі жұмысы көп, тынысы тар орын болатын. Нәсіп жанағы “Жас Алашқа” берген сұхбатында: “... Жұбан ағамызға барып жұмыс сұрапты... Алайда Жұбагаң орны үндірейіп тұрған үш орынға да жұмысқа алуға ыңғай танытпапты. Сол жолы қатты ашуланып келді... Келді де, ас үйге кіріп отырғанда айтқан сөзі өлі есімде: “... Е-ей, шал! Сен кімнің ақылымен мені жұмысқа алмай отырғаныңды білемін...” деп айтты дейді.

Бұл шаруаға мен өзім де араласқанмын. Аздап таныспын. Сөйте тұра көп мәселе маған жұмбак. Әсіресе, Жұмекенді жұмысқа алдырмай жүрген адам – мен үшін беймәлім. Ол туралы досым маған бір ауыз сөз айтқан емес. Егер ондай адам бола қалған күнде де, Жұбан ағамыз соны тындаі қойды дегенге өз басым сене алмаймын. Ол ондай шаруаға біреудің араласқанын мұлдем ұнатпайтын және құлағына да ілмейтін. Ал осы жерде айта кететін бір шындық – ағамыз Жұмекеннің ақындығын қатты бағалайтын. Сыйлайтын. Нәсіптің есінде болуга ти-

іс. Бірде ол өзінің ең қымбат деген қонақтарына Жұмекен екеуіміздің отбасымызды қосып шақырған... Ол тегін емес қой... Оның Жұмекенді жұмысқа алмай жүргені оны жек көргендігі не біреудің жамандап қойғандығынан емес, сактығынан. Оның осы мінезінен біразымыз зардап шектік... Әсіреле, Жұмекен...

Ал Жұмекеннің сол кездегі хал-жағдайына келетін болсам, ол маған әбден таныс. Бұл жағынан біздің ауруымызға шейін ұқсас.

Шаршаудың да түрі көп. Қара жұмыстан шаршаған адам бір-екі күн демалса болды – кунап шыға келеді. Ми жұмысы ондай емес. Оның психологиялық астары бар. Жұмекеннің шаршауы шегінен шықкан шаршау еді. Ол шаршау – шаршау емес – титықтау болатын. Шаршау – биологиялық, физиологиялық, жалпы адам атаулының бәріне тән ортақ құбылыс. Ал титықтауды соңғы жылдары дәрігерлер аурудың жаңа түрі, қауіпті түрі деп тапты. Ол бұрыннан белгілі стресс, депрессия деген дертке апарып соғады. Ал депрессия дегеніміздің “ угнетенность, подавленное психическое состояние” деп түсіндіреді. Бұл пәлені мен басымнан кешкенмін. Әнуар Әлімжановтың хатшы болған кезінде мен осы дертпен бетпе-бет келдім. Дәрігерлер маған кезінде кенес берді. Олар: “Осы бүгіннен бастап шығармашылық жұмысыңызды тоқтатыңыз. Демалыс алыңыз. Тенізге барыңыз. Әйтпесе, ауруыңыз нашарға шабады!” деді. Тыннадым. Пицунда шығармашылық үйіне тапсырыс беріп екі бөлмелі люкс нөміріне отбасыммен (төрт адам) барып жаттым. Сенсеніздер, сол Пицундада алғашқы күндерде есендіреп жүрдім. Ескі таныстарымның өзін танымай жүрдім.

Бұрыннан жақсы көретін Қарауылбек інімді қырғызың ақынымен шатастырып үятқа қалдым... Содан кейін мен қатты ойландым. Алматыға келген күні Әнуарға кіріп: “Мені жұмыстан өз еркіммен босатыңыз. Не болмаса осы жұмысты екі адам болып кезек-кезек істейік. Ол – алты ай, мен – алты ай... Әркімнің өз жоспары болады. Жұмыс зиян шекпейді. Ал біздер шығармашылықтан қол үзбей, көніліміз ток болады. Екінші вариант іске асқандағы ойым – Жұмекенді жұмысқа тарту. Ақын ретінде де, адам ретінде де Әнуар оған қарсы бола қоймайтын еді. Алғашқыда “бұл бір дұрыс идея екен” дегенмен, кейін келісім бермеді. Амал жок, денсаулықтан кымбат не бар, жұмысты тастауға тұра келді. Содан мен үйде он жыл отырып, өзімнің құдай деген сүйікті шығармашылығыммен шұғылдандым. Ауруымнан да айықтым. Ол жылдарды мен жазушы ретінде өзімнің ең бақытты жылдарым деп есептеймін. Ал Жұмекен олай істей алмады. Истемейін деген жок, істеуге мүмкіндігі болмады. Балалары жас, әйелі еш жерде истемейді, өзі истемейді. Сонда қалай күн көреді? Қамыты мойнынан түспеді. Жиырмада көтерген жүкті елуінде көтеру қын. Сол қыындық оны титыктатып тынды. Қырық тоғыз – мүшел жас. Ал мүшел жас әр кезде де қауіпті!

Мұқағали екеуміздің арамызда ешқандай киқілжің болған емес. Біз екеуіміз, шамамен 1959 немесе 1960 жылы таныстық. Оны маған Еркін Ібітанов ертіп келді. Мен Мұқағалиды, оның шығармашылығын, оның төңірегін тәп-тәуір білемін. Эйтсе де сол билетін жайлардың көбі кейбір достар арасында болмаса, көптің арасында, баспасөзде өңгіме етіп жату қолайсыз көрінеді. Не оған, не менің өзіміне

нұқсан келтіретін екі жұзді үстара тәрізді. Оның үстіне куәгерлердің көбі марқұм болып кеткен. Сен-бесендер, пәленшеден барып сұрандар деп, сілтей салуға мүмкіндік жок. Сондықтан Мұқағали туралы естелік жазып берінізші деп өтініш жасаған газет-журналдарға қолқаларын орындаі алмай, ұтты болып келемін. Енді, соның бәрін болмағанмен, бір-азын ортаға салып көрсем деймін.

Жаздың қак ортасы. Шілде-тамыздың бірі. Үйден шығатын кез емес. Құн күйіп тұр. Бірақ бір мұтаждық мені желкелегендей қылып Жазушылар одағына алып келді. Тұскі тамактың кезі. Ешкім көрінбейді. Жоғарғы үшінші қабатта “Жұлдыз” бен “Казак әдебиеті” газетінің редакциялары орналасқан. Көтерілген бойда сол жақ дәлізге бұрылдым. Кабинеттердің бәрі бірдей ашық. Бірақ тірі адам байқалмайды. Тау жақ түкпірдегі соңғы бөлмеге беттедім. Барсам, ортадағы биік үстел үстінде бір мұжілген қойдың басы, қымыздан босаған екі шиша. Оң жақ түкпірде бір желдеткіш жұмыс істеп тұр. Қой кетейін дедім де, әлденеден секем алып, есікті қайта ашып, желдеткіш жакқа карадым. Карасам, біресе онға, біресе солға бұрылып салқын айдал тұрған әлгі желдеткіштің ар жағында кәдімгі кепедей үлкен (кешірерсіздер) бөксе көрінеді. Талтайған екі бұтының арасында салбыраған адамның басы. Тани кеттім. Мұқағали! Соның басы! Менің есім кетіп, ұнсіз қалдым.

— Мұндай кезде не іздел жұрсін, қызталақ?! — деп Мұқағали тұрып келе жатты.

— Есігінді жаппайсың ба одан да! — дедім есімді жиып.

— Менің жұрттан жасыратын бірденем жок! — деді ол.

— Көрсететін де ештеңең жоқ қой!
— Бар! — деді ол. Біраз уақыт салбырап түрған-
дықі болуы керек, екі беті қып-қызыл.

Ол өзі өте тершең жігіт еді. Қалталарындағы бет-
орамалдары өмірі құрғамай, келесі құні де дымқыл
тартып тұратын. Аспан айналып жерге түскен нағыз
ыстықта бір қойдың басын бір өзі мұжіп, екі шиша
қымыз ішіп алған соң, қалай терлемейді! Мұндай
құндерде онда жалпы береке болмайды. Қоңыр сал-
қын үлкен фойнің өзінде ауа жетпей, желпінеді де
отырады. Тап осындағы сәттерін андып жүретін Аскар
Сұлейменов келе қалды. Мұқағалиға шүйіле бір қа-
рап алады. Қандай жағдайда отырғанын өбден біледі.
Әсіресе, кеше көбірек ішіп, бүгін бас жаза алмай, ма-
засы кетіп, ит бол отырғанын байқаса:

— Шіркін-ай, осындауда бір сапты аяқ салқын
сыра, бір сұнгі ыстық көуап болар ма еді?! Қайда
кеткен өлгі әшейінде қаптап жүретін ауылдың ак-
шалы ақындары?! — дейді садизм мектебін алтын
медальге бітіргендегі Аскар марқұм.

Онсыз да өбден басы қатып, миы ашып отырған
Мұқағалидың екі шекесі шып-шып терлеп, ыстық
мандайдан сүкіп тер сауылдай бастайды. Біраздан
кейін:

— Қызталақ! — деп орнынан тұрып кетеді.
— Менде бір кешеден қалған тыын-тебен бар
сияқты еді ғой! — деп Аскар әдейі қалталарына қол
жүгірткен болады. Кетіп бара жатқан Мұқағалидың
көтеріле берген аяғы жерге түспей, аспанда ілініп
тұрып қалады.

— Қапп! Қыза-қыза келгенде бәрін ішіп қойып-
пын ғой! — Мұқағалидың аспанға ілігіп қалған үміт-
кер аяғы сылқын етіп жерге түседі. Өз сөзінің сондай
әсерлі шыққанына Аскар сондай мәз болады.

Газет-журналдар бар, толып жатқан баспалар бар. Айна бір рет емес, бірнеше рет қаламақы ала-мыз. Ең бастысы – алатын ақшан болсын. Қалғанына қиналып керегі жок. Сондай қаржыға қарық болатын қымбат күндердің бірі еді, бір емес, екі кітаптың қаламақысын алып, Жазушылар одағынан шығып келе жатыр едім, Мұқағалиға жолыға кеттім. Шынын айтайын, бұл жолығыстан жақсылық күткем жок.

– Жолыққаның жақсы болды! Маған сен керек едің! – деді ол.

– Не үшін?

– Ішу үшін, әрине! Мен бүгін көп ақша алдым!

– Менің бүгін қолым тимейді!

– Қолым тимегенді қой! Менде мұндай ақша бола бермейді!

– Шын айтам, Мұқаш! Сен мені қинама, шаруам бар!

– Қинағанда қандай! Мен сені жібермеймін!

Төбелесесін бе, не істейсің?! Еруге тұра келді... Мұндайда бәріміздің ат байлайтын жеріміз бір – “Алматы” қонақ үйінің жоғарғы қабаттағы буфеттері! Соның біреуіне тоқтадық. Барсак, өзіміздің жігіттер отыр. Жарасқан, Шөмішбай, аударма редакциясының аға редакторы Атығаев.

– Келіндер! Келіндер! – деді олар жандарындағы бос орындарды көрсетіп. – Жоғарыландар! – Соңғы келгендер мұндайда қонақ іспетті. Шөмішбай орнынан тұрып, даяшыларға тапсырыс берді. Олар жана ғана бастаған ішіске біздер келіп қосылдық. Откен күнгі ішіс – алдыңғы күннің, ал алдыңғы күнгі ішіс – одан алдыңғы күннің жалғасы. Не айттып, не қойғанымыз есімде жок, әрине! Бір қарасам, рюмкалар босап, үстелдегі тамақ таусылып-ақ қа-

лыпты. Енді мен бірдене алайын деп ниет білдіріп едім, Мұқағали:

— Сен тұра тұр, мен аламын, — деді.

— Жол менікі ғой!

— Қашанғы сенікі болады? Менікі! — деді сөзге басқаша бір мән бергендей.

— Жоқ, сенің өзің тұра тұр! Менің алуым керек!

— Жоқ! Мен алам! Таласа беретін болсан, былай істейік! Кімнің қалтасындағы ақша көбірек болса, сол алсын! — деп қалтасынан уыс-уыс ақша шығарды! Уыс-уыс болғанмен ұсақтау екен. Амалсыз мен де шығардым. Менің қаржым қомақтылау және молдау көрінді.

— Сен-ақ жол бермедің-ау! Кес-кестеп алдыман шығасың да тұрасың! Бәрібір мен алам! — деп орынан тұрып кетті. Естіп отырмыз буфетші қыздардың намысына тиетін сөздер айтты. Әшейінде “Мұқа, Мұқа!” деп бәйек болатын таныс келіншектер шынымен ашуланды-ау деймін.

— Милиция шақыру керек! — деді біреуі.

— Қазір! — деп екіншісі телефонға жармасты. Осының бәрін көріп отырған Атығаев ағамыз:

— Қадыр! Сен енді тез жоғал! Мына ақшамен милиционердің қолына түссен, ертең бір тының да қалмайды! — деді. — Тез жоғал!

— Үят емес пе?! Сендерді тастап қашқаным??

— Ешқандай ұяты жоқ! Сен кінәлі емессің! Бар! Бар! Тез! Әйтпесе қас пен көздің арасында жетіп келеді, — деп мені қолтығымнан демеп, өзі тұрғызып жіберді. Мен шығып бара жатқанда шынында да бір топ милиционер лифтіге мініп жатты.

Мұқағали мас болатындау үақыт өткен жоқ. Мас болғанда да ол мұндай мінез көрсете бермейтін.

Не сайтан тұрткенін түсінбедім. Келесі күні Жазушылар одағынан Мұқағалиды көріп:

— Кеше сен не істедің білесін бе? — дедім көдімгідей ренжіп.

— Ренжіме! — деді ол мені арқамнан қағып. — Кеше мен сені арандатып, он бес күндікке бірге ала кетейін деп ойлап едім, сөті түспеді!

— Жындымысың? О не дегенің?!

— Ешқандай жындылығым жоқ! Бәрі ойланып істелген шаруа! Екеуміз бірдей он бес күндікке жатып шығамыз! Екеуміздің мәселеміз Жазушылар одағында бірге қаралады. Сенің фамилияң менің фамилиямның жаңында жүреді! Болды! Маған басқа түк керегі жоқ! Мен қашанғы жалғыз маскүнем болуым керек?!

— Осындай да қалжың бола ма?

— Болады! Болғанда қандай! Мұндай өрекет кімнің қолынан келеді?! — деп күлді. Мен оған шынымен ренжідім де, одан әрі сөйлесіп жатпай, тайып тұрдым. Бірақ бармайын десем де жұмыска бара-мын. Қөрмейін десем де Мұқағалиды көремін! Ол бұл жерде жұмыс іstemесе де, жұмыс істейтіндерден бұрын келеді. Ауырған басты елден бұрын жазады. Содан соң “Жазушы” баспасының поэзия редакциясына соғады. Бізде оның екі мықты құрдасы істейді. Біреуі өзі секілді ірі, сүйекті және етженді Әнуарбек Дүйсенбиев. Екіншісі арық, іші-ішіне қабысқан Шәміл Мұхамеджанов. Бір стакан шараппен тарылған тамырларын кеңітіп, басын жазып алған соң, біздің редакцияға соғады. Өйткені тырысқан тамырларын босата алмай отырған аянышты халдегі құрдастарына бүйідей тиу керек. Мұқағали негізінен, өзілге жоқ, биязы жігіт. Бірақ жұтқаннан кейін жығылған жұндері тұрып, жалы күдірейіп, бір

қалжың дайындал келіп, өзірлігі жоқ екі құрдасының жүйкелерінде ойнап, мәз болып үйіне қайтады.

— Кайран арман-ай! Арман! — деді кезекті бір келгенінде. Жігіттер бастарын жазбак түгіл қолжазбаларын алып, алдарына қойып үлгермеген кезі.

— Сенің көnlінен қоныс тауып, тыныш жатқан нағылған Арман ол?! — деді Әнуарбек Дүйсенбиеев.

— Арман! Арман! Арман болғанда қандай?! Әнуар сен ат болсан, аң аулауга жарамайсын! Сен — жүк тартатын жылкысын! Ен дұрысы соғымға лайыксын! Әйтсе де сені сыйлагандықтан арғымактың орнына мініп, ана итиген Шемілді тазы орнына ертіп, мына Қадырды қаршыға қылып, қолыма қондырып, аңға шықсам деп едім! Арман ғой, арман! — деді Мұқағали жолда дайындаған сөзін тамсана айтып.

Әнуарбек пен Шеміл жауап таптай біраз отырды. Өйткені олардың шлюздері жабық. Тамырлары тырысып, дұрыстап қан жүрмей жатыр. Бір сағаттан кейін шылым шеккен болып Шеміл шығып кетеді. Көп жогалмайды. Жарты сағаттан кейін оралып ұзақ уақыт үнсіз отырады. Бірақ ол кезде Мұқағали болмайды.

— Шәке! Үнсіз қалдыңыз ғой! — дейді бәрін сезіп отырган Тұманбай.

— Шыдай тұр кішкене! — деп Сағи сағатына қарайды. — Жарты сағаттан кейін өзі-ақ сөйлей бастайды! — Шынында да солай.

— Абылай хан данғылы мен Гоголь көшесінің қылышқан жерінде бес-алты жыл тұрдым. Екінші есік, алтыншы кабатта. Бір көршіміз әрі әнші, әрі ұстаз Әмина Бапина (Нұфманова) болды. Бір күні жұмысқа кетіп бара жатып, лифт алдында сол апа-

мызбен жолығып қалмаспын ба?! “Бері жүрініз!” деп ол мені үйіне алып кірді. Содан соң сіңлісіне:

- Кешегі болған оқиғаны айтып берші! – деді.
- Сізге белгілі ғой. Сіз айта берініз!
- Жоқ, өз аузыңдан айт!

– Аға, мен үйге үнемі троллейбуспен қайтам. Кеше де солай болды. Бір кездे сол мен отырған троллейбусқа Мұқағали ағамыз отырды. Мас-ау деймін, сірә! Кірді де қозғалмай отырған бір топ қазақ жастарына:

– Мен қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиевпін! Немене білмейсіздер ме? Мені білмегендегі кімді білесіздер?! Мені танымағанда кімді танисыздар?! Неге орын бермейсіздер? – деп жанымызды шығарды.

– Сіз Мырзалиев емессіз! Мен ол кісіні жақсы білем! Ол кісі біздің есікtes көршіміз! – дедім шыдамай.

– Жоқ! Олай болу мүмкін емес! Мырзалиевпін деп жүрген Хлестаковтардың бірі шығар! Ал сен, пысық неме, елді шатыстырмай жөніңе жүр! – деді де тез-тез түсіп қалды.

Сол күні жұмыс аяғына қарай қалбалактап Мұқағали келе қалды. – Әй, Мұқаш, кешегі троллейбустағы қылығың не қылық? – деп жабыса кеттім.

– Кайдағы қылық?! – деді ол ештеңе мойында-май. Сол мойындағаннан мойындармай кетті.

Адам басқаны бағалай алмаса да, өзін-өзі бағалауга, тіпті асыра бағалауға шебер! Сөйтеп тұра дарынды ағайын өзге біреулерге қызыға да біледі. Өз басым, мысалы, Жұмекеннің бүкіл шығармашылық жолын мойындаі отыра, оның кейбір шумактарына, тармақтарына ерекше бас ием. Аса жоғары бағалаймын! Оның бөрін бірдей ортага салып талдан жату-

дың керегі не?! Әзірше бір ғана шағын мысал келтірейін. “Күй” деген өлеңіндегі Жұмекен марқұм:

Женілдігі көбіктей,
Ауырлығы табыттай! –

дейді.

Осы бір егіз жол, әсіресе, сол егіз тармақтың екінші сынары маған өмір бойы тыныштық бермей келеді! Бүкіл ақындық болмысыннан қатты қызығам. Бірақ сол бір ғажайып тармақты Құдай менің аузыма салмай, Жұмекеннің аузына салғанын көрмейсің бе? Не деуге болады? Не істеуге болады?!

Немесе, Мұқағалидың ақ қайың туралы өлеңін еске түсірелік:

Жапырақ-жүрек жас қайың,
Жанымды айырбастайын.
Сен адам бола бастасан,
Мен қайың бола бастайын,
Келісесің бе, жас қайың?!

Не құдірет барын білмеймін, осы өлеңді өлердегі жақсы көрем! Неге? Неге? Түсіндіріп көруге болады, әрине! Бірақ соның бәрі, өлеңнің өзімен салыстырғанда жай сөз болып қана шығады. Өлеңнің қадірін кетіріп, бағасын түсіресің. Тіпті обалына қаласың!

Қапысыз сөйлесіп, қалтарыссыз сырласып, татаусыз тірлік кешіп жүргенде менің де бір байқағаным – Мұқағали да менің көптеген дүниемді ұнататын. Сөйті тұра сүйсінуіміз бір болғанмен, түйсінуіміз өркілы болатын. Қателессем, Құдай өзі кешірер, оны көбіне пенделік женіп кете беретін-ді.

– Сені, сенің өлеңдерінді біздің ауылда өте жақсы біледі. Жақсы көреді. Жатқа оқиды. Неге

екенін білмеймін, көбіне-көп сен солардың ойынан шығасың... Маган тіпті мән бермейді. Адамның өз жерінде, өз ауылында қадірі болмайды-ау деймін, сірә!

Мен оның бұл сөзіне, бұл мұнына таң қалмаймын. Өйткені мені алдымен ақын деп мойындаған өз ауылым емес. Басқа облыс оқырмандары! Алғаш рет жылы қабылдап, бірінші боп хат жазғандар Абай ауданының адамдары. Жасыратыны жок, бұл мені қатты қуантты. Келесі алған хаттарым Атырау және Түркістан тұрғындарынан болды. Мен Мұқағалиға осыны айттym. Бірақ менің бұл сөзім оны жұбата алмады.

— Бәрібір сен бекер ақын болғансың! — деді түйеден түскендей.

— Неге? — дедім, түкке түсінбей. — Мен немене жаман ақынмын ба?

— Жоқ! Құдай сақтасын! Мен олай деген жоқ-пын ғой!

— Ендеше жаңағы сөзінді қалай ұғуға болады?!

— Қалай түсіндерсем екен? Былай ғой!... Сен осы өлең жазбай-ак та, жақсы өлеңдердің авторы болмай-ак та, әлемге аты шыққан адам болатын едің!..

— Не деп отырсың өзің?! Қалай өйгілі болам?!

— Мысалы, сен дәрігерлер институтын бітіріп, бейдауа, яғни рак ауруын зерттеп, соның емін тауып, саған бүкіл дүние жүзі болып алтыннан көзінің тірісінде ескерткіш орнатар еді! Ал мен,... ал мен Қазақстанда бірінші ақын атанып жүрер едім ғой!...

— Түү! — дедім мен. — Одан да сен өзің сол дәрігерлік институтқа түсіп, өзің айтып отырған бейдауамен неге шұғылданбадың? Алтын ескерткіш көзінің тірісінде өзіңе орнатылмайтын ба еді сонда?!

— Жоқ! — деді Мұқағали. — Ол менің қолымнан келмейді. Ал сенің қолыннан келер еді. Құдай біледі, келер еді!

Бұдан бірнеше жыл бұрын, Мұқағали радиода диктор болып істеп жүрген жерінен бәрін тастап, ауылына тайып тұрады. Ол — ұлken бір мақсатқа қол созар алдында ойланып жасалған саналы жоспар еді. Сондықтан да ол қарап жатқан жоқ. Менің болжаяымша ол ауылда жүріп ішіп те жарытпаған шығар. Оқумен, ізденумен, жазумен шұғылданып, енді астанасыз болмайды-ау деген кезде Алматыға кайтып оралады. Жайғана оралған жоқ, көшіп келді. “Жұт — жеті ағайынды” дейді қазактар. Осы кезде Мұқағалидың тағдырында қат-қабат қындықтар пайда болады. Бір баласын мотоциклъ қағып өлтіреді. Орталық Партия Комитетінің ресми органы болып табылатын “Социалистік Қазақстан” газетінде тұрақты қызметкер ретінде қызмет істеп жүреді. Сол үшін елге барып өтіп келген партиялық билетін жогалтады. Онысын ол кезінде партия үйіміна айттып, қалпына келтіруге әрекет етпейді. Дәлірек айтсақ, айтуға тәуекелі бармайды. Қорқады. Сөйтіп жүріп бірнеше айдың партиялық жарнасын төлемейді. Өстіп тығырыққа тіреліп, не істерін білмейді. Мұның бәрін мен ойдан шығарып отырғаным жоқ. Қыскасы, қасіреттің қара бұлты қалындаі түседі, қалындаі түседі. Мұқағалидың жарық күні сол қара бұлттың астында енді қайтып шықпастай ұзаққа жогалады. Біреулердің айтуына қарағанда, оған отбасының итіркүлжың тірлігі келіп араласады. Сол шыргаланнан шығар суыртпактай да жол таппайды. Басын тауға да соғады, тасқа да соғады. Миы әбден ашиды. Ашыған ми бір күндері енді қайтып жоламаспын деп жүрген сыраханаларға қақпайлап

әкеледі.. Арақ деген өзәзіл мойнына мініп алады. Абырой шайқала бастайды.

1966 жылы “Ой орманы” кітабы үшін мен Қазақстан Комсомолы сыйлығына ие болдым. Соны жу деп бір топ қаламгер Жазушылар одағында мені ортаға алды. Бұл өзі жаз айларының орта шені болатын. Бухгалтерияға кіріп қыздардан қарызға біраз ақша алдым да, қазіргі “Алтын алма” думанханасына сырға сусаған, арақты аңсаған он шакты ағайынды ертіп бардым. Топтың басында – Тахауи Ахтанов, ең соңында – Мұқағали екеуміз. Сол жолда келе жатқанда Мұқағали маған: “Қадыр, мен тұнде бір шелек қан құстым!” деді. Организмі болаттай берік Мұқағали содан кейін де он жыл шықады. Барлық пәле жалғыз ішімдіктеғана емес, мен жоғарыда шолып өткен келенсіз құбылыстар ақынды жегідей жеп қойды. Ол аз болғандай шабытына жаңа мініп енді-енді шынайы шығармалар жаза бастаған Сағат марқұм ағасының жанды жеріне селебе сілтеді. Тіпті орынсыз кінәлады. Бұтін нәрсесін бұлдірді. Сынамайтын нәрсесін сынады. Сынап қана қойған жоқ, сұлу дүниелеріне сына қақты. Бұл үлкен қиянат еді... Мен Мұқағалидың қырқына қатынастым. Сонда Сағат марқұм ақын туралы өзі жазған мақаласына кереғар, тіпті қарама-қарсы пікірлер айтты. Оның қайсысы шын, қайсысы жалған – жауабын өзі біледі. Қайткенде де біреуі – өтірік. Сол бір өтіріктің өзі Мұқағалиды өлтіруге жетіп жатыр еді!

Мен қазір Мұқағали бірінші ақын еді десем, ол одан бірінші болып кетпейді, оныншы ақын десем, одан оныншы ақын болып орнығып қалмайды. Бірақ ақиқатпен бірден астасып кете қоймаса да оған бірінші ақынсың деген ұнайтын. Ондай ауру ақын ағайындардың бәрінде бар-ау деп қорқамын. Иә,

солай бәрі дерлік дәмелі, бәрі дерлік ауру. Тек асқынның әртүрлі. Ғафу ағамыз жақсы көрген інілеріне “менен кейінгі жақсы ақын сенсін!” дейтін. Ал екінші орынға ие болған әуейі ақын міндетті түрде бірінші болғысы келеді. Бұл дерптің басы.

Бірде біздер Жұмекен, Мұқағали және мен үшеуміз “Қаламгерде” сырласып отырып, сілтеңкіреп жіберсек керек, сол кездегі Үкімет үйінің солтүстік жағындағы гүлзарға барып, әңгімемізді жағастырмак болдық. Өз басым мазам кетіп, қиналыңқырап отырдым. Олар ұзақ әңгімелесті. Бірін естідім, бірін естімедім. Құлағым түбінде бірдене күмбір-күмбір етеді. Бірақ анық емес. Әңгімеге араласқым келсе де араласа алмадым. Мұқағали бір кезде:

— Осы үшеуміздің қайсысымыз мықтымыз? — деді. Содан саясат жасағысы келді ме, әлде шын ойыма, Жұмекен:

— Мынау! — деді. — Мынауы мен болуым кепрек, сірә.

— Өте дұрыс! — деді Мұқағали, — ал екінші ақын кім!

— Сенсің! — деді Жұмекен ойланбастан. Ол барып түрган рыцарь болатын.

— Өзім де солай ойлаймын! — деді Мұқағали, мәз болып.

— Ал енді өзін де солай ойласан, қателесесін!
— деді Жұмекен.

Келесі күні Жұмекенге кездесіп:

— Кеше осы сендер не туралы әңгімелестіңдер?
— деп сұрадым.

— Мемлекеттік, халықтық мәселемен шұғылдандық. Бірінші ақынның кім екенін анықтадық. Бірауыздан Сен деп таптық.

— Ал екінші ақын кім болды? — дедім мен күліп.

— Сол орынды Мұқағалиға қып, “Сенсің” деп едім, “өзім де солай ойлаймын!” дегені. Егер “өзің де солай деп ойласаң, мен өз пікірімді қайырып ала-мын!” дедім. Сонымен екінші орын шешілмей қал-ды, — деді Жұмекен, көзі сығырайып. Қуланған кезде Жұмекеннің екі көзі жұмылып кететін. Мен қат-ты құлдім.

— Неге құлесің? — деді ол.

— Сендердің осы әңгімелерінді Хамит Ергали-ев естісе ғой! Не дер еді?! — Енді Жұмекен мәз бо-лып құлді. Бір емес, әртүрлі ой келген болуы керек, құлқісін оқыс тыыйып:

— Қап! Хамаңа обал жасаппыш-ая!

— Ендеше маған берген бірінші орынды қайта-рып алындар! Екінші орында да шаруам жоқ! Жал-пы бұл қайдан шыққан әдет?! Бала болып кеттіндер ме?!

— Шынында да балалық қой!

— Жоқ! Балалық емес, дерт! Дерт болғанда да ескі дерт! Мұнымен агаларымыздың бәрі ауырған! Хамит пен Қалижанның тәбелесі де содан шыққан! Жұмағали Сайнның бунты да содан шыққан!

— Ол қандай бунт?

— Естімен пе едің?

— Жоқ!

— Жұмағали Сайн ағамыз өте қызық адам болған. Бірде президиум мәжілісіне сәл кешігіп келсе, жүрттың бәрі жоғарыдағы жақсы орындарға оты-рып алса керек. Сол отырып алғандардың ішінде Жұмекен ақын деп мойында майтын біреулер болғанға ұқсайды. Мәжіліс басталар басталмастан аға-мыз орнынан тұрып: “Құрметті тәрағасы! Осы пре-зидиум немен шұғылданады өзі?! Меніңше ол ең алдымен өдебиетте кімнің орны қай жерде, соны

анықтауы керек! Басқа жұмыстармен содан кейін барып шұғылданған жөн” дейді.

— Біз өзі о бастан онып тұрған жоқ екенбіз гой!

— Абай атамыздың өзін ал! Айтысатын тірі ақын қалмагандай кейін сүйектері қурап қалған Бұқар жырау мен Шортанбайға тиіседі!

— Біз өздеріміз ше? — деді Жұмекен. — Онып тұрмыз ба?

— Онып тұрған жоқпыз, әрине!

Жалпы пендешліктен биіктеу тұрған жазушы таба қояр ма екенбіз.

Мұқағали марқұмның алпыс жылдығы қалай өтті?! Керемет өтті! Салтанатты жиын Опера және балет театрында болды. Ақынның туған ауылына жарты Алматы көшіп барды. Мұқағалиға арнап салынған мұражайдың салтанатты ашылуы болды. Мұндай мұражай қазақ классиктерінің тоқсан пайзында әлі күнге шейін жоқ! Өзі тұрғызып кетпегенде Мұхтар Әуезовтің өзінде де болмас еді! Жүрттың бәрі таң қалды.

— Бізге де осындей ескерткіш мұражай салады екен деп мезгілсіз өліп қалып жүрменіздер! — деп қалжыннадым мен.

— Осынша құрмет көрсететін кім еді ол?! — деді дауыстап менің жанымда жақын келе жатқан Бердібек Соклакбаев агасы. Оны елдің көбі естіді. Ешкім бірақ “мұныңыз дұрыс емес!” деп қарсы дау айтпады.

Бір жазушы замандастырылған жаназасында “Қазақ бәрін кешіреді, тек тірі жүргенінді кешірмейді” деп қалдым. Не себепті айттым, ол есімде жоқ. Оқыстау сөз болды. Бірақ әрбір оқыс сөздің түбінде де ұзақ жылдар бойына іште піскен ой жатады.

“Осынша құрмет көрсететін кім еді ол?!” Бекен бұлай деуге тиіс емес еді. Бірак деді. Демек, бұл сөздің түбінде де бір мән бар, ен бастысы мұн бар! Мен Бердібек Соқпақбаевты ерте таныдым. Тіпті өзін көрмей жатып білдім. Әрине, кітаптары арқылы. Кейін “Балдырган” журналы ашылып, екеуміз де сол журналға әдеби қызметкер болып орналастық. Бекен ол кезде Мәскеудегі Жоғарғы Әдеби курсты бітіріп жақындаған елге оралған. Жайғана оралған жок. Жаңа бағыттағы жаңа жазушы, балалар әдебиетінің классигі болып оралды. Бұкіл Кенес әдебиетінің, соның ішінде Қазақ кенес әдебиетінің жалған бағыттағы жәдігөй әдебиет екенін түсініп келді. Республиканың республика емес, колония екенін үғып келді. Сол жылдары Ташкентте Азия және Африка жазушыларының халықаралық конференциясы өтті. Міне, осы конференцияға Нұрсұлтан Әлімқұлов деген ақын екеуі “Бізді арнайы шақырыңыздар! Біздің айтатын уәжіміз бар. Біз отарланған елде өмір сүріп жатырмыз...” деп телеграмма беріп, біздің саққұлақтарды біраз састырган. Ол заман үшін мұның өзі барып тұрған ерлік болатын. Жайғана ерлік емес, көзсіз ерлік! Ол кәдімгі қан қақсаған сорлы әдебиеттің ышқына шыққан жан дауысы еді. Осыдан ширек гасыр өткен соң Бердібек ағамыз ойда жоқта опат болды. Оны қала сыртындағы саяжайында асылып тұрған жерінде арқаннан сурып алды. Бұл, әрине, жұмбак жағдай. Бірак түсінетін адам үшін жұмбак түгі де жок! Ол кек, Қауіпсіздік комитетінің кегі болатын. Құдай біледі солай!

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының қырық жылдық ұлы тойындағой деймін, ұмытпасам, Балтық жағалауынан келген бір делегация же-



текшісі өзінің құттықтау сөзінде небары екі-үш қазақ жазушысының атын атап өтті. Соның бірі Мұхтар Әуезов болса, екіншісі Бердібек Сокпақбаев еді.

Міне, сол Бердібек Сокпақбаевпен жаңадан ашылған “Балдырған” журналының редакциясында бірге отырдым. Қөп сөйлестім, көп сырластым. Ол өзі осы жұмысқа келерде алдын ала келісіп алған болуы керек. Тұске шейін сағат он бірлерде редакцияға соғып, екі-үштерде үйіне қайтып кететін. Айна бір рет қана шығатын балалар журналының көлемі тіптен шағын. Бекен небары үш-төрт-ак әңгіме дайындаиды. Тұскен хаттарға жауап береді. Қебіне-қөп редактор мен жауапты хатшы болмай, біз екеуміз ғана отырамыз. Кейде тұскі тамаққа бірге барамыз... Содан бері қаншама жыл өтті. Бекен сол күйінде бүкіл болмысымен менің көз алдында.

Ол кісінің сағат он бірде келетініне біз бәріміз үйреніп алғанбыз. Бір жақсы қасиеті есікті ашқаннан Бекен күліп кіретін. Жалпы ол жайдары адам болатын. Сол күлген, жымиған күйінде орындығына жетіп отыратын. Содан кейін төсқалтасынан ақырын ғана тарағын алып, шашын тарайтын. Иығына қонған қайызғақтарын қағып тұсіретін. Тарагын үрлеп-үрлеп, төсқалтасына қайта салатын. Содан кейін барып, тартпадағы қолжазбаларды суырып алып, алдына қоятын.

Бір ғажабы – жазуға ұқсамайтын. Барып тұрған электрокардиограмма! Ирек-ирек болып келеді де, шошаң етіп жоғары шығады немесе күрт төмен түседі. Басқалар түгіл, кейде өзі де танымайды. Машинистка апайдың келгенін күтеді. Бердібек ағамыздың жазуын сол кісі ғана ажыратып оқи алады. Ал ол кісі ауырып қалса немесе кешігінкіреп

калса, Бекенің жағдайы жағдай емес. Жұмыс тоқтайды.

“Өлгендер қайтып келмейді” романынан кейін Бекен біраз уақыт үнсіз қалды. Анда-санда жолық-қанда жылы ұшырасып, құшақтап көрісеміз. Мен ол кездерде “Жұлдыз” журналына ауысып кеткенмін. Ол кісі де жұмысын тастап еркін шығармашылықта көшкен.

— Беке, не жазып жүрсіз? — деп сұраймын.

— Не жазушы ем? Түк те жазып жүргем жок. Менен маскүнемдер жақсы! Олар ең болмағандан бастарын жазады! Жазбайын демеймін, өрине! Жазғым-ақ келеді. Бірақ ақиқатты айттырмайды. Өтірікті жазғым келмейді! — дейді ол бір жағынан өзілдеп, бір жағынан мұнайып.

— Жазушы болып жаратылғаннан кейін өйтеуір бірдене жазуымыз керек қой! Жазушы жазбай жүре ала ма??

— Жүре алады! Қын! Бірақ амал жок!

Бекенің бұл жауабына мен ешқашан сенген емен. Әлі де сенбеймін. Құдай біледі. Бекен бірдене жазып жүрді. Бірақ Азия – Африка жазушыларының Ташкентте өткен конференциясынан кейін көдімгідей қорқып қалды. Өйткені ол содан кейін КГБ қадағалауына тап болды. Оған ешқандай күдігім жок. Әйтседе, қайталап айтам, ол бір мықты шығарма жазды. Ресей жазушылары жасырын жазған дүниелерін шетелдерге шығарып, жарияладап жатты. Бекен оны жақсы біледі. Ондай мүмкіндікті ойламады дейсіз бе?! Ойлады, құдай біледі. Бастыруды мақсат етпесе де, жазып бітіруді мақсат етті. Жаз күндерін көбіне-көп саяжайда өткіzetтін. Сол көлденен қөзден аулақта тек арамшөп отап жатты дейсіз бе? Бірдене түртіп те жатқан шығар. Бірақ айналдырыған



жау алмай қоймайды деген. Бекеннің, өсіреле қолжазбасының соңына түскен тыңшылар түбіне жетіп тынғанға ұқсайды. Егер менің осы болжамым рас болса, онда ол қолжазба мүлдем құрыды! Бұдан артық қандай қасірет болуы мүмкін!.. Өмірінің соңғы күндерінде Бердібек ағамыз көп нәрседен түніле бастаған-ды. Төніп қалған қара бұлтты қатты сезінген болу керек!

Қазақстан Жазушылар одағында екі жылда бір рет Мемлекеттік сыйлыққа ұсыну науқаны жүріл өтеді. Сондай айтыс-тартыстың бірінде Бекеннің “Өлгендер қайтып келмейді” атты романы жүйріктер жарысына косылып-ақ кетті. Алғашқы айналымда ең көп дауыс алған да сол шығарма болды. Ағамыздың көніліндегі өшіп бара жатқан үміт отықайта тұтанып, қайраты қайта оянғандай болды. Бірақ екінші және соңғы айналымдарда әділқазылар алқасы ойда жоқта оқыс пікірлерін өзгертіп, бәйге Бекене бүйірмай, Бауыржан ағамызға бүйірдыш. Бір себептен бұл да дұрыс еді. Ал ең дұрысы – екеуіне де беру керек еді. Бірақ біздің ағайындарға онда ақыл біте қоймаған, қайтесін енді! Сол-сол екен Бекен шөгіп кетті.

Тап осы арада біреуді қаралап, біреуді актап көрегі жок. Ұсынылып отырған екі кітаптың екеуі де сыйлыққа лайық туындылар. Бірақ жоғарыда отырған ақылгөй азаматтар орынды шешім таба алмады. Жеме-жемге келгенде Бауkenнің беделі басып кеткен болуы керек. Бердібек өз мұны, өз қасіретімен жекпе-жек оңаша қалды.

Бауkenді де бақытты адам деу қын. Бір батырынан биік, бір генералынан жоғары тұрған талантты тұсамайтын жерде тұсап, тізгіндемейтін жерде тізгіндең, қаншама жыл кірілтар қылыш қойдык!

Мен ол кісіні жақсы білем деп айта алмаймын. Эйтсе де Баукеңнің аса ірі азamat екеніне талай рет күә болғанмын.

Бірде біздер, бір топ жас әдебиетшілер, “Жұлдыз” журналында қызмет істеп жүрген кезде түскі тамақта шыққалы редакцияның кіре берісінде үйлігіп тұрғанбыз, телефон ойбайлап қоя берді. Қолы ұзындауымыз Зейнолла Серіккалиев болатын, трубканы сол көтерді. Бәріміздің көзіміз сонда. Ол бір қызарды, бір бозарды. Бір бозарды, бір қызарды. Бір тұрды, бір отырды. Ақыр сонында:

— Сіздің де өкеніздің аузын... — деді.

Бұлтсыз күні найзагай ойнап, күн күркірекендей болды. Бәріміз бірден үрпиісіп қалдық.

— Не болды?

— Не болды?

— Не болып қалды? — дедік.

— Ештеңе болған жок! — деді Зейнолла сабыр сақтағансып. Бірақ өзі тісін шықырлатып, екі қолын үкалай берді.

— Кім өзі?

— Таныс адам ба? — десек, үндемейді.

Біз шығып кете алмай, есік алдында ошарылып, әлі тұрмыз. Он-он бес минут өте бере есікті шалқасынан айқара ашып, біреу кіріп келді. Кіріп келген адам емес, дауыл тәрізді. Шинелінің түймесін салып та үлгермеген. Папахасын кимей, қолына ұстаған. Мұрты тікірейген бір әскери адам, кәдімгі Баукең, Бауыржан Момышұлы!

— Ассалаумагаләйкум! — деп қолдарымызды ала жүгіріп едік.

— Отставить! — деді айқайлап. — Жаңа менімен сөйлескен жігіт қайсысын?!?

— Мен! — деді Зейнолла.



— Мо-ло-дең! — деп, Баумен өз колын ұсынды.

Баумен бойында дала мінезі мен әскери мінездің қалай астасын кеткеніне тан қаласын. Бір қараганда дала тіршілігі мен әскери тіршілік бірін-бірі жокқа шығаратын қарама-карсы әрекеттерден тұрады. Әйтсе де Баумен солардың кейбір туыс болмысын біріктіре білген.

Бірде біздер бірнеше казақ қаламгерлері Мәскеу қаласында бас костық. Бүкілодактық жазушылар съезіне барған болуымыз керек, сірә. Думанханың дөнгелек үлкен үстелінде отырып жеті-сегіз азамат түстенген жайымыз бар. Асылдай отыратын кешкі ас емес, бірак дәмді де қымбат тамактан кейін есептесер кез келгенде әркім өз үлесін өзі төлемек болып, қатталарына кол сала берген.

— Отставить! — деді әскери әдеті бойынша Баумен. — Біздің устав бойынша, мұндай дастаркан басында кімнін чині үлкен болса, сол төлейді! Гвардия полковнигінен үлкен біреуін болса, карсылығым жок!

Біреу төлеймін деп тұрса. Ол біреудің өзі анаумынау емес, Бауыржан Момышұлы болса, кім карсылық білдіре алады. Котымызга әрен-әрен іліккен азды-көпті тының-тебенімізді қалтамызға кайта сунгіттік. Әскери устав бойынша, мұндай жағдайда дастаркан шығынын чині үлкен адам төлейтінін білмеуші едім. Мен гана емес, басқалар да біле бермейш екен. Соған қарамай, Баумен өзі еркімен айтып, өзі төледі. Баумене соны істетіп отырган әскери устав қана емес, казакы жомарттық пен казакы мәрттік. Жатпы іріттік!

Адам — болат емес. Тіпті болаттын өзі тозбаса да сынады. Морт кетеді. Сүйегі асыл Баумен де тағдыр дауыльына, онын от пен суына канша төтеп бер-

геммен, картая келе босанси бастаган сиякты. Етениң жакын ағайындардың айтуына Караганда, кейінгі жылдары, әсіресе соңғы женгеміз дүние салғаннан кейін, нөленбай жыл сіресін жұмыс істеп келген көне пружиналары сұлқышап босап, әлсіздік көрсете бастаган-ды. Батырга согыстан ғөрі күйбен тірлік, пенделік, ұсактық әлдекайда кауїлті. Ен жаманы – жалғыздық па деп қалам. Кен үйге жалғыз басы сыймай, тордагы жолбарыстай жанын қоярга жер таптаған Бауken, анда-санда болса да, шараштың суатынан қуат іздеген секілді. Өмір бойы халқына камкор болуға, қалкан болуға тырысатын батырдың өзіне де сүйеніш керегін сезіп қалған ағайындары туган жеріне жедел алып кетіп, ыстық ықылас, кенжайлау көнілмен ортага алады. Бағланының еті, мама биенін қымызымен асырап, жылы сөзбен тербетіп, жалғыздық коршауынан алып шығады. Күш-қуат жинап, жаны біраз сергіген Бауken жазу үстелін сағынып, Алматысына кайтпак болады. Оңаша үйге ен жакын тұған-туыскандары, жана шыр жакындары жиналып, әңгіме-дүкен құрады. Сонда көпті көрген көсем ағаларының бірі:

– Бауке! Кай кезде де біз сені көпсінбейміз! Канша тұрсаныз да, канша жатсаныз да ауыл біздікі, Ел сіздікі! Кай кезде келсеніз де көрпеміз жаюлы, төсептіңіз салулы. Төсек демекші, төсектегі жалғыздық та жаксы тірлік емес. Жалғыздық бір Құдайға тана жарасады. Біз Құдай емеспіз. Демек, жалғыздық бізге, әсіресе Сізге жараспайды! Біреу бол келдініз, екеу бол кайтсаныз деген де тілегіміз бар, қалай караисыз?! – дейді.

Осының бәрін қылт етпей отырып тындаған Бауken, сұракка да Бауkenше жауап береді. Малдастың құрып, илген басын одан бетер иіл:

— Айналайын агайын-ай! Менің қамымды сендер ойламағанда, кім ойлайды?! Айтып отырғанда-рының бәрі дұрыс, бәрі жөн! Қарсылық білдіретін жайым жоқ, жағдайым жоқ! Ұсыныстарынызды үнсіз құптар едім, — деп тәмен қарайды, — мына пәле калай қарап екен оған?! — деп, көзі түскен жерді мегзейді.

Баукең өні суық, ызғарлы адам болатын. Көп жолыып, көп сырласқан адамым емес. Көп кездесіп, көп араласқан адамдар көрсе көрген шығар, өз басым батыр ағамызың жарқылдаپ құліп, жадырап желтініп отырған кездерін байқагам жоқ. Оның мейірімі кабағында емес, жүрегіне, ішкі әлеміне орналасқан-ды.

Бірде Баукең Сарыагашта жатып ем алады, демалады. Сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының Онтүстік бөлімшесін басқарып жүрген Нәсіреддин Серәлиев Баукеңе жиі-жиі барып тұрады. Өзінің кішіпейілділігімен, елгезектігімен, биязы мінезімен Баукеңе қатты ұнса керек. Жас жазушының сатусызың ықыласын іштей сезген көкжал ағамыз Нәсіреддин інісіне бір жақсылық жасағысы келеді. Бірақ аяқ асты не істей алады?! Нәсіреддин жарықтықтың мұрыны кеспірсіздеу болатын. Не себептен екенін құдай біледі. Өзі де тәмпіштеу мұрынның орта тұста кенсірігі ортайып тәмен түсіп кеткен. Соған қарап тұрып:

— Айналайын Нәсіреддин! Алматыға бір келгенінде маған арнайы соғып кетші! Мен сенің мына мұрының операция жасатып, жөндөтіп берейін! — дейді.

Қайран Баукең! Қайталанбас Баукең!

Қайталанбас дейміз-ау, мінезі жағынан Баукеңе үқсас, үқсас болғанда әбден үқсас бір казак

ақыны болған. Ол Қасым Аманжоловтың жан досы, әдеби кейіпкері Абдолла Жұмағалиев! Ұлы Отан соғысында таза ерлікпен қаза тапқан қаһарман ақын. Әбу Сәрсенбаев ағамыздың жазуына, куәландыруына қарағанда қоршауда қалған Абдолла өліспей беріспейді. Төбесін сабанмен жапқан саман үйді панарап, қоршап алған немістерді беттепейді, берілмейді. “Берілсөн, жаңынды сақтаймыз!” деген немістердің сөзін тындамайды. Ақыры ақынның көнбейтінін сезген басқыншылар үйді өртеп тынады. Абдолланың батыр деген ресми атағы жоқ. Тұған жерінде де, опат болған жерінде де оған орнатылған ескерткіш таппайсыз! Тек қана өмірі ескірмейтін, тозбайтын бір ескерткіш – Қасым Аманжоловтың “Абдолла” поэмасы. Ешбір батырга мұндай поэтикалық ескерткіш орнатылған емес! Орнатыла да қоймас. “Абдолла” – тенденсі жоқ көркем туынды!

Ал енді өлген Абдолланы батыр ретінде тірілткен Қасым Аманжолов болса, ақын ретінде дүниеге қайта әкелген Әбу Сәрсенбаев. Әбекенің құдай берген негізгі мамандығы – біреуге жақсылық жасау болатын. Абдолла Жұмағалиевтың небары екіак кітабы жарық көрді. Соның екеуін де құрастырған, алғы сөзін жазған Әбекен. Әбекенің ағалық, туысқандық енбегі мұндаймен шектелмейді әдетте. Ол өзі жазып жатқан дүниесін жиып қойып, алдана келген жас дарындарды жетектеп, баспаларда жүретін. Соның бірі – Зейнолла Шүкіров. Жастардың өлең-әнгімелерін насиҳаттау, газет-журналдарға, баспаларға апарып өткізу ештене емес, Әбекен сәби кезінен мүгедек болып, пеш түбінде отырып қалған мешел ақынды анда апарып, мында апарып, операция жасатып, өбден әлек болды. Одан Зейнолла Шүкіров жөнделіп, жазылып, жүгіріп кете қой-

ған жок. Бірақ Әбекен қолынан келгеннің бөрін істеді.

Әбекен іздел тауып, Бүкіл Қазақстанға жария еткен жарық жұлдыздарының бірі – Жұмекен Нәжімеденов. Әбекен Жұмекенді әдебиетке өкелсе, Жұмекен қазақ поэзиясына таптырмайтын жаңалықтар өкелді. Қазіргі қазақ поэзиясын аз дегенде бір саты биікке көтерді.

Әбекен бірте-бірте жас дарындардың әдебиеттегі Меккесіне айналды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен ағылып келіп, абырой тауып жатты. Сол келгендердің бірі – Қанипа Бұғыбаева. Әбекен оны басынан сипады, арқасынан қақты, қалың оқырманың алдына алыш шықты. Өзінің туған қызындағы қолынан ұзатты.

Казіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Сайын Мұратбековтің де Әбекенде айттар алғысы аз болмауға тиіс. Оның “Менің қарындасым” атты тамаша әңгімелер жинағының қолжазбасын қолтығына қыстырып, Әбекен кайда бармады. Ақыры сол кітап жарық көріп, Әбекен оның авторынан кем қуанған жок.

Бұл тізімді осылай жалғастыра беруге болады.

Әбекенің маған да көмегі аз тиғен жок. Талай қолжазбамның талқылауына қатынасып, келелі-келелі пікір айтты. Орынсыз сындардан арашалап бақты. Бірде тіпті Сырбай Мәуленов екеуі бірігіп, мен туралы мақала да жазды. Қысқасы біздер, сол кездегі жас дарындар, Әбекенде мәңгі қарыздармыз.

Әбекенің алпысқа толған үлкен тойы алдында “Қазақ әдебиеті” газеті маған мақала жаз деп тапсырма берді. Әшейінде онды-солды бората жазып, қалам құрғатпай жүрген мазасыз басым дәл осы

жолы булығып, ештеңе жаза алмай қалдым. “Қазақ әдебиетінде” істейтін жігіттер жандары қысылғанда “Қадыр Мырзалиев жазам деп уәде беріп еді, уәдесінде тұрмады” деп құтылыпты. Мен от пен су-дың арасында әбден үятқа қалдым. Әбекене қолым жетпей қалды. Ағамыз бір топ қолпаشتаушылармен Атырауға жүріп кеткен. Әжептәуір қиналдым. Адам бостан-босқа азап шекпейді ғой, сол азаптың соны Әбекен турагы тәп-тәуір өлеңге айналды. Мен оны сол күні авиапоштамен Атырауда тұратын Менде-кеш марқұмға жедел жолдан жібердім. Сондағы бір кездесуде барып оқып бер деп қолқа салдым. Ол кезде авиапошта жолда бір-ақ тәулік жүреді. Мен-декеш менің өтінішімді қалтқысыз орындалты. Абырой болғанда өлең де сәтті шыққан сияқты..

Ақынға біздер күлдік пе,
Ақтарып салса-ақ шынын.
Өмірде сені білдік те,
Не екенін білдік жақсының!

Жыр үшін емес бұл тінте,
Жүректер, Өбе, мекенің.
Өлеңде сені білдік те,
Не екенін білдік әкенің!

Әдемі шақта, гүл шакта
Келеміз біз тек оңалмай.
Өзіндей ақын болсақ та
Өзіндей адам бола алмай!

Әбеке, орның бөлек қой,
Бөлек қой орның әманда.
Құдайдай адам керек қой
Құдайсыз мына заманда!

“Күдайсыз заман” деген сөзді, мақтанғаным емес, ол кезде қазақ топырағында менен басқа адам айта алған жоқ! Кейін, 1967 жылы “Бұлбұл бағында” жарияланғанмен, бұл өлең Фариза қарындасым редактор болып отырған “Қазақстан пионерінде” соңғы шумақсыз жарық көрді. Кай тұста да батыр болып көрініп жүрген ақын қызымыз, бұл жолы қол қоюға тәуекел ете алмады.

Естелік-эссеңін бір гажабы – бірді айтып, бірге кетесің. Бұл заңды құбылыс. Әйткені кез келген адам, кез келген ұлы тұлға басқа бір адам, басқа бір тұлғамен тығыз байланысты. Сондықтан мен осы арада оқырмандарымнан кешірім сұрап алып, сәл шегініс жасамакпын. Абдолла Жұмағалиев қай-қай жағынан да Кеңестер Одағының Батыры болуға лайық жан еді. Бермеді. Тырнағы темір, азуы алмас неміс басқыншыларынан Мәскеуді қорғап қалуда ере-сен ерлік көрсеткен Бауыржан Момышұлы да қаншама жыл алтын жұлдызызыз жүрді?! Бірақ шындық жеңбей тынбайды ғой! Күндердің бір күнінде Елі-міздің, қуатты Қазақстанның талап етуімен Кремль Бауыржан Момышұлын Батыр деп мойындағы. Бұл ең алдымен Әділеттің Женісі еді.

Әрине, болған үстіне болса дейміз. Әйтпесе, Мәлік Ғабдуллин ағамыз кезінде Ұлы Отан соғыссынан Кеңестер Одағының Батыры болып-ақ оралған. Оны Еліміз хан көтеріп қарсы алған. Батыр деген атағына Ғалым деген қосымша атағы тағы болды. Абай атындағы пединституттың директоры (бұрын солай аталатын) болып көп жылдар жұмыс істеді. Білетін адамдардың айтуына қарағанда, Мәлік ағамыз атына да, затына да сай үлкен азамат болғанға үқсайды. Менің Рахымжан Елешев деген академик інім Мәлік Ғабдуллин дегендеге ішкен асын жерге

кояды. Ол елуінші жылдары орта мектепті алтын мемдальмен бітіріп, тамыз тәмамдала Алматыға окуға келеді. Алдымен сол Ғабдуллин басқаратын пединститутқа барып, документтерін тапсырмак болады. Бірақ комиссияда отырған қыздар қабылдау бүгін аяқталды деп бетін қайырады. Ұнжырғасы түсіп, не істерін білмей, институттың ұзын дәлізінде хабарландырулар оқып тұрган пұшайман баланың жанына сымбатты сұнғақ азамат таяп келіп:

— Нагып тұрсын, қарағым? — дейді.

— Кешігіп қаппын! Документтерімді қабылдамайды! — дейді інім.

— Жұр! Тағы бір өрекет етіп көрелік! — дейді Мәлік ағасы.

Содан бейтаныс бозбаланы колынан жетектеп қабылдау комиссиясына барады.

— Караптарым! — дейді өзінің қызметкер қыздарына, — институттың директоры ретінде бір талапкердің документін қабылдатуға қақым бар шығар! Ең соңғы документ ретінде мынаны тіркендер!

Сөйтіп Мәлік Ғабдуллиннің бір сөзі арқасында елден келген үлкен үміткер, үздік оқушы институтқа қабылданады. Жақсы оқиды. Ақырында белгілі ғалым атанады. Бүгінде ол Қазақстанның және Ресей Фылым академиясының толық мүшесі.

Мен пединститутта оқығам жок. Соңғы жылдарға, яки жетпісінші жылдарға дейін Мәлік Ғабдуллинмен ешқандай байланысым болған емес. Жетпісінші жылдардың басында қазіргі казақ поэмалары жөнінде Қазақстан Жазушылар одағының пленумында баяндама жасадым. Сол баяндамам Мәлік ағамызға ұнаса керек. Ұзіліс кезінде жаныма келіп:



— Айналайын ақын інім, баяндаманды соншалықты сүйсініп тындардым. Бір байқағаным — адам баласын алаламайды екенсін! Асыра мактайдын жерде асыра мактадың. Бірақ ақылға сыйғызып айттың. Мойында масқа амал жоқ. Мысалы, Еркеш Ибраһим поэмасын мен де оқығанмын. Маған ұнаған. Бірақ сен айтқандай жете бағалай алмаған едім. Енді көзім жетті. Ол маған жерлес қой. Інісін мактағанды қандай аға жек көреді?! — деп құліп алды.

— Ағаның мактағанын қай іні жек көреді дейсін?! — дедім мен де өзіл-шыны аралас. — Мен де сізге ризамын!

Біз бәріміз де пендеміз, жылы сөзді жек көретін адам бар дегенге сенбеймін. Мәселе сол жылы сөзді кезінде және орынды айта білуде. Мәлік Ғабдуллиннің сол бір ағалық ыстық ықыласынан мен бір сәтте данышпан бола қалған жоқпын. Бірақ бықсыған көніл түкпірінде самал соғып өткендей әсер қалдырды.

Осы әңгіме-сұхбаттан кейін біздер кәдімгі жақын ағайындар тәрізді бірі-бірімізге ерекше бір ілтифатпен жолығатын болдық. Алпысыншы жылдардың аяғында мен “Домбыраның” бірінші кітабын аяқтап, мерзімді баспасөзде топ-тобымен жариялай бастадым. Солардың бәрін болмағанмен, біразын оқыған болуы керек, бір күні мен жұмыс істейтін баспаға арнайы келіп, конвертке салынған хат тапсырды. Ішінде “Домбыра” туралы пікірі. Машинкаға да басылмаған. Өз қолымен жазылған ойлары. Соңғы кездерде әлсін-әлсін архивтерімді актарып, мүмкіндігінше ретке келтіріп жүрмін. Соның арқасында сол қолжазбаны тауып, қатты куандым.

Ол заман — өте күрделі заман еді ғой!



Мәлік Ғабдуллин майданнан батыр болып келген жок. Ол бірден батыр болып туған жан. Бірақ ол кезде батырдың өзіне өмір сұру онай болмайтын. Рас, менің қолымда былай деп, былай деп дәлелдейтін тарихи құжаттарым жок. Сөйте тұра, сол дәуірдің мінезіне үніле отырып, кейбір нәрселер туралы түрлі болжамдар жасауға болады. Жиырмасыншы отызыншы жылдардан бастап, алпысыншы жылдарға шейін Қазақстан үшін үлкен проблема болған адамдардың бірі – Мұхтар Әуезов. Оны көп нәрседен құтқарған Сталиндік, Лениндік сыйлықтар ғана. Ал басқа жылдарда Мұхтар Әуезовтің тірлігі тыныш өтті деу қыын. Ол үнемі біржакты сынның астында өмір сүрді. Ондай-ондай ауыр сындарды екінің бірі айта да алмайды. Сондай аласапыран кезендерде Кеңес өкіметі Мәлік Ғабдуллин сияқты ресми батыр адамдарды өз пайдасына жұмсамай отыра алмайды... Дәл сол кезең туралы бір өлеңімде мен былай жазған едім:

Тауысып барлық амалды,
Күрсініп дала дем алды.
Мақалдың көбі сотталды,
Эпостың көбі қамалды.

Күресіп өлген хандармен,
Хандарға жақын жандармен
Қалдық та бардық бір ғана
Қара қасқа атты Қамбармен!

Сақалын сипап шалдарым,
Колхозға берді маддарын.
Қалжыңсыз және күлкісіз
Қанша жыл жүрді Алдарым!?

Актарып көне көрінді,
Аруактан үрпақ жерінді.
Алыпқа тұсау салынды,
Халыққа сөгіс берілді.

Көз алдымызда
Апырмай,
Тарихым болды тақырдай!
Сұлмиіп қалды фольклор
Сүзектен тұрган батырдай!

Міне, осындай ауыр кезенде Мұхтар Әуезовтің сөз майданының бір жағында, Мәлік Ғабдуллиннің екінші жағында жүргені – халықтық қасіret. Олардың екеуі де халықтың ұлдары. Бірақ екеуін екі бөліп жіберген идеология! Жәлел саясат! Бұлар оны түсінбеді дейсің бе? Түсінді, әрине! Бірақ олар “Өмір” атты тарихи сценарийдің, бар болғаны кейіпкерлері ғана! Ал қойылымның Бас режиссері – Тағдыр! Отаршылдық саясат! Қазақтың бір қошқарына екінші бір қошқарын қарсы қою – отаршылдық саясат үшін жаңалық емес! Абырой болғанда, зиялыштық қауым өкілдері бәрі болмағанмен, бірен-сарандап оны жақсы түсінді. Кеш те болса, соны үққан ақылды азаматтардың бірі Мәлік Ғабдуллин еді. Ол осы мәселелерде Мұхана ашық хат жазып, көптеген мәселелердің төңірегінде ұлы жазушыдан кешірім сұрады. Бұл ашық хат Мәлік ағамыздың соңғы ерлігі еді!

Адамзатта қанша мінез болса, жазушыларда да сонша мінез бар. Гюстав Флобер “Мадам Бовари-менің өзім” деп тегін айтпаған. Көркем кейіпкерлердің көвшілігі шығарма авторын еске салады. Мұның өзі арнайы сөзді, арнайы әнгімені керек етед.. Менің айтайын дегенім ол емес. Менің айтайын

дегенім – қазақ ақын, жазушыларының өзі өз алдына бір галерея!

Жұбан Молдағалиев “Жұлдыз” журналында Бас редактор болған кезде Қапан Сатыбалдин ағамыз біраз уақыт сол кісінің орынбасары болып істеді. Жұмыс басында ол кісімен күн сайын кездесіп, күн сайын шүйіркелесіп жүрдік. Ол – мұлдем ерекше адам болатын. Арапаспаған бір де бір мәселесі, қалам тартпаған бір де бір жанры жок. Сөйте тұра тындырған да ештеңесі болмайтын. Бастайтын да тастайтын. Өзіне-өзі қанағаттанбау – жақсы қасиет. Ал Қапекен, өзін білмейтін өзгелердің біреуін де мойындармайтын. Оның үстіне күдікшіл және жиіркеншек болатын. Келген-кеткен адамдар, өсірепе авторлар қол беріп, қол алысады. Қапан ағамыз да амалсыз қолын береді. Бірақ әлгі адам кетпей жатып, он жақ тартпадан үнемі дайын тұратын жасыл өтірін алып, қолын жуатын. Эрине, онысын қонақтарға көрсетпейтін!

Қазақстан Жазушылар одағы Алматыдағы жақсы салынған әдемі үйлердің бірі. Жиі-жій жөндеуден өтеді. Қай жағынан да көрікті, таза ғимарат. Сөйте тұра Қапан Сатыбалдин осы өзі жұмыс істейтін үш қабат жана үйдің туалетін менсінбей, он-он бес минут шығарып, Орталық Партия Комитетінің туалетіне барып дәрет алып қайтатын. Сол туалеттердің, не сол туалеттерге барып жүрген жершіл шенеуніктердің шапағаты тиді ме еken, Қапекен “Жұлдыз” журналының редакторына орынбасар болып жүріп, бір күні “Қазақ әдебиеті” газетіне Бас редактор бол шыға келді. Бірақ ол ешқандай өзгеріс енгізе алған жоқ. Барғанынан кеткені тез болды. Ол кеткен күні Садықбек Адамбеков замандасы былай деп өлең шығарды:



Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Союздан шыққан шұбар күн.
Шұнандаң барып батқан күн,
Қапанды құдай атқан күн.
Сыртта боз машина боздаған,
Іште достары қолын созбаган,
О сүмдүк-ай, неткен күн?!
Қапаннанabyroy кеткен күн.

Сау күнінде қызметкеріне ақырып,
Мас күнінде сырлы ожаумен ақ аракты сапырып,
Сыrbай досым өткен жер.
Күндіз-түні ойланып,
Көзілдірігінің үшін соратын
Өткен-кеткен кісінің
Ішін аңдып тұратын
Ісләм көкем өткен жер.

Үлкендердің саусагының басын жалаған,
Кішілердің кіндігінен төмен қараған,
Әбен тәтем өткен жер.

Үлкендерге иіліп,
Кішілерге түйіліп,
Оң жағына жымып,
Сол жағына қылмып,
Зейнолла досым өткен жер.

Ешбір жанды кешпестен,
Тақиясын шешпестен,
Жұмекең марқұм өткен жер.

Арыстандай ақырып,
Аруағын шақырып,

Төбеге шаншып таяғын,
Көсіліп тастап аяғын
Әбекен өзі өткен жер.

Үлкендерге жағынып,
Қаясынан қағынып,
Кіші Жұмаш өткен жер.

Газет пен журнал арасы
Айқасынан шаң болған.
Шодырайып шекесі,
Омырауы қан болған,
Арманына жете алмай,
Жайықтан әрі өте алмай,
Нұршайықов өткен жер.

Қамықпа, Қапан, қамықпа!
Сорымызға біздердің
Бір жақының үлкейсе,
Шығарсың тағы жарыққа!

Бұл өлең баспасөз үшін шығарылған жоқ, әрине! Оның осалдығы да, мықтылығы да сонда! Бір жерінде кем түсіп жатса, бір жерде артық кетіп жатады. Кейбір тұсы сыпайы болса, кейбір тұсы анайы. Бірақ қалай болғанда да ақиқаттан алыс емес. “Қазақ әдебиеті” газетінің тарихи өмірбаяны және оның басында отырған жазушы ағайындарымыздың көркем бейнелері жап-жақсы сомдалған!

Осы өлеңнің авторы – Садықбек Адамбековтың өзі қайталанбас қылжақбас, қосқабат талант. Жұбан, Сырбай, Тахауи, Садықбек жас жағынан шамалас, әрі майдандас құрбы-құрдастар. Осы төртеудің ішінде сөзге шалдырмайтын шалты, ұшқыры – Садықбек. Сондықтан қалған үшеуі бірігіп ап

шүйлігеді. Қанша қын болса да, Садықбек соның көбіне төтеп береді. Кейде тіпті жеңіп шығады... Замандастарының айтуына қарағанда, Садықбек бірде іссапармен ел аралап кетпек болып, жолаяқ жасайды. Үш көкжал оны шығарып салмақ болып, оның жолға деп алып бара жатқан тын-тебеніне дейін ішіп-жеп, қалғанын күшпен тартып алады. Қысқасы, бұл күйінде поезға отыруға мүлдем мүмкін болмай қалады. Жаны қысылған Садықбек ағамыз билетін тапсырып, біреудің көлігін жалдал, алдымен Сыrbай құрдасының үйіне барады. Барады да, оның әйеліне:

— Эй, бәйбіше, байға жарыған қатынсың ғой! Мені Сыrbай жіберді. Өзі аяқ киім дүкенінің алдында кезекте тұрып қалды. Керемет бір туфлилер сатып жатыр екен. Сенің аяғыңа қатып-ақ кетеді. Ақшасы жоқ қалтасында. Бірақ қатты ұнатқан соң, мені саған жіберді. Ендігі кезегі де жақындан қалған шығар. Көне, нең бар, бер тезірек. Адам басына бір пардан беріп жатыр. Маған керегі жоқ. Керек десен, кезекте тұрган екі адамбыз ғой, екеуін алайык! Тез! Тез! — дейді.

Сырағаң әйелі ұстата салған бір уыс ақшаны төс қалтасына сұнгітіп жіберіп, Садықбек ағамыз құйындарып Жұбағаның үйіне жетеді. Жұбағаның анасы елде ауылдық кеңестің төрағасы болған нағыз коммунист, коммунистік идеяға шын берілген жүректі адам болған.

— Апа! — дейді асығып-ұсігіп алқына сөйлеген Садықбек ағамыз. — Аяқ астынан аудандық партия комитеттерінен комиссия келіп әр коммунистің партиялық жарнасын қалай төлеп жүргенін тексеріп жатыр. Жұбаған екі-үш айдан бері төлемеген сияқты. Шығарып жіберуі мүмкін. Үйде қанша ақша

болса соншасын беріп жіберсін деді. — Щешеміз сасқаннан, сары майдай сақтап жұрген бір уыс ақшасын есептеместен бере салады.

Дәндеген қарсак құлағымен ін қазады деген, Садықбек ағамыз ағызып отырып Таханың үйіне келеді. Ол кезде Алматыда кілем ауруы асқынып тұрған кез болуы керек. Жазушылар одағына кілем фабрикасынан кілем өкеліп, тізіммен кілем үлестіріп жатыр. Кісі көп, Тахан мені арнайы жіберді. Үйдегі бар ақшаны беріп жіберсін, — деді дейді терлеп-тепшіп. Ойланып жатуға, құдіктенуге уакыт жок. Бұл женгемізде қолдағы бар қаржысын ойланбастан бере салады. Өзі жұмсаған тыын-тебеннен он есе көп ақша жинап, Садықбек вокзалға барады. Одан билет алғып, Қызылордасына тартады. Сонда бір ай жоғалып кетеді.

Не де болса қатырдық деп, Садықбектен тартып алған болымсыз тыын-тебенге сыра ішіп, үш құрдас, үш классик мәз болып үйлеріне келгенде кімді кімнің қатырып кеткенін бір-ақ біледі!

Содан бері қанша жыл өтті. Дүниені думанға айналдырып, бірін-бірі пір тұтқан төрт дос, төрт құрдас бүгінде дүниеден өткен. Төртеуі де жок. Осы жақын арада достарының ең соны болып Садықбек ағамыз кетті арадан. Ол маған аурудан емес, жалғыздықтан өлген сияқты көрінеді. Денең мұздап, көнілің құлазиды.

Өткен өмір – өшкен от. Мен қазір сол бір өшкен отты қаузап отырған сияқтымын. От түгіл, өлім-сіреген шоқтың өзі қымбат. Үрлеп-үрлеп қайта тұтатқын келеді. Өмірдің оты өшкенмен, естеліктің ошағынан сығырайған шоқ табылады. Тұнгі көбелек, яки пұшайман пәруана сияқты сол сығырайған жарыққа үмтүласын.

Жазушының бақыты қанша том жазып, қанша сыйлық алғанда емес қой. Оның бақыты – ойдағысын орындаپ, армандарын іске асыруда. Ана идеясын, не мына идеясын жүзеге асыра алмай, шығармашылыққа салт келіп, салт кеткен таланттарды ойлағанда сай-сүйегің сырқырайды. Жасына жетпей ерте өлсе де ештеңе емес, алпысына, жетпісіне құр қол барып, құр қол қайтқандар ше?! Қалтай Мұхамеджанов қандай талант еді? Қандай білімді қазак еді?! Өмірінің соңғы жиырма-отыз жылында бір де бір күрделі дүние бермей, жазушылық жолын екінің бірі жаза алмайтын көңілді комедиямен бастап, екінің бірі істей алмайтын аудармамен аяқтады. Ал оның құдай берген мүмкіндігі қандай еді?! Оның өзі шығарған анекдоттарының өзі қандай еді??!

Төлеужан Ысмайловтың бір өзі қандай талант болатын!

Калжан Нұрмаханов ше?

Айқын Нұрхатов ше?

Ақан Нұрманов ше??

Тобық Жармағамбетов ше?

Мен тек аузыма бірінші тұскендерін ғана айттым. Ондай-ондай дарындардың саны жүздеп болмағанмен, ондал есептеледі. Бірінен-бірі өткен таланттар еді. Негізінен, түк бітіріп жарытпай бірінен кейін бірі кетті. Жазбақ түгілі ойланып та үлгермеген тәрізді. Ерте, тіптен ерте дүние салды жарықтықтар!

Жә, бұлар ештеңе істеп тындыра алмады. Өйткені тым жастай өлді. Арманда өлді. Ал көп жасағандар ше? Мысалы, аудармашы Іслем Жарылғаповты алалық. Орыс тілін ана тіліндей, ана тілін орыс тіліндей екі тілді де өзі жаратқандай білетін. Орыс тілінін, орыс сөздерінің ешкімнің ойына келмейтін баламаларын ондай дәл тапқан, ұтымды тап-



кан аудармашы жоққа тән. Таныстары, туыстары, жолдас-жоралары өте жақсы біледі. Іслем Жарылғапов ақша қуып, ғұмырын босқа сарп қылған дүниесіңиз мансалкорлардың қатарына да жатпайды. Ка-шан барсан да үйінде, қуыктай кабинетінде жұмыс жасап отыратын. Алды толған сөздіктер және картотекалар...

— Сөке! — дедім, — мүмкіндігініз болса, Сіз маған өлеңдер кітабымды, болмағанда бір топ өлеңдерімді орысшаға жолма-жол аударма жасап беріңіз-ші. Тегін емес, әрине!

— Ай-й, Қадыр-ай, айтсам сенбейсің ғой! Менде уақыт деген мұлдем болмайды. Болса да жетпейді! Сөйте тұра көnlінді қалдырым келмейді. Он шакты өлеңінді алып кел, аударып көрейін! — деді.

Көпке созып алар ма екен деп қауіптеніп едім, өйтпеді. Бір-екі аптаның төннегінде аударып берді. Шынымды айтсам, өз басым ғұмырымда мұндай ғажайып жолма-жол аударма көрген емен. Бірінші шумактың бірінші тармағын мүмкіндігінше түгел жеткізетін орысша сөйлем. Содан кейін оның төменгі жағында жақша ішінде өлгі тармақтың қыры мен сырьы. Әрбір сөздің бір емес, бірнеше баламасы. Сөздің, сөйлемнің сыртқы тұра мағынасы, одан кейін астары. Бір сөзбен айтқанда, толық түсініктеме. Осы жолма-жол аудармаларды машинкаға бастырып ленинградтық ақын, аудармашы Александр Кушнерге жібердім. Көп кешікпей жауап келді. Сәкеннің аудармасын жер-көкке сыйғызбай мақтапты. Бүкіл аудармашылық тәжірибесінде мұндай сауатты және мәдениетті жолма-жол аударма көрмегендігін айтыпты. Мақтапты, соған қоса өз аудармаларын жолдапты. Мен қатты куандым. Ретіне қарай тағы да біраз аудармалар жасатып алмақ болып едім, өкі-

нішке орай, онымнан ештеңе шықпады. “Жұмысым көп, уақыттың жок” деп жолатпай қойды.

Ісләм Жарылғапов туралы көп әңгіменің бір саласы оның кедейлігіне, жиі-жіңі қарыз алатындығына және оны уақытында қайырмайтындығына саяды. Жетпісінші жылдардың бас кезінде Жазушылар одағы Жамбыл көшесі мен Байзаков көшесінің қызылысқан жерінде он алты пәтерлік үй салды. Сол үйден пәтер алуыма Ісләм ағаның да септігі тиді. Өйткені ол кісі сол пәтерді беретін комиссияның хатшысы болды. Соның арқасында ол кісінің өзі де үй алды, мен де далада қалған жоқпын. Біраз жыл көрші тұрдық. Бір күні ойда жоқта сол кісі біздің пәтерге келіп, есік қақты. Біз қуана-қуана есік аштық. Төрге шығып, дәм татты. Қарыз сұрай келіпті.

— Қадыр! — деді ол, — өзің де естіп жүрген шығарсың, менің елге бережақ қарызым көп. Кейде алып үлгергенмен, қайтарып үлгере алмаймын. Дегенмен, әйтеуір қайырып тынамын. Ал бүгін мен сенен қарыз сұрай келдім. Пәлен уақытта қолына тигіземін деп нақтылы уақытын атай алмаймын. Бірақ қайтаратынның шүбәланба!

— Қанша? — дедім мен.

— Екі мың! — деді ол. Екі мың ол кезде әжептәуір ақша. Екі мың доллар. Демек әжептәуір қаржы.

Бердім. Шынымды айтсам, қайтады деп бергенім жоқ. Қайтпаса тілті жақсы! Сол сомага аударма жасатып алармын деп ойладым. Бірақ менің ол “арал” ойымнан ештеңе шықпады. Екі жылдан кейін тағы да ойда жоқта ағамыз есік қақты. Қарызын қайтаруға келіпті.

Ісләм Жарылғапов – әңгіменің шебері еді. Басқаларды білмеймін, өз басым ықылас қойып, елітіп тындайтынмын. Қолың бос уақытта, серуенде жүр-

ген кезінде бұл бір ғажап сәттерге тең. Ал асығып бір жаққа бара жатқанда – проблема! Айта көрменіз! Ондай кезде Сізді Сәкене құдай жолықтыра көрмесін! Онда еріксіз тұтқынға айналып, барлық шаруаныздан қаласыз! Өз басым көбіне-көп осыдан қорқатынын! Бір жаққа шығарда аулада Ісләм ағамызың жүрген жоқ па еken деп алдын ала барлау жасап алатынын. Ал жолыға қалса, “Ағасы кешірерсіз! Асығып бара жатыр едім, кешігетін түрім бар!” деп өтіріктің артына тығылатынын! Бұл, әрине, көбіне-көп өте шұғыл шаруаларға байланысты кездерде. Әйтпесе, Сәкенің әңгімесіне ештеңе жетпейді. Ол кісі әңгіме бастамасын! Бастаса бітірмей тынбайды. Және ол тез біte қойса жақсы ғой!

Біраз жұмыс істеп, шаршаған кездерде асүйге келіп, шай ішемін. Біз өлгі жазушылар үйінде бірінші қабатта тұрдық. Асүйдің терезесі аулаға қрайды. Кімнің келіп, кімнің кетіп жатқаны түгел көз алдында. Мысалы, кей кездері такси келіп, біздің терезенің қақ алдына токтайды. Көп кешікпей машинаның теріс жағындағы есігі ашылады да адамның аяғы салбырайды. Бірақ ешкім шыға қоймайды. Ұзак күтуге тұра келеді. Әйткені Ісләм ағамызы әдетте Жазушылар одағынан шығарда жанындағы “Балалар әлеміне” келіп, сол жерден таксиге отырады. “Балалар әлемінен” біздің үйге шейін он-он бес минуттік жол. Ал Ісләм ағамызыға он-он бес минут отыру өліммен бірдей. Амалсыздан бір әңгіме бастайды. Қас қылғанда ағамыздың қызық әңгімесі бес-он минутта біte қоймайды. Машина үйдің алдына жетіп токтайды. Не істеу керек?! Машинаны жалдап келген ағамызың әңгімесін асықтай аяқтайды. Ол кезде машинаның есепкер таксометрі сырт-сырт етіп, акша санап жатады. Сөйтіп Ісләм көкеміз өз әңгі-

месіне өзі ақша тәлел, артық шығынданады... Өйткені Өнер күрбандықсыз болмайды.

Аға буын – өте күрделі буын. Олардың құшағы да, пышағы да дайын тұратын. Жастарда пәлендей шаруасы жоқ. Бірақ бір-біріне сене бермейтін. Содан да болар, Әbdілда ағамыз Хаманмен, Хаман Қалижанмен қырғи қабақ болып өтті. Біздер, жастар, олардың өмірі таусылмайтын дау-дамайына араласпауга тырыстық.

Орта буын – Жұбан, Тахауи, Сырбай, Мұзафар, Бердібек т.б. біздерге жартылай жетім есken жарым көніл жастарға әбден жақын еді. Осылардың ішінде ерекше көзбен, үмітпен, сөйте тұра күдікпен қараганы Тахауи ағам болды. Неге екені белгісіз, мені қайдағы бір кын ситуацияларға ендіріп, ал енді мықты болсаң осыдан шығып көрші деп, мәз боп отыратын.

Бірде “Қаламгер” кафесіне біреуді іздең кіре қалып едім, үш-төрт адамның ішінде Тахаң отыр екен, мені көрді де:

– Кел! Бері кел! – деп шақырды. Шынын айтсам талай-талай аузым күйген сорлы басым, барғым келмеді. Қасындағы қаламгер достар да Мырзалиевті сағынып отырған жанашыр жандар емес! Үлкені – Қалижан Бекқожин. Өмірі басымнан сипамаған жан.

– Кел дедім гой мен саған! Бері кел енді! – деп қайталады әлгі сөзін Тахаң. Бармасам шынымен ренжиін деп отыр. Оның үстіне мені көрмесе тұра алмайтын туыстай жанындағы бос орындықты өзіне қарай жылжытып, арқалығынан басып отыр. Бардым. Амандастым.

– Қадыр! – деді Тахауи ағам жайғасар жайғас-пастан. Сірә, бірден тұқыртып алайын деп ойлаған шығар. – Есінде бар ма осыдан екі-үш ай бұрын

кешкіліктегі маған телефон соғып, “Жұлдыздың” соңғы санындағы Қалекенің өлеңдерін оқыдыныз ба? Қартайған ба? Алжыған ба әлде? деп едің ғой, соны енді өзіне айтшы!

Мен, әрине, не дерге білмей сасып қалдым. Ба-рып тұрған таза провакация! Әзіл-қалжындардың талайын көріп жүргенмін, тап мынандай ашық аран-датуға барады деп өмірі ойлағам жоқ. Мен де адам-мын ғой, не де болса бірдене деп, бетін қайтарып тастауды бір ойладым да, сөл сабыр еттім.

— Койынызышы, Таха! Екінің бірі айтты деп, Қалекен мұндай провакацияға арандай қоймас! — дедім.

— Екінің бірі деп отырғаның мен бе сонда?!

— Эрине, Сіз!

— Жоқ! Мен екінің бірі болып көргем жоқ. Болада алмаймын!

— Болғанда қандай! Боласыз!

— Қалай болам! “Екінің бірі” деген не сөз өзі?!

— Екінің бірі деген, меніңше өте жақсы сөз! — дедім мен әлі де болса қалай ақталарымды білмей. Осы сасқанымды сезе қойған болуы керек, Құдай өзі құтқарды. — Екінің бірі деген: Бірі — Құдай, бірі — Сіз! — дедім болат қақпаннан әрен құтылып.

Кандай жауап күтсө де, дәл осындағы жауап күтпеген болуы керек. Тахан, күрәнітіп ашулага бастаған арандатушым шүйдесіне шойын соыйл тиғендей, аузын ашып анырып қалды. Енді не болар екен деп іштен тынып отырған ағайындар, менің әлгі оқыс жауабынан кейін жаппай құліп жіберді. Тахан да құлді. Менің осал “жау” емес екеніме тап сол жолы көзі қатты жеткен болуы керек!

— Эй, молодец! — деді менің стақаныма өз қолымен толтырып конъяк құйып жатып.

— Өзіңе де сол керек! — деді не істерін білмей отырған Қалижан ағамыз да! — Осылай ойнауға бола ма екен! Сен Қадырды ғана емес мені де отқа итеріп отырсың ғой! Осының да достық па? Осының да жігіттік пе? Қой мұндайынды!

Мені састырмақ болған Тахаңның енді өзі саса бастады.

— Койыңыз, Қалеке! Ашуланбаңыз! Қадырдың тірі жан шыға алмайтын томага-түйіктан бірінші шығуы дейсіз бе бұл?! Бұл жолы да шынып кетті сайтан. Бірақ түбінде бір тұтылуға тиіс! — деді Тахаң түйікқа өзі тіреліп.

Осы отырыстан кейін Тахаң тактикасын өзгертейін деді ме, әлде өз әрекетінен өзі жалықты ма, менімен есептесе бастады. Ең бастысы — ашық провакацияны қойғандай болды. Дегенмен Тахаң өте жақсы драматург қой. Ол оқиғаны әбден шиеленістіргенді де, әдемі шеше білгенді де ұнатады. Тағы да бірде сол “Қаламгер” кафесіне кіре қалып едім, буфеттің ернеуіне орналасқан биік орындықтарда Тахаң мен Садықбек ағамыз отыр екен. Бұл екеуі құрдас. Айтыстары мен айқастары өмірі бітпейді. Қазір де, құдай біледі, бірдененің төнірегінде шайқасып отыр. Тахаң мені көргенде куанып кетті.

— Қадыр, сен айтшы! Мына Садықбек Қызылорданың бер жағы мықты дейді. Ал мен ар жағы мықты деймін. Менікі дұрыс қой, солай емес пе?! — деді мені көмекке шақырғандай.

Ол мені мұндай жағдайда өмірі аяп көрген жок, мен оны неге аяймын осы! Садықбекке көмектесіп жіберсем бе екен деп бір ойладым да, оның жөнін таппадым. Бірақ Тахаңның жанына тиетін бір жол таптым.

— Сіздікі дұрыс, Таха! — деп бір емексітіп қойдым. — Шынында да арғы жағы мықты. Әріреген сайын күшейе түседі. Қызылордадан Ақтөбе, Ақтөбеден Батыс Қазақстан мықтырақ!..

— Вот, нахал! — деді Тахаң. Бірақ өз логикасына өзі қарсы шыға алмады.

Өз басым Тахаң таланттын ерте мойындаған інілерінің бірімін. Ең бірінші романынан бастап, ең соңғы романына шейін жүргіттан бұрын оқып, жүргіттан бұрын сүйсінген оқырмандардың бірімін. Бірақ жиі араласып, жиі сырласқан қазағым емес. Ең соңғы рет Жақсылық деген жақсы інімізді о дүниеге аттаңдырып салып, шағын автобуспен қайтып келе жатып, бір әңгімелескеніміз бар. Онда да... Сөзден сөз, әңгімеден әңгіме тарап, бір нәрсеге келісе алмай қалдық-ау деймін. Не себепті? Есімде жок. Есімде қалғаны:

— Біздің қазақ бәрін, бәрін кешіреді. Бірақ тірі жүргенінді кешірмейді! — деген сөзім болды. Ол сөздің Тахаңда қандай қатынасы барын білмеймін, алды да ашуланды. Неге екені мен үшін өлі жұмбақ.

Бір байқағаным, Тахаң ағаларына және құрбықұрдастарына қарағанда, жастармен жиірек араластын. Мені бағалайтын. Сагиды жақсырақ көретін. Сагиға Тахаңғана емес, Жұбаганың да іші бұрып тұратын. Содан да шығар Жұбагаң оны жұмысқа алды. Ал Нұрпейісов оны ұнатпай-ақ қойды. Өзі редактор болып келгеннен кейін оны жұмыстан шығарды. Эрине, адам болғаннан кейін, біреу болмаса, біреуді жек көру занды құбылыс. Бірақ Сагиды жек көру менің ақылымға сыймайды.

Лениннің жұз жылдық мейрамына байланысты бүкіл Одақ бойынша үздік қызметкерлерді жаппай маралаттау басталды. Соның ішінде біздің поэзия

редакциясы да назардан тыс қалған жок. Тұманбай екеуміз медаль алдық. Сағиға грамота берілді. Бұл мәселеге біздерді, редакция менгерушілерін араластырмай Ілияс Есенберлин өзі ғана шешкен. Әшейінде ештеңеге мән бермейтін жуас Сағи осы жолы міnez көрсетіп, ренжіп қалды. Марапаттау грамотасын жүргіттың көзінше жыртып-жыртып қоқысқа лактыра салды. Кім екені белгісіз соны біреу директорға жеткізіп үлгерсе керек. Есенберлин милиционер шақыртып Сағиды қаматып тастанады. Біз не істерге білмедік. Бір кезде Әдеби қордың директоры Сағидың қатарлас досы Әбдірашид Ахметов келе қалды. Тұнеріп отырғанымызды бірден байқап:

— Неге көнілсіз отырсыздар? — деді.

Біз болған оқиғаны баяндап бердік.

— Ақымақ! — деді Әбекен. — Ақымақ!

Оның кімді ақымақ дегенін кейін түсіндік. Кімдермен байланыс жасап, кімдерге не дегенін бір Құдай біледі, Әбекен бір сағаттың ішінде Сағиды қамаудан босатып алды.

Жалпы Ілияс Есенберлин шындық, әділдік, логика деген ұғымдарға мән беріп жатпайтын. Не істеймін десе соны істейтін. Республиканың кезекті мерекесінде үкіметіміз біраз жазушыны ордендермен, медальдармен марапаттады. Сонда біздің буынға деп бөлінген “Құрмет Белгісін” әдебиетімізге енбегі сіңген, елімізге әбден белгілі болған бірде-бір ақын-жазушыға бермей, өз романдарын орыс тілінде жолма-жол аударған Төлеу Шаханов деген орыс тілді жас ақынға бере салды. Ал енбегі сіңген ағайындар далада қалды.

Осындай әділетсіздік әдебиет үшін туып, әдебиет үшін еңбек етіп жүргендерді қорлау емей немене! Олар қашанғы төзеді, қашанғы шыдайды?!

Мың күн сынбай, бір күні сынар шөлмек. “Құдықтың сыртындағының бәрі ақылды” дейді халық. Өз басынан кешірмеген соң білмейсін. Сондықтан да Сағи сияқты момын да биязы ақындардың әрекеті біреулер үшін оғаш көрінеді, әрине! Шынында сол Сағи қой аузынан шөп алмайтын жуас, өте сырпайы азамат, нәзік ақын болатын. Балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұра келген және тылда өншең әйелдің ішінде өсіп, қалыптасқан. Сағида жалпы қыздарға тән ұяндық көбірек байқалатын. Тіпті бір нәрсеге ренжігенде “Тұқымың құрғыр!” деп әйелдерше қарғайтын.

Казактар айтатын “қыз мінезді” деген сөз тұра осы Сағи туралы айтылған сияқты. Оның әзіл-қалжының өзі желпіп өткен жібек орамал тәрізді жанынды сипап қана тынатын.

Біздер: Шәміл, Сағи, Тұманбай және мен “Жазушы” баспасының поэзия редакциясында тәрт-бес жыл бойы бірге қызмет еттік. Бірге мәз боп бірге қайғырдық. Біріміздің осалдығымызды біріміз жақсы білетінбіз... Әдетте, таңғы тоғыз бен тоғыз жарымның арасында редакцияда бас қосып, қолжазба окуға кірісеміз. Шәміл ғана жұмысына бірден кірісе алмай біраз отырады. Сонын шыдамай шығып кетеді. Ол шығып бара жатқанда Сағи сағатына бір қарап қояды. Мұның қандай мәні барын кейін түсіндім. Ол сыртта көп болмайды. Он бес-жырма минутта қайтып оралады. Үн-тұнсіз ұзақ отырады. Осында ұнсіздікке шыдай алмаған Тұманбай:

— Шәмаға, не болды? Үндемей қалдыңыз ғой!
— дейді.

— Сәл шыдай тұр! — дейді Сағи тағы да сағатына бір қарап алып. — Енді бір жарты сағаттан кейін өзі де сөйлей бастайды.

Сағидың бұл астарлы сөзі қарапайым қазақ тіліне аударғанда “Жаңа ғана ішіп келіп отыр ғой. Ішімдіктің қуаты әлі бойға тарап үлгерген жок. Бірер минуттан кейін сөйлете бастайды” деген ұғымды білдіреді. Шынында да ішімдік бойға тарай бере Шеміл де ынқылдан сөйлей бастайды. Кейде жұмыстан кейін қанша қажысақ та бір-бірімізді қимай, біраз отырамыз. Кейде Тұманбайдың ұсынысымен “Кинг” ойнаймыз. Картаны менен ғөрі Саги мен Тұманбай жақсырақ біледі. Мен тәжірибесіздеумін. Қебірек қате жіберем. Сондайда соңғы болып отырган Саги мені аяп сәл-пәл жанашырлық жасайды. Соны сезіп қалған Тұманбай:

— Айтындаршы, ағайындар, осы Орал мен Ақтөбенің арасы қанша? — дейді. Сөздің астарын бірден ұға қойған Саги:

— Ақтөбе мен Оралдың арасы, шамамен, Есік пен Талғардың арасындай-ақ! — дейді саспай.

— Өзім де солай ойлап едім! — дейді Тұманбай.

Ол кезде біздер отыздың асуынан асып, қырықтың қырқасына шығып кеткенбіз. Бір емес, бірнеше жыр жинағының авторларымыз. Біразымыз лауреат болып та үлгергенбіз. Бірақ кейбір сәттерде мектеп оқушылары сияқты ойын іздел тұратынбыз.

Бір күні Жазушылар одағында болған жиналыстан шығып, өзіміздің кабинетімізге келсем, есік ашық, бірақ ешкім жок. Сағидың үстелінде оның осы жақында ғана жарық көрген жаңа жинағы жатыр екен. “Жадымдасың, жас күнім” деп аталады. Редакторы Шемілдің де, автордың да жазғанын ұнатпай, аннотацияны өзім жазғанмын. Көзіме оттай басылды.

“Саги Жиенбаев — сөз сиқырын бойына сініре білген санаулы ақындарымыздың бірі. Көзі қырагы,



қолы зергер автордың жырлары күнге қызынған құндыздың, аспанға лақтырылған айнаның сынығы сияқты сөулелі де шұғылалы, нұрлы да сырлы. Шатын да болса, жалынды; аз да болса, назды. Ой мен сезімге сегіз суарылған қылышты шумактар ыстық алақанға қона қалған ақша қар тәрізді тілінізге тиғен бойда-ақ еріп жүре береді... Оқырманға алғаш рет ұсынылып отырған бұл тандамалы топтамаға айтулы ақынымыздың негізінен, міне, осындай туындыларын енгіздік”.

Жеті жинақтан ірікте, сұрыптағалынған бұл тандамалы шынында да шүрайлы шумактардан, тартымды тармақтардан тұратын. Автор өзінің осындай бір қымбат кітабын әріптесі һәм қаламдасы Саттар Сейтхазинге сыйламақ болса керек, шмуц титулға:

Әрі дос, күйеу балам,
Қашанда сүйеу маған, –

деп бастапты да, біреу-міреу кедергі жасады ма еken, одан әрі жалғастыра алмай, кабинеттен шығып кеткенге ұқсайды. Мен Сағидың қаллиграфиясын аудыртпай, қағазға түсіре алатынмын. Тіліме шәлкестеу бір-екі тармақ ілінді де, әлгі автографты:

Кешкілік ішіп алып,
Қосылып мияулаған, –

деп жалғастырдым да “Автор” деп қол қойдым.

Бір мезгілде Сағи келді. Ашулы жатқан кітабына қарады. Өзімдікі дейін десе – бұл тармақтарды ол шығарған жоқ. Менікі емес дейін десе – жазуы тұра өз жазуындей. Аң-таң бол біраз отырды. Анда-

санда көзінің астымен маган бір қарап қояды. Бірак ештеңе демейді. Мені құлкі қысып алып барады. Тамағы жыбырлаған адам сияқты өтірік жөткірініп, далаға шығып кеттім.

Шәміл марқұм шашпа жігіт емес еді. “Ілеke, Сіз мені жақсы білмейді екенсіз ғой, мен өз акшама ішпейтін адаммын!” деп жүргені рас-ты. Ол өз отбасының алдында аса жауапты сезінетін. Тапқан-таянғаның үйіне таситын. Онға тарта мүшесі бар отбасын асырау да оңай шаруа емес. Сондықтан Шәмілдің “сарандығын” өз басым жақсы түсінетінмін. Мәселе онда емес, мәселе Шәм-ағанның ішетіндігінде. Анда-санда болса да дос-жолдастардың көнілін аулап қоймайтынында. Рас, Шәм-ағанның қалтасында бас жазарлық бірер тыны болады. Бірак оны ешкіммен бөліспейді. Біз, қалғандарымыз, қолымызға бірдене түсе қалса, ең болмағанда қаламдастарымызben бір мәрте көніл көтеруге тырысамыз. Шәміл былқ етпейді. Бірде Саги мен Тұманбай ертерек кетіп, Шәміл екеуміз оңаша қалдық. Соны пайдаланып, Шәм-ағанмен жүқалап қалжындастықм келді.

— Шәм-аға! Эрі ойлап, бері ойлап бір нәрсені еске түсіре алмай отырмын. Көмектесіп жібермейсіз бе?! — дедім. Оның ойында түк жок.

— Қолдан келгенінше! — деді ол да абайлап сөйлеп.

— Есінізде болса айтыңызшы, Сізben осы мен алғаш рет не соңғы рет қашан іштім?! — дедім.

— Сенің мына сұрағын мемлекеттік емтиханның сұрағынан да ауырлау екен. Оған басымызды ауыртып қайтеміз?! Жұр, кеттік! — деді.

Шәм-ағанның маршруты маган жақсы таныс, шыға сала Бөгенбай батыр мен Желтоқсан көшелерінің қылышқан жеріндегі буфетке тарттық. Сол

жерде ол өзіне бір стақан портвейн, маған жұз грамм коньяк алды. Бірер ауыз сөз айтып сырласатын шығармыз деп, сабыр сактап отырганымда Шәм-аған үндемей-тұн демей шарабын сарқып ішті де, менің алдындағы коньякты нұсқап:

— Кімді күтіп отырсың? Біреу-міреу анауынды шарап екен деп ішіп қояр, тезірек тартып жібер! — деді.

— Жә, “Көпірден түк тартсан да пайда” деген ғой халқымыз! Сіз көпір емессіз, сондықтан оны “сараңнан суыртпақ алсан да пайда” деп ішіп қояйын! — дедім, орынсыздау қалжындал.

— Жоқ, Қадыр! — Бұл суыртпақ емес! Суыртпақ өзім ішкен портвейн. Ал сенің ішкенің ішімдіктің категориясымен есептегендеге — аркан, — деді Шәм-аған. — Бұл, біріншіден. Екіншіден, мен сараң болайын деп сараң болып жүр дейсің бе?! Менің соныма түсіп жүрген Кедейлік қой, Кедейлік!

Менің қай-қай жағынан да жемісті жұмыс жасаған жылдарым — алпысыншы жылдардың басы. Бұл кезде мен “Балдырган” журналынан кетіп, “Жұлдыз” журналына аудиосканмын. Мен барған кезде бұл журнал әбден қаусап, құлағалы тұрғанды. Оны әдебиет журналы деп атағаннан ғөрі түгелдей ішкіштер редакциясы деп атаған жөн болар еді. Мен барған поэзия бөлімін Ізтай Мәмбетов ағамыз басқарған екен. Қара жер хабар бермесін, ол да ішкіш. Сын бөліміндегі ағамыз — Калжан Нұрмаханов. Ол да сол, ішкіш. Баламер Сахариев. Ишкіш. Қыскасы, сауы жоқ! Өңшең дарынды да сауатты жігіттер. Бірақ жұмыс істеуге қыры жоқ, қыры болса да, уақыты жоқ, дертке шалдыққан ауру азаматтар. Жұбан ағамыз соларды бірте-бірте жұмыстан босатып, жас қызметкерлермен аудистыра бастаған.

Мен барған кезде Істай ағамыз отырган үстелдің бүкіл тартпасы толған хат. Бірер ай бойы бас көтермей отырып, соларға жауап жаздым. Редакциядағы жұмысым ештеге емес, үйіме алып кетіп жұмыс істеп жүрдім. Күндіз-түні істесем біттейтін шаруа болушы ма еді, ақыры барлық хатқа жауап қайырып, “Астананың авторлары”, “Ауылдың авторлары”, “Дайын дүниелер”, “Жауап беретін хаттар” деп бірнеше жаңа папка ашып, “уфф!” деп демала бергенім осы еді “Редактор шақырып жатыр!” деді. Редакторымыз Жұбаган, әдетте дүңкілдеп, зіркілдеп сөйлейді. Сол салтымен:

— Эй, Қадыр! Мен сені не үшін жұмысқа алдым?!— деді.

— Не үшін болушы еді, жұмыс істеу үшін, өрине!

— Онда неге жұмыс іstemейсін?

— Истеп жатырмын!

— Онда мынау не?

Жұбаган ұсынған хатты алып оқысам, арыз! Белгісіз бір автор менің жіберген дүниеме әлі күнге жауап жоқ деп жазыпты.

— Менде жауап қайырылмаған бірде-бір хат жоқ!— дедім батылдау сөйлеп. — Сенбесеніз, текстініз!

Тексерді. Тіркеу журналында ондай автор болмай шықты. Жұбаган сенбеді, өрине! Дегенмен, жұмбақ хат табылды. Табылған жоқ, бірер күннен кейін келді. Сөйтсе, ауылдағы алаяқтау автор өлеңдерінен бұрын арыз айдалты. Сөйтіп елді дүрліктеп, бізді алдын ала қорқытып, үркітіп алмақ болыпты!

Жұбаган менің қалай жұмыс жасайтыныма көзі жеткеннен кейін шақырып алып:

— Енді сен сын бөліміне ауысасын! — деді.

— Жұбага!

— Сөзді қой! Сенің жазып жүрген сындарың өте сауатты және өте ақылды. Маған осы журналдың сыйнын көтерсөң болды. Ештегеден қаймықпа! Эділін айтсандар жетеді!

Амал қанша, толық ремонттан өткен поэзия редакциясын тастап, әбден тозған, сылағы түскен, едендері сықыр-сықыр еткен сын бөліміне ауыстым. Абырой болғанда, онда толып жатқан материал жоқ екен. Авторларға жалынып-жалбарынуға тұра келеді. Сын жазуға жұрттың құлқы жоқ. Отырып алдып, алдымен жоспар жасадым. Содан соң оны редакторға көрсетіп алдым. Келісіп пішken тон келте болмайды. Редактордың келісімінен кейін жұртқа тапсырма бере бастаным.

Менен кейін журналға Зейнолла Серікқалиев келді. Өстіл “Жұлдыз” жаңа күшпен толыкты. Осылай батыл-батыл өрекет ете бастаған Жұбан ағамыз көп кешікпей Жазушылар одағына екінші хатшы бол кетті де, оның орнын Әbdіжәміл Нұрпейісов басты. Ол келгеннен кейін осы жерге сенен лайығы жоқ деп, мені жауапты хатшылыққа тағайындағы. Бұрынғы қызметкерлердің көбі жұмыстан босатылып, қатарымыз Сайын Мұратбековпен, Сабырхан Асановпен, Аскар Сүлейменовпен, Герольд Бельгермен толыктырылды. Әлі де болса арактың дәмін татып үлгермеген жас жігіттер жұмысты жапырып жіберді. Өмірі таралымы екі мыңдан аспаған “Жұлдыз” екі-үш жылдың ішінде екі жұз мыңмен шығатын салиқалы және мәшіүр журналға айналды. Ешбір жанның ықпалына түсіп үлгермеген батыл да батыр жас қаламгерлер біртұтас ұжымға айналды.

Бір күндері “Қазақстан пионері” газетінің редакторы Сансызбай Сарғасқаев жұмыссыз қалды да,

Әбдіжәміл Нұрпейісовке айтып, оны очерк бөліміне алдырдым. Ысылған қаламгер, таза журналист, баспасөздің ықпыш-жықпышын жақсы білетін Сансызбай ағамыз інілерінен қалыспай жұмыс істеді. Ол екеумізге абырой болды. “Қазақстан пионерінде” редактор болып отырғанда маған оның көмегі көп тиғен. Ол кезде мен “Балдырған” журналында әдеби қызметкер болып жұмыс істеймін. Редакторым Мұзафар Әлімбаев. Жауапты хатшымыз Энуарбек Дүйсенбиев. Екеуі де Сансызбай Сарғасқаевты үлкен жазушы деп есептемейді. Яки менсінбейді. Ол оны жақсы сезінеді. Содан да болуы керек, анда санда біздің редакцияға соғып, дәлірек айтсам, арнайы кіріп, менің бастықтарыммен біраз қалжындастып бағады. Содан кетерде маған бұрылып:

— Қадыр, дайын тұрган өлеңдерің бар ма? Мен қазір жаңа нөмірдің макетін жасап жатырмын. Алып кел, салып жіберейін! — дейді. Бұл маған жасаған жақсылық қана емес, басқаларға көрсеткен қыры! Ал менде не көп, өлең көп. Үстелдің суырмасынан суырып алып, ұстата саламын. Келесі күні ол жарық көріп үлгереді. Ондай редакторды айналып кетпейсін бе?! Сыйға – сый, сыраға – бал деген, ол жақсылықты мен неге ұмытуым керек. “Қазақстан пионерінде” жүргенде Сансызбай Сарғасқаевты ертіп не болмаса оған еріп сырға барып тұратынбыз. Сәкен қызық адам. Редакциядан алып шығарда ол бізге міндettі түрде “менде ақша жоқ” деп ескертептін. Бірақ отыра-отыра, іше-іше келе ол қалтасындағының бәрін шығаратын. Сондыктan біз оны кез келген кезде батыл ертіп кететінбіз. Ең бастысы – оны үркітпеу керек. Өзің бірінші боп бірдене алып берсең болды, ар жағында ол карыздар болып қалмайды. Аңқылдақ. Каржысы болмаса, үйіне алып

кетеді. Колына билікті түгел алып алған акқұба жең-
теміз бар. Көніл күйі жоқ күні, кім болсан да, күйеу-
імен қосып айдал шығады. Көніл күйі дұрыс күні
барын береді. Бес-алты баласы бар. Бәрі де ұл. Біреуі
ғана әкесіне, қалғаны түгелдей шешесіне тартқан.
Соны балалардың өздері де сезеді ғой деймін, ше-
шесіне тартқан төртеуі әкесіне тартқан жалғызға
күн көрсетпейді. Дастанда түртпектейді
де отырады.

“Бармақтай бақты басып отыру үшін батпандай
құйрық керек” дейді қазақтар. Сансызбай ағамыз
бармақтай бақты басып отыра алмады. Бірте-бірте
ішімдіктің сонына түсе бастады. Жұмыстан да, бә-
рінен де айырылды.

Бір күні жазушылар үйінің алдында ойда жоқта
кездесіп қалдық. Қатты қызу екен.

— Эй, Қадыр, мен жақында Гурьевте (Атырау)
болып қайттым. Апыр-ай, сондай жерде де адамдар
туып, өмір сүріп жатады, ә! Ит байласа тұратын жер
емес қой, тамүқ қой! — деді амандаспай жатып. Бұл
сөз маған ұнай қойған жок, әрине. Бірақ мас адам-
ға не деуге болады?! Үндемеуге тырыстым.

— Апыр-ай! — деді тағы да. — Ит байласа тұрғы-
сыз жер! Қалай туып, қалай өмір сүреді ондай жерде!

— Сөке! — дедім одан өрі шыдамай. — Мен өзім
Гурьевте туғам жок. Бірақ білем, нағыз мықтылар
сондай жерде туып, сондай жерде шынығады! Ал
сіздің атамекеніңіз Сұлутөрге Африка маймылын
әкеліп қоя берсеніз, бір-екі жылда адам болып ке-
теді. Тіпті бірнеше жылда редактор болып кетуі де
ғажап емес! — Сөкен менің сөзіме мән берген жок.
“Апыр-ай, ә! Апыр-ай, ә!” деп кетіп бара жатты.

Менің ол кезде кітап ауруы деген дертке тап
болған кезім. Алматының қай дүкеніне қай күндері

кітап түсетінін біліп алғанмын. Кеңестер Одағы бойынша қай қалада қандай кітап жарық көріп жатқанын “Книжное обозрение” газетінен көшіріп алып, не тұс кезінде, не жұмыстан кейін кітап дүкендерін аралап, кезіп кететінмін. Сыныктан басқаның бәрі жұғады демекші, менің бұл ауруым Сабырханға жүккән, кітап дүкендерін аралауға шыққанда ол үнемі менімен бірге жүреді. Басқа кезде де сол. Басқа жакта тұрса да, кейде мені үйге шейін шыгарып салады. Қаны қазақ болғанымен, Өзбекстанда туған азамат қой, оның не ойлад, не қойғанын адам баласы білмейтін. Бір байқағаным – өзі туралы өте жоғары ойлады.

– Өлең жаза бастағаныма біраз уақыт болған. Бірақ, әлі баспасөз бетіне жарқ етіп шыға қойғам жоқ. Замандастарым болса, бір-бір мықтыға алғысөз, яки сәт сапар жаздырып алып, жарияланып жатыр. Біреуіне – Эбу Сөрсенбаев, біреуіне – Әбділда Тәжібаев, біреуіне – Куандық Шаңғытбаев, біреуіне – Сыrbай Мәуленов бата берген біраз ақын дүниеге келіп те үлгерді. Ал мен ше? Маған ше? Маған сәт сапар жазуға кім лайық?! Әрі ойладап, бері ойладап, Мұхтар Әуезовтен артық ешкімді таппадым. Тәуекел! Алдым да телефон соқтым.

– Алло! – деді Мұхаң телефон трубкасын өзі алып.

– Ассалаумагаләйкум, Мұха! Телефон соғып тұрған Сабырхан Асанов деген шәкіртінің ғой!

– Иә, қандай шаруа?!

– Мұха! Өлең жазумен өуестенетін едім. Яки ақынмын. Сізге сәт сапар жаздырып алсам деген ойым бар еді!

– Пәлі! Алдымен мен ол өлеңдерді оқымас болармын ба? Сонда ол өлеңдер маған ұнамас болар

ма? Сен өзін не қылған тәрбиесіз, көргенсіз бала едің! – деп Мұхан маган ұрысып таstadtы.

Бұл әңгімені естігеннен кейін біз бәріміз күлдік Сабырханға. Сабырханның балалығына емес, өз қылығымызға құлгендей құлдік. “Адам өзінің балалығымен құле қоштасады” деген еken бір данышпан. Біздің бұл құлкіміз сондай бір есею жасындағы құлкі еді. Осы әңгімені естіп отырып мен көп жылдардан кейін тағы бір құлдім. Оның мәні тіптен бөлек еді.

Осы оқиғадан он-он бес жыл өтіп кеткен-ді. Маган бейтаныстау бір топ жастардың арасында осы әңгімені айтып отырған кезде Сабырханды мен тағы бір мәрте тыңдадым. Аяғына шейін өзгеріссіз, дәлме-дәл күйінде, яки бұрынғы қалпын бұзбай баяндап шықты. Бірақ хикаяның ең соңына келгенде мұлдем басқаша түйін жасады. “Сен өзі неғылған тәрбиесіз, көргенсіз бала едің! – деп Мұхан маган ұрысты” деп аяқталатын әңгіме бұл жолы “Сен өзін неғылған тәрбиесіз, көргенсіз бала едің!” – деді Мұхан. Сөйтіп екеуміз ұрысып қалдық” деп бітірді ол бұл жолғы әңгімені. “Ұрысты” мен “ұрысып қалдықтың” екі арасы жер мен көктей ғой. Соңғысында Сабырхан Мұхтар Әуезовтің денгейіне шейін “өскен”, онымен тепе-тен қатар адамдай.

Анда-санда бір көпіріп аман-сау сұрасып жүргеніміз болмаса, соңғы жылдары біз араласқан жоқпыш. Бірде Весновка өзенінің жағасында ойда жоқта жолығып қалдық. Көріспегенімізге көп болған, біраз әңгімелестік. Қоштасар кезде ол маган:

– Кадеке! Мен қазір бір томдық тандамаларымды баспаға дайындал жүр едім. Соған алғысөз жазып бермейсіз бе? – деді.

Сабырханның мына қолқасынан кейін оның

Мұхан әкеуі арасындағы әңгіме қайта есіме түсіп күліп жібердім.

— Мұның құлетін несі бар? — деді Сабырхан.

— Жай! — дедім мен. — Баяғыда сен әрі ойланып, бері ойланып, өзіне сәт сапар беруге Мұхтар Әуезовтегін басқа лайық адам таппадым деп едің гой. Енді ол данышпан жоқ, мен жазбағанда кім жазады?! — дедім. Менің бұл өзіліме ол да күлді.

“Жұлдыздың” редакторының орынбасары болып жұмыс істеп жүрген кезімде ертемен келіп, үйімнен ертіп әкетіп, жұмыстан кейін үйіме шейін шығарып салып бәйек болып жүрген шынайы досым мен жұмыссыз қалған күні ізім-ғайып жоғалып кеткен. Тіпті телефон да соқпай қойған. Сондай да дос бола ма?! Сондай да жолдас бола ма?! Мен оған адам ретінде қатты өкпелегенмін. Мен де ет пен сүйектен жаралған адаммын. Пен демін. Сосын кешіре алмағанмын. Бір емес, бірнеше әріптесіме жазып жүрген жылы сөзімді осы жолы қимадым. Күдай өзі кешірсін.

Естелік кітабы — қызық кітап... Оған жалынып жалпайып біреулерді кіргізбек болсаң да кіргізе алмайсың. Ал біреулерді кіргізбегің келсе де, кіріп тынады. Соның бірі — Тоқаш Бердияров. Жолдағылардың бірін олай итеріп, бірін былай итеріп жоғары шығып барады. Міне, міне... “Жұлдыз” редакцияның бес-алты қызметкері отыратын кең бөлмесі. Соның қақ ортасына келіп тоқтады. Әбден ішіп алған. Қып-қызыл. Құп-қүрен. Неге екені белгісіз, бес-алты сөзді немісше айтты. Олары қазір есімде жоқ. Содан соң он аяғын тіп-тік көтеріп, сол аяғымен қозғалмай ұзак тұрды. Мас адам түгіл, сау адам құлап кететін қалып. Мұртын әрлі-берлі ойнатып, айбат шекті. Жақындалап бір үстел үстінде жаткан ұ-



тараны алды. Уысына салып мыжғылады. Алақаны қып-қызыл қан болды. Содан кейін енді не істесем еken деп, біраз анырып тұрды. Тұрды да былш еткізіп еденге түкірді. Тәлтіректемей тұп-тура басып шығып кетті.

Біреу ойбайлайды, айқайлайды... Айнала қараймын — ешкім көрінбейді. Екінші қабатқа жүгіріп шықсам,.. Өз қөзіме өзім сенбедім. Сол Тоқаш Ілияс Есенберлиннің оң қолын артына қайырып, Жазушылар одағының екінші хатшысын қинаудайын қинап жатыр. Жетіп барып, жабыса кеттім. Хатшыны аяған ештеңем жок. Каусаған кәрі адамды аяп кеттім. Осы да жетер дегендей, мен араша түскеннен кейін Тоқаң оны оп-онай қоя берді. Ілияс Есенберлин тез-тез кабинетіне кіріп кетті. Тоқаш маған қабағын түйіп:

— Ара түспейтін адамға ара түсіп нең бар еді! — деді. Соны айтты да, милиция келіп қалады деді ме еken, тайып тұрды.

Басқа бір көрініс. Жазушылар одағының екінші қабатындағы фойе. Кімдер екені есімде жок, төрт-бес адам отырганбыз. Бір мезгілде Тоқаш көтерілді.

- Соғыс қашан болар еken?! — деді.
- Оны қайтесіз, Тоқа? — дедім мен.
- Ататын адамдарым бар еді! — деді ол.

Кой! Тоқтатпаса болмас мұны! Кез келген замандас, көз көрген қаламdas киіп-жарып кіре берсе, естелігім жақын жылдарда біte қоймас. Өзімсінгендердің көбін өңменінен итеріп, жүйеме көшейін. Сонымен, әлқисса...

Бірі келіп, бірі кетіп жатқан қалтаған кеңесші-консультанттардың бәрі бірдей есте қалмалты. Ал Сейтжан Омаров есімде. Шағын ғана бөлмеде қара-

ма-қарсы қойылған екі үстел басында Секен екеуміз бірнеше жыл бетпе-бет отырып қызметтес болдық. Мұндай ұқыпты, мұндай мұқият адамды өмірімде көрген емен. Артық сөзі жоқ. Бірдене айтып, бірдене сұрап, мазанды алмайды. “Не істеп отыр өзі?” дегендей көзәйнегінің үстінен бір қарап қояды да, алдында жатқан қолжазбаны оқи береді, оқи береді. Ішім пысқанда “Оу, құда!” деп қоям. Көзәйнегінің үстінен бір қарайды да, үн-түнсіз отыра береді. Сәтімжан Санбаев деген орыс тілді жазушы осы Секеннің қызына үйленген. Қазақы жолмен келгенде ол маған іні іспетті. Демек, Сейтжан Омаров маған құда есебінде. Маған сол қызық көрінеді. “О, құда!” деп қоятыным сондықтан. Мен құда деген сайын Секен бір жымып, бірденені ішіне бүгіп қалғандай көрінеді. Не қүния, не сыр екенін білмеймін. Әйтеуір тегін емесін қатты сезінем. Бір күні түскі тамаққа шығатын уақытта басын көтеріп:

— Қадыр! — деді, — осы сен маған “Құда!” “Құда!” дейсін үнемі. Ойлап отырса, сол құданың әлі бір шайнек шайын ішпептін!

— Оу, Құда! Сіз де қызық адам екенсіз! Мына заман сатулы заман! Жолдасың сатулы, досың сатулы, туған-туысқан дейміз-ау, тіпті солардың өзі сатулы! Солармен есеп айырысып, кол тиіңкіремей жатыр. Сіз несіне асығасыз?! Сіз — құdasыз! Ал құда деген мың жылдық. Алдымызда әлі талай ғасыр бар! Шыдай тұрыңыз!

Секен баяғы әдетінше тағы да жымиды да қойды. Жымиганынан қабағын шытқан дұрыс еді!

Күніне бір емес, ондаған қалжың айтылады. Оның қайсы бірі есте тұрады? Бірак менің осы әзілім елге тез тарарап кетті. Таратқан адам — Сейтжан Омаровтың өзі. Жұбан Молдағалиевке айтыпты. Ол



бір мақаласында мысал қып алып, газет арқылы бұ-
кіл Қазақстанға жайып жіберді.

Тағы да сол кабинет, тағы да сол жұмыс.

— Мың жыл дегенің түк емес екен ғой! — деді
бір күні Секен.

— Неге олай дедіңіз?

— Жұмыс, жұмыс деп жүргенде оның да бір-
екі жылы өтіп кетті.

Құдай атты деп ойладым ішімнен. Кешкісін
үйге барған соң, болған жағдайдың бәрін айтып
бердім.

— Өзіңде де сол керек. Енді не істейміз?

— Өзің де ақылды өйелсің ғой... Не істеу керек
екенін сезіп отырған шығарсың. Енді қонаққа ша-
қырмасқа болмайды.

Айтты-біttі. Сол аптаның аяғында Сәтімжан-
ның әке-шешесін қосып Секеннің отбасына шай
бердік. Жақсы бір отырыс болды. Естелік жазып
отырғанымды пайдаланып, бір мактайын, өмірі өзіл-
ден ұтылып көрмелеп едім, Сейтжан Омаров асықпай-
саспай, майдалап отырып, осылай бір сөзден отыр-
ғызып кетті. Бір қызығы сөзден қанша ұтсам да пай-
дасын көріп жарытқан жоқ едім, бір ұтылып, әжеп-
тәуір шығынданым.

Әке қызығын көріп жарытпаған жартылай же-
тімдіктің әсері ме, бір құдірет мені үлкендерге тар-
татын да тұратын. Осы күнге шейін агаларға сәлем
беру, амандасу — негізгі парызын деп есептеймін.
Бірақ, өкінішке орай, олардың көбі мен ойлаған-
дай ойламайды. Сәбен, Сәбит Мұқанов сияқты “Сен
осы кімсің? Қай баласың?” деп сұрамайды. Сондай
саяқ, өні суық агаларымыздың бірі Жұмагали Сайн
болатын. Берген сәлемімді алатын да тоқтамай өтіп
жүре беретін.

Алтын жұлдызы жоқ демесеніз, болмысы ба-
тыр, турашыл батыр, барынша қайсар. Ұлы Отан
соғысы кезінде Украинада қан кешіп жүріп, аян-
бай соғысқан партизан. Қатты жаракаттанып, бірақ
елге аман-есен оралған. Кираған үйдің қанқасы
тәрізді адамның қеудесін ұстап тұрган оның қабыр-
ғалары ғой. Сол қабырғаларының бір жақ қатары-
нан түгел айрылған ақын ағамыз сол қабырғасыз
жағына қарай сөл қисайып жүретін. Жұмағали Сайн
дүние салған кезде Алматының күнбатыс жағында
бір емес, бірнеше мөлтек аудандар салынып, Қаске-
ленге қарай жайылып бара жататын-ды. Сол бір ас-
тананы тұйықталп-ақ тұрган соңғы көшені марқұм
ағамыздың атымен атай салды. Көше болғанда да
түгел, бүтін көше емес. Бір қапталы бар, бір қапталы
жоқ сынар езу көше. Соны көрген құрдастары, за-
мандастары: “Астафралла! Қалай тауып қойған!
Жұмағали марқұмның өзі тәрізді бір қабырғасы бү-
тін, бір жақ қабырғасы түгелдей жоқ!” деп өзілдей-
тін. Казірде бәрі орнына келген. Көшениң екі беті
де бүтін. Ең үлкен және ең әдемі көшелердің бірі.

Ешкім ешкімге ұқсан жарытпайды. Ал Жұме-
кен марқұм табиғатынан егізі (сынары) жоқ жалқы
болатын. Әдебиеттегі орнын да өзі белгілеп, өзі бе-
кітіп қойған. Сол тәртіпті бұзған адамды ұнатпай-
тын. Кезінде Жазушылар одагында бастауыш пар-
тия үйімінің хатшысы болғанда аудандық партия
комитетінде, қалалық партия комитетінде өз әріп-
тестерінің мүддесін жаңын салып қорғай білген. Өзі
акын, өзі қайсар партизан ешқашанда ешкімнен
қаймықпаған... Бір гана қысылатын жағдай бар-ды.
Ол – басының таздығы. Солай деп естідім. Бірақ өз
көзіммен көрген жоқпын. Көргім келіп талай мәрте
әрекет еттім. Көре алмадым. Қашанда басынан то-

қыған қызыл тақиясы түспейтін. Қыс күндері де киім шешетін жерде тұрып, торуылдадым. Даладан кіргенде құлақтынмен кіреді. Одактың он жақ кіре берісінде киім шешетін жер бар. Дәл сол жерде талай-талай бағып, талай-талай санымды соғып қалдым. Он қолымен бөркін ала бергенде сол қолындағы қызыл тақия төбесіне қонып үлгереді. Сондай шүғыл, сондай тез!

Бір жылдары Жұмағали Саин “Қазақ әдебиеті” газетіне бас редактор болып келді. Келген бойда қызметкерлерін шақырып, жиналыс өткізеді.

— Сен кімсін? — дейді Жұмекен біреуіне.

— Мен пәленшемін! — дейді ол байғұс.

— Ондай ақынды не жазушыны білмеймін! Ертеңнен бастап боссың! Арызынды жаза бер! — дейді.

— Сен кімсін?

— Мен пәленшемін!..

— Ондай ақын, ондай жазушыны естігем жок!

Сен де боссың! Арызынды жаза бер!

Жиналыс біtedі. Бүкіл аппараттан Жұмекеннің билетіні, ұнатқаны жалғыз ғана Тоқаш Бердияров болып шығады.

Көп кешікпей Жұмағали ағамыз қайтыс болды. Сондағы Тоқаш Бердияровтың жылағанын көрсөніздер!

Осындай ешкімге ұқсамайтындығымен Жұмекен марқұмға ұқсайтын бір ағамыз бар. Ол — Қасым Қайсенов. Ол да партизан. Қанды қырғыннан аманесен оралған. Оралғанда да кіслігін жоғалтпай, мұз бол қатып, су бол қайнап, әбден шынығып оралған нағыз қайсар, нағыз батыр. Көзін берсе де, өзін бермеген. Тәнін жарақаттандырса да, жанын жарақаттандырмажан. Баумен, Бауыржан төрізді әдеби көркем тұлғага айналғалы тұрған азамат. Бірақ, өкініш-

ке орай, өзі туралы өзінен басқа ешкім елеулі дүние жазбай, кезегін күтіп қартайған тірі кейіпкер. Ұшса биікке самғап, құласа биіктен құлайтын жан. Биіктен демекші, Қасым ағамыз бірде газигімен ағызып келе жатып, он төрт метр биік жарғабактан ұшып кетеді. Эйтеуір құдай сақтап, тірі қалады. Тұла бойында таңылмаған сау жері жоқ замандасының көңілін сұрай барған Сырбай Мәуленов:

— Иә, Қасеке, қанша метр биіктіктен құладыныз? — дейді құліп.

— Елдің айтуына қарағанда, он төрт метр тे-різді!

— Әрине! Әрине! — дейді Сыраған. — Сізге енді Қасым Қайсенов басыңызben одан төменнен құлаған тіптен үят қой!

Қасекен өзіне ғана тән емен-жарқын партизан құлқісімен құлейін десе, құле алмайды. Тұла бойын темірмен құрсал тастаған. Сірестіріп жібермейді. Оның үстіне сынған сүйектері қақсан, құлдірмей, әбден қорланады.

Кейінрек, біраз уақыт өткен соң Сырбай Мәуленовті қағынған бір мотоцикл қағып кетеді. Ақын ауруханаға түседі. Енді Қасым Қайсенов оның көнілін сұрай барады.

— Иә, Сыраға! Бұл не жатыс? Не бол қалды? — дейді Қасекен.

— Өй, бір қағынған мотоцикл қағып кетіп,.. — дейді Сыраған.

— Тәйт! Айтпа ондай сөзді! Мотоциклі несі?! Мұнынды менен басқа біреу естіп қойып жүрмесін! Үят емес пе, қазактың дырдай ақынын орыстың жүрдай мотоциклі үрып жығыпты деген! Бұдан былай қарай әлгі мотоциклді КамАЗбен айырбастап айт! — дейді Қасым ағамыз өзінен өзі мәз болып.

Бір құні маған Шерияздан Елеуkenов мынандай бір өңгіме айтты:

— Баспасөз комитетін басқарып жүрген кезім. Өкімет бізге бір УАЗик берді. Сол УАЗикке құда түспеген баста жоқ. Бәрі де өтініш өкеп тастады. Соның бірі Қасекең өз баспасының атынан өлердегі сезін айтып, хат жазыпты. Ол өзі қай-қай жағынан да маған аға болады. Қасекеңнің ойы — қайткенде де сол машинаны алу, менің ойым — қайткенде де бермеу. Дәлірек айтсам, дұрыс шешімін табу. Қасекеңе берсем басқалар ренжиді. Тұысқаның тапты дейді. Басқалардың біреуіне берсем, Қасекең ренжиді. Тұысқандық сезімнен жүрдай деп, боктайды. Сөйтіп түйікқа тіреліп сасып жүргенімде бір банкетте Қасекеңмен қатар отырып қалдым. Ағамыздың қалай ішетінін білем. Сөйте тұра:

— Қасеке! — дедім оған. — Мен Сізге осы банкет біткенше өз қолымнан құям да отырам, құям да отырам! Рюмкеге емес, әрине! Бокалға! Соның бәрін тамшысын қалдырмай таусып отырыңыз, машина Сіздікі болады!

— Солай-ақ болсын! — дейді Қасекең.

Келісім солай болған соң, кәдімгі жуан қарын бокалға аузы-мұрнынан келтіріп коньяк құйдым да отырдым. Ол тамшы қалдырмай ішті де отырды. Біраздан кейін өзім қорқа бастадым. Ойыннан от шығып Қасекенді өлтіріп алсам, масқараның көкесі сонда болар деп райымнан қайтайын, қояйын мына құйысты деп түйдім. Бірақ Қасекеңнің тоқтар түрі жоқ. Мен қайтқанмен ол қайтпады. Банкеттің аяғына шейін ішті...

— Қорқатын кісіні тапқан екенсін! Армяннің коньягі украиннің горелкасымен салыстырғанда ішімдік пе тәйірі! Ертең таңертен тоғызда барам,

машина дайын тұрсын! – дейді. Сөздің аты сөз. Серттің аты серт! Орындауға тұра келді.

Бірде Қасекең сырқаттанып ауруханаға тұсті. Біздер көнілін сұрауға бардық. Барсақ, жатқан жері ауруханаға үқсамайды. Онаша бөлме, телевизор, тоңазытқыш. Бәрі де бар. Комфорт. Біз келді деп Қасекең дастарқан жайды. Тоңазытқыштың ішінде не болса, соның бәрі сыртқа шыкты. Қазы, карта, кара уылдырық, арақ, шарап, коньяқ. Амал жоқ ырымдауға тұра келді. Қасекенің өзі де қосыла ішті.

– Қасеке, осы Сіз қай жерім ауырады дедініз?

– Асказан ғой баяғы!

– Ойбай-ау, Қасеке! Мына ішіп-жеп отырганыңыздың бәрі ауру асказанның жауы ғой!

– Ол анау дәрігерлердің шаруасы. Менің шаруам – ішіп-жеу!

Мен бірдене түсінсем, Қасекең тегін қазак емес! Жаратқаны ғана емес, жебеушісі де мықты. Содан да шығар, оққағары бар. Өзі айтады:

– Бірде Талдықорғанда карта ойнап отырдық. Екі күн болды карта ойнап, ішіп-жеуден аузымыз босаған жоқ. Ұйқы жайына қалған. Ойын үстінде бір азамат менің намысыма тиді. Картасын да, қаржысын да лақтырып, үйден атып шықты! Тұн ортасы ауып бара жатқан шақ. Оған қарамай, Алматы қайдасың деп, тартып кеп кеттім. Осылай істегенімді білем. Одан кейінгісі есте жоқ. Бір мезгілде оянып, көзімді ашсам, таң атып қалыпты. Екі қолым рульде. Алматыға, өз үйімнің алдына келіп, аман-есен тоқтаппын. Қашан келдім, қалай келдім, түк білмеймін!

Бізде кім көп? Тірі классик көп! Бір ғажабы, оларды халық классик санап жүрген жоқ. Өздерін өздері классик санайды. Сондай өзін-өзі классик

санайтын есер інілерінің бірі жұмыс орнында отырған Қасекене келіп жоқ жерде тиіседі.

— Неғып отырың соқырайып?! Сен өзі қайдан шыққан жазушысың? Өз орнынды біл! Сенің орның — шаруашылық! Біздің кітаптарымызды кезінде кешіктірмей шығару! Ал менің кітабым шықпай жатыр. Солай жолдас! Сонымен шұғылдан! — дейді.

Қасекен орнынан тұрады. Жартылай ашық қалған есікті жымдастырып жауып, кілттейді. Кілтті қалтасына салады. Үстел үстінде көптен бері пайдаланылмаған зілдей пресс-папьеңі қолына алады. Сол қолымен өпірем інісінің кенірдегіне жармасады.

— Мен саған қашан жазушымын деп, кеудемді қақтым?! Қашан! Мен — жазушы емеспін! Қөргенін, білгенін жазатын куәгермін. Пар-ти- занмын! Түсіндің бе, пар-ти- зан-мын! Оған дәлел мына мәрмәр Папье! Бір ұрғанда-ак миынды ортасына тұсіреді!

— Қасеке! Қасеке! — дейді зәресі ұшып, көзі алақтаған әлгі адудын інісі. — Иә, иә, партизансыз! Дау жоқ партизансыз! Оны дәлелдеп керегі жоқ! Партизансыз! Партизансыз! Партизан жазушысыз!

Осы кезде жынды інісінің бақытына телефон шылдыры ете қалады. Қасекен кенірдекте тұрған темірдей қолын босатып, телефон трубкасын алады. Бұтына жіберіп қойған “батыр” інісін босатып, бөлмеден бірге шығады.

Міне, осындай қайсар, ештенеден тайынбайтын нағыз адамның жылағанын көрдім. Иә, иә, жылағанын!

Желтоқсан оқиғасынан кейін бір күні маған Қасым ағамыз телефон соғып:

— Сенімен жолықым келеді! — деді. Ол мені Жазушылар одағында күтетін болды. Сол уәделі

жерде кездестік. Оңаша бөлмелердің бірінде отырып сөйлестік. Әңгіме басталар басталмастан ағамыздың еңкілдеп тұрып жыламасы бар ма! Неге? Не үшін? Не болып қалды? Тұсінсем бұйырмасын!

— Қасеке! Қасеке! — дей берем. — Сабыр! Сабыр! Не бол қалды! — дедім не істерге білмей.

— Аямады ғой, аямады. Шырқыратып сабады ғой жастарды! Көрдім! Өз көзіммен көрдім! Бәрін де көрдім! Бәрін де! Бірақ дәрмен жок. Тұк істей алмадым. Өйткен партизандығым құрысын! Фашистердің өзі олай қорлай алмап еді! Корлатпап едік! Бұлар қорлады!

— Біз бере алмасақ та, жазасын Құдай берер! Сабыр етініз, Қасеке! — деп жұбаттым.

— Бұлар баяғыда бір рет өсткен! Шаяхметов орнынан тұскенде “Біраз тайрандан едіңдер, бостандықтарың бітті осымен! Бітті осылай, калбиттер!” деп сабаған шетімізден. — Қасекен өксіп-өксіп алды да кілт тоқтады. Содан кейін: — Осыны айтайын деп келдім. Ал қош бол, бауырым! — деп шығып кетті. Қасекенің маган келіп, осылай шер тарқатып жүргені мен ол кезде желтоқсан оқиғасына байланысты мемлекеттік комиссияның төрағасы болатынын.

Арбага жеккен мама биенің жаңында еріп келе жатқан кішкене құлындар болады. Олар бірде қалып қалады, кейде озып кетеді. Озып кетіп қайтып орлады. Менің естелігім де сол жас құлындар сияқты шығарманың баяу дамуына шыдамай, бірде озып кетіп, бірде қайтып оралып жатады. Қарағайдың күнгей беттегі бұтактары ұзынырақ өседі. Кітаптың кейбір тараулары сол бұтактар тәрізді тезірек өсіп, басқа бұтактардан озынқырап кетіп жатса кешірім сұраймын. Бірақ шығарманың ішкі зандылығына ештеңе істей алмайсын.



Не болғанда да біздер адам ретінде де, азамат ретінде де университетте оқып жүрген кезде қалыптаса бастадық. Жақсы мұғалім, жаман мұғалім деп бөле-жаратын ештеңесі жоқ, шәкірттер солардың әрқайсынан бірдене үйренді деп ойлаймын. Жақсыдан жақсы болуды үйренсе, жаманнан жаман болмауды үйренді. Мысалы, бізге Белгібай Шалабаев деген ағамыз сабак берді. Кейін ол “Өмірде мұндай да болады” деген хикая жазып аты шықты. Қара жер хабар бермесін, ағамыз мақтанғанды, айрықша адам болып көрінгенді өнер деп есептейтін. Жазғы күндерге лайықтап тіккен сарғылтым ақ костюмі жібектей сусылдап тұратын. Соны киіп шыққан күні бірде қара нөсердің астында қалса керек. Сол туралы шыгарған бір-екі тармақ өлеңін студенттер жатқа айттып, мәз болып күліп жүретін.

Шығып едім мен бүгін ақ костюм киіп,
Кара бұлт жіберді ғой сиіп-сиіп.

Көнілсіз күндерде ұстазымыздың осы бір шалдауар шумағын есімізге түсіріп, мәз болатынмыз.

Жақсы және үйлесімді киінудің өзі үлкен мәдениет. Мәселе онда емес, мәселе барынша ерекше киінуге тырысатын пижон ағамыздың өзін-өзі өте жақсы көретіндігінде. Лекция кезінде өзінен-өзі мысал келтіріп, өзін-өзі ашықтан-ашық жоғары бағалайтын сөздер айтатын. Онысы бізге аса ерсі көрінетін. Оның мінез-құлқын, пенделік осалдығын әбден зерттеп алған ысқаяқ қулар емтихан кезінде өздеріне керек төуір бағаны оп-онай, тіпті қалай-солай алып шығатын. Билеттегі сұракқа тура қатысты болсын, болмасын Белгібай Шалабаев қаламынан шыққан ірлі-ұсақты “енбектерді” тамсана айттып, мақтау сүйгіш мұғалімнің көзіне жас алдыратын.

Студенттердің алдында тұрып, білген-түйгениңді пышыратпай, шашыратпай, сусал отырған қалың қауымға түп-түгел жеткізе білу – кез келген мұғалімнің қолынан келмейді. Аудиторияны арбай білмеген ұстаз бол жарытпайды. Мұндай адамдардың мұғалімдіктен бас тартып, таза ғылыммен, зерттеумен шұғылданғаны, қолдан келсе, жазғаны жөн. Өкінішке орай, ұстаздардың көбі бұл қағиданы түсіне бермейді.

Маған ерекше ұнайтын мұғалім – көне заман әдебиетінен сабак беретін Гербсман деген ленинградтық ғалым еді. Кейде екі қолын аспанға көтеріп, мойнын тұқыртып алып, нағыз артистерше көне грек ақындарынан үзінді оқығанда ол маған сол заманың өзі тудырған құдайларындаі көрінетін.

Қазақ мұғалімдерінің ішінде аудиториямен бірден тіл тауып, тындармандармен тұтасып кететін Темірғали Нұртазин болды. Ол Қазақ кеңес әдебиетінен сабак берді. Қазақ авторларының не жазып, не қойғанын, онда қандай мәселе көтергенін, оны өзінше қалай шешкенін айтып, талдап өүре болмайтын. Оның бәрі өзі көрсеткен әдебиеттерде түгел қамтылған. Соларды оқып шықсандар жетеді дейтін де, авторлар жөнінде бұрын-сонды айтылмаған, екінің бірі біле бермейтін әңгімелерге көшетін. Авторлардың жеке басы, мінез-құлқы, қадір-қасиеті, кейде тіпті пендешлілігі төнірегінде көсіле сөйлемеп кетеді. Қеремет-керемет кеменгер жазушылардың, ақындардың бәрі де көдімгі жер басып жүрген өздеріміздей қарапайым адам екендіктерін естігенде, көзіміз жеткенде біргүрлі қуанып, мәз бол қалатыныз. Педагог ретінде де ол ешкімге ұқсамайтын. Өз бетімен ізденіп, талаптанып жүретін дарынды сту-

денттерді зачет кезінде сұрақ қойып қинап, қорлап жатпайтын.

— Мен сенің қалай ізденетінінді, қалай оқитыныңды бәрін жақсы білем. Экел зачетканды! — деп, қол қойып беретін. Кейде сұрақтың орнына:

— Өзің жақсы көретін, жаңың сүйетін бір ақыныңың өлеңдерін оқып берші! — дейтін. Сол арқылы-ақ ол сенің талғамынды, әдеби көзқарасынды, жалпы өзіңнің қандай адам екенінді біршама жаңылмай танитын.

Жалпы, бұл жағынан Темірғали ағамыз мұлдем бөлек адам болатын. Үзіліс кезінде ол мені қолтықтап алып, дәлізде ұзак жүретін. Немесе туалетке қарай тартатын. Дәлізде басталған әңгіме сол жерде жалғасын табатын.

— ЦКанда не жаңалық бар? — деп сұрайтын. Онысы несі, мен онда істемеймін ғой деп басым кататын. Кейін білдім, бұл оның жаттанды сөздерінің бірі, сол заманың салты екен. Кейінрек, оқу аяқтап қалған кезде ол менің диплом жұмысымныңғылыми жетекшісі болды. Мені өзі таңдалған алды. Менің тақырыбым “Өлең және өмір” деп аталатын.

— Анау олай жазған, мынау былай жазған. Қалай жазса да солардікі дұрыс. Өйткені өлең, жалпы өнер атаулы субъективті нәрсе. Сондықтан сен Аристотельдің “Поэтикасын” жақсылап бір оқы да кой. Өзің өлең туралы не ойласан, соны жаз. Алаңдама! — деді ол маған диплом жұмысыма кіріспей жатып.

Диплом қорғау үстінде менің жұмысымды өзі ете жоғары бағалап, жоғарғы баға қою керек деп қасарып отырып алды. Біраз адам қарсылық білдіргендей болып еді, жетекшім соның бәрін мойындастып тынды.



Теміргали Нұртазин шын мәнінде әдебиетші, шын мәнінде ғалым адам болатын. Ол сол кездің өзінде бүкіл дүниежүзілік әдеби процесті, өсіресе кенес әдебиетінде басталғалы тұрған жаңа бағытты жүрттап бұрын сезді. Владимир Дудинцевтің “Ни хлебом единым” атты шығармасымен жарысып, осы бағытта повесть жазды. Бірақ казак жазушылары оны бағалай алмады.

Соғыстан кейін, жалпы Сталин дүние салып, билік Хрущевтің қолына көшкеннен кейін Кенестер Одағының рухани өмірінде кәдімгідей қозгалыс, сілкініс болды. Айдаудан оралғандар өшпенділігін өкелмесе де, іштегі қыжылдарын өздерімен бірге ала шықты. Қырық жыл бойы темір какпа, темір есіктің ар жағында (ішінде) тұншыға бастаған империя тұндігін ашып, ашық аспанға қарай бастады. Әдебиет майданнан және айдаудан оралған құсалы қаламгерлермен ғана емес, оқыған, ізденген және көзі ашық, көнілі ояу жаңа буынмен молықты. Ендігі қазак әдебиетінің жүгін Есмағамбет Ысмайылов, Бейсенбай Кенжебаев көтере алмайтын жағдайға жетті. Олардың қатары Қалжан Нұрмаханов, Айқын Нұрқатов сияқты сауатты да жас сыншылармен қуаттанды.

Қалжан Мәскеуден оку бітіріп келген өте білімді және дарынды әдебиетші болатын. Олар келгенше біздің әдебиетімізде ашылмай жатқан кен, айтылмай жатқан сөз жеткілікті еді. Тіпті орыстардың өзі Достоевский мен Шоқан Уәлиханов екеуі түскен суреттегі Шоқанды танымай, “Достоевский және оның бауыры” деп жазып жүрді. Ал оның Шоқан екенін бірінші рет байқаған да, анықтаған да осы Қалжан Нұрмаханов марқұм болды. Біраз жылдар өткеннен кейін мен өлгі “Достоевский және оның

бауыры” деген ескі жазудың негізінде өлең жаздым. Он шақты шумақтан тұратын ұзақ өлең былай аяқталады:

Бұл рәсім еліңе жылы ұшырап,
Бірі жауап береді,
Бірі сұрап...
“Достоевский өзінің бауырымен” –
Олай емес!
Бірақ сол дүрысырақ!

Осылай да түсінікті шығар. Өленді талдаң керегі бола қоймас!

О кездерде біздер, жас авторлар, Жазушылар одағына жиі-жиі баратынбыз. “Қазақ әдебиеті” және “Жұлдыз” журналының редакцияларына бірдеңелерімізді апаратынбыз. Сондай күндердің бірінде мен Қалжан ағамен таныстым. Өте қарапайым, өтө ашық азамат екен. Не ойласа, сонысын бүкпей айтатын сыншы маған бірден жақсы әсер қалдырды.

— Мен бір кезде Мәскеуде оқып жүріп, Мұхтар Әуезовтің романын талқылап жатқан жиналысқа тап болдым. Өз пікірімді ашық айтып сөйлемдім. Дұрыс болса да, бұрыс болса да, өз сенімім. Кейінрек білдім, менің сол жолғы сөзім Мұхана ұнамапты. Біреулердің қойт-қойтымен айтылған пікірлер деп түсінілті. Содан бері қарай ол кісі мені өзіне жақыннатпады. Сенбейді. Ал жас әдебиетшіні Жер серігі сияқты аспанға алып шығатын құдіретті бір ракетаносителі болуы керек. Біздің ғарышымыз – әдеби кеністік. Сол әдеби кеністікке көтеріп әкететін, тұсауынды кесетін бір тірі классик қажет! Мен енді не болғанда да сол Сәбит Мұқановтың етегінен ұстадым! – деді ол әріптестерімен өзара әнгімелесіп отырганда. Содан соң біздерге қарал:



— Сол ракетаноситель сендерге де керек болады. Ертерек қамтып қалмасандар біраздан кейін қын болады! Менің етегім әзірше бос, ұстап қалындар! Айырылмандар! Ертең кеш болады! — деп күлді.

Ол кездерде мұндай әңгімелер көбіне-көп сырханалармен аяқталатын. Бір топ адам болып сонда кеттік. Ашық пікір, ерекше ойлар пленумдарда, конференцияларда, съездерде емес, әдетте бейресми басқосуларда, салондарда, сырханаларда, отырыстарда айттылады. Қала сыртында сыра ішіл отырып біздер де біраз нәрсенін басын шаттық. Неден басталғаны белгісіз, сол жаңағы әңгіме Хамит Ергалиевтің “Құрманғазысы” төңрегінде болды. Ол кездерде жана кітаптарды дүкендерге түсер-түспесте сатып алып және жедел оқып тастантыныбыз. Хаманың бұл туындысы туралы көбірек, теренірек әңгіме еткен мен болым-ау деймін, бір мезгілде Қалжан ағамыз:

— Таптым! Таптым! Еврика! — деді. Мұнысы несі дегендей жұрттың бәрі Қалжан Нұрмахановқа қарап қалды.

— Нені таптыңыз?

— Түсінбедік қой!

— Архимедшілеп кеттіңіз фой тіпті!

— Осы поэмам туралы бір пікір үйымдастырымайсың ба деп, Хаман сонынан қалмай жүр еді. Ал мен кімге жаздырарымды білмей, ит боп, басым қатып жүргенмін. Жақсы болды фой, мұны енді сен жазасын, Кадыр! Сенің басында, байқаймын, мақала қазірдің өзінде пісіп түр. Жаз! Қанша жазсан сонша жаз! Шектемеймін. Пікіріне қысым жасамаймын. Бір ғана өтініш – тезірек бітірсөн болды, – деді Қалжан ағамыз, кәдімгідей қуанып, дайын мақала қолына тигендей мәз болып.

Бірер күнде мен “Құрманғазы” туралы жиырма бет мақала жазып, “Жұлдыз” журналына апарып тапсырдым. Қалжан ағам оқып шығып, бір сөзіне тиіскен жоқ, теруге жіберді.

Бірер ай өткеннен соң Жазушылар одағының кезекті президиум мәжілісінде Әбділда Тәжібаев:

— Жақында “Жұлдыздан” Қадыр Мырзалиев деген біреудің көсіліп тұрып жазған мақаласын оқыдым. Ол поэманиң “Көбікшашқан” тарауын Айвазовскийдің “Девятый валымен” қатар қояды. Мениңше тіпті одан да жоғары қояды! — деп ренжіп сөйлемеді. Ол кезде Әбекен мені білмейді. Сол жерде отырғанымды да байқамаған болуы керек. Мен үндеген жоқтын. Байқаганым: Әбекен мақаланы түгел оқымаған, не түсінбеген. Сондықтан оған бұл мақала түгелдей мактаудан тұратын дүние боп көрінген сияқты. Шынында онда поэма туралы біраз ескертпелер айтылған-ды. Және жай ескертпелер емес, мәнді-мәнді, салмақты-салмақты пікірлер айтылған болатын. Автор, Хамит Ерғалиев міне соларға қарап, “Құрманғазыны” Қадыр Мырзалиев қатты сынап отыр деп ұққан. Кейінірек мен Нұтфолла Шәкеновтың “Айғұл” атты жана поэмасына пікір жазып, “Қазақ әдебиеті” газетіне ұсынғанмын. Газет қызыметкерлері ол туралы не айтар еken деп, редколлегия мүшесі Хамит Ерғалиевке оқытуға береді. Ол “Осы Қадыр Мырзалиевтің мақалаларын оқығанда оның не мақтап отырғанын, не даттап отырғанын ажыратса алмайсың. Мына мақала да, “Құрманғазы” туралы мақаласы тәрізді, ойлары екі ұшты” деп жазыпты, редакторға жолдаған жауабында.

Қалжан Нұрмаханов Мәскеудегі күндерін ырду-дырду, ойын-тоймен құр-босқа өткізбей, түгелдей оқуға, білім алуға арнаған әдебиетші еді. Мен

одан да көп үйрәндім, бұрын-соңды оқымаған, өмірі естімеген ақындардың атын естідім. Ол бірде маған Чернышевскийдің өзімен дос болған, жолдас болған Михаил Михаилов деген орыс ақыны туралы біраз әнгіме айтты. Кейін “Библиотек поэта” сериясынан шыққан сол ақынның кітабын сатып алып оқыдым. Кітаптың алғы сөзіне қарағанда ол өзі Елек өзенінің бойында, кейбір деректер бойынша, Уфа қаласында дүниеге келген. Қалжан аға, оның қайдан оқығанын білмеймін, Михаилов – орыс асырап алған қазақ баласы деген еді. Фотосуретіне қарағанда, шынында да орыстан гөрі қазаққа көбірек ұксайды.

Мұхан, Мұхтар Әуезов, университетте бізге сабак берді. Бұрын ол Абайтану деген пәннен лекция оқыған екен. Не себептен екені белгісіз ол лекциялар тоқтап қалған. Оның орнына біздің үшінші курс студенттеріне Тұыскан ұлттар әдебиетінен лекция оқи бастады. Алтасына бір рет. Кейде оның өзі де болмай қалады. Бұл Мұханың аты жер жарып, дүрілдеп тұрған кезі. Бірде Мәскеуде, бірде шетелдерде жүреді. Алматыда болмайды. Қысқасы, бірде бар да, бірде жок.

Жалпы мен Мұханды бірінші курста жүргендеге көрдім. Тығыздау бір шаруамен деканатқа кіре қалып едім, басқа мұғалімдерді төнірегіне жинап алып, әнгіме айтып отыр екен. Құлағымды тұріп, тұра қалдым. Неге барғанымды да ұмытып кеттім.

– Алғаш рет Абай атамызды тіpten кішкентай кезімде көрдім. Шамамен төрт-бес жаста болуым керек. Өте ірі адам екен. Кез келген ат оны көтере алмайтын еді дейді билетіндер. Жылқының да жылқысы болмаса, шойырылып, белінен айырылады екен. Палуан денелі қара кісі. Ұят та болса айтайын. Ол кісі кіріп келгенде корыққанымнан жылап жі-

беріппін. Ол мені басымнан сипап, жұбатты. – Мұхан әңгіменің дәл осы тұсына келгенде қонырау соғылды.

Басынан аяғына шейін түгел тыңдай алмаған осы әңгімем үшін қатты өкініп жүретінмін. Бір күн үшінші курсқа лекция оқытын болды.

Тұрегеп тұрган кезінде, қырынан қарасаңыз, алпысыншы жылдардағы Бидструптың кейіпкерлесіне үқсайтын. Данышпанның ойға толы ауыр базын түгел көтере алмай, екі иықтың ортасына батып кеткендей көрінбей қалған мойын... Көзі көбіне-көп жасаурап тұратын тәрізді еді. Шашы түгел түсіп бітпесе де, біраз сиреген. Қеуделі. Қарны да біраз бар. Сол қарынды буып тұрган белдіктің тұсынан бастап балағына қарай шалбар жінішкере береді. Тобықтың тұсына жеткенде балақ мұлдем тартылып біtedі. Бұл сол кездің модасы.

Сол көп күндердің біреуі ерекше есімде қалыпты. Неге екенін кім білген, сол күні ол аса көңліді, акжарқын көрінді. Сиренкіреп қалған бүйра шашы аяқ асты тіріліп, көтеріліп кеткен. Аз да болса, бұрқырап көрінеді. Бір туындысын жазып бітіргендей иығынан үлкен жұқ тұскендей еркін, сергек. Есіктен кірер кірмesten лекциясын бастап кетті. Бұл жолғы әңгіменің өзегі – қазіргі өзбек поэзиясы. Лекцияның арқауы – Ғафур Ғұлам шығармашылығы. Негізінен оның “Сен жетім емессің” деген әйгілі өлеңі. Бұл өлең Ұлы Отан соғысы кезінде, өте бір ауыр кезеңде, Украина, Белоруссия, Ресейдің ата-анасыз қалған бірнеше мың жетімегі жөнінде. Оларды вагон-вагонға тиеп, Өзбекстанға алып келіп, карапайым халықтың бауырына басқаны, асырап алғаны жайында. Осы тақырыптың төнірегінде Мұхан кенінен көсіліп бір сөйлеп берді. Сол бір Ұлы

Отан соғысымен, бір ғана Өзбекстанмен шектелген жоқ, тарихтың тереңіне үніліп, осыған үқсас кезеңдерді есіне алды. Бір кездерде Түркия бірнеше мың еврей босқындарын өстіп бауырларына басқан еken. Соны айтты. Өз басым бұл оқиғаны ешбір жерден кездестіре алмадым... Әңгіменің аяқ жағы есімде қалмапты, оның себебі бар.

Сол күні Мұхан маган басқа күнгі Мұханнан мұлдем басқашалау көрінді. Жайдары да жарқын, көнілді де кең. Әлденеге қуанышты. Өңінен бір ерекше нұр тарап, шапағат шашып тұрғандай. Ол кезде менің сурет салатын әдетім бар еді. Тындауды, жазуды былай қойып, қарындашпен Мұханның суретін салуға кірістім. Салмақ құлаққа түспей, көзге түсті. Біресе Мұхана қарап, біресе қағазға қарап, аландап отырғанымды ұлы ұстаз бірден байқап қалса керек. Айтып тұрған әдемі әңгімесінің әсем желісін оқыс бұрып, мұлдем басқа мәселе туралы сөйлем кетті.

— ...Кейбір студенттер ойлайды... ұстаздар да өз ойынан ештеңе шығармайды. Олар да бір жерден оқып алады. Біреулердің айтқанын айтады деп біледі. Рас, ғалым болу, ұстаз болудын өзі шұқынып оку, қазып зерттеу, өзінен бұрынғылардың талқанын бойға сініру. Кейде бір мәселеге байланысты бір емес, бірнеше кітап оқисын. Соның біреуі ғана көдеге асады. Ал ол кітаптың өзі ондаған тараудан тұрса, қалғаны далаға кетеді де, бір тарауы ғана қажетіне әрек жарайды. Сол бір тараудың өзі түгелдей керегің болып шықпайды. Оның да бір үздігі, кейде тіпті бір ғана сөйлемі сен үшін, сенің мақсатың үшін қызмет етеді. Ендеши, осынша кітап оқып, осынша уақытынды жоғалтып, сол тапқан бір суыртпақ ойын ұстаз шәкірттеріне жеткізіп тынады.

Ал оны біреулер тыңдамайды! – деп, Мұхан менің жаныма жақын таяп қалды. Осынау ұзак сөздің неғізгі мәні енді-енді жете бастады. Менің басыма бір қара бүлт төніп келді. Енді ол қазір шатырлап келіп жауады. Жаууга тиіс. Жасын боп түсіү де ғажап емес. Құдай сактағанда дәл осы кезде мен салып отырған сурет те, яки Мұханның портреті де аяқталып қалған. Соңғы деталь, соңғы штрих... Мұхан маған өбден таяп келді. Таяп келді де мен салған суретке – өз бейнесіне біраз үніліп тұрды. Сөзі де оқыс тоқтады. Сұрлана бастаған өні де жуасып, түюлі қабағы да жазылып, өлгі бір ренішті әңгімесінің де рені өзгеріп сала берді.

– Иә, енді бір студенттер бар. Олар тіпті мүлдем басқаша ойлады. Басқаша түсінеді. Әдебиетті тек әдебиетпен шектемейді. Ол үлкен өнердің бір саласы деп қана түсінеді. Әдебиеттің музыка деген, сәулет өнері деген, мұсіндеу өнері деген, бейнелеу өнері деген толып жатқан біртуған ағайындары барын өбден біледі. Оларды жатыркамайды. Меніңше, өте дұрыс істейді! – деді Мұхан. Содан соң бұрыла беріп:

- Аты-жөнің кім? – деп сұрады.
- Қадыр. Қадыр Мырзалиев, – дедім мен.
- Қадыр деп кім қойып жүр?
- Әкемнің өзі қойыпты. Аздаған молдалығы

бар еді.

– Онда Қадір тұні, қасиетті тұні туғансың ғой шамасы! Жақсы ат! Жақсы нышан! – деді Мұхан. Одан кейін қайтып лекциясына оралды.

Менің лирикалық өлеңдеріме газет-журналдар алғашқыда жанаңырлықпен қарай қойған жок. Бір рет қана “Лениншіл жас” газетіне бөлім менгерушісі болып келген Бек Тоғысбаев менің бір топ лирикамды суретіммен жариялады. Содан өзім “Жұлдыз”



журналына барғанша лирик ақын ретінде таныла алмадым. “Жазушы” баспасының өзі “Жас қанат” атты жас ақындар жинағын дайындағанда менің өлеңдеріме сол кітаптан лайықты орын таба алмады. Бірақ “Жас қанаттан” кейін іле-шала жарық көрген “Жырға сапар” менің өлеңдеріммен ашылды. Игіліктің ерте-кеші жоқ деген осы енді. Абырой болғанда сол өлеңдер Мұханның көзіне түсіп, 1960 жылы 25 желтоқсанда Мемлекеттік университеттің әдеби үйірмесі үйымдастырған поэзия кешінде осы аты аталған екі кітап жөнінде Мұхан ұзак сөз сөйлеп, шын ұстазға, ұлы жазушыға лайық өулиелік пікір айтты. Сонда Мұхан мен туралы “Қадыр Мырзалиевтің өлеңдері маган өте ұнады. Мысалы: “Жас ақынға”, “Жырға сыймас нұр көрдім”, “Еңбек” деген өлеңдерінің өзінде жұртшылық аузына түсे қоймаған талай оралымдар, шеберліктер сезілетін сияқты болады. Жаңа шығармалардың әрқайсысынан бұл сияқты цитаталар келтіріп жатсам менің сөзім үлкен баяндамаға айналған болар еді” – деді. Егер осы сөзге мән берсеңіздер, соңғы сөйлемде “бұл сияқты цитаталар” деген тіркес бар. Олай деп отырғаны осы тұста Мұхан бір шумақ өлеңімді мысалға алған еді. Газетте жарияланған кезде ол шумақ қысқарып кеткен. Оны Мұхан өз ойымен сабактас болғандықтан мысалға алған болуы керек.

Сан қағаз жыртылып күніне,
Қаншама сарқыла сия ақты.
Осының бәрі де
Әлі де
Өлеңге кіріспе сияқты.

Әдеби кеш болады. Оған Мұхан келеді. “Жас қанат” және “Жырға сапар” жинақтары жайында



пікір айтады деп естігеннен менен маза кеткен. Мұхан менің өлөндерімді оқыса, ол өлөндер Мұхана ұнамаса, оны ұлы ұстаз жұрт алдында ағынан жарылып айтып қойса, менің күнім не болады? деген үрейлі ой ұйқымды қашырды. Бірақ тағдырдан қашып құтыла алмайсың ғой. Сескене-сескене, қорқа-қорқа бардым. Бардым да алдыңғы қатардан саналы түрде қашып, шынын айтсам батылым бармай, мәжіліс залының ең ақырғы жағына, оның да есікке жақындау шетіне барып орналастым. Әйткенмен мен бекерге үрейленіппін. Кеш әдемі және мен үшін абырайлы өтті. Ұлы адамның аузынан ұлағатты сөз естідім. Кештің соңында біраз бауырларым, көңілдес жігіттер құттықтады. Сол күні тұс кезінде айлығымды алып, қалтама салып қойғанмын. Мен оларды казіргі “Алтын алма” думанханасына апарып суардым. Бұл жыл сөйтіп мен үшін ойдағыдай жақсы аяқталды.

Адам табиғаты қызық қой. Сәби баладан бастап, қария-қартқа шейін жылы сөзге құмар. Ал мактау сөз өнер адамына жанармай тәрізді. Оған тандайы кеуіп жүрген біз түгіл, даңқ дариясына кешіп жүрген Мұхан өзі де теріс қарамайды. Мұхтар Әуезов “Абай жолы” романы үшін Лениндік сыйлықты алған соң Қазақ КСР Ғылым академиясында осы эпопеяға арналған үлкен жиын болды. Ол бір емес, бірнеше күнге созылды. Көп адам сөйлемеді. Сонын ішінде ұтымды сөз айтқан адамның бірі – Зейнолла Қабдолов. Ол кездегі жас ғалым, жас жазушы Зекенін сөзі Мұхана қатты ұнаса керек. Шәкіртінің сөзін сүйсіне тындал отырған Мұханың бакытты сөтін байқап қалған көп інілерінің бірі үзіліс кезінде:

– Мұха, Сіз жаңа Қабдоловтың сөзін ықылас

қойып, бар зейініңізben тындағыныз. Сіз соның сөзіне сеніп отырысyz ба?! Өтірік қой, өтірік! – дейді.

– Эй, С... бұл не дегенің?! Ал жақсы, өтірік-ақ бола қойсын! Сол “өтірік” сөзді мен қырық жыл бойы күттім ғой! Сен айтсан қайда қалдың! Сол “өтірікті” сенің айтуына да болатын еді ғой! – дейді ренжіп.

Университетте оқып жүрген кезімде сабагына ықыласпен барып, лекцияларын сүйсіне тындаған, тындалап қана қоймай, құлақтарымызға құйып, көнілімізге тоқыған бір ұстазым сол Зейнолла Қабдолов. Басқасы басқа, ең бастысы – Зекене сөз өнері конудай-ақ конған. Ағамыздың тауып айтқан тіркестері, тамаша тұжырымдары бірден қанатты сөзге айналып жүре береді. Оның “Ғабитті мақтамау керек, Ғабитпен мақтану керек” деген сүбелі сөзі әдебиетшілер арасындаған емес, жалпы мәдени ортада ауыздан түспейтін мағыналы мәтеліге айналды.

Зекен жалпы сөз ойнатуға шебер. Бірде ол Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармашылық ерекшелігі туралы сөйлеп тұрып, оның жақсы жақтарын жеткізіп-ақ айтады. Бәрі дұрыс, бәрі шынайы. Бірақ кім-кімді де біржақты мақтау ол кездегі әдеби салтымызда болмайтын. Жұқалап болса да жазушының кемшілігін көрсету міндетке айналған заман. Бұл дәстүрді өте жақсы білетін Зекен елдің не ойладап отырғанын, не күтіп отырғанын түсіне қояды да:

– Эрине, Нұрпейісовте кемшілік бар! – деп барып, – Болғанда қандай, түзетілмейтін кемшілік! – деп төндіре сөйледі. “Бұл қандай кемшілік болды екен?” деп ел елең ете қалады. Соны сезген Зекен жүргіттың шыдамын одан бетер ширатып, одан бетер ширықтыра түседі. – Қой! Айтпай-ақ қояйын! Рен-

жітіп алармын! – деп отыра кетеді. Бірак бірдене айтады деп үміттеніп қалған ел:

– Айтыңыз, Зеке! Айтыңыз!

– Платон мой друг, истина дороже! Айтыңыз!

– Ауызға келген тұкірікті қайта жұтуға болмайды!

– Менікі тұкірік емес!

– Онда несіне жалтақтайсын?!

– Жә! Қоймадындар ғой, айтсам айтайын!

Жұрттың кемшілігі ерте ме, кеш пе түзетуге болатын кемшілік! Ал Нұрпейісовтің кемшілігі классиктерге тән өмір баки жөндеуге болмайтын құдай берген кемшілік. Ол өмір бойы жаман жаза алмайды.

Жұрт алдымен үнсіз қалады. Бірак біраз адам бірте-бірте түсініп, шын көнілден қарқылдан келіп күлемді. Күле алмай, тымырайып қалғандар да болады.

Бұл, әрине, ойын. Өнерге жарасатын өнегелі ойын. Солайы солай – ойын! Бірак астарында шындық жатқан ойын.

Мен Зекенің елу жылдан бері тындал келем. Ол шынында да сөзге шебер, мақтауға жомарт жан. Дәллірек айтсақ, жомарт дегеннен гөрі шашпа деген дұрыс шығар. Орнымен айтылған мақтау жақсы ғой. Жақсы сөз – жан азығы. Ол рас! Кезінде мойында май, рухани жадап-жұдеп жүрген пұшайман адамға сәтімен айтылған марапат – ол адамның омырауына алтын жұлдыз таққанмен бірдей! Бірак Зекен шалқып отырған кезде сол марапатты можантопай ортақол біреулерге де айта салатын сиякты. Шашпа деп отырғаным сол. Ал шашпалық жомарттықтың қадірін түсіреді.

1995 жылы мен алпысқа толдым. Өзім оқыған университетім мені шақырып, көнілімді көтеріп жи-

берді. Кешті Зекенің өзі жүргізді. Жүргізіп отырып, менің адресіме біраз шашу шашып өтті. Коржыны толы жақсы сөз, жылы сөз... Қанша шашса да таусылар емес. Бір мезгілде... Жо-о-к! Таусылған болуы керек. Айтуға болмайтын ақырғы сөздің өзін айтып тынды.

— Қадыр — ұлы ақын! — деді көзімді бадырайтып қойып.

Мұндай сөзді екінің бірі естіп жатқан жоқ. Менің де естімеген сөзім. Осы жолы ағалығын жезделігі басып кетті-ау деймін, асатудайын асатып-ақ жіберді бір майқұйрықты! Мен жұта алмадым. Ауызға сыйса да, құлакқа сыймайтын ұлы сөз! Имандаш шыным, сол тұста мен өте ыңғайсыз жағдайда қалдым. Аңғарымпаз ағамыз соны сезе қойған сияқты, өз сөзін өзі жұмсартқандай, өз сөзін өзі актағандай болып, мүмкін тіпті қымбагтата түскендей болып:

— Бұл сөзді мен осымен өмірімде екінші рет айтып отырмын! — деді. — Бірінші рет Мұхан Лениндік сыйлыққа ие болған күні түн ортасы ауып бара жатқан шақта данышпанды құшақтап тұрып айтқанмын. Екінші рет енді, міне, осы жерде саған айтып отырмын! — деді де маған тесіле қарады.

Менің жағдайым одан бетер қындаш түсті. Бірақ үндеуге, қарсылық білдіруге болмайды. Зекен кінәмшіл, өте кінәмшіл адам. Бұдан бірнеше жыл бұрын, жана-жана атым шыға бастаған кезде көзімді бадырайтып қойып келістіріп бір мақтағаны бар. Ондайға үйренбекен сорлы басым:

— Осының бәрі шын сөзініз бе? — дедім.

— Сонда сен мені өтірік айтып отырсыз деп кінәламақшысың ба? — деп өні сұп-сұр бол, бүкіл бет-келбеті өзгеріп, қатты ашууланғаны есімде. Содан бері не болса да үндеңей, төзіп бағамын.

Бәрінің емі уақыт қой. Мені құтқарған да сол. Біраздан кейін маган да сөз кезегі келіп, студенттердің сұрақтарына жауап беріп, университет басшылығына, академик ағамыздың өзіне раҳметімді айтып, мені күпті қылыш кеткен күдікті сөзге оралып соқтым.

— Құрметті жас қауым! Құрметті ұстаздар! Құрметті Зеке! Мен осы біраз допинг қабылдадым-ау деймін. Жылы сөздің бағасын бір кісідей түсінетін тәріздімін. Эйтсе де дүниедегі ең қауіпті у – сөз. Әсіресе, мактау сөз! Осыдан бірнеше жыл бұрын Мұхаң, Мұхтар Әуезов Лениндік сыйлыққа ие болғанда мен “Балдырган” журналында істеп жүргенмін. Кішкентай болса да журнал ғой, Мұхаңның шығармашылық жеңісін журнал бетінде біз де атап өткен болып, Мұхаңның кішкене жиенімен бірге түскен суретін беріп, тәменгі жағына “Қазактың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов және оның немересі!” деп жаздық. Бар болғаны сол. Соның өзіне Орталық Партия Комитетінде отырған дүмбіlez да-нышпандар ескертпе жасады.

— Көзінің тірісінде ешкім де ұлы болмайды. Ол тек өліге, өлгендерге ғана айтылатын сөз! – деді. Редактор орнында жоқ еді.

— Сонда қалай, – дедім мен әлгі мықтыға. – Адамға көзінің тірісінде ұлы болуға ұрықсат етпей-сіздер ме?! – Айтуын айтқанмен, өзім қорқып кеттім.

Ал енді заман өзгерді. Өзгеріп келеді. Өзгере түспек.

— Иә, заман өзгерді, бауырым! Куғында жүрген көңілдер қайтып оралды. Сүйкімді ауыздан сағынған сөздер шыға бастады. Түн ортасы ауган кезде ғана сыбырлап, ақырын ғана айтылатын ақықат сөз-

дер енді күндіз, күн батпай тұрып-ақ ашық айтыла-
тын болды. — Тұсінгендер жымып күлді. Бұдан ар-
тық айтуға батылым бармады. Зекенді ренжітіп
алармын деп ойладым. Оның жазығы не? Бар болға-
ны “Ұлы” дегені ме? Мениң жазығым соны өлмей
жатып естігенім бе??!

Біреуге жақсылық жасау үшін өкім болу, бас-
тық болу міндет емес. Алматыға келіп, оқуға түскен
кезімде маған қамқорлық көрсетіп, бірінші бол ба-
сымнан сипаған ақынны Еркеш Ибраһим болды. Ол
кезде оның өзі студент. Оқуын бітіріп, еліне кетер
тұста өзі басқарып жүрген әдеби үйірмені маған тап-
сырып, батасын берді. Жақсылықтың жақсылығы
оның сатусыз болғанында. Сөйтеп тұра “сыйға – сый,
сыраға – бал” дейді қазактар. Демек жақсылыққа
жақсылық жасау – парыз. Сол ниеттен туған бо-
луы керек, Еркештің бірінші жинағы жарық көрген-
де мен оған шын қөнілімнен пікір жазып, “Комму-
низм таңы” (Кейін “Жетісу” аталды) газетінде жа-
рияладым. Есейіп, атым шыққан кезде де аузымнан
тастамай, айтып жүрдім. Оның бәрі достыққа, ағай-
ыншылыққа барып жалғасты. Ол көп жылдар өзінің
Көкшетауында “Социалистік Қазақстанның”
тұрақты тілшісі болып қызмет етті. Қанша қашық-
тап кетсе де біздің қарым-қатынасымыз үзілген жок.
Алматыға келген сайын біздің жұпымы үйімізге со-
ғып, сырласып, шүйіркелесіп жүрдік. Ол мені Көк-
шетауга бір емес, бірнеше рет шақырды. Мен өз
өмірімді, өз уақытымды шығармашылықтың алтын
қазығына мықтап байлап қойғам. Темірқазық
жұлдызына бекітулі Үркер шоқжұлдызы секілді мен
де, менің отбасым да сол алтын қазықты айналып
ғұмыр кешті. Өмір болғаннан кейін, әрине, аздаған
ауытқулар болады. Болмай қоймайды. Сондай бір



ауытқу сөттерінің өзін өз шаруама икемдеп, яки Еркештің шақыруымен өз мақсатымның сәйкестігін ұтымды пайдаланып, тамыз айының бас кезінде Көкшетауға барып, бір апта жатып қайтқаным бар. Ол кезде Оқжетпесте жаз аяқталып, күз билік жүргізе бастайды екен. Сүмбіледе су суиды деген ақиқат тұра осы алқапқа байланысты айтылса керек. Суға түсе алмадым. Үлкен баламды ала барғанмын, сонымен күнұзаққа орман аралап, серуендеумен болдым. Көп көріп, көп түюге тырыстым. Бұл менің ақырын-акырын “Жерүйік” кітабын жазып жүрген шағым. Оның “Биіктік” атты екінші бөліміне Көкшетау туралы туындылар кіруге тиіс-ті. Бұл ниетімді іске асыруға Көкшетаудың ғажайып табиғаты көмектесті.

Көк мұнар – көк шымылдық төгілдірме,
Көк мұхит секілденер егін бірде.
Көкшеде дүниенің бәрі де көк:
Көк сұңқар, көк ала үйрек, көгілдір де!

— деп, дүниеге бірінші өлең келді. Содан жалғаса берді, жалғаса берді. Ақыр аяғында “Аттанарда” деген өлең туды. Ол былай басталады:

Белгілі ғой сері мен салдың жайы:
Сұлулықты алдыма салдың жайып.
Көніл кірін жудым да Бурабайға,
Айнакөлдің суына алдым шайып.

Сүймейді елім оп-оңай жүдер ұлды,
Сөз-бәйгеде ат басы жіберілді.
Қайратымды қайрадым Оқжетпеске,
Жұмбақтасқа жаныдым жігерімді.



Алғам екен жүйкемді қажап мұлде,
Алдарқаттың сен мені ғажап тілде.
Қалжыраудай қалжырап келген едім,
Тау жығардай күш бердің аз-ақ күнде!

Ұмыттым тез күндердің есебін де,
Ганибет қой ел көрген есенінде.
Маужырадым
Сен өзің салып берген
Тыныштықтың ақ мамық төсегінде.

Ой жатса деп әр сөздің астарында
Ел туралы бір өлең бастирымда
Орнатылған өзіме ескерткіштей
Ұзак-ұзақ отырдым тастарында...

— деп жалғаса берді, жалғаса берді.

Көкшетау туралы жырларымды Оқжетпесте бастап, Алматыда аяқтадым. Машинадан шыққан бойда бір данасын Еркешке авиапоштамен салып жібердім. “Көп көрген нәрсенің әсері болды-ау деймін, он-он бес жыл тұрып, мен байқамаған нәрселерді төрт-бес күн ішінде сен байқап үлгеріпсің. Байқап қана қоймасың, сүйкімді суреттей біліпсің. Ешқандай жалғаны, әсіре бояуы жок, жіберген өлеңдерін маған қатты ұнады. Біздің облыстық газетке апарып тапсырдым. Жақын арада жарық көреді” деп хабарлады Еркеш. Мұның бәрін мақтанайын деп жазып отырғаным жоқ. Ондай ойым болса, одан да маңызды дүниелер бар гой. Мәселе менін ол топтамам жөнінде емес, Еркеш жөнінде. Ол өзгегінің табысына, жетістігіне өз табысына, өз жетістігіне қуанғандай қуанатын.

Еркеш Ибраһим өзінің елу жылдығын Көкшетауда жүріп өткізді. Тойына Хамит Ерғалиевті, Сағи

Жиенбаевты және мені арнайы шақырды. Көкшетау қаласының үлкен Мәдениет сарайында ақынның шығармашылық жолы жайында өдемі өдеби кеш өтті. Облыстық партия комитетінің идеологиялық хатшысы Бейсен Жұмағалиев қазакша баянда ма жасады. Бұл Көкшетау тарихында қазақ тілінде өткен бірінші жиын деуге болады. Ол кешке Көкшетау облыстық комитетінің бірінші хатшысы Социалистік Еңбек Ері Куанышев қатынасып отырды. Салтанатты жиыннан кейін төрт ақын, екі хатшығана бас қосқан банкет болды. Көлденен бір де бір адам болмады. Еркін отырып, қысылмай сөйлессін деген болулары керек, ешкімді араластырмай, оңаша отырғанға не жетсін!.. Бір кезде жалғы етіп шам сөнді де қалды. Сағиға қарама-қарсы отырған бірінші хатшы:

— Сәке, Сіздің он жақ қолыңыздың астында үстелдің жиегінде кнопкa болуы тиіс. Соны баса салыңызшы! — деп еді, Сағи марқұм әрі сипалап, бері сипалап таба алмады. Бірінші хатшы менімен түйдей құрдас екен, соны пайдаланып:

— Құрдас, Сағи екеуміз қай кнопкaның қай жерде екенін біліп, оны жаңылмай баса алсақ, өстіп жүрер ме едік! — дедім астарлап сөйлеп. Оны Куанышевтен басқа ешбір адам түсінген жок, әрине!

— Құрдас, Сіз көп нәрседен хабардар екенсіз ғой! — деді ол шам жанғаннан кейін. Иә, сөздің жаны бар еді.

Куанышев бұдан бірнеше жыл бұрын Ақмола облысының бір ауданында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жүргенде Зухра шешеміздің әке-шешесі жатқан қала зиратына барып, жағдайды өз көзімен көреді. Ақмола қала-



сындағы бұл зираттар күтімсіздіктен тозып, әбден қаусап жатса керек. Ойна келген басты мақсатты әдемілеп орындау үшін ол Алматыға бір келгенде Димекенің әке-шешесі жатқан қорымға барып, соның бүкіл конструкциясын қағазға түсіріп алады. Эдетте, мұсылман заны бойынша, моланы жаңғыртпайды. Бірак Куанышев Ақмола ғабірстанындағы көне зираттың айналасын керемет қып тазалап, қоршап, Алматыдағы зираттың көшірмесіндегі ғып әдемілейді. Содан кейін Зухра шешейді шақырып көрсетеді. Адамның бір аты Пенде. Эйелдер екі есе... Куанышевке қатты разы болады. Сол-сол екен, аудандық хатшының жұлдызы жана бастайды. Көп кешікпей Қекшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы боп шыға келеді. Сол жылдағы облыс бойынша астық жылдағыдан да көбірек болып, Куанышев Еңбек Ері атағын алады.

Кнопка жөніндегі қалжынның астары міне осындей. Менің ол әзілімді бірінші хатшы қапысыз үқты. “Құрдас, Сіз көп нәрседен хабардар екенсіз гой!” деп отырғаны сол.

Бір кнопканиң қай жерде түрғанын жақсы білетін адам екінші кнопкани да жаңылмай табады деп жобалаймын. Сол Куанышев рухани кнопкалардың да иелерін болжай білген. Еркешті қолпаштап, елу жылдығын әдемі тойлап берген Куанышев те тегін қазақ болмайтын.

Өз басым ақыл мен сезімді бөліп қарауға қарсымын. Оларды мен табиғи бірлестіктегі дүние деп қабылдаймын. Ал егерде бөліп қарау керек болса, Еркеш бауырым ақылдан гөрі сезімге жақындау ақын еді. Оны оқырмандары сол үшін бағалайтын. Достыктың өзі ақылдың жемісі емес, сезімнің же місі. Біздің Еркеш екеуміздің достастығымыз, ту-

ыстығымыз санага, ақылға негізделмеген, сезімге, жүрекке арқа сүйеген табиғи құбылыс еді.

Егер Еркеш Ибраһим сезіммен ойланбай, парасатпен толғанса, Хаманды, Сағиды, мені – үшеумізді бірден қатар шақырмай, біреуімізді ғана шакырып, қалған екеуін Қазақстанның қалған аймақтарынан таңдал алған болар еді. Жоқ, ол өйтпеді!

Еркеш Ибраһимнің Қарағандыға қоныс аударуы, әйелі өлгеннен кейін бейтаныс бір бикешке үйленуі де – ақылға салмай, сезім жетегінде кеткендігінен. Жап-жақсы басталып, жап-жақсы жалғасып келе жатқан табиғи тіршіліктің күрт өзгеруі, тіптен қүйреуі де осы логикамен ойланғанда ғана түсінікті болмақ.

Қазақта аузын ашса – көмейі көрінеді деген бейнелі сөз бар. Сондай, үнемі тап-таза көмейі көрініп тұратын адал азаматтың бірі Жақан Смақов болатын. Біздер, Жақан екеуіміз, бір жерде, тіпті бір аймақта немесе бір мектепте оқыған ағайындар емеспіз. Курстас та болған жоқлыз. Бірақ туыстан бетер жақын едік. Бір әке, бір шешеден туған құрсақтардың өзі біздей тату болмайтын шығар. Жақсы мағынадағы тете өскен ағалы-інілі бауырларға ұқсайтын едік. Оның менен екі-үш жас үлкендігі болатын. Содан ба, ол маған үнемі қамқорлық жасап жүретін. Кейін сезіп, кейін білдім, біздің жақындығымыз қан жақындығы мен сүйек жақындығынан да гөрі қымбаттау, рухани жақындық екен. Біздің дініміз де, құдайымыз да – Әдебиет. Соның ішінде балалар поэзиясы болатын.

Мен 1957 жылы, жиырма екі жасымда, ең бірінші Жер серігі үшқан қараша айында үйлендім. Үйлену тойын курсас студент достардың қаржысына өткіздік. Думанхана ол кезде біздің өніміз түгіл,

түсімізге кірмейтін. Көдімгі Тастакта, көдімгі Гайдар көшесінде бір орыс ағайынның залын жалдап үйлену рәсімін жасадық. Залдарын бір кешке бесалты сағатқа бергені үшін үйдің қожасы екі жұз сом (сол кездегі) және ішімдіктен босаған шишаларды сұрады. Ол кезде тамада жалдау деген дәстүр жок. Оның рөлін Жақан өзі атқарды. Біздін тойға қазір жұрттың бәрі билетін сазгер Илья Жақанов және белгілі ғалым Өмірзак Айтбаев келді. Қалғандары курстастарым және жерлестерім. Тойдың тұздығы Ильяның “Салтанат” деген бірінші өні болды. Оның өлеңін мен жазғанмын. Объектісі – менің болашақ зайыбым Салтанат еді.

Үйленгеннен кейінгі күндеріміз өте ауыр жағдайда өтті. Елден келер ешқандай көмек жок. Жалғыз анамнан басқа арқа сүйер адам болған емес. Жеке үй, жеке баспана арман ғана. Софья Ковалевская (қазіргі Нұрғиса Тілендиев атындағы көше) оралымындағы тұратын ағаш ұстасының шеберханасын жалдап, пәтерге айналдырық. Ұзындығы үш-төрт метр, ал ені шалбардың балағындай ғана тар бөлме. Бірі тоқтап күтіп тұрмаса, екінші адам өте алмайды. Сондыктan бірер күннен кейін кереуектің өзін шығарып тастап, жерге төсек салатын болдық.

Студенттік стипендияның жартысы пәтерақыға кетеді. Қалғаны нан, шай, қанттан ауыспайды. Ауыспайды емес, соның өзіне жетпейді. Бір ағайынның берген ақылы бойынша, екі жұз грамдық шөлмекке құйылған балық майы болатын. Өзі дәріханаларда сатылады. Ертengілік бір шай қасық сол балық майын ішем. Бір орыс көршіміз ет комбинатында істейді. Истеген жерінен ет ұрлап өкеп сатады. Көршілеріміздің көбі орыс. Олар жылқының етіне



қызықпайды. Алмайды. Қолға аздал-мұздап тиын-тебен түскенде сол жылқы етін алып тұрамыз. Ол басқа еттерге қарағанда арзандау.

Бесінші курс. Лекция жок. Тек диплом жұмысымен ғана шұғылданамыз. Оны баяғыда жазып қойғанмын. Қолым бос. Жұмыс істейін десем, сәті түспей-ак қойды. Бос орынның өзіне алмайды. Өйткені өкінішке орай, мекеме бастығына мен ағайын емеспін. Жерлестерім тағы алмайды. Өйткені қарауында істеп жүргендердің көбі өз ағайындары. Одан артық алса, дауға айналады. Сағалап баратын мықтым жок.

Міне, осылай өте ауыр кезде менің қамқоршым да, жанашырым да Жақан Смақов болды. Ол өзі о кезде облыстық “Коммунизм таңы” газетінің өндіріс және транспорт бөлімінде істейді. Мәдениет және әдебиет бөлімі де емес. Онда Сүлейменов деген біраз жастағы кексе адам. Әдеби қызметкері Бек Тоғысбаев. Ол кезде оның азан шақырып қойған аты Бек емес Совхозбек... Алматыдағы бүкіл газет-журнал редакцияларымен сөйлесіп, әбден шаршаған Жақан не істерін білмей дал болды. Ол мені іздел таба алмайды. Мен оған күніне бір мәрте телефон соғам, бірақ ешқандай жаңалық жок. Бірақ сабакты жіп сәтімен деген, бір хабарласқанда Жақан маған:

— Тез жет! — деді.

Ол кездегі ең үшқыр көлік трамвай. Көп кідірмей, көп күттірмей жетіп бардым. “Коммунизм таңы” газетіндегі әдеби қызметкер Бек Тоғысбаев “Лениншіл жас” газетіне ауысып жатыр екен, сөйлеселік деп редакторды іздел едік, ол кісі іссапарда болып шықты. Амал жок, ештеңе шешпесе де, бөлім менгерушісіне бардық. Аты қазір есімде жок, фами-

лиясы Сүлейменов, мені сыртымнан біледі екен, бірен-сарап өлеңдерімді оқыған болып шықты.

— Келіп жатсан, мен қарсы емеспін. Маған жақсы бір көмекші керек. Сен өлі жассың. Жұмыстан жауыр бола қоймаған жарава аттайсың. Бек бүгін кетті. Орны анау, бос түр. Қазірден бастап отыра бер. Редактор қарсы бола қоймас! — деді.

Не жасыратыны бар, қатты қуандым. Жақаның қуанышында шек жоқ. Құшактап, арқамнан қағып, бетімнен сүйді. Мен басқа біреу осы қазір отырып қоятындей, Бек Тоғысбаевтан босаған әдеби қызметкердің орнына сенер сенбесімді білмей барып отырдым. Әлі суып ұлгермеген ескі орын маған бірден жылу бергендей болды.

Сөйтіп төрт-бес күн өтті. Бірде ерте жұмыска барсам, редактор іздеп жатыр екен, кірдім. Ол мені бұрыннан белгілі адамдай орнынан тұрып қарсы алды. Бірден менің көзіме түскені — оның көзәйнегі болды. Дәлірек айтсам, пенснесі. Ар жағындағы көзін көрсетпейді. Жалт-жұлт етеді. Оны-мұны сұрасқаннан кейін:

— Анкетаңмен таныстым. Бәрі жақсы. Бірак бәрі ойдағыдай емес! — деп барып тоқтады.

— Несімен, аға? — дедім мен. — Несі дұрыс емес?

— Дұрыс емесі сол “ағанда”. Дұрыс емесі сол “ініде”. Сен өзі, анкетана қарағанда, маған жерлес болып шығады екенсің. Барлық пәле сонда! Қызметкерлерімнің көбі ауылдастарым болып түр. Жақында біздің редакцияға парткомиссия келіп тексеріп кетті. Жерлестерінізді жинап алышсыз деді. Эрине, мен оларды іздеп жүріп тауып алғам жоқ. Біреулері мен келмestен бұрын жұмыс істеп жүргендер. Рас, біреулерін мен өзім алғанмын. Ал біреулерін жоғары жақтан ұсынып келгендер. Ал ко-



миссияға мұлдем басқаша көрінеді. Міне, жағдай осындай. Мен сені, сенің жазғандарыныңды сыртынан тәп-тәуір білем. Мұханың, Мұхтар Әуезовтің алпысқа толуына байланысты әдейі нөмір арнағанбыз. Студенттердің атынан сенің лебізінді жариялағанбыз. Жап-жақсы материал. Маған ұнады. Шағын, шағын да болса, шымыр! Иә, айта беретін несі бар? Бүгін танда мен сені жұмысқа ала алмаймын. Онда ол комиссияның шешімімен есептеспегендігім болады. Ал партия тәртібі қatal. Ренжіме!

— Оқасы жок, аға!

Жұмыс таптым деп, іштей қуанып, мәз болып қалып едім, редактордың алдынан ұнжырғам түсіп, жүнім жығылып, сүмірейіп шықтым. Шыға сала Жақанның кабинетіне кірдім. Жайсыз хабарды естігенде:

— Тфу!— деді ол. — Не бол кеткен бұл дүниеге!? Біреу ағайын емессің деп алмайды. Біреу ағайының деп алмайды. — Осыны айтты да ол тағы бір жерге телефон соқты. Телефонның аргы жағындағы адам “келіндер!” деген болуы керек, Жақан маған:

— Жұр!— деді. “Қайда?” деп мен сұрамадым.

— Жұрсек жүрейік!— дедім.

Қазіргі Бөгенбай көшесі мен Панфилов көшесінің қылышқан жерінде орналасқан түсінік-сіздеу бір үй бар-ды. Сонда бардық. Бұл сол кездегі Орталық Партия Комитеті екен. Біз ізден келген “Үгітшілер блокноты” сол үйдің ішінде болып шықты. Қайда бара жатқанымызды айтқан соң милиционер бізді ұстамады. Шағындаі бір кабинette жас жағынан Жақанмен шамалас бір жігіт отыр екен, аман-сая сұрасқаннан кейін:

— Мынау Қадыр Мырзалиев деген ақын жігіт. Телефонмен түсіндіріп айттым ғой. Мен ертіп кел-

дім. Енді сен оны жұмысқа орналастыр! – деді Жақан.

– Жалпы бізде болымсыздау бір жұмыс бар. Міндеті аударма жасау және корректура оку. Еңбекақысы көп емес. Азырқанбаса алайық! Бұл менің ниетім, шешетін редактор. Ол кісі сапарда жүр. Бірер күнде келеді, – деді.

– Не істейміз? – деді Жақан.

– Кайдан білейін? Көрініп түрған басқа жұмыс жоқ. Егер алатын болса, істей берейін... – дедім.

Бір аптадан кейін редактор келді. Аты-жөні Мифтах Жантыкин көрінеді. Бірден байқағаным өте білімді қазаққа ұқсайды. Орысша жазған мақалалардың өзін келістіріп тұрып редакциялайды. Этиканы да жақсы билетін азамат. Менімен де өте жақсы сөйлесті. Бірақ тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні тағы да мені тұйыққа тіреп тастады.

– Қадыр! – деді ол. – Бізді редакция деп атаудың өзі қиын. Блокнотымыз екі тілде шығады. Қазақша редакцияда үш адам, орысша редакцияда үш адам бармыз. Мен – редактор – Оралданмын, машинистка – Газиза апай, Оралдан. Оны қызметке алған мен емес. Ол менен бұрын келген, баяғыдан бері осында. Бірақ дау болып жатса, ол ескерілмейді. Енді үшінші адам әрі аудармашы, әрі корректор. Ол орынға сені алсак, қазақ редакциясы жұз пайыз түгелдей Оралдан болып шығады.

– Тұсіндім, аға!

– Тұсінсен, ренжіме!

Осы әңгімендегі кейін не істерімді білмей, басым қатып отырганмын. Тартпадағы аз-мұз дүниелерімді жинастырып, папкаға салып енді-енді кеткелі жатқанмын. Телефон шылдыр ете түсті. Газиза апай:

– Қадыр, сені сұрайды, – деді.

— Алло! — дедім таң қалып. Мәселем анық шешілмегеннен кейін ешкімге телефонымды бере қоймаған сияқты едім.

— Алло! Қадыр! Бұл Мұзафар ғой. Тез кел! Мен саған бұйрық беріп қойдым. Кел де қызметіне кіріс! — деді.

— Қай жерге барам? Адрестерініз?

Бұл — әнгіменің басы емес, аяғы. Ал басы бұдан үш-төрт ай бұрын аян болатын. Ол кезде жақын айлардың бірінде бөбектерге арналған жаңа журнал шығады екен деп естігенбіз. Ол хабар ең алдымен менің құлағымды елең еткізген-ді. Әркімнен бір сұрап жүріп, болашақ редактордың атын білуге тырыстым. Жұрт маған үш ақынның аты-жөнін атады. Олар: Аманжол Шамкенов, Бүркіт Ысқақов, Мұзафар Әлімбаев. Менің жақсы танысым — сонғысы. Алдыңғы азаматтарды ақын ретінде сырттай жақсы танимын. Бірақ жұзбе-жұз, бетпе-бет келген, сөйлескен, сырласқан жандарым емес. Сөйте тұра мен оларға телефон соғып, ииетімді айттыйм. Баспа-сөзде олар да менің аты-жөніммен таныс болып шықты.

— Қадыр, — деді маған Аманжол ағам, — сондай бір журнал ашылады дегенді мен де естігем. Бірақ ол жөнінде менімен әзірше ешкім сөйлесе қойған жоқ. Егер редакторлықта шакырып жатса, есте боласың! Сен балаларға арнап жиі жазасың. Өлендерің маған ұнайды. Жақсы. Хабарласып тұр.

Екінші қолыма тұскені Бүркіт Ысқақов болды. Ол да телефон арқылы:

— О, Қадыржан! — деп жылы сөйлесті. — Бұл әнгіме мен үшін жаңалық. Бірінші рет естіп тұрмын. Осы жақсы хабарың үшін-ақ мен сені сол журнал-

ға қызметке алар едім. Бірақ мен сottалып келген адаммын. Маған ондай жұмысты сеніп тапсыра қоймас! – деді. Мен онысын білмейтін едім. Кейін анықтадым. Студент кезінде ЕСЕП (Елін сүйген ерлер партиясы) деген үйым құрып, сол үшін отырып қайтқан екен.

Мұзағаң телефон сокқаным жоқ. Өз аяғыммен бардым. О кезде ол “Қазақ әдебиеті” газеті редакторының орынбасары. “Пионер” журналында әдеби қызметкер болып жұмыс істеп жүрген кезінен білем. Автор ретінде бірінші рет ат басын тіреп барған адамым. Алғашқы жылы шырай көрсеткен де, басымнан сипаған да осы Мұзаған, Мұзафар Әлімбаев. Алғаш рет мен алып барған жеті-сегіз өлеңнің екі-үшеуіне қосу белгісін салып, маған ұзак қарал отырды да:

– Кайда оқисын? – деп сұрады.

– Киров атындағы университеттің филология факультетінде, екінші курсында оқимын, – деп, то-лық жауап бердім. Бұл қарапайым жауаптың өзі маған оңайға сокқан жоқ. Жүрегім аузыма тығылышп, әрен айттым. Жастық па, ынжықтық па, тәрбиесіздік пе – кім білген?! Бұл кісіге мен бұдан бұрын да бірнеше мәрте келіп, кіруге батылым бармай, қайтып кеткенмін. Қаншама талпынсам да, тәуекел ете алмағам. Бұғін, әйтеуір, өзімді өзім зорлап, кіріп отырғаным.

– Мына бір “Өлеңті” деген өлеңнің қарағанда Павлодар облысынан емессін бе? Біздің елде осындаі бір өзен бар...

– Жоқ, аға! Мен өзім Батыс Қазакстаннанмын. Өлеңті – менің сәби кезімнен шомылып өскен өзенім, – дедім.

– Қызық екен! – деді Мұзаған.

Өлеңдерім де жаман болмаған болулары керек. Эйтсе де Мұзаганның маған бірден жылы шырай білдіріп, оң қабақ танытқанына осы “Өлеңті” өзені себепкер болған сияқты көрінді.

— Мына бір екі-үш өлеңің маған ұнады. Бұларды бірте-бірте пайдаланарамыз. Ал қалғандары біллектің күшімен емес, қаламның ұшымен жазылған дүниелер! — деді үйқастыра сөйлеп. Сол үйқастардың әсері ме екен, Мұзаганның әлгі сөздері есімде ескірмей жүріпті.

Бұл әнгімелерден кейін Мұзагана бір емес, бірнеше мәрте барғанмын. Ол кісі өзі ұнатып, журнальында жариялаган “Тұлқінің сыны” атты мысал өлеңді Қазакстан жазушыларының үшінші съезінде елге түгел оқып беріп, менің абыройымды бір көтеріп тастаған-ды. Сөйтіп туған ағамдай болып кеткен Мұзагана бала кезімдегідей қаймықтай батыл барам. Бұл жолы да кабинетіне еркін кіріп:

— Мұзага! — дедім біраз әнгімeden кейін. — Бөбектерге арналған жаңа журнал ашылғалы жатыр дейді. Соған сіз редактор болады деген әнгіме бар. Мен болсам қазір жұмыссыз бос жүрмін. Дипломымды қорғап қойғам.

— Ондай әнгімeden менің де хабарым бар. Бірак мен оған шақырса да бармаймын. Ал сенің баратаң жерің тұра осы журнал! Қалай да баруың керек! — деді батыл сөйлеп. Осы сөзі есінде жүрген ғой, маған телефон соғып:

— Алло, Қадыр! Бұл Мұзафар ғой. Тез кел! Мен саған бүйрық беріп қойдым. Кел де қызметіне кіріс! — деп жатқаны сол.

Менің Мұзаганмен сөйлескенімді “Үгітшілер блокнотының” редакторы тындал отырған-ды.

— Немене? Жақсы хабар бар ма? — деген.



— Жақсы. Жақсы хабар. “Балдырған” деген журнал ашылыпты. Редакторы болып Мұзафар Әлімбаев тағайындалған екен, сол жұмысқа шақырып жатыр. Тіпті бүйірығын да беріп қойыпты. Ол кісінің Батыс Қазакстанда тумағаны қандай жақсы болды! — деп кетіп бара жатып Миңтах ағамды бір шағып алдым.

Сонымен мен “Балдырған” журналында екі жылдай әдеби қызметкер болып жұмыс істедім. Қызметкерлердің ішіндегі ең жасы мен болдым. Жұмысқа де ең ерте келетіні менмін. Тоғыз бен он бірдің арасында мен біраз нәрсені тындырып тастаймын. Мұзагаң жұмысқа кештеу, шамамен сағат он бірлерде келеді. Журналдың жаңа санын дайындаимыз. Дайындық жоспар жасаудан басталады. Оның негізін Бердібек Соқпақбаев екеуміз әзірлейміз. Әзірлеген материалдарды Мұзагаң түгелдей өзі оқып шығады. Редакциялайды. Тіпті іі қанған жақсы дүниелердің өзіне өзгеріс енгізгісі келеді. Ол оның қанына сінген касиет. Ауру қалса да әдет қалмайды. Ол рас. Мұзагаң қазір сексеннің сенгіріне аяқ басты. Қолынан қаламы түскен жок. Жаңа дүниеміз жарық, көрсө апарып беруге тырысамыз. Бермесек, өзі сұрап алады. Содан соң міндетті түрде оқып шығады. Жай оқып қана қоймайды. Сызып оқиды. Сызып оқиды. Ол кісі оқыған кітаптарды авторлары көрсе, мәселе өкпе-назсыз бітпес еді. Ондай жағдайға Мұзагаң әлі де болса душар бола қоймаған сияқты. Болмағаны дұрыс.

Біз әдебиетке келген кезде кеңес қазақ поэзиясы жартылай үйқыда болатын. Аға ақындардан елдің даусыз мойындастыны Қасым Аманжолов қана болатын. Сырбай Мәуленов, Fafu Қайырбековтер сол кездің өзінде Қасекендері пір тұтатын. Одан кейін



Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаевтар жүретін. Әскерден аман-есен оралған бірен-саран ақындардың бірен-саран өлеңдері ауызға ілігетін. Олардың ішінде кейінрек үзіліп ілгері шыққаны Хамит Ерғалиев болатын. Оның поэмалары, өсіресе “Әке сыры” бірден көзге түсті. Осы бағыттағы бір заманға лайық жаңағы әкелген өзіндік беті бар ақынның бірі Мұзафар Әлімбаев және Тоқаш Бердияров еді. Мен жақсы көретін Мұзафар Әлімбаев “Қарағанды жырларынан” емес, “Құрбыма” жинағынан басталады. Орыс тілінде “ракетаноситель” деген сөз бар. Менің поэзиядағы алғашқы ракетаносителім осы Мұзафар Әлімбаев. Бірақ онымен шектелмейді, әрине.

Мұзагаң да адам, ол да пенде, ет пен сүйектен жаралған дарын. Мен оның күнгейлі кезін де, көленқелі кезін де жақсы білем. Бәріне қуәмін. Ренжісетін кездер де болған сияқты. Бірақ мен ондайға бармадым.

Бірінші рет менің топ-топ өлеңдерімді оқып, алғаш рет журналға жариялаган кім? Мұзафар Әлімбаев. Қазақстан жазушыларының үшінші съезінде мәртебелі мінбеге тұрып, ең бірінші рет мені қалың қаламгер ағайындарыма таныстырған кім? Мұзафар Әлімбаев. Менің өлеңдеріммен басталатын “Жырға сапар” кітабына алғысөз жазып, жырларымның жақсы жағын баса көрсеткен кім? Мұзафар Әлімбаев. Оқуды бітіріп, жұмыссыз сандалып жүргенімде жаңадан ашылған “Балдырған” журналына әдеби қызметкерлікке шақырған кім? Мұзафар Әлімбаев. Мұзагаң!

Жалпы Мұзагаңмен танысып, Қазак әдебиеті деген талысты илегелі жарты ғасыр. Қызметтес те болдым, сапарлас та болдым. Бірде Мәскеу сапарында “Мәскеу” қонақ үйінде бір бөлмеде жаттық.

Бірге болған күндердің бәрін қайталауға бармын. Бірақ сапарлас болсам да, бір бөлмеде жатудан бас тартар едім. Бірге жатқан үш-төрт тұнде кірпік ілген жоқпын. Ол кісі қорылдағанда бүкіл дүние көшіп бара жатқандай болады екен. Жоқ, ол аз. Ол жалпы тенеу. Ол Мұзағаның қорылына сай балама емес! Ол қорылдағанда терендігі бірнеше жұз метрлік тұпсіз шахталарға құлап бара жатқан көне лифт төрізді. Оның гүрлі мен дүрлінеге адам баласы шыдамайды. Есіме түссе әлі шошып оянам!

Бұрын-сонды да талай адаммен кездесіп, талай адаммен сөйлесіп жүрмін ғой, бірақ Ілекендей, Илияс Омаровтай алды жайлы, жұзі шуақты демократ адамды көрмедім. Одан бері қаншама жыл өтті. Не айтып, не қойғанымыз есімде жоқ,... Шамамен күздің аяғы. Қыстың бас кезі. Бір табақ ет келді. Соғымның еті болуы керек.

Жо-ок! Бұлай бастаған болмас. Ет қайда кетер дейсің? Қайтып айналып согармыз. Әнгіме түсініктірек болуы үшін сөл шегініс жасаған дұрыс секілді.

Қазақ тарихының ең бір күрделі кездерінде көрегендік көрсетіп, артына үлгілі із қалдырған асыл азаматтың бірі – Илияс Омаров.

Қаншама кітапхана, қаншама театр, қаншама филармония, тіпті институттардың ар жағында Ілекен тұрғанын екінің бірі біле бермейді. Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов жолдасқа бір кезде заманның ең бір ауыр тұсында Ілекен былай деп хат жазған:

“Өзінізге белгілі, біздерде күні бүгінге шейін тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мәселесіне лайықты мән беріле қойған жоқ. Мүмкіндігінше, солардың біразын бір жерге, бір қалаға топ-

тастырып, мемлекеттің қамқорлығына алған жөн болар еді. Біздің салақтығымыз бен марғаулығымыздың салдарынан сол көне ескерткіштердің көбі құмды-шөлді кен-байтақ қазак даласында тектентекке құрып барады.

Егер біз солардың барлығын бір орталыққа жинап, жинастыrsак, болашак ұрпак өздерінің тарихи мұраларын ертерек танып, сауаттарын ашар еді, мақтаныш сезіміне бөлөнер еді.”

Осындай әріден көріп, тереңнен толғайтын үлтжанды қазакқа республика идеологиясын сеніп тапсыру Кремль үшін ақылға сыймайтын әрекет еді. Әйткені аса білімді, аса ақылды адам қай кезде де қауіпті. Сондықтан оны қайткенде де ауыстыру керек. Бірінші басшының орнына қою одан да бетер қауіпті. Ал себепсізден себепсіз жұмыс бабында төмендегу – көрер көзге қиянат, қолайсыз болар еді. Сондықтан сасқан үйрек артымен сұнгиді демекші, Басқару Академиясына өзі сабак берे алатын көсемгер азаматты Мәскеуге білімін көтеруге, оқуға жіберді! Неткен зәлімдік! Оқуды бітіргеннен кейін де ғұлама қазакты қоярға жер таппай, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетіне идеологияны басқаруға екінші хатшысының статусымен жіберді. Ілекен ол жұмысты да асықтай иіріп әкетеді. Қызылжар қазақтарының көкіректері ашылып, өрісі және тынысы кенейеді.

Одан кейін оны Республикалық Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті Төрағасының орынбасарлығына өкелді. Сол жерде жүргенде тағдыр мені Ілекенмен үштастырды. Жайсанбек Молдағалиев деген сол кездегі жас жазушы, менің құрдасым, көршім бір күні:

– Қадыр, Илияс Омаров сенімен және сенін өлеңдерінмен танысқысы келеді. Соңғы кітабынды

жазып берші, мен апарып тапсырайын! – деді. Ілияс Омаров өзі сұрап жатса, аятын не бар?! Жақындағана жарық көрген “Дала дидарына” інілік ілтифатымды білдіріп, Жайсанбектен беріп жібердім. Ол кісі менің сыртымнан сыйласп жүретін қадірлі кіслерімнің бірі еді. Бір кездері “Қазак әдебиеті” газетінен Ілекеннің “Оянған өлке” туралы үлкен толғауын оқып, іштей қатты разы болғанмын. Шынын айтсам, мемлекет қайраткерлерінің әдеби мәдение-тіне таң қалғанмын. Біраз уақыт өткен соң Ілекеннің Михаил Шолохов шығармалары туралы да толғанысымен таныстым. Ғажап! Мен сол кездің өзінде кейбір інілерімше айтсам, жайғана ақын емес, үлкен әдебиетші де болатынмын. Демек мені әдебиетші ретінде таң қалдыру мүмкін емес. Сөйтеп тұра ол кісінің әдеби біліміне, талғамына бас идім.

Міне сол кісі, менің сырттай құрметтейтін таныс бейтаңысым менің өлендерімді сұратып алып, оқығысы келген кісі телефон соғып:

– Қадыр, айналайын, мен Ілияс Омаров деген ағаңмын. Мүмкіндігің болса, кездессек, жолықсак деп едім. Қалай қарайсың? – деді. Қылымсып жаттын несі бар? Мен қуанышымды жасыра алмадым.

– Сіз айтсаныз болды. Кездесуге мен дайынмын! – дедім.

– Онда былай етейік: кешкі сағат жетіде, яки он тоғызыда мен күтейін. Үйдің адресін жазып ал. Калинин мен Карл Маркстың қылышын жері... – деп адресін айтты.

Енді әңгімеміздің басына қайтып оралар уақыт болды.

Асқа отырдық. Үй иесі, женгеміз және мен. Басқа ешкім жок. Үйеме табақ ет келді. Қазы-қарта. Жылқы сойған болуы керек, сірә соғым ол кезде

біздің тұсімізге кіреді. Кішкене-кішкене әдемі рюм-
келерге армян конъягі құйылды.

— Ал, айналайын, аман бол! Жасымыз бар, жа-
самысымыз бар өнер адамы бар, шаруа адамы бар,..
— бәріміздің илеп жатқанымыз бір тері. Жүректе —
бір махабbat, көнілде — бір арман. Қолымыздан кел-
генінше халқымызға қызмет етуіміз керек. Әрбір
ұлттың өкілі өстүі керек. Өйткені түрлі-түрлі себеп-
терге байланысты біздің қазақ өнге туысқандармен
салыстырганда біраз қалып қалған сияқты. Соны ең
алдыңғы қатарлы өркениетті елге айналдыру — кез
келген саналы қазақтың парызы. Сенің “Дала ди-
дары” атты жыр кітабынды оқып отырып, мен өзінді
тап осылай ойлайтын азамат деп ұқтым... Қебірек
сөйлеп кеттім. Кешір, айналайын! Ал енді өмірде
де, өлеңде де жолың болсын! — деді Ілекен конъя-
ғын ішер алдында.

— Рахмет, Ілеке! Рахмет, жеңеше! Баласынбай
ұлken құрмет көрсетіп жатырсыздар. Қариялар айт-
қандай, Құдайдан қайтсын!

— Батыс Қазақстанның қай ауданынансың?

— Жымпіты ауданы...

— Е-е, алашордалықпын де! Бәсе, бәсе! Қазакы
ойлардың қайдан шыққаны енді анық болды! — деді
Ілекен күліп.

— Әйтеуір сол ауданнанмын. Кім екенімді
уақыт көрсетер.

— Уақытты күтетін ештеңе жок. Уақытты күте-
тін болсақ, ұтыламыз... Ал сенің алашордалық еке-
нінді өлендерін көрсетіп тұр. Алашорда деген сөз-
ден шошым! Заман ақырын болса да өзгеріп келеді.
Өзгеруге тиіс. Шыдай тұр. Аз ғана алашорда
азаматтарына басқаша баға беріледі өлі! Алашор-
даны жамандап жүргендердің көбі ертең-ак солар-

дың туысканы, ет-жақыны бол шыға келеді... Ондай адамдар белгілі бір уақытқа шейін өз құлықтарының пайдасын көреді. Дүниені бүлдіретін, міне, осындай адамдар. Хамелеондар! – Ілекен үзіп-үзіп ұзак сөйлемді. Сөзінің бәрі ақылға сыйымды, көңілге қонымды. Байқаймын, мені жатырқамай, күдіктенбей, ашық айтып отыр...

– Кез келген ортада мен бұлай сөйлемеймін, – деді бір кезде менің ойымды оқығандай. Аузымыз талай күйген. Эйтсе де, қайталап айтам, заман өзгеріп келеді. Бірақ баяу. Өкінішке орай, баяу, тым баяу. Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады демей ме?! Біздің бойымыз тұрган дерт. Сол дерт мысқалдап шыққанда кай кезде шығып бітпек?! Жана қазақ, халқын сүйген ұлы қазақ қашан қалыптасып болмақ?! – Ол осы сөзден кейін біраз ойланып отырды. Шынын айтсам, ол менімен емес, өзімен-өзі сөйлесіп, өзімен-өзі мұндастып отырғандай көрінді. Байқаймын, мен болсам, мұнданай келелі әңгімеге өлі дайын емеспін. Сөз арасында косылып кетейін десsem, менің бұл төніректегі ойларым өлі де болса анық емес, күнгірт. Пісіп жетілмеген. Әлі де болса дүмбіlez.

– Сіздердің, жаңа буынның не ойлайтыны маган, өкінішке орай аян емес. Бірақ ерте ме, кеш пе, ақылды азамат халқының қамын ойламай қоймайды. Ақымақтарға дауа жок, әрине! Ал Сіздерден ел бірдене күтеді. Әсіресе, өзің сияқты ойлы өлең авторынан үлкен әрекет дәметеді. Ал, айналайын, аман бол! Менің берер бір ғана ақылым бар ол – мына қолыңа ұстап отырған өзәзілден аулағырак бол! Өзі қолындағы кішкене рюмкені ерніне апарып, оның өзін жартылай ішті. О кісіге қарап, мен де бір-екі ұрттадым.

— Рахмет, аға! — дедім.

— Сенің өзіңе рахмет! Келгеніңе, менің сумбурный әңгімемді ықылас қойып тындағаныңа рахмет! Ал сенің кітабың туралы қысқаша пікірлерімді қағазға түсірген болдым. Мінекей! — деп конверт ұсынды.

Ілекен менің иығыма ауыр жүк артып жібергендей, бірнеше күн қалың ойдан арыла алмай жүрдім. Менімен солай, болашақ мемлекет қайраткерімен сөйлескендегі сырласқанына түсінбедім. Білетін адамдардың айтуына қарағанда Ілекен өте көнілді, ақ жарқын, әзілкеш адам болғанға ұқсайды. Өлең шығаратын да өнері бар екен. Оны мен кеш білдім. Достарына арнаған бірер ауыз, бірқақтай өлеңдерімен кейін танысып көрдім. Әдемі, өсерлі дүниелер. Ал үлкен тірлікте, қызметте әріден ойлайтын мемлекет қайраткері.

Үйге жеткенше шыдамай, Ілекеннің жазғандарын автобустың ішінде бір емес, бірнеше мәрте жүгіртпі оқып шықтым. Бұзаудың тіліндей кішкене форматтағы қағазға жазған екен, мен оны машинкаға бастырдым. Сосын жастыққа тән мінезben мактанып “Лениншіл жас” газетінде істейтін достарыма оқып бердім.

— Мынау жариялайтын дүние ғой! — деді олар.

— Ол үшін автордың келісімі керек емес пе?! — дедім мен.

— Ілекенмен сөйлескен дұрыс шығар!

— Эрине!

Машинкадан өткен бір данасын Ілекене апа-рып бердім.

— Сіздің пікіріңіз жастар газетіне ұнап отыр. Қарсы болмасаңыз, жарияламақ ойлары бар! — дедім.



— Лайық деп тапса жарияласын! Оқып шығайын, содан соң хабарын берейін! — деді Ілекең газет қызметкерлеріне алдын ала раҳметін айтып.

Ілекең келісім берген бойда пікір-мақала “Кадірге хат” деген атпен жарияланып та кетті. Кейінірек Ілекеннің жана кітabyның дайындаған Мұхамеджан Дүзенов деген жазушы замандасымыз сол мақаланы менен сұрап оқыды. Бірақ жарық көрген кітаптан мен оны көре алмадым. Көршім, әріптес Жайсанқбек те сол Дүзеновтың істегенін істеді. Енді ол мақаланы “Жас Алаштан” (бір кездегі “Лениншіл жастан”) болмаса, еш жерден таба алмайсыздар.

Жақсы өлең жазған сайын
Сезеді ішім,
Қайтейін,
Доспен бірге жау табамын!

— деп жазғам “Ой орманы” кітабымда. Өмірде осы сөзім жүз пайыз шындыққа айналды. Абыройым асқан сайын кітаптарымның шығуы киындаған түсті. Баспа Жазушылар одағы сзызып тастанды десе, Жазушылар одағы Баспасөз комитеті қыскартып жіберді дейді. Ал Баспасөз комитеті барлық жауапкершілікті Орталық Партия Комитетіне жаба салады. Кейбіреулер менің әр кітабым жарық көрген сайын мені қолдан шығып кетеді деп есептеді. Сонымен барлық мәселе ақыр аяғында Орталық Партия Комитетіне барып тірелетін болды. Енді не істей керек?! Сол Орталық Комитеттің өзіне шықтым. Баспасөз жағына жетекшілік ететін Әнуар Шымановқа телефон соғып, жағдайды түсіндірдім. Ол өзі көп оқыған, көпті білетін өте сауатты және демократ, анқылдаған ашық адам болатын.

-
- Кітабыңың аты қалай? Қөлемі қанша?
— Аты “Дала дидаres”, қөлемі үш-ақ баспа табақ.

— Трубканы қойма! Қазір тапсырма берем деді. Мен бәрін естіп тұрмын. Екінші телефон (вертушка) арқылы екінші біреумен хабарласты. Сірө, сол кездегі Баспасөз комитетінің төрағасы ғой деймін. “Алло! – деді, содан кейін “Запишите фамилию Мурзалиев Кадыр. Название книги “Лик земли”, объем 3 печатного листа. Следите за прохождением этой книги! До свидание!” – деп колындағы трубкасын қойды да маған: – Естідің бе? Енді кам жеме! – деді. Бұл “Жазушы” баспасының 1966 жылға арналған такырыптық жоспарына байланысты әңгіме. 1967 жылдың жоспары мен үшін бұдан да сәтті болды. Әйткені...

1965 жылдың желтоқсанында Опера және балет театрында Алматыда ең бірінші рет поэзия кеші өтті. Ақындар өте көп қатынасты. Сондыктan небары бір-бір өлеңнен оқымыз деп келістік. Кешті Әбділда Тәжібаев жүргізді. Мен “Көкпар” деген өлеңімді оқыдым. Зал өте жақсы қабылдады. Ду-ду қол шапалактады. Соны көрген Әбекен:

- Кадыр, тағы бір өлең оқымасаң болмас! – деді.
— Басқа өлең әкелген жоқпын, Әбеке! – дедім.
— Менде бар! – алда отырған бір адам сол күні жарық көрген “Социалистік Қазакстан” газетін ұсынды. Онда менін “Ленин ескерткіші тұбіндегі ой” деген өлеңім жарияланған-ды. Ол, әрине эстрадалық өлең емес. Бірак басқа амал жоқ, соны оқып бердім. Бір ғажабы, ел оны да жылы қабылдады. Тағы да ду-ду қол сокты.



Келесі күні мені “Жазушы” баспасының директоры Еркешев шақырып алып:

— Қадыр, кешегі поэзия кешінде мен де болдым. Ел өлеңінді ете жақсы қабылдады. Маған да ұнады. Бірақ мен әдебиетші емеспін. Кімнің қалай жазатынынан да хабарсызыбын. Партия жіберген соң осы баспаны басқарып отырмын. Алдыңғы жылы сенің бір кітабың төңірегінде түсінбестік болды. Оны айып етпе. Енді көзім жетті. Сендей ақынды қолдау керек. — Жана дүниелерін бар ма? — деді.

— Бар, аға!

— Қандай?

— “Бұлбұл бағы” деген кітап. Көлемі үш-ақ баспа табақ.

— Онда сол “Бұлбұл бағынды” жоспарлайық! Орысшаға аударылдың ба осы?

— Аздап аударылып жүрмін.

— Онда оны да қосып жоспарлаймыз. Аннотациясын жазып әкел.

— Рахмет, аға!

Еркешов айтқанын істеді. Бір жыл жүйкем тыныш болды. Бірақ көп кешікпей, ол кісі жұмысын тапсырды. Басқа қызметке ауысты ма, пенсияға шықты ма, ол арасын біле алмадым.

Тез-тез өсіп, алға ілгерілеген сайын, атың шыққан сайын қыын бола береді екен. Бәріне кінәлі – пендешілдік, іштарлық, ішмерездік. Өздері жұрттың көнілін тауып жаза алмайды. Жаза алғандарды көре алмайды. Біреулер партияның атымен қол ұшын беріп, жәрдемдесіп жатса, біреулер сол партияның шапанын жамылып, аяқтан шалады, жағаңдан алады. Ақылға сыймайтын ақиқат. Мұны мен кейінрек түсіндім.

“Жерүйық” – менің жақсы кітаптарымның бірі. Шыққаннан кейін Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Тап сол жолы алмағанмен бір жылдан кейін алды. Түсіне білген кісіге, ол соны басып шығарған “Жалын” баспасының да мактанды болуға тиіс еді. Өйткені бұл кітапқа дейін “Жалын” баспасынан жарық көрген бір де бір шығарма мұндай сыйлыққа ие болып көрген жок. Сөйтіе тұра “Жалын” осы кітаптың жоспарға кіруіне көп кедергі жасады. Қолемі төрт баспа табақ қолжазбаны көре тұра, біле тұра қасақана қыскартып, құйрық-жалын күзеп, шұнтитіп шығармақ болды. Баспаның директоры Қабдықәрім Ыдырысовқа қанша айтсам да түсінбеді, түсінгісі келмеді.

Амал қанша, тағы да сол Орталық Партия Комитетіне арыздануға тұра келді. Инструктор болып істейтін Мақсұт Әубекіровке телефон соқтым. Ол өзі де өмір жолын жақсы өлеңдер жазудан бастаған талантты жігіт болатын. Мені бірден қолдағы. Баспаға тізесін батырып отырып, қолжазбаның табиғи қолемін қалпына келтіріп берді. Жатқан жерің жайлыш, жаның жәннатта болғай, бауырым!

Өтебай Қанахин ағамыз да бір-екі рет қол ұшын берді. Кергіген жок, бұлданған жок. Сөзі өтіп тұрғанда жақсылығын аямады. Ол үлкен жазушыға емес, үлкен азамат та болатын. Мансапқорлар кресло үшін ар-ожданын да, намысын да сатып жүре береді. Өтебай Қанахин, мен білетін Өте-ағаң өмірі өйтіп көрген емес. Соның бір дәлелі – ол Орталық Партия Комитетінде отырып, әйелімен ажырасты. Ол жайғана әйел емес, орыс әйелі. Ол заманда осының бәріне мән беріледі. Мұндай әрекеті үшін кез келген коммунисті өз партиясы екі қолын төбесіне



көйдірып, қаңғытып жібере алатын! Бұл жолы өйтпеді. Өтебай ағамызды аяғаннан емес, әрине. Орталық Партия Комитетініңabyroyы үшін. Әріден ойлап, тереңнен толғап, жасалған қу шешім. Оны партиядан шығармай, жаңадан ашылып жатқан “Жалын” журналына Бас редактор қылып жіберді. Ол, яки барған жері Орталық Партия Комитеті емес. Сондықтан олар аудандық партия комитетіне “Канаҳинді енді партиядан шығара беріндер!” деп тапсырма береді. Партиядан шықса редакторлықтан да айырылады. Үлкен үйдің кішкене құлығын “Жазушы” баспасында істейтін тіс қаққан коммунистер бірден түсіне қойды. “Жоқ, Канаҳинді партиядан шығармаймыз!” деп қасарып отырып алды. Қанша жанын салғанменен аудандық партия комитеті ештеңе істей алмады.

Кететін Канаҳин кетті. Бірақ Орталық Партия Комитеті мен менің проблемаларым сол күйінде қалды. Дәндеген қарсақ құлағымен жер қазады. Немесе соқыр көргенінен жазбайды. Менің билетінім – Орталық Партия Комитеті. Үйреткен өздері, басыма күн туса, алам да телефон соғам.

“Жалын” баспасынан балаларға арналған өлеңдерімнің бір томдығын шығармақ болып, өтініш жасағанмын. Баспада қарсылық болған жоқ. Сейдахмет марқұммен ара қатынасым жақсы еді, ол мені бірден қолдады. Бірақ бұл жолы үлкен үйдегі бір пысықайдың кесірінен кітап сыйылып қалды. Алдым да сол кездегі бөлім менгерушісі Шайжұнісевке телефон соқтыйм. Абырой болғанда телефонды өзі алды. Мен барлық жағдайды айтып түсіндірдім. Ол түсінді.

– Қадеке! – деді ол. – Ең болмағанда бір күн бұрын телефон сокқаныңызда бұл мәселені мен сол

сөтінде-ақ шешіп жіберетін едім. Бұгін біз сол жоспарды бөлімде қарап, соңғы редакциямызды жасап, Бюроға өткізіп жібердік. Енді қыын. Тіптен қыын. Сөйте тұра бір әрекет етіп көрейін! Көмектесуге тырысамын, Қадеке!

Шайжұнісевті мен де түсіндім. Түсініп қана қойғам жоқ, аяп та кеттім. Оның жұмысын жеңілдетіп көрейін деп ойладым да Камалиденовтың төте телефонына шықтым. Ол мен сияқты біреу телефон соғады деп ойламаған болуы керек өзі алды.

— Немене, маған да жеттіндер ме?! — деді ол. Төбемнен бір қойғандай, қаным шапшып басыма шықты! Өзімді өзім тежей алмай қалдым.

— Жетпейтіндей кім едіндер сонша! — дедім. — Егер біздің шаруамызды инструкторларының шеше салатын болса, мен сіздерді іздер ме едім? Барлық билікті қолдарыныңға жинап аласыздар да, біз сияқтыларды кіріптар қылып қоясыздар. Сонда мен не істеуім керек??!

Бұрыннан сәлеміміз түзу. Ара қатынасымыз жақсы. Тәп-тәуір туысқан тәрізді едік, аяқ астынан өзінің кім екенін танытқысы келгендей оқыс міnez көрсетпесі бар ма?! Бірақ ол бірден өзінің орынсызыдау кеткенін түсіне қойды да:

— Сабыр, Қадеке! Сабыр! Сіздің жөнінің бөлек, әрине! Бірақ бізді де түсініңіз! Дегенменен әр нәрсенің орны, жүйесі бар ғой. Авторлар көп. Баспа-лардың қуаты жетпейді. Қысқартудың бәрі тек соған байланысты. Бірақ сізді неге қысқартады? Анықтайын! — деді.

— Мәселе сонда! Неге мені қысқартады?

— Қадеке! Түсіндім! Түсіндім! Ренжіменің! Қалпына келтіріп бағармыз! — деді сөздің аяғын жайма шуактап.



Жинап айтар болсам, менің бүкіл ғұмырым кітап жазумен және соны шығару жолындағы құреспен өтті. Оқырманның одан түк хабары жоқ. Оқырман түгіл, әріптестерімнің өзі мені үнемі тегіс жолмен, данғылмен тартып келе жатқан женіл машинадай көреді. Сол женіл машинаны әр бұрылыс сайын бір тоқтатып, бір немесе бірнеше тоқтатып жүйкесін тоздыратын ГАИ-дің инспекторлары жайында түк білмейді.

Жылдар өтіп жатыр. Бұрынғы күш-қайрат жоқ. Өз-өзіне есеп беріп, етек-женінді жинап, бар шаруанды тындырып өлейін десен, оған да мүмкіндік бермейді. Бұдан бір-екі жыл бұрын мен өзімнің поэзия жанрындағы ең соңғы қорытынды кітабымды жазып, “Жазушы” баспасына тапсырғам. Баспаның мен туралы көзқарасы дұрыс. Шығарғылары келіп-ақ отыр. Бірақ оларды тежеушілер жоқ емес.

Жоғарыдағы әңгімеге қайта оралайын. Камалиденов, Шайжұнісовтермен сөйлескеннен кейін менің балаларға арналған бір томдығым “Күміс қоңырау” жарық көрді. Бірақ келесі жылы осы проблема тағы алдыннан шықты. Жана кітабым тұмсығын тасқа соғып, тағы да Орталық Комитетке барып тірелді. Бұл жолы мен Жұбан Молдағалиевке бардым. Ол Мамажановқа телефон соқты. Мамажанов олай да бұлтарды, былай да бұлтарды. Бірақ Жұбаган оның көnlіне келмейтін жұмбақ әзілмен:

— Мұха, осы екеуміздің статусымыз қалай? Сениң мені тындауың керек пе, әлде менің сені тындаудың керек пе? — деді.

Жұбаган ол кезде Қазақстан Орталық Партия Комитетінің пленумы мүшесі және КСРО Жоғары Кенесінің депутаты. Ал Мамажанов Орталық Пар-

тия Комитетінің бөлім менгерушісі. Мамажанов та көпті көрген жырынды емес пе?

— Эрине, Сіздің статусының жоғары! — деді күлгөн болып.

— Ендеше, Мырзалиевтің мына кітабын жоспарға кіргізейік!

Сөйтіп Жұбан Молдағалиевтің батыл араласуымен барып, бұл кітап та жарық көрді.

Әрі ақын, әрі ғалым үйғыр азаматы Махмут Абдірахманов екеуміз бес жыл бойы бірге оқыдық. Бірер жыл пәтер жалдап бірге түрдік. Ол сабакты өте жақсы оқыды. Қазақ тілінен диктант жазғанда біз, қазақтар, төрт алсақ ол бес алатын. Қазақшасы таза, сауатты. Филология факультетінің қазақ бөлімінде бес жыл бойы сол староста болды. Міне, сол Махмут арқылы мен үйғыр өмірімен, үйғыр дәстүрімен, үйғыр мәдениетімен таныстым. Үйғыр жазушыларымен араластым. Олардың жырларын қазақшага аудардым. Сол танысқан жөне табысқан үйғыр ағайындарымның ішіндегі ең ірісі — Хизмет Абдуллин болатын. Өзінің айтуына қарағанда бала кезінен бастап қазақтармен құда-құдандас, жолдас-жора болып тіктен жақындастып кеткен. Бұл оның сөзінен де, ісінен де байқалып тұратын. Қазақ республикасын Юсупов деген үйғыр билеген кезде алыстағыны көріп, жақындағыны қапысыз аңғарып отыратын Хизмет, қарадан-қарап өзінен-өзі қысылып жүретін. Хрущевтің тізеге салып, көрер көзге қиянат жасап, сол Юсуповтың қолыменен Өзбекстанға Қазақстанның бір ауданын түгелдей бере салғанда Хизмет-акамыз бізben бірге қайғырып, бізben бірге пүшайман болғанды. Ол бірде:



— Түбінде Юсупов кетер-ау, бірақ ұтты менде қалады рой! — деген. Тауып айтылған сөз. Юсупов кетті. Үйғыр халқы, оның Хизмет сияқты асыл азаматтары қалды. Ешқандай кінесі болмаса да Юсупов үшін солар ұялды.

Орысша да, қазақша да қапысыз таза сөйлейтін, ең бастысы адам жаңын өдемі түсінетін Хизмет қай отырыстың болмасын сөні еді. Біздер онымен көп жылдар Жазушылар одағында қызметтес болдық. Кейін көрші тұрдық. Үйлеріміздің арасында үй жоқ-ты. Ол алғашқыда Қазақстан Жазушылар одағы салған бірінші үйден де пәтер алыш, өңшең қазақпен көрші-қонсы болуға өбден үйренген. Ішек-қарындары араласқан тату-тәтті көрші ғана емес, мақсат-мұддесі араласқан ағайынға айналған. Қазақ жүрген жерде ырым-сырымсыз, ойын-тойсыз, өзіл-қалжынсыз бола ма? Хизмет-аканың өзі де сондай...

Жаңа пәтер алыш, көңілдері орындарына түскен қазақ қalamгерлері соғым науқаны басталғаннан бірін-бірі ерулікке шақырып, бүкіл үй той-думанға айналады, қайсысы соғым басына шақырса да Хизметті қалдырмайды. Сондай көңілашар кештердің бірінде тілі қышыған бір қазақ:

— Эу, Хизмет, сен осы неге соғым соймайсың?
— деп қалады.

— Сояр едім,— дейді Хизмет. — Сендер сияқты балконым жоқ. Мен бірінші қабатта тұрамын.

— Сол да себеп болыш па тәйірі! — дейді өлгі өңгімені бірінші бол бастаған қазақ көршісі. — Біздердің балконымыз бар емес пе? Пайдалан соларды.

— Е-е-е! — дейді Хизмет-ака. — Тапқан екенсің аңқауды! Қасқыр мен қазаққа сеніп ет тапсыруға бола ма екен!

Бұған не деп уәж айтасың! Дәл кезінде орнымен берілген жауап.

Хизмет-ака, жоғарыда айттым, бала кезінен бері қазақтардың арасында өсіп, қазақтардың мінездікүлкін өбден зерттеп, терең біліп алған үйғыр. Ол қазақтардың сол баяғы аңқаулығын, аңғалдығын қатты пайдаланатын. Соның арқасында көп жағдайда сөз сайыста ұтып кететін.

Бірде “Қаламгер” буфетінің алдындағы биік орындықта сусындан отыр едім, қасына екі қазақ жазушысын ертіп Хизмет-ака келе қалды. Екі қазақтың бірі – Тұтқабай марқұм. Екіншісі, ұмытпасам, Қабдеш. Келе үйғыр ағамыз:

– Ал, қазақтар, не ішесіндер, қанша ішесіндер? – деді. Әрине, шын көңілден. Ол өзі жомарт үйғыр болатын.

– Жұз грамнан конъяк! – деді екі қазақ.

– Жақсы! – деді Хизмет-ака да. Содан кейін буфетші келіншекке қарап: – Мына екі қазаққа жұз грамнан, ал менің өзіме екі жұз грамм! – деді қоқыланып. Бөрін тыңдалап отырған мен Хизмет-аканың пиғылын түсіне қойдым да екі қазаққа қарап:

– Ей, жігіттер-ай! Әшейінде шишалап ішетін батырларым-ай, нағып қанағатшыл бола қалдыңдар! Хизмет-аканың сөзіне мән бердіндер ме! “Екі қазаққа жұз грамнан екі жұз грамм, менің өзіме де сонша!” – деді. Сіздер соның астарын түсінбей қалдыңдар!

– Онда қандай астар болушы еді? – деді Тұтқабай.

– Болғанда қандай! Екі қазақтың ішкенін бір үйғырдың жалғыз өзі-ақ іше алады, яки екі қазақ бір үйғырға татымайды деген сөз!

— Ендеше маған екі жұз грамм! — деді Тұтқабай.
— Маған да! — деді Қабдеш.

— Қапп! — деді Хизмет, — бір бутылкамен құтыламын деп түр едім, енді амалсыздан екіншісін де аштыратын болдындар-ау! Эй, Қадыр, сен осы қауіпті қазақсың! — деп күлді ол.

Сөтті қалжың, кімнің аузынан шықса да, жұрттың бәрі мәз болады. Егер сол қалжыңды өзің айтсан, тіптен жақсы. Өзіңше бір абырой. Менің бұл жолғы өзілім де әдемі шыққан секілді. Бірақ, бірақ... Қалжыңның табиғаты басқа сөзден мүлдем бөлектеу. Сен ойланып-толғанып болғанша, қалжың аузынан үшіш үлгереді. Жөне үнемі сыпайы бола бермейді...

Бірде мен өз қалжыңымнан өзім ыңғайсыздынып қалдым. Екі қазақ, үш үйғыр болып, үйғыр-қазақ аралас отырған ауданға бардық. Сол сапарда Жаркент кітап дүкендеріне кіріп, кітаптарымыздың қалжағдайын білгіміз келді. Дүкендердің қай-қайсысында да Хизмет-аканың кітаптары көп екен. Соңғы шыққандары да, бұрынғы шыққандары да табылады. Содан да болар, автор қысылып қалды-ау деймін, сол ыңғайсыздықты жуып-шаймақ болыш:

— Менің мұнда кітаптарымның көптігіне таңқалманадар! Мен бір кітабым өтіп болғанша тағы біреуін, кейде тіпті екеуін жазып таставмын! — деді.

— Кейбір кітаптар өткенше бір-екі кітап емес, кітапхана жазып таставуға болады! — дедім мен өз сөзіме өзім мән бермей. Хизмет-ака үндемей қалды. Ал өзім сол сөзім үшін қатты өкіндім.

Койши, Жазушылар одағы жазушыларға арнап тағы бір үй тұрғызыды. Алғашқы салынған үй он алты пәтерлі екі-ақ подъезді болатын. Сегіз төрт бөлмелі, сегіз үш бөлмеліктен тұрады. Бұл жолғысы қырық

пәтерлі, төрт есіктен кіріп шығады. Бұл үйде екі бөлмелі пәтерлер де бар. Үйді бөлгендеге Ілияс Есенберлиннің ақылымен өңшең ішкіштерді бір подъезге жіберіпті. Сол бірінші подъездегілердің арқасында бұлар ақ үйдегі алкаштар деп аталды. Біздің үйдегілерге сары үйдегі сараңдар деген атақ берілді.

Ақ үйдегі алкаштардың ең үлкені Тәкен Өлім-құлов. Обалы не керек, ол көшеге шықпай өз пәтерінде ішеді. Негізгі сусыны сыра. Жұрттың не алып келе жатқанын білмейсің. Құпиясының бәрі дорбаның ішінде. Тәкендікі жария. Ол баяғы модадан шыққан торлы дорба алып жүреді. Онымен не өкеле жатқанын ғана емес, қанша өкеле жатқанынды да ел көріп отырады.

Ақ үйдегі алкаштардың негізгі үйытқысы Хизмет, Қуандық аға, Шеміл, Оспанхан, Бекен. Оған кейін Нұтфолла Шекенов келіп қосылды. Со-лардың бүгіндегі тірі қалған бірі жоқ. Дүние салған. Әңгіме қылудың өзі үят. Бірақ естелік өлі-тіріге қарамайды.

Бір-екеуі дағаға шықса болды, балконнан қарап тынышып отырғандар одан өрі шыдамайды. Оның үстіне “үшсең руыңмен”, “өле жегенше бөле же”, “айлас қатын мұңdas” деген, бөлек-бөлек ішкенше, бірігіп ішкен жақсы өрине. Біраздан кейін бәрі де үй алдына шығып бастары бүтінделеді. Бұл кезде олар өжептөүір күш. Ол кезде ол тұстан өтуге қауітпенесің. Ер жүрек батырлардың өзі оларға “салық” төлеп өтеді, “салықтың” салмағы – аз дегенде бір шиша. Ол ештеңе емес-ау, одан қалтаң жүқарып жарытпайды... Бірақ көзің жасаурап, аузың қисайып қайтасың.

Қандай қауіпті болғанмен бір күндері сол тұстан өтуге тұра келеді. Асығыс едім, қанша асығыс

болжанмен ағайынға сөлем бермей қалай өте шығасың! Сөлемдесуге тура келді.

- Қадыр, кел отыр! — деді Хизмет-ака.
- Отыр, отыр! — деді басқалар да.
- Асығыс едім,— дедім мен.
- Он-он бес минутта тұрган не бар, мына тұрган дүкен ғой...
- Соның өзі болмай түр! Ақшалай тастап кетсем қайтеді? — дедім.

— Баруға ерініп отырмыз, — деді біреуі.
Онда ішуге де ерініп отырган шығарсыздар!
Жолай сіздер үшін алайын, сіздер үшін кетіп бара жатып ішейін, әкеліп тастауға уақытым жок! — деп қолыма ұстап тұрган ақшамды қалтама қайта салдым да тайып тұрдым.

- Вот Карапед! — деді Қуан аға. Ол кезде осы сөзді ағамыз көп айтатын.
- Өзімізге де сол керек, ақшасын ала салмай! — деді біреуі.

Бір-екі рет өстіп құтылдым. Бірақ үнемі олай істеу мүмкін емес. Өз көршілерің, өз өріптерін, керек десең мұндас, тағдырлас туыстарың. Кей-кейде тәуекел етіп, бірге отырып қаласың. Бірге ішесің. Жылы-жылы сөздер айтасың. Сол кезде олар да қарыздар болып қалмайды.

- Нағыз ақын деген міне осындай болуы керек!
- дейді біреуі.
- Нағыз ақын ғана емес, нағыз адам да! — дейді екіншісі.
- Сары үйдің жалғыз жомарты сен! — дейді үшіншісі.

Ең жаманы — олармен бірге ішу аз, олармен бірге мас болуың керек. Сонда ғана кімнің қашан кеткенін ешкім білмейді. Олардың мақтағандары



бар болсын, үйіңе ит болып ораласың. Мен-зен болып жата бересің, жата бересің. Ақырында «дүниедегі ең ақымақ мен шығармын!» дейсің өзінді-өзің сүмдық жек көріп. Ал олар болса әбден үйреніп алған. Ертеңгісін ерте тұрып, оп-оңай бастарын жазып алады.

Осы үйде тұратын Қабдеш қана діні қатты жігіт болып шықты. Бір үйде, бір подъезде тұрып илікпейді. Алкаш көршілеріне төртінші қабаттың балконынан қарап, анда-санда шырт түкіріп қойып, бөріне төтеп береді. Бірақ оған да оңай бола қоймаған болуы керек, күндердің бір күнінде ақ үйдің алкашы болғаннан гөрі сары үйдің сараңы болғаны дұрыс деп тауып, жаңа қонысқа ауысқан – Есет Әукебаев ағасының пәтеріне көшіп алды. Бір кездегі саңдар үйі күндердің күнінде өз мұрагерін тапқан төрізді.

...Нұтфолла Шәкенов ағамыз біздің үйде тұрганды. Бірінші подъезде бірінші қабаттағы қарама-қарсы пәтерлер бүйірып, құдайы көрші болғанбыз. Сәлемі тұзу, ете биязы адам еді. Ол кісі де ішетін, бірақ маскүнем болып кетеді деп ешкім де ойламаған шығар. Әйелінен айырылып, жаңа салынып біткен жаңа үйден пәтер алды да сол алкаштар ауылданан бір-ақ шықты. Тағдыр деп осыны айтатын болуы керек.

Ақ үйдегі алкаштар деп атанғанмен мен өз басым солардың бір де біреуін алкаш деп есептемейтінмін. Дендері дұрыс, әдебиет үшін туған дарынды азаматтар деп сыйлайтынын. Олардың ішінде өсіресе Оспанханды көзінің тірісінде-ақ классик деп мойындастынын.

Ал Оспанхан дерті ерте, тым ерте басталған екен. Оның өзі бірде маған:

— Қадыр, бұл арақты мен алғаш рет төртінші сыныпта оқып жүрген кезімде ішкенмін ғой! — деген. Сонда сенбекенмін. Оспанхан стиліндегі кезекті әңгіменің бірі шығар деп ойлағанмын. Кейін осыны өрі ауылдасы, әрі сыныптас бір азamatқа айтқанымда:

— Оспанхандікі дұрыс, шыны сол. Ол бала кезінде гармон тартатын. Ал, ауылдың тойы гармонсыз, яки Оспанхансыз өтпейтін! — деді.

Осекең шын дарын, шынайы ақын, барыш түрған таза сықақшы еді ғой. Оны тек үстел басында ғана жазады деп ойласаңыз қателесесіз. Ол үнемі, үнемі жазу үстінде болатын. Ылғи да бір нәрсені ойладап, өзінен-өзі құліп бара жататын.

Бірде ол автобуста отырып өзінің баласын көреді, бірақ өдейі қөрмеген, тіптен танымаған болады.

— Әке, немене танымай тұрсың ба? Бұл мен ғой!
— дейді баласы.

— Қайдағы өке? Не деп тұрсың өзің? Есің дұрыс па? — деп келесі аялдамадан түсіп қалады. Түсіп қалады да такси үстап үйге баласынан бұрын жетеді. Костюмін щешіп, пижамын киіп алады.

Көп кешікпей баласы келеді. Келеді де:

— Әкем үйде ме? — деп сұрайды шешесінен.

— Иә, үйде!

— Өй, мама! Мен жаңа автобуста әкемнен аумайтын бір кісі көрдім. Костюмі, тіпті галстугіне шейін аумайды! — дейді баласы есін жия алмай.

Төргі бөлмеге кірсе, арқалы орындықта өкесінің костюмі ілулі түр екен. Костюмін үстінде галстугі. Бәрі дұрыс. Ал қөргені басқа адам! Мистика!

Біздің кейбір өріптеріміз қай орынға отырғызысан, жатырқамай сол жұмысты істеп кетеді. Редактор болу, директор болу, әкім болу —

көпшілігінің арманы. Бригадир болуға да, бизнескер болуға да дайын... Осекең мұлдем ондай адам емессті. Ол үшін бірінші кезекте – өнер, өмір сонан кейінгі екінші кезекте тұратын. Өмірге өмір деп қарамай, көркем өдебиетке керек құрылыш материалы деп қарайтын. Бәрімізге ортақ осы тірлік Осекеңнің ішін пыстыратын. Сондықтан да ол өмірдің өзін редакциялап, өз көзқарасына, өз болмысына лайықтап алуға тырысатын. Қысқасы, көп жағдайда есі дұрыс адамға үқсамайтын.

Горбачев заманында “допингісінен” айырылып, есендіріп қалған Осекең өз үйінің маңында жанын қоярға жер таптай теңселеді де жүреді. Бұрын күніне бір емес, бірнеше мәрте кіріп, бірдене алып шығатын азық-тұлік дүкені де енді оны қызықтырмайды. Бірақ өдет бойынша, бір емес бірнеше мәрте кіріп шығады. Сөйтіп ақылдан алжасқан ауру адамдай мақсатсыз қаңғып жүргенде бір милиционер оны бақылап тұрады. Бір жерден бірдене тауып, ішіп алған ба деп ойлайды. Бірақ кейбір өрекеті, жүріс-тұрысы мас адамға үқсағанмен, ішіп алғанына көзі жетіңкіремей, Осекеңнің жанына келіп, амандасқан болып, иіскең те көреді. Жоқ, арап іісі шықпайды.

— Жай жүрсіз бе, ағасы? — деп сұрайды Осекеңнен.

— Немене, жүрмеуім керек пе? Ит үру үшін, адам журу үшін жаралған, — дейді екіүшты сөйлеп. Милиционер сықақшының мына сөзінен кейін “Қой, мына кісі тегін кісі болмады. Бір пәлеге үшырамай тұрғанда жоғалайын!” — деп ойлайды да тайып тұрады.

Көп кешікпей сол жердегі бір пәтерге үры түсіп, біраз қымбат дүниесін үттеп кетеді. Осы мәселеге

байланысты сол жердің милиционері, жаңағы милиционердің өзі болуы да ғажап емес, Осекеңін үйіне келіп:

— Біз қазір маңызды бір мәселемен шұғылданып жүрміз. Жаныңыздағы сары үйге үры түсіп, біраз мұлқін сынырып кеткенге үқсайды. Мен сізді сыртыңыздан жақсы білем. Көп қыдырасыз. Қыдырып жүргенде бейсаут біреу-міреуге көзіңіз түскен жоқ па? — дейді.

— Неге түспесін! Түсті! Сары үйдің Жамбыл көшесіне қарайтын бетінде бір өйел құйбенде жүрген...

— Өңі-түсі есінізде қалған жоқ па?

— Қалды! Елуге жете қоймаған, бірақ қырықтың үстіне енді-енді шыққан қазак өйелі. Қасы-көзі қара. Бадырақ көз. Аузы үлкен, тістері ірі. Оның біразын алтындағы алған...

— Бұрын-соңды көріп жүрген кісілеріңізді есінізге салмай ма? — дейді өнгімен үлкен үміт күткен милиционер.

— Салғанда қандай!

— Көрсеңіз танисыз ба?

— Танымай ше? Күнде көріп жүрген адамым.

— Кім болды екен соңда?

— Кім болушы еді? Менің өйелім!

— Не дедіңіз?

— “Менің өйелім” дедім.

— Ойыныңыз ба, шыныңыз ба?

— Ол жағын өзің ажырат!

— Тфу! — дейді милиционер енді-енді түсініп. — Мен ойнап жүрген жоқпын! Менің қызметім соңдай.

— Түсінемін! Түсінемін! Мен де өз қызметіме ылайық өнгіме айтып тұрмын. Мен жазушы,

сықақшымын, — дейді Осекең күліп. — Ренжіме айналайын, ренжіме, айналайын!

Осекең бір кезде артист боламын деп театр факультетінде оқыған. Марқұм Асқар Тоқпанов ол ойнаған рөлге онша разы болмай, дұрыс баға қоймай, біраз қинаса керек. Сонда Осекең:

Ойнаймын деп Жантықты,
Қалмады ғой жан тіпті.
Оспан артист болмас деп,
Кейбіреулер тантыпты! —

деп өлең шығарады. Олай болса шынында да тантыпты. Ол, Оспанхан — туа біткен дарын, барыш тұрған сықақшы болатын. Және бүкіл жан-тәнімен артист еді. Ол артист болып өмір сүрді. Артист болып өлді.

Осекеңнің отырғаны да, тұрғаны да, жатқаны да, жүргені де өз өнерімен тығыз байланысты, ажырамас бірлікте болатын. Жазғанда үстелге отырып, көдімгі жазушыға ұқсан істегенмен, шығармаларының қай жерде, қандай жағдайда туғанын ешкім білмейді. Ойдың наизағайы қай жерде ойнаса, соқыр жаңбыр сияқты шумақтар сол жерде тамшылай бастайтын.

Жазушылар үйінің қарсысында азық-тұлік дүкені болатын. Оның витринасында қай кезде де қатып-сеніп балық жататын. Соны бір емес, мың мөрте көрген Осекең бір кезде өлеңге айналдырып:

Қатып-сеніп жатсың ба, ставрида,
Ставрида — көдімгі мыстан рыба!? —

дейді.



Қазақ өдебиетінің ең бір жемісті бұтағы – сықақ. Асқар Тоқмағамбетов көкемізден бастап, Қөпен інімізге шейін созылып жатқан сатира керуені – өте бай, өте көңілді керуен. Солардың ішінен менің аса қатты сыйлайтын сықақшы ағамның бірі – Қалтай Мұхамеджанов марқұм еді. Бәрін қағазға түсірді ме, түсірмеді ме – білмеймін, Қалекең шығарған анекдоттардың өзі бір том болады.

Анекдот болғанда қандай!

Ольга Форш деген көрнекті орыс жазушысының “Жын қаққан кеме” атты романы бар. Ол революциядан кейінгі Петроградтың саяси-рухани өмірі, мәдени орта, орыс интеллигенциясы және сол кездегі “Өнер үйі” аталған белгілі баспананың тұрғындары туралы туынды. Ол үйде Максим Горький, Александр Блок, Андрей Белый, Виктор Шкловский, Михаил Зощенко, Николай Клюев, Евгений Шварц, Корней Чуковский, Всеивод Иванов, Феодор Сологуб, Лев Лунц сияқты белгілі-белгілі жазушылар тұрған. “Жын қаққан кеменің” авторы Ольга Форш та жас жазушы ретінде алғашқы шығармашылық қадамын сол үйде турып бастаған.

Көркем шығарманың аты көркем шығарма ғой, романның көркем кейіпкерлері шынайы, тірі адамдар болғанмен, автор олардың бәрін бірдей басқа атпен, басқа фамилиямен суреттеген. Бұл романда тек орыс жазушылары ғана емес, ағылшын жазушысы Уэллс те, француз жазушысы Барбюс те кездеседі. Бұлар да лақап аттармен қатынасады. Кейін, заман түзелгеннен кейін Ольга Форш баспаға көптомдығын дайындау үстінде бұл романын да кіргізбек болып, жаңа редакциясын жасайды. Сол кездегі Жазушылар одағының



жетекшісі Александр Фадеев “Көптомдығыныңға “Жын қаққан кемені” енгізбей-ақ қойыңыз!” – деп кеңес береді.

Міне, осы роман белгілі дөрежеде біздің жазушыларды да еске салады. Жазушы бір жазушыны көркем бейне ретінде қайталағанмен, ақын-жазушыларға тән өдег-құлық, іс-қимыл, өуейі өрекет біздің арамызда да жеткілікті. Оны ақын-жазушы ретінде, қаламdas-әріптес ретінде түсіне білуіміз керек. Әйтпесе, біздің Қазақстан Жазушылар одағын да белгілі жағдайда “Жын қаққан кемемен” қатар қоюға өбден болады. Жазушылар одағы болмағанмен, жазушылар тұратын екі егіз үйді солай деп атауға болатын сияқты.

Бір үйдегілер жоғарыда айтқандай ақ үйдегі алкаштар, бір үйдегі сары үйдегі сарандар деп аталуының өзі тегіннен-тегін емес, сол ақ үйдегі алкаштардың қатарына біраз жасқа келген Жақан Сыздықов деген ағамыз да жатады. Бірақ ол балашағамен жағаласпай өз үйінде апамыздың жаңында отырып ішетін. У жоқ, шу жоқ. Жақанның да жас кезінде істемегені аз секілді. Бір кезде сол Қазақстан Жазушылар одағын басқарып отырған Сәбенді, Сәбит Мұқановты жақсылап тұрып майлы құйрықтан бір тебеді. Сөйтеді де, Сәбен есін жиып болғанынша қашып кетеді. Сәбен өрі замандас, өрі құрдас, тіпті дос Жақанның өрескел қылышына қатты қапа болады. Сол оспадарлығы үшін Сәбендері оны отыргызып қоюға құдіреті жетеді. Сөйтеп тұра, қанша ашуланса да ұстамдылық көрсетіп, өліптің артын қүтеді. Шынында да бір күні іздеппей-ақ Жақаның өзі келіп Сәбендерін кешірім сұрайды:

— Сәбит! — дейді ол еркін сейлеп, — арақтың арандатуымен бір әбестік істедім. Қалай жазаласаң

да көтерем! Өйткені мен кінәлімін. Айыптымын!
Бірақ есінде болсын, күндердің күнінде сені
өзімсінетін, керек десең, бөксенең тебетін жақын
адамға зар боласын!

Бұл сөзді айтқанда Жақан не ойлады, не дегісі
келді дәл түсіну қыын. Дегенмен, шамамен жақсы
ниеттің төңірегінде үғуға болады. Сөбен де сөйткен
шығар. Мәселені ушықтырмаған сияқты. Ушықса,
аяғы дауға айналар еді ғой. Ондай дауды естімедік.

Сол Жақанның елуінші жылдардың екінші
жартысындағы ақын жазушыларымыз туралы
қызық бір өлеңі бар. Ол:

Жазғы күн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Аңқылдаған көп ақын
Көк базарға қонғанда,
Тобылғы түсті торы сыра
Саптыаяққа толғанда,
Макентоштар шылпылдан,
Семіздер күлер ырқылдан,
Арықтар басар тырпылдан.
Ғабдолым жүр дөң мұрын
Көзәйнегі жылтылдан,
Темір тісі сыртылдан.
Әлжаппарым Әбішім
Жұмыртқасы бұлтылдан.
Салақұлаш мойыны
Қуандық жүр қырқылдан,
Қатындарға жағам деп,
Сейфуллиннен мұрт ұрлап.
Алты көзді Ахмет,
Музыканұды сұңқылдат!

Шара бар ма, Шараны
Күндіз-түні тырқылдат!
Нығмет тиді Жамалға
Майға бөгіп шылқылдал.
Академик Мұхтарым,
Қазығынды мықтадың
Әруағынды түр-түрлап.
Көрінгеннен түңіліп,
Көрінгенге үңіліп
Сейтжан отыр тың тыңдал.
Арандадың, Айтбайым,
Сөрелерден құрт үрлап.
Тоңқалаң асты Тахауи,
Мәңгі хатшы кім түрмак!
Фабитым жүр бір жақта
Иіс майы бүркүлдал.
Бастық болды Одаққа,
Айналайын Фабитым,
Бұл өлген соң Одаққа
Қояр екен қай итін!?
Жұмағали, Сапеке,
Насыбайды былшылдал!
Қалмақанды қаңғырттың
Қамқорлығың – шипылдал.
Әлімбаев зам болдың,
Балапан едің шиқылдақ,
Дон Жуаннан үйреніп
Он қатынға үйленіп
Құсайынов Шахмет,
Бұл фөниден шалқып өт!
Асты арбадай шиқылдақ
Қадишаны қайтесің
Бикенінді былқылдал!
Қашан түсіп қалам деп,

Қалтқысындағы қармақтың
Сансызбай отыр қылқылдал.
Литфондыға алаңдал,
Сәбитіне алаңдал
Қашан бастық болам деп,
Креслога қонам деп,
Саттарым жүр тыртындал.
Жыртаңдама, Жақаным,
Арақ ішіп жырқылдал.
Шеке миың бүркүлдал,
Елге не деп күлесін,
Үйінде жоқ бір сырмак.
Ергалидың Хамиты
Арсыздықтың ақ иті
Артықпын деп ойлайды,
Менсінбейді Абайды.
Тебелесіп, қаям жеп,
Калижаннан таяқ жеп,
Үйқас терер қиқымдал,
Алба-жұлба Жұбаным,
Шықлаушы едің қабактан
Қатын іздеп аптығып,
Затын итке қаптырып,
Айырылды арақтан.
Құр ыржып күледі
Хамитпенен жырқылдал.
Байып кетті Сәбитім
Отырса да тырқылдал.
Совхозбек жүр кісімсіп
Көтеншегі бұлтылдал.
Қырымда да Нұтфолла
Кавказда да Нұтфолла
Қашаубай қызын...
Сан тесіктен өтеді
Ит боғындағы жылпылдал.

Қаңғыбасым – Тоқашым
Бірде тоғым, бірде ашым
Көшелерде жүр жылап.
Бірің қамқор болсайшы,
Өлер болды-ау былжырап.
Қамқор болар едік-ау,
Жүрмейсің ғой тынышырақ.
Араккордың көш басы,
Қостанайдың шошқасы –
Сырбайым жүр қорсылдап,
Торайлары торсылдап,
Фаббас, Faфу анауым...
Өзіңнің талпақ танауың,
Май құйрыққа бишікпен
Борсылдат, Фабит, борсылдат!
Тәжібаев Әблілда,
Жұртқа үрмей қалдың ба,
Кешегі өткен байлардың
Төбетіндей ырсылдап.
Поэзияда жоқ ізі
Адамзаттың доңзызы,
Әдебиеттің қоңзызы
Баламер мен Айқыным
Байластырган тымақтай
Қатындардан бексе үрлап...
Жұмақанның Жекені
Баласындей түлкінің
Босағадан жылтылдап.
Қасымынан айырылып
Байы өлген қатындар
Қалижан қусып күледі
Сайқалдардай сыңқылдап.
Қайнекейім қайда жүр,
Колбасадай тымпындал.

Фабиденнің жүгі ауыр,
Тарталмай түр құр-құрлап.
Үлкендердің тепкісі –
Істай бала көкке үшты
Тығыныңдай шампанның
Ақтөбеге зырқырап.
Шықбермесім Фалиым,
Мұрыныңды мыңқылдат!
Қазығыңдай қазыңды
Жалғыз жат та қыртылдат!
Өзі қорқақ Тайырым,
Қотыр торпақ Тайырым,
Топшысыңдай айырдың
Пагоныңды айырдың.
Қанатыңды қайырдың.
Бұлбұл үнді болмадың.
Тырна болдың тыр-тырлап.
Қай жерлерде гәп бар деп
Қыз үзату, көкпар деп,
Мәнәші Нұсі дәлдәл деп
Кәшәт әкә дәңгәл деп,
Әпендесі Арыстың
Садықбек жүр қутындал.
Газеттен де қуылған,
Литфондыдан да қуылған,
Радиодан да қуылған
Ысмайылов Төлеужан,
Ішкіштігі бөлек жан,
Арақты тек сөз қылып,
Бәтеңкесін тоздырып,
Бастықтың жынын қоздырып,
Есбаевтан қалмайды
Басымды жаз деп қыңқылдап.
Болжырадың Аманжол,
Шикі өкпедей былпылдап



Өй өле қал, өле қал,
Астында Faфур Fұламның
Жатыпсың ғой ыңқылдал.
Жиенбаев Сағым
Көк будқадан танимын,
Жолын қуып Істайдың,
Бөтелкеден арақты
Түрегеп тұрып қылқылдат!
Лириканды оқышы,
Тұманбайым, мыңқылдақ!
Қайтып жанды бағым деп
Қайтып жұртқа жағам деп
Бірімізді ағам деп,
Бірімізді жағам деп
Маған, маған, маған деп
Мыңбайым жүр, жылтылдал.

Бұл өлеңнің, ұзақ мінездеменің негізін салған, әрине, Жақан Сыздықов. Бірақ түгелдей сол кісінің қолынан шықты деуге тәуекелім бармайды. Аға буын туралы тармақтарды Жақаның өзіне жапсыра салуға өбден болады. Батырлығы, дөрекілігі, туралығы да сол кісінің стиліне, яки мінезінә келіп-ақ тұр. Әйтсе де орта буын, кіші буын жайындағы шумақтар сол соңғы буын өкілдерінің іс-әрекеті тәрізді. Мысалы, ол кезде Жақан ағамыз Сағиларды жақсы білді немесе оны жек көрді деп айта алмаймын.

Ең бастысы – өлеңнің авторы немесе авторлары бұл дүниені күнделікті мерзімді баспасөзге лайықтап жазбаған. Ауыз өдебиетіне арқа сүйеген... Қалай болған күнде де осы шығарманың өдеби еңбек ретінде өмір сүруге хақы бар. А나йылау болса да, өріптестер өмірі көбіне-көп дұрыс суретtelген.



Кеңес өкіметі, обалы не керек, өдебиет пен өнерге оң қозімен қарады. Басқаны былай қойғанда “Жазушы” баспасының өзі орга есеппен күніне бір кітаптан шығарып тұрды. Қазақ кітаптарының таралымы да жақсы болып тұрды. Таралымы қебейген сайын авторлардың алатын қаламақылары да қомақылана тұсті. Туысқан халықтар арасындағы мәдени, өдеби байланыс та даму үстінегін дами берді. Ұлт республикалары бірін-бірі шақырып мәдениет күндері бірінен соң бірі өтіп жатты... Бұл тұрғыдан келгенде ешқандай кемшілік жоқ-ты. Барлық пәле идеологияда еді. Марксизм-ленинизм – ғылым емес – догмаға айналды. Сол ресми идеологияға қарсы келмек түгілі, қайшы пікір айтудың өзінен қалдық. Цензура өрісімізді шектеп, өзіңше ойлауға, өсіресе өзіңше жазуға мүмкіндік бермеді.

Бұл бірақ, шынтуайтқа келгенде, социализмнің немесе коммунизмнің кемшілігі емес, осы коммунистік идеяны іске асыруши «көсемдердің» кінесі еді. Сталин көп нәрсені біле тұра керісінше істеді. Елді де, халықты да аямады. Ал одан кейін өкімет басына өңшең бір сауатсыз, жартылай надан бригадирлер келді. Сөйтіп, ақыр аяғында Кеңес өкіметін құлатып тындық. Бұл енді өз алдына арнаіы өңгіме. Жай өңгіме ғана емес – кітап. Оны жазуға уақыт жоқ. Уақыт табылып жатса қайта айналып соғуымыз мүмкін... Ал өзірше сол бір келмеске кеткен шала коммунизмнің көңілден шыққан кейбір өрекеттері туралы айтып көрсек. Соның бірі – өдеби-мәдени байланыс.

Жылына бір емес, бірнеше жерге сапар шегіп; бір емес, бірнеше қонақ қабылдайтынбыз... Ең кем дегендегі жылына бір мөрте бір ұлт республикасында өдебиет күндері өтетін. Соның біреуі біздің Қа-

закстнда жоспарланып, өзіміздің Орталық Партия Комитеті бір делегацияға жетекшілік етуді маған тапсырды. Ол делегацияның құрамына Грузияның халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Грузия Фылым академиясының президенті, Грузия Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы ақын Ираклий Абашидзе; КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Малқар ақыны Қайсын Құлиев; КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Давид Кугильтинов; Башқұрдың ақын-драматургы Рафаэль Сафиндер кірді. Өндеш өзінде сен түр, мен атайдын. Бармаған жері, көрмеген дастанқандары жоқ Давид пен Қайсын, керек десендер, айдауда болып, Хрушев кезінде ақталып шыққандар. Рафаэль болса, менен бірер-ақ жас үлкен. Ал қалған үшеуі қай-қай жағынан да маған аға.

Баратын жеріміз Семей облысы, Абай ауданы. Самолет таң атар-атпастан, тіптен ерте үшады. Мен оларды тұнгі төрттерде барып, қонақ үйден алып шықтым. Барсам, Ираклий өз нөмірінде үйиқтап жатса керек, ал Давид пен Қайсын біреуінің бөлмесінде тұннің бір уағы екен демей, ішіп отыр екен. Бір бутылка коньякты босатып, екіншісін аяқтауға қалыпты... Барған соң маған да құйды, өрине...

Мұндай серілерге жетекші болу да оңай шаруа емес. Оларды орындарынан тұрғызып, алып шығудың өзі қиямет-қайым. Әйтепе бар дипломатиямды салып, жылы-жылы сөйлеп, машинаға отырғыздым. Ешқандай кедергі бола қойған жоқ, аллалап, аэропортқа да жеттік. Депутаттар бөлмесіне апарып орналастырдым. Кезекші қыздарға билеттер мен паспорттарын тапсырдық. Бір мезгілде Қайсын ағамыз:

— Мен бармаймын, ешқайда бармаймын! — деді.
Шынын айту керек, шошып кеттім.
— Неге, неге Қайсын аға! ?— дедім.
— Негесі жоқ. Сен жаңа асықтырып, ішіп
отырған конъягымызды да тауыспай кеттік.
— Конъяк проблема емес қой, Қайсын аға!
— Ендеше, бұл жерде буфет болуға тиіс қой!
— Бар! Жүріңдер! — дедім. Бүкіл делегация
болып жоғарыға шықтық. Бес адамбыз. Бір
бутылканы алып, пышақпен кескендей бөліп іштік.
Конъяктың жарасы жеңіл. Тек қана қонақтарым
мас болып қалмаса, ауырып қалмаса болғаны.
Қуанышына орай, көпті көрген көкжалдар ғой,
қонақтарым қызу, бірақ мас емес! Мас болмаса да
көнілді. Тағы да ішеміз деп айта ма деп қорқып
едім, абырой болғанда, ондай қылық көрсеткен жоқ.
Аман-есен самолетке отырдық. Еш жерге тоқтамай
бірден Семей аэропортына жетіп қондық.
Әдеттегідей құшақ-құшақ гүлмен қарсы алды.
Қонақ үйлерге апармай, бірден облыстық партия
комитетіне тартты. Жұмыс күні жаңа-жаңа
басталған. Облыстың бірінші басшысы қабылдады.
Ешқайда алып кетпей, сол үйдің ішінде банкет
берді. Таң жаңа атты ғой деген ешкім жоқ, партия
комитетінің асханасында аспен бірге арақ-шараң
қоса келді. Қазір тұра осы арадан Абай ауданына
аттанатын шығармыз... Жол да өжептөүір ұзак.
Машинамен біраз жүруге тұра келеді. Мен өзім
қонақтарымды аяп отырмын. Бірақ аяғанда не
істеймін. Өзім де жетісіп отырғаным жоқ. Тек
қонақтарымды елге аман-есен жеткізгеніме мәзбін.
Бірақ ол аз. Бұл жермен шаруа бітпейді, Кейін
оларды Алматыға аман-есен жеткізуім керек.
Әркімді өз еліне шығарып салуым қажет. Мына



ішуйімізге қараганда жағдай қалай болар екен деп,
қобалжи бергенімде

— Жігіттер! — деді Қайсын Құлиев. — Мен өзімнің қалай ішетінімді осы бір күннің ішінде көрсеттім-ау деймін. Енді мені қинамандар! Шаршап отырмын. Және түсінбей отырмыны: Мынау менің иығымдағы менің басым ба, өлде Расул Фамзатовтың басы ма? Мәскеуден шығарда сонымен отырып ішкен едім, ауысып кеткен ғой шамасы. Менің басым өйтеп қоймайтын еді. Сірө сол Расулдың басы болар, қатты ауырып отыр.

Дастарқан басындағылардың бәрі жаппай құлді. Қайсын Құлиевке бір разы болғаным сол банкеттен бастап, кетер-кеткенше аузына арақ алған жоқ.

Жұмыс жоспары аяқ асты өзгеріп, қонақтар сол күні Семейдің өзінде қалып қала аралайтын болды. Кеште дәрігерлік институттың студенттерімен кездесу.

Институттың конференц залында ине шашар жер жоқ. Халық өте көп. Есік-терезенің бәрі ашық. Соған қарамай қапырық. Жыр сүйер қауым қонақтарды аспанға көтеріп қарсы алды. Үш ақсақал, яки Ираклий, Давид, Қайсыннан кейін Рафаэль өлең оқыды. Оның орысша аудармасы сондай сөтті, сондай өдемі екен. Тындармандар жақсы қабылдады. Бесінші болып мінбеге мен шықтым. Семей облысында менің оқырмандарым өте көп. Соны біле тұра, кешірім сұрап, аудармаларымды оқыдым.

— Кетеді көктем, келеді көктем оралып,
Гүлдейді дала нұрынан күннің нәр алып.
Кетеді күзім, келеді күзім оралып,
Мен кетсем кеттім, келмеймін қайтып,
Ол — анық!

Кетеді бұлтың, келеді бұлтың оралып,
Малмандай болып жатады гүлге оранып.
Кетеді қысың, келеді қысың оралып.
Мен кетсем кеттім, келмеймін қайтіп,
Ол – анық!

Батады күнің, шығады күнің оралып,
Жатады жерің нұрына соның оранып.
Кетеді түнің, келеді түнің оралып,
Ал адам кетсе келмейді қайтып,
Ол – анық!

Тынып отырган зал ду-ду қол соқты. Қонақтардың бөрінің көзі менде. Жұрт сабасына түсіп абыр-дабыр басылған кезде екінші өлеңді оқыдым.

Жайып келіп жібердің сен шашынды,
Жұпар ііс, жұмақ гүлі шашылды.
Жұрт білмейтін бір құпия ашылды,
Жайып келіп жібердің сен шашынды.

Жауын-шашын жауып кетті дененді,
Жуып-шайып іштегі шер-шеменді,
Шырқау көкке жеткізді бір төбемді,
Жауын-шашын жауып кетті дененді.

Сұмбіл шашты судай төгіп жібердің.
Ақын емес, асау тілі шілерлі...
Сарбаз болып кеттім батыр жігерлі,
Сұмбіл шашты судай төгіп жібердің.

Қою шашты қоя бердің еркіне,
Шарап болдың, шипа болдың дертіме.
Ішпей-жемей мас болдым мен көркіне,
Қою шашты қоя бердің еркіне!

Қол соққандары аз болғандай бүкіл зал орнынан тұрып кетті.

— Құрметті жырқұмар қауым, бұл өлеңдер менің өлеңдерім емес, — Қайсын ағаның өлеңдері. Мен тек аудармашымын! — дедім. Осы сөзді айтуым мүң екен ел өршелене қол соқты. Мен келіп орныма отыра беріп едім, Қайсын Құлиев атып тұрып құшақтан қолымнан ұстап мені мінбеге қайта алып шықты.

— Біздің тілдеріміз онсыз да туыс тіл. Оның үстіне мен мына түрған Қырғызстанда айдауда болдым. Сонда Қордайдың қазақтарымен қатты араластым. Қазақша жақсы түсінem. Жаңа Қадыр өлең оқыған кезде мен қатты таң қалып отырдым. Өлең маған өте таныс көрінді... Сөйтсем, менің өз өлеңдерім екен ғой... Ал мен сендерге бір шындық айтайын: Қадырдың аудармасы түпнұсқадан мықты. Керемет аударған! — деді.

— Қайсын аға, мен сіздің өлеңіңізге ештеңе қосқан жоқтын, — дедім.

— Мүмкін, мүмкін! Бірақ қазақша тігісін жатқызып жіберіпсің. Аударма емес, қазақ ақыны жазған жыр сияқты. Мен орыс тілінен басталып біраз тілге аударылдым. Мына аударма солардың бәрінен де көркем. Енді өзіңнің бір өлеңінді оқы! — деп мені мінбеде қалдырып, өзі орнына барып отырды.

— Қайсын аға, рахмет! Бірақ мен бәрібір өз өлеңімді оқымаймын. Сіздің тағы бір аударманызды оқыны! — дедім.

Тұған жердің топырағы үшін біз
Не көрмедік үлкеніміз, кішіміз.
Терім сіңген, қаным сіңген қоныста
Тағы соны тұрмын міне ұстап.

Денесіне жаңбыр өтіп, сыз өтіп,
Мәңгі бақи жер қалады, біз кетіп.
Соқа ұстаган, қамыт салған мойнына
Диханын да әлдилейді ол қойнында.

Жер-Ананың шаңын қакқан сабалап
Жындылар да жатыр соны паналап.
Мейлі, немен тынсын соғыс аяғы,
Бір қара жер – сол қара жер баяғы.

Пысқырмаймыз сөйлесе жау ырымдап,
Дархан дала, тәкаппар тау барында.
Жұртым менің жерүйікты үрган ба,
Туған жердің топырағы тұрғанда.

Өлеңді түгелдей бітірген бойда соңғы екі тармағын қайталап тағы оқыдым. Обалы не керек, Семей о бастан-ақ өлең өлкесі ғой, бұл өлеңді де жылы қабылдады. Қайсын орнынан тұрып мені құшақтады. Давид пен Ираклий қызғана да қызыға қарап отырды.

Бұл кездесу күндіз отті. Тұскі тамақты ішіп сөлпәл дем алғаннан кейін телестудияға кеттік. Қонақтар, өсіресе Ираклий оған да таң қалды:

– Бізде бүкіл Грузияда бір ғана телестудия бар. Ол, әрине, астанада. Грузияны айтамын-ау, мен жақында Түркиядан оралдым. Онда да бір-ақ студия. Ел алдына шығып сөйлеу үшін, тек сол үшін Стамбулдан Анкарага баруға тұра келді. Ал сендерде облыс орталығы сайын бір телестудия! Не деген бай, не деген мықты республика! – деді ол.

Телестудиядағы әңгіме орыс тілінде журді. Қонақтардың қай-қайсысы да орысша ағып түр. Шешіліп-ақ сөйледі. Халықтар достығы туралы



саясаткерлер емес, ақындар сөйлеуі керек екен ғой! Шын қоңылден ақ қоңіл, ақ ниетпен актарыла айтты. Біз Рафаэль екеуміз орысша аудармаларымызды оқыдық. Мен Лев Щегловтың аудармасында “Тұғаниан соң туу керек...” деген жалғыз өлеңмен шектелдім.

Уж родиться — так родиться, как луна,
Уж ломаться — так, как молния ломаться.
Уж садиться — так садиться на слона,
Возвращаться — так из боя возвращаться.

Уходить — так, словно счастье уходит.
Вспоминать — так словно собственную маму.
Походить — так на себя лишь походить,
Вымирать — так вымирать, как будто мамонт!

Телестудия — клуб емес, мәжіліс залы емес. Елдің қалай қабылдан жатқанын көріп отырмайсың. Ол жағы маған беймәлім. Ал студияда менің оқыған бүл өлеңдім Ираклий Абашидзеге қатты ұнады.

— Отे жақсы өлең. Тұнұсқасын білмесең де аудармаға қарап отырып сезуге болады. Өлең ретінде де, философия ретінде де жақсы. Жинақы, шымыр, шымқай! — деді. — Эдебиетке қазір мұлдем жаңа буын, жаңа дарындар келді. Біздер, көрі тарландар, ақырын-акырын, кеткенімізді білдірмей, орын босатуымыз керек!

Грузин ағайындар жөнінде қалыптасып қалған әжептөүір пікірім бар еді, Ираклий Абашидзе соның бәрін быт-шыт қылды. Ол маған тіпті грузин емес сияқты көрінді. Ешқандай алышпушпа жасанды серілік, оқыс өрекет білінбейді. Оте сабырлы, оте

парасатты, өте демократ. Әңгімелері де өдемі. Бірақ қашшама қызықты көрінгенмен, ол айтқан хикаяттарды қайталап айтудың өзі қын. Және кітаптың табиғи көлеміне нұқсан келтіреді ғой деп ойлаймын. Ал айтпасам, Ираклийдің көп қырлы қасиетінің бір қыры ашылмай қалатын төрізді. Көптік жасап артық көрініп жатса кейін қысқарта салармын. Сол әңгімелердің біреуін ықшамдаپ, баяндап берейін.

— Бір жылдары біздің елге Михаил Иванович Калинин келіп, Грузияның біраз жерін аралапты. Аралап жүріп жол бойындағы бір дұханға соғып тамақтаныпты. Кетерде ақшасын бермек болған Калининнен дұхан иесі “халықтық дәстүр бойынша мен қонақтан ақы алмаймын!” деп қасарады. “Ал мен заң шығарып отырган жердің төрағасымын. Заң бойынша мен жеген тамағым үшін бірдене төлеуге тиістімін. Өзім шығарған занды өзім бұза алмаймын. Мені өдейі ренжіткіңіз келмесе, дәмнің ақысын алыңыз!” дейді Калинин. “Жоқ, алмаймын! Қалай ренжісіңіз де ала алмаймын! Әр халықтың өз заны бар, мен өз үлтүмінің үрдісін өліп кетсем де бұзбақ емеспін!” дейді дұхан иесі. Михаил Иванович не істерін білмейді. “Алыңыз! Алыңыз!” деп жалынады. Сонда қонақ иесі: “Онда былай етейік, құрметті мейман! Сіз Мәскеуге аман-есен оралғаннан кейін осы жеген тамағыңыздың құнына “дәм-тұзыңызға, көрсеткен сый құрметтіңізге рахмет! Михаил Калинин” деп телеграмма берсеңіз жетіп жатыр” дейді. Бөрібір ақша алмайтынына көзі жеткен КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы күледі де келісім береді. Көп кешікпей дұхан иесі өзі қалаған телеграммасын алады. Оны қымбат жақтауға салып, дұханның кіре берісіне іліп қояды. Содан кейін бірде

бір финанс инспекторы одан салық талап ете алмайды.

Прозаға бәрін көз алдыңа өкеліп, асықпай тәптіштеп жазған жарасады. Бірақ, бірақ! Әттең! Үақыт жағы ташы. Денсаулық та мықты емес. Шаршап қалам... Оның аяғы ауруханага барып тіреледі... Жә, жылағаннан не пайда?

Сапардың аяғы Абай ауылымен аяқталды. Палуан күрес те болды. Аударыспақ та болды. Ат жарыс та болды, қызы қуу да болды. Қымыз ішіп сусындал отырып ауыл таланттарының өнерімен де танысты. Сүйсінді, көңілдерін көтерді. Бір сөзben айтқанда, разы көңіл күйімен желпініп, сергіп қайтты.

Өлеңдерімнің біразы өн жанрымен байланысты. Мен өзі өн шығарып көрген адам емеспін. Ол қасиетті Жаратқан маған бере қоймапты. Бірақ сазгерлермен бірігіп, біраз дүние жасадым. 1984 жылы “Өнер” баспасы менің “Күндер-ай” атты кітабымды басып шығарды. Сол кітаптың алғы сөзінде “жақсылық па, жамандық па – кім білген – қазіргі жағдайда өлеңге жазылған өннен гөрі өнге жазылған өлең молырак ұшырайды” деп толғанған едім. Бұл шындық.

Міне, осындай сазгер достардың өтінішімен кезінде мен екі жүздің үстінде өн өлеңдерін дүниеге өкеліппін. Соларды жазу үстінде қаншама сазгермен сырластым, шүйіркелестім! Олардың бәрі туралы өңгіме айту мүлдем мүмкін емес. Әйтсе де...

Ұмытпасам шілде-тамыздың бірі. Жұмыстан кейін үйге өрең жетіп, жуынып-шайынып, диванда демалып жатқан сөтім еді, телефон шылдыр ете қалды, трубканы алыш өдет бойынша:



- Алло! — дедім.
- Маған Қадыр керек еді, — деді сондай жұмсақ биязы дауыс.
- Мен тыңдаң түрмын.
- Саламат па, айналайын! ? Сойлеп түрған Ахмет Жұбанов қой. Егер қарсы болмасаң, өзінмен жолықсам деп едім. Уақытың бар ма?
- Өте қуаныштымын, Аха! Сіз қажет деп тапсаңыз уақыт табылады ғой!
- Сен өзің қай жерде тұрасын?
- Коммунист (Абылай хан) даңғылында, Гогольмен қылышатын тұсында...
- Жақын жерде тұрады екенсің ғой. Мениң үйім де осы даңғыл бойында. Жазушылар одағының жоғарғы жағында. Киров көшесі мен Виноградов көшесінің екі аралығын алғып жатқан үзын үй бар. Соның Виноградовпен тұйықталатын жағында. Пәтер нөмірі мынандай... Қазір келе қалсаң жақсы болар еді! Құтем.
- Жақсы, Аха!

Бұл адрес маған таныс. Біздің үйден бір-ак аялдама. Троллейбусқа отырдым да жетіп бардым... Есікті Ахаңың өзі ашты. Бірден кабинетіне алғып кірді. Алдымен көзім түскені — пианино және Ахаңың гипстең жасалған мүсіні.

Ахаңмен бетие-бет отырып сөйлеспегенмен, анда-санда Жазушылар одағының үйінде, оның баспа орналасқан бірінші қабатында жиі-жіі көретінмін. Себебін кейін білдім: бейнелеу өнері, музыка әлеміне байланысты кітаптар, театр туралы еңбектер баспаның поэзия редакциясы арқылы жарық көреді екен. Ахаңың негізгі кітаптары, міне осы редакция арқылы өтіп отырған.

Ахаң өңгімені тіптен өріден, яки өкініш философиясынан бастады:

— Жас кезінде адамға өмір өтпестей, көрілік құыш жетпестей көрінеді. Дүниені сапырып жүргің келеді. Ертең де ғұмыр бар. Негізгі шаруаны сол ертең істермін деп ойлайды. — Ахаң осы тұста «Уф!» деп бір күрсініп алдып, өңгімесін одан өрі қайта жалғады. — Мен жақындаған операциядан шықтым... Құдайға шүкір, аман қалдым... Бірақ қаупім бар. Қалған ғұмырымда маңызды бір дүние жасап тындыра аlam ба? Эй, қыын! Қыын-ау, қыын! Тын кешігіп қалған сияқтымын... Осы дәл бүгіннен бастап кеткеннің өзінде де діттеген шаруамды бітіре алар ма екенмін! Сенімім аз! Аз болса да кіріскім келеді. — Ахаң қолына домбыра алды. — Жақында мен Құрманғазының бір өнін таптым. Күй емес, өн. Енді соны тындалап көр! — Ахаң жаңын салып, құшырланып ойнап берді. Мені бір үлкен музықант деп ойлаған сияқты. Ондай дарынның маған дарымағанын қайdan білсін! Пікір күтеді-ау деймін... Ал мен үнсізбін. Не деймін?! Құлағы үйренсін деді ме екен, Құрманғазының өнін екінші рет орындалды.

— Құрманғазы туралы опера жазсам ба деп едім. Бұл идеяны маған Мұхан, Мұхтар Әуезов беріп еді... — деді Ахаң. Сосын біраз үнсіз отырды. — Сіздер бұны білмейсіздер ғой! Мұхан жарықтық өмірдің соңғы күндеріне шейін Құрманғазының күйлерін қабылдай алмай-ақ қойды. Мәскеуде өткен онкүндікке Құрманғазы күйлерін апаруға қарсы болды. Оның себебін Мұхан маған кейінірек былай деп түсіндірді... Бір күні түскі тамақтан кейін қызыл шай ішіп, құрыс-тұрысым жазылып, солықтап, өзімше дем алым жатқан едім, телефон шылдыр ете түсті. Трубканы алсам — Мұхан...

«—Аха! — деді ол. — Менің Құрманғазы күйлеріне қалай қарайтынымды білесін ғой! Мен бесікте

жатқан кезімнен-ақ Арқаның өн-күйін тыңдаپ өс-
кен қазақпын. Ол өн, ол күй менің қаным да,
жаным да өбден сіңген. Ал Құрманғазы күйлері
маған басқа халық, басқа өлемнің бейтанды өуенін-
дей естілетін... Жаңа ғана радиодан жарты сағатқа
созылған Құрманғазы күйлерін тыңдадым. Мен
бүгін оны басқа қырынан көргендей, мұлдем басқа
өсер алдым. Бұрын қалай байқамай келгенмін?
Құдірет екен ғой Құрманғазы! Байқайсың ба, Аха,
жарты сағаттың ішінде менің Құрманғазы туралы
пікірім жүз пайыз өзгеріп шыға келді. Жүз пайыз!

— Бұл жаңалық — ғасырдың жаңалығы! Сіз мені
қатты қуанттыңыз ғой, Мұха! — дедім мен.

— Мен өзім де қуаныш отырмын... Бұл әңгіменің
басы ғана. Әңгіме әлі алда. Есінде ме, баяғыда
«Абай» операсын бірігіп жазбап па едік? Енді бірігіп,
Құрманғазы жөнінде жазсақ қайтеді, — деді Мұхаң
ойда жоқта ұсыныс жасап. Шынын айтсам, ол кезде
мен бұл әңгімеге дайын емес едім, сасып қалдым... —
деді Ахаң. — Өзіңде аян енді ол кісі жоқ... Кім маған
либретто жазып береді? Әрі ойлап, бері ойлап саған
тоқтадым. “Құрманғазы” деген өлеңінді оқыған-
мын. Концепциясы маған үнайды.

— Ойбай, Аха, Хамит Ерғалиев бар емес пе? —
дедім ешқандай бөтен ниет, бөтен ойсыз.

— Мен соны білмей отыр дейсің бе? — деді Ахаң,
ренжігендей болып. Бір нәрсені бұлдіріп алғандай,
не бұлдіріп алатындаі қолайсыздау сезіндім өзімді.

— Қүрекенді, оның өмірі мен шығармашылығын
жете білмеймін ғой! — дедім, соңғы алтынлық кө-
зірімді көрсетіп. Бірақ онымнан да ештеңе шық-
пады. Менің көзімे үзақ қарап отырып:

— Білетін несі бар? Менің кітабымды оқып
шықсаң болды! — деді. Мәселе Ахаңың кітабына



байланысты болса, ол кітапты мен баяғыда-ақ елде жүргенде оқып шыққам. “Бірақ ол мен үшін аздық қылады ғой!” деп қалай айтам!

— Ол кітапты мен оқығам. Шыққан жылы-ақ оқығам. Ол менде бар! — дедім.

— Ендеше тіпті жақсы! Тек кірісу керек! Үзік-үзік қылып жаза бересің, жаза бересің! Мен оны жалма-жан музыкаға айналдырып отырам!

— Қайдан білейін, Аха! Тәжірибем жоқ. Тақырып ауыр. Қолымнан келе қояр ма екен? — дедім бар шынымды айтып.

Байқаймын, қанша уәж айтып, қанша жалынсам да Ахаңың тындаитын түрі жоқ... Әрине, жазғым келеді. Ахаң операсының либреттосы Мырзалиевтың қаламынан туса, мен үшін ұлken абырай емес пе? Абырай, әрине! Оны ішім қатты сезеді. Бірақ мен ешқашан асығыс, атусті жұмыс істеп көрмеген адаммын... Сондықтан Ахаң асыққан сайын мен құмығып, бірдене тындыра алатын түрім жоқ. Сондықтан мен жұмыс орнынан кезекті жылдық демалысымды алып, Қарғалы демалыс үйіне кеттім...

Мен демалыс үйінде жүрген кезде Ахаң аурұханаға қайта түсіп қалыпты. Бір күні біраз серуендер жүріп қайтайын деп шығып кеткенмін, келсем хат жатыр:

“Ахаң Сізді көргісі келеді. Ертең кешкі жетіде “Алматы санаторийінде” күтеміз. Болат Жұбанов» деп қол қойыпты. Келесі күні шақырған уақытында бардым. “Бұғін ғана өзіне-өзі келіп, қатты үйықтап кетті. Оятпай-ақ қоялық!” — деді дәрігер. Мен, әрине, келістім. Келесі күні тағы бардым. Тағы да сол опера либреттосы жөнінде сөз қозғадық.

— Не бітірдің? Бірдене жаза алдың ба? — деді ол бірден.

— Үяттымын, Аха! Шынын айтсам, кілтін таппай жүрмін. Мені қинаң тұрғаны шығарманың драматургиясы. Ол жағынан мұлдем тәжірибем жоқ! — дедім ағымнан жарылып.

— Бөрін де түсінem! Бірақ бәрібір қайткенде де бірдене істей керек! — деді Ахан.

Қанша асыққанмен бола ма?! Ахаң жалпы кешігіп қалған екен. Қөп кешікней дүние салды. Опера да, либретто да бітпек түгіл, басталмай қалды...

Рас, кейін ол шаруаны Фазиза Жұбанова қолына алғын, сол жазып шықты, бірақ қанша сауатты, қанша дарынды болғанмен, Фазиза Жұбанова — Ахмет Жұбанов емес қой! Негізінен, Еуропа мұзыкасымен тәрбиеленген жаңа заман перзенті ескіні қоре қалған, ұлттық музыканың бесігінде тербеліп өсken Аханың ісін қалай жалғастырысын? Оның қөздеген арманына қайдаи жетсін! Елдің ұлттық табиғатын тебірентіп, оның жаралы жүргегіне шина бола алмаған сияқты... Мениң бұған, Фазиза жазған операға ешқандай қатысым жоқ. Оның либреттосын Сағи Жиенбаев жазды. Ол, дау жоқ, жақсы ақын! Бірақ ол да мен сияқты тәжірибесіз еді ол кезде...

Нұрғиса Тілендиев, екінің бірін мойындармайтын асау дарын Ахмет Жұбановты ұлken құрметпен еске алып отыратын. Ол екеуміз Абылай хан даңғылы мен Гоголь көшесінің қылышқан жеріндегі жеті қабат өдемі үйде көрші тұрдық. Ол бірінші подъездің жетінші қабатында, мен екінші подъездің алтынши қабатында. Нұр-ағаң көрген жерде мені ырқымнан тыс сүйрелеп үйіне алып кеттін. Шығарған жаңа әндері болса, солармен таныстыратын. Өлеңін жазып бер деп өтініш айта-



тын. Мен бас тартпай жазып беретінмін, өрине. Ол кейде домбыра тартады. Домбырасын қолына алғып отырып, міндесті түрде:

— Ахаң, Ахмет Жұбанов, сыйласп еді! — дейтін.

Оз аузынан естіген жоқсын, бірақ басқалардың айтуынан хабардармын. Нұргиса туралы:

— Ол теңіз дауылы, қырдың құйыны! — дейді екен. Оте дәл айтқан. Оған менің көзім обден жетті. Содан да шығар, “Отырар сазының” он жылдыңына арнап өлең жаздым.

Аспаптап туыс
Асқақтап дыбыс
 Таралған.
Дауыл мен желден,
Теңіз бен көлден
 Жаралған.
“Отырар сазың”
Тұнғиғына тартатын
Қарақат көзден,
Шарапат-сөзден
 Нөр алған.

Басымыз аман,..
Келе ме заман
 Жаритын?
Бұрыннан мәлім
Тұманнан қалын
 Бар үйқым:
“Отырар сазы” — шемен де, шерлі шежірем,
Инемен қазған,
Күйменен жазған
 Тарихым!

Көз жасын халқым
Таяуда бәлкім
 Тыяды.

Бүршігін қанша,
Қыршынын қанша
Кияды?
“Отырар сазы” – киіктерімнің күйігі.
Жоғалып тынған тарландарымның тұяғы!

Бұлттарды қашқан
Қиқулап үшқан
Күздегі
Тамаша саз ба,
Қараша қаздар
Тізбері!

“Отырар сазы” – аламан бәйгі,
Ат жарыс,
Тулаған толқын,
Жөңкіген жылқы
Түздегі?!

Тілімнен артық,
Ділімнен артық
Бар ма мұн?
Сыбызығы болып,
Сазсырнай болып
Сарнадым.
“Отырар сазы” – оянған көне Отырар,
Жыр қылып айтам,
Тірілген қайта
Аруағым!

Қалама енген,
Далама төнген
Қатер ме?
Қаптаған қауіп
Басқа жол тауып
Өтер ме?

“Отырар сазы” – ширыққан шабыт,
Апым-ай!

Жарылып шанақ,
Үзіліп шектер
Кетер ме?

Тайсақтайдындар,
Қол соқпайдындар
Кім өзі?
Данққа тиіп
Тұр оның биік
Күмбезі.

“Отырар сазы” – тау менен таста ойнаған
Құлан-күйктің,
Тілендиеевтің
Мінезі!

Басқа халықтарды білмеймін, мұндай ырғақпен жазылған өлең қазақ поэзиясында бола қойған жоқ. Оны мен “Отырар сазын” көз алдыма елестетіп, дүрілдеген күйлерге құлағымды түріп отырып жаздым. Бұл “Отырар сазы” туралы жыр. Бірақ оның ар жағында Нұрғиса Тілендиеевтің табиғаты тұр. Ахаң дұрыс айтқан. Ол – теңіз дауылы, дала қүйыны. Сахнадағана емес, өмірде де, қарапайым тірлікте де сондай болатын.

Әдette, ол мені үйіне алып кіреді. Пиджагын шешіп, арқалы орындыққа асып қояды. Сонын фортепьяносына отырады. Бір минуттай саусақтары клавиштардың үстінде ілініп тұрады. Содан соң Нұр-агаңның он саусағы жартастың үстіне жауып берген қара нөсер тәрізді жортып жүреді. Есіктесіктер ашылып, үйге ақ боран кіріп кеткендей, терезенің жабындылары желпілден, люстраларға

шайқалып кеткендей сезіледі. Осылай бір үйтқытып-үйтқытып ойнап болған соң:

- Осылан сөз керек! — дейді Нұр-аған.
- Негұлған сөз!? Бұл өзі не туралы? — деп сұраймын.
- Бұл — музыка! Не туралы екенін өзің тап! Өзің түсін!

Алғашқы кездे бұл сөзге мен таң қалып жүрдім. Өзі жазып, не туралы жазғанын қалай білмейді деп ойладым. Бірте-бірте түсіндім, айтқаны шынында да рас екен. Бұған көзім жетті. Бір күні тағы да үйіне ертіп барып, тағы да бір жаңа өннің өуенімен таныстырыды.

- Бұл не туралы? — деп сұрадым.
- Бұл — просто музыка. Не туралы екенін айта алмаймын.
- Қайбір жетісіп тұрган музықант дейсің мені! Өуенін ыңылдалап айтып жүріп, жылдың төрт мезгілі, он екі айға созылған мұң, махабbat туралы өлең жаздым. Оған “Махабbat мұңы” деп ат қойдым.

Көктемің мынау — кекала жалау.

Көңілде — нала, көңілде — алау.

Жетер ем мініп жүйрікке жарау,

Қайдасың, қайдасың, күлімкөз еркем.

Қайырмасы:

Күнімдей көркем,

Күлімкөз еркем,

Барады өртеп сағыныш,

Сағындым сен-ай,

Сағындым сен-ай, күлімкөз еркем!

Жаз болса мынау — жолыңа қарау,

Көңілім — жадау, көңілім — жамау.



Тағдырдың жолы — тоқсан мың тарау.
Қайдасың, қайдасың, күлімкөз еркем.

Қайырмасы.

Күз болса мынау — бұлт болып жылау.
Көңілде — сауал, көңілде — сұрау.
Сұлуда әлде болмай ма түрлау?
Қайдасың, қайдасың, күлімкөз еркем.

Қайырмасы.

Қыс болса мынау — ақ күміс қырау.
Көңілде — кіrbің, көңілде — қылау.
Жаным да азар шықпай-ақ жүр-ау.
Қайдасың, қайдасың, күлімкөз еркем.

Қайырмасы.

Бұл ән осы өлең арқылы Бақыт Әшімованның орындауында елге тараап кетті. Өз ортамызда Бек Тоғысбаев айтып жүрді. Бірақ, бірақ...

Өз басым Нұр-агаңның қандай қылышы, қандай өрекеті, қандай сөзі болмасын — бәріне үйренгем. Еш нәрсесіне таң қалмайтынмын. Бір күні таң қалдырды. Бұл 1969 жылдың жазы болатын. Бір кездескенде Нұр-агаң:

- Қадыр, — деді, — “Махаббат мұңының” атын да, затын да өзгерту керек!
- Неге? — дедім мен ештеңеге түсінбей.
- Лениннің жұз жылдығы келіп қалды. Ол өнді соған арнаған дұрыс!
- Ойбай-ау, ол өнді Ленинге арнап жазған жоқ-сыз гой. Ол өзінің тақырыбын тапқан ән. Оның мазмұны да, мәні де — махаббат. Жыл он екі айға



созылған мұн. Меніңше өзгертуге болмайды! – дедім іштей ренжіп. – Егер Ленин жөнінде бірдене шығарғыныз келсе – шығарыныз, өлеңін жазып берейін.

– Солай болса, солай болсын! – деп Нұр-ағаң көне қалды. Менің жүргегім орнына түсті.

Бұл жыл Нұр-ағаң екеуміз үшін өнімді де, жемісті де жыл болды. Ағамыздың ең жақсы өндөрінің бірі – “Өз елім” дүниеге келді. Ол Нұрғалидың ең мықты репертуарына айналды. “Әже туралы” өнді жаздық. Ол да Нұрғали айтатын өдемі дүниелердің біріне айналды. Одан кейін көнілді өн “Күндер-ай” туды.

Көп кешікпей жемісті жыл женісті жылға жалғасты. Сол кезде белгілі қазақ режиссері Сұлтан Қожықов “Қызы Жібек” көркем фильмін түсіруге кірісті. “Қазақфильм” киностудиясы Нұр-ағаңмен жөне менімен шартқа отырды. Музыкасын Нұр-ағаң, өлеңдерін мен жазып беретін болыш келістік. Жазуын біз көп жаздық. Есімде қалғандары... “Зар заман”, “Ақ Жайық”, “Көш қызығы”, “Батырға басу айту”, “Шегенің жырлары” (Төрт өлең). Небары жиырманың үстіне шығады. Бірақ Мәскеу фильмді қатты қысқартып, еңбегіміздің көбі далала кетті. Қазір содан айтылып жүргені “Ақ Жайық”. Оның өуенін негізінен Батыс Қазақстаннан Ресейге жер ауған пұшайман қазақтар шығарған. Нұр-ағаң сол өнді пайдаланды. Сөзін мен түгелдей фильмнің оқиғасына лайықтап қайта жаздым.

Есіме жаңа түсіп отыр, осының алдында Мәскеу өткізбей қойған “Құлагер” көркем фильміне де біраз өлең жазғанбыз. Олар: “Жаршы жыры”, “Екінші жаршы”, “Сағынбайдың бәйбішесі жырлайды”, “Бір жас жігіттің Ақанға тиісуі”, “Ақанның жауа-

бы”, “Жетіген жыры”, “Серғали салдың жыры”, “Көрияның өні”, “Ақанның Серғалиға ашыныш айтқаны”, “Салдың айтқаны”, “Серінің айтқаны” – тағысын тағылар, тағысын тағылар...

Республиканың жаңа өнүранын жазу ақындарға да, сазгерлерге де үлкен сын болды. Әнүранын жаңғырту Колбинның кезінде басталған іс болатын. Гимн, мемлекеттік гимн, әдетте басқа тілге аударылмайды. Колбин соны орысшаға аудартып, мазмұнымен танысқан болуы керек, оның мәтінінде “Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған” деген сөз бар. Қай автордың аузынан шыққанын білмеймін. Шынын айтсам, Ғабит Мұсіреповтен басқасына қимаймын. Бұл сөз Кеңес өкіметі кезінде қалай оп-оңай өтіп кетті? Ол да жұмбак. Сол кездер үшін өтуге тиіс емес тармақ. Міне, осы жолды Колбин қапысыз байқап қалған ғой, өнүранын өзгерту жөнінде Қазақстан Жазушылар одағына қағаз түсірді. Мен ол кезде поэзия кенесінің төрағасы едім, өзгертуге қарсы болым. Қарсы болып қана қойғаным жоқ, қарсы жұмыс істедім. Сөйтіп, кеңестің құрамындағы барлық ақындарды көндіріп, Орталық Партия Комитетіне ресми хат түсірдік. Аз уақытқа болса да, бұл мәселе тоқтап тұрған. Егемендік алғаннан кейін қайта көтерілді. Мұнысы енді занды еді. Республикалық бәйге жарияланды. Мандай алды сазгерлеріміз де, атақты ақындарымыз да бұл шаруаға белсене араласты. Бәйге жабық жасырын болғаныменен, кім-кімдердің қатынасқа-ны құпия бола қойған жоқ. Бұл өзі ұзақ және күрделі өнгіме. Соңдықтан ықшамдал айтуға тырысайын. Ең алдымен өзім туралы. Имандай шыным, өрі ойланыш, бері ойланыш, өнүран мәселесінен бас тартқаным дұрыс деп шешкенмін. Негізгі мақсатым

— жүйкеге салмақ салмау, нервті сақтау. Бірақ менің мұнымнан ештеңе шықпады. Ең бірінші боп Тұманбай құрдасым “бірігіл жазайық” деп ұсыныс жасады. Одан кейін бір ағамыз “Бұл әнұраны ғой. Ол елді тұтастыққа шақыру керек. Тұтастыққа шақыру үшін авторлардың өзі тұтас болуы керек. Сендер тағы бір автор алыңдар. Сонда үш жүздің өкілі де ат салысқан болып шығады” деді. Сөйтіп біздер Мұзафар Әлімбаевты қосып алдық. Еркеғали Рахмадиев, марқұм Тілес Қажығалиевтен басқа сазгерлер дара-дара шапқан тәрізді. Жай әндер бойгесінің өзінде елді таң қалдыратын елеулі дүние туа қоймайтын-ды. Ал әнұраны — әнұран. Мұлдем киын, мұлдем құрделі дүние. Соған қарамай, өте көп түскен музыканың ішінде бес-алты жақсы нөрсе болды...

Міне, дәл осы тұста бір нәрсені айта кеткен абзал. Әнұранға араласқысы келмеген адам жоқ. Бірақ ниет басқа да, мүмкіндік басқа. Қаншама араласқысы келіп құлшынғанмен Нұргиса ағамыз ештеңе жаза алмады. Өлеңнен тапшылық көрген жоқ. Бала-шағадан бастап ақсақал ағаларымызға шейін алдын ала жазып берді. Бірақ ауру мен арак титықтатқан ән өулиесі көнілден шыға алмады. Орыстар айтқан: адам өзінен-өзі аттап өте алмайды. Бас иш құрметтеп жүрген құдіретті ағаларымыздың бөрі де пенде! Нұр-ағаң да пенде. Ол — комиссияның белді мүшесі, абырайлы мүшесі ретінде (өзі бәйгеге қатынаса алмағанин кейін) “әнұранның сөзін өзгертейік, бірақ бұрынғы музыкасын сол күйінде қалдырайық!” деп ұсыныс жасады. Және сол ұсыныс қабылданды. Әнұраны болып кетуге мүмкіндігі бар үш-төрт музыка далада қалды. Міне, саған аңқау да анқылдақ Тілендиев!

Негізінен ерке, салқамсөк, кейде тіпті тентектеу көрінетін Нұр-ағаң аға болатын жерде аға, азамат болатын жерде азамат та бола алатын-ды... Үйі жоқ, күйі жоқ Шемші Қалдаяқов Алматы–Жамбыл–Шымкент сияқты үш қала, үш облыстың арасын шана таппай безіп жүрген кезінде Нұр-ағаң оны Димекене, Димаш Ахметұлына алғып кіреді. Димекен оларды өте жылы қабылдайды. Шемшінің басынан сипап, арқасынан қағып, өтініштерін орындаи, әбден разы ғып жібереді. Бірақ алдымен ұзак отырып сырласады. Ақылын айтады. Сөз арасында:

— Шемші, айналайын, сені ішеді деген сөз бар. Сендер біреудің жұбайы, біреудің өкесі ғана емес, ел азаматтарысындар. Құдай сендерге дарын бергенде елге қызмет етсін деп берген, кез келген жерге шашып жүрсін деп бермеген! — дейді.

— Ақылыныңға рахмет, Димеке! Бірақ жұрт не демейді. Оның бөріне сене берменіз. Мен өмірімде бір-ақ рет ішкенмін. Қалғанының бөрі бас жазуғой! — дейді Шемші бар әңгімені әзілге айналдырып. Димекен кеңкілдеп ұзак құледі.

— Жө, онда сол бас жазуды азайт! — дейді.

...Шемшімен мен “Балдырған” журналында жүргенде таныстым. Ол кезде Шемші Қалдаяқов пен Мұзафар Әлімбаевтың бірігіп жемісті еңбек етіп жүрген кезі. Сірә екеуінің арасына, олардың осынша жақындасуына себепкер болған Әбілахат Еспаев-ау деп топшылаймын. Өйткені Әбекең мен Мұз-ағаң майдандас және құрдас, өзара өте тату.

Бір күні “Балдырған” журналының шағын редакциясына Шемші, Әбілахат және Роза Бағланова үшеуі кіріп келді. Мұз-ағаң оларды мәз болып қарсы алды. Әңгімелері, негізінен, өн туралы. Ұмытпасам, “Ақмандайлымның” жиі-жій айтыла бас-



таған кезі. “Ақсұнқарым” кезекте түр-ау деймін. Не себеп болғанын қазір айту қиян, Күлекен деген машинистка апамыз:

— Роза, айналайын, бір өн салып берші! — деді. Розаның жалынан сипаттайтын асау кезі. Ойда жоқта айтылған оқыс ұсыныс өйгілі өншіге ұнаң-қырамай қалды-ау деймін.

— Әнді адам кез келген жерде сала ма екен? Өлеңнің де айтылатын жері бар, айтылмайтын жері бар. Оған да дайындық керек, бап керек, сүйемел-деуші керек! — деп ренішті сөз айта бастады да, өйелдің екіқабат екенін байқап қалып:

— Әйтсе де бұл өзі бір кісінің өтініші емес, екі адамның өтініші екен ғой. Құрсақтағы нәрестен ренжіп қалар деп, — бір өннің бір шумағын айтып берді. Біздер концертте отырғандай қошеметтеп қол соқтық.

Осыдан кейін де мен Шемшіні бірнеше жерде көріп, талай рет кездестім. Бірақ шығармашылық жақындық бола қоймады. Ол кездері ақын мен сазгер жақындаса тұсу үшін міндетті түрде бір жүріп, бір қыдырып, ең бастысы бірге ішіп, бірге мас болып, бірге бас жазулары керек. Менің ондай серілік өмірге дайын емес кезім. Студент кезімде Илья Жақановқа “Салтанат” атты бір өлең жазып, Дұңғенбай Ботбаевқа “Көктем кеші” деген бір өлең жазып беріп, сол екеуіне мәз болып жүрген шағым.

Мен өзім өзіл-қалжынды өте жақсы көремін, қылжақbastau адаммын. Бір жағы қалжың, бір жағы шындық, бір күні Шемшіге:

— Маған мынандай бір ой келеді кейде: адам сайтан емес, асарын асап, жасарын жасап болғаннан кейін батыр да өтеді өмірден, ақын да өтеді. Ерте ме, кеш пе Сіз секілді, біз секілді адамдардың із-



деушісі болады. Олар біздің өмірімізді, шығармамызды зерттейді. Зерттеп жүріп, солардың ішіндегі аңғарымпаздау біреуі мынаны байқайды: Шемши Қалдаяқов пен Қадыр Мырзалиев бір дәуірде, бір жылдарда қатар өмір сүріпті, тіпті комсомол сыйлығын да қатар алғытты. Бірақ “Шемши Қалдаяқов Қадыр Мырзалиевтің өлеңіне бірде-бір өн шығарманты. Өзара дұрдараз болған ғой, сірө!” деп ойлады ғой! – дедім.

– Астағыфранла! – деді Шемши. – Мынауың сүмдүк қой! Мұны ойламаса болмас!

Осы өңгімен кейін Шемши “Наз”, “Ғашық күндер”, “Жас жалын” сияқты төрт-бес өніне өлеңдер жаздырып алды. Бірақ өншілерін таппады ма, бағалай білер тыңдармандарын таппады ма, бұл өндердің қай-қайсысы да елді елендете алмады. Әйтсе де Шемши сол шамада мені есінде үстап үнемі байланыс жасап жүрді. Бір күні ол ел аралап жүріп, сонау Шөуілдірден, өзінің туган ауылынан телефон соғып мені шақырды.

– Мен қазір елдемін. Дәл осы қазір аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қабылдан, соның бөлмесінде отырмын. Ол кісі сені қонақта шақырады. Тек тез жет! Мен мұнда Шөуілдір туралы өн шығардым. Телефонмен айтайын, “рыбасын” жазып ал! – деді. Әннің өлеңге айналар пішінін ол кезде сазгерлер “рыба” дейтін. – Мүмкін болса тез жазып, тез кел! Ат-шапаның дайын!

Бір ат мініп, бір шапан киеді екенмін деп жүремін бе шабылып! Ол кезде мен күндіз-түні “Домбыраның” үстінде отырганмын. Рахметімді айттым. “Шалқыған Шөуілдір” деген өлең жазып, телефонмен хабарластым. Олар көшіріп алды. Абырой болғанда, өлең сөтті шықты. Әйткені Шөуілдір бұ-

рын аралаған жерім, көрген жерім, разы боп қайтқан жерім еді. Өлең Шәмшіге де қатты ұнады.

Шәмші бұрын-сонды еш жерде жұмыс істеген адам емес. Негізінен қаламақысына күн көреді. Ал ол өруақытта аздық қылады. Сондықтан Шәмші де, Әсет те ел аралап, кездесулер үйымдастырып, елдің сый-сыяпты арқылы өмір сүріп жатты. Жаңағы айтқан “Шалқыған Шөуілдір”, “Арыстың бойында”, “Ақерке Жайық”, “Мойынқұм” өндөрі сондай сапарларда туған. Ал елуінші-алпысынышы жылдардың жағдайы мүлдем басқаша болатын. Елдің, қарапайым халықтың көнілі қаншама кең болғанмен, өкімет пен партия қоғам мүлкіне сондай үқыптылықпен қарайтын. Өкімет пен партия өздері жесе де өзгелерге жегізбеуге тырысатын. Мен Шәмшінің өз аузынан мынандай бір әңгіме естідім:

— Еркеш Ибраһим мені қонаққа шақырып, соның үйінде он шақты күн жаттым. Шығарған өндеріме Еркеш сөз жазды. Ауылдарды аралатты. Кездесулер үйымдастырды. Бірақ бір де бір жерде шаرعاшылықтар қазақы салт бойынша мезірет жасай алмады. Тек кетерде, соңғы кездесуде бір азамат шығып:

— Өнерің үстей берсін, бауырым! Бұл аймақ өнер сыйлайтын өнегелі аймақ еді. Ақанды туған, Біржанды туған ел ондай болмағанда, қандай болу керек? Әйтсе де бүгінде бәрі өзгерді. Азып барамыз... Сен өр түнеген жерінде тұлпар мініп, жатқан жерінде шапан киоң керек еді. Байқаймын, олай болмаған сияқты. Мен өзім еңбекақылммен ғана күн көріп отырған жұпны шаруамын. Бір сиыр, бір атым бар. Сол жалғыз атымды сыйға тартамын. Жаяу келіп, жаяу кеткенің жараспас, мін соны! Мен бір жылқы бергеннен кедейленіп, сен бір ат

мінгеннен байып кетпессің. Бірақ ата салты ғой, бас тарта көрме! – деді.

Соңғы жылдарда Шемші ішуді қойды.

– Шөке! Неге қойдыңыз? Қалай қойдыңыз? – дедім бірде.

– Бұл өзі сары аурудай ұзакқа созылған процесс. Қасірет. Шынымды айтсам, қанша жыл ішсем, сонша жыл қоюды арманададым. Бірақ ол өзі ауыр, өте ауыр шаруа екен. Дегенмен, айы жеткен айында, күні жеткен күнінде. Қоятын да күн жетті. Сенесің бе, бірде мен бір күннің ішінде вытрезвительге жеті рет түстім. Баламмен жасты милиционер бір күн ішінде мені жеті рет көргеннен кейін өбден туңілген болуы керек:

– Аға, сізде үят жоқ екен тіптен! – деді. Өмірде мен не естіген жоқпын? Әйелім де үрысты, жақынжызықтарым да ауыр-ауыр сөз айтты. Бірақ соның біреуін де құлағыма ілмен едім, мына жас баланың айтқаны жаңыма батып кетті. Іштей піскен болуым керек, сірә! Жаңағы сөзден кейін келесі күні-ақ қойып кеттім. Бірақ өзіме өзім сене алмай ұзак журдім... Аптадан соң апта өтті, айдан кейін ай өтті. Жылдан кейін жыл, тіптен жылдар өтті. Енді ішкен күндерім көрген түс секілді... Осы салауаттылық жолына салып жіберген Жаратқанға мың да бір рахмет! Өзің де көріп жүрсің, бүтінде аузыма алмаймын. Бірақ үйде де байыз тауып отыра алмаймын. Ел кезіп кетемін. Біресе Жамбылдан, біресе Шымкенттен, біресе Фрунзеден табыламын. Ат басын тіреп баратын адамдарым бар. Олар кім деп сұрамай-ақ қой... Жалпы маған цыгандар тірлігі үнайды. Жастау кезімде Пушкинге ұқсан солардың тобырына еріп, біраз жүргенім бар. Сол күндерім есіме түсін, “Цыган серенадасы” деген өн шығардым. Сені із-



деуімнің басты себебі сол. “Рыбасы” мынандай дең бір парақ қағаз ұсынды. Көпке созбай, тезірек істеп берсөң! – Осыны айтты да содан кейін жаңа өннің өүенімен таныстырыды. Бір емес, бірнеше рет қайталап айтты... Осы әңгімеден кейін мен үйіме асықтым. Өйткені өлеңнің толғағы ұстай бастады.

Тулаған қаны бар
Тұлпар да табылар,
 Үміт болса.
Күн туса басыңа,
Мойыма, жасыма,
 Жігіт болсан!

Қайнаған қаны бар
Қалыңдық табылар,
 Үміт болса.
Шаттықты уыстан
Шығарма, туысқан,
 Жігіт болсан.

Сөні бар, әні бар
Дәulet те табылар,
 Үміт болса.
Досыңа, ғашыққа
Бәрін де шашып бақ
 Жігіт болсан.

Бұл шумақтарды қай ұлт, қай халық болмасын, жатырқамайды. Өз ойы, өз арманы ретінде қабылдайтын шумақтар. Бірақ олардың қай-қайсысы да өркениеттің қылбырауына ерте ілігіп, табиғи тірліктен алысталап кеткен. Еркіндігі мен бостандығын қимай жүрген осы цыгандар ғана. Сондықтан да бұл шумақтар цыгандардың айтуына өбден

ылайық... Әннің негізгі ырғағы дәстүрлі өлеңдердің ежелгі пішіндеріне қайшы келмегендіктен бұл шумақтар мен үшін қынға түскен жоқ. Ойнап отырып жаздым. Бірақ қайырманы жазғанда қара терге малшындым.

Толқысын шартарап,
Тасышы, тебіренші, ей, гитара!
Оу, жан серігім!
Төгілсін күй тарап!
Жаның тарықпасын!
Ән шарықтасын!
Қайран басың,
Фарып басың
Көзің жұмбай қамықпасын,
Қамықпасын!

Белгілі дөреже де бұл шумақ та өз міндетін ат-қарып тұр. Бірақ, бір ғажабы, өзіне ылайық әнші таппады ма, ел іліп әкете қоймады. Шемшінің жақсы әндері бірден тұрмысқа шығып кететін өдемі де ақылды қыздар сияқты, папка ішінде жатып қалмай, бірден тарап кететін-ді. “Цыган серенадасы” бағы жанбаған бюджеткендей біраз үйде отырып қалды. Бірақ Шемші фестивальдарының бірінде әншісін тапты. Шарықтап аспанға көтерілді. Ал Шемші мұны көре алмай кетті.

Жұрт қарап жүре ме? Шемші ішкен кезде іshedі деп кінөлады. Ал арақты қойған кезде Шемші аракты қойғалы өн шығаруды да қойды деп күнкілдей бастады. Шығармашылық көлденең кісілер арасын шаруа емес. Ол құдайдың қолындағы дүние. Шемші жұрт айтқандай өн шығаруды үзілді-кесілді қойып кеткен жоқ. Рас, сиретті... Сол сиретіп жүрген күндердің бірінде маған телефон соқты:



— Мен жақында Бұхара облысынан оралдым. Оның Тамды деген ауданында, негізінен, қазақтар тұрады. Бауырмал, қонақжай. Сол жақта бір айдай жүріп қайттым. Олжасыз емеспін. Келсейші, сөйлесейік! — деді.

Бұл жылдары мен барлық жұмысты тастан, таза шығармашылықта көшкенмін. Толықсан, піскен кезім. Ең бастысы басым байлаулы қызметкер, жартылай құл болып жүріп, жазу үстелін өбден аңсап сағынып қалған екем, үйден шықпай жұмыс істедім. Оқыдым. Жаздым. Аудардым. Сол үйде отырған жеті-сегіз жылымда он-он бес жылдың шаруасын тындырыдым... Шемші шақырған соң не отырыс болушы еді! Жетіп бардым. Құшағын жайып қарсы алды. Шілде ме, тамыз ба, есімде жоқ, әйтеуір ыстық айлардың бірі еді. Күн түспейтін қоңыр салқындау бір бөлмесіне алып кірді. Мені диванға отырғызды. Диванның алдында газет-журналдар жататын аласа үстел. Онда бұл жолы күнделікті баспасөз емес, ұлken (бір табак) ақ қағаз жатыр.

— Сусын-мусын алдырайын ба! Бірдене ішпейсің бе? — деді.

— Құдай “бірденеден” сақтасын!

— Онда өзің біл! — деді. Отырған орындығын жақындана түсті. Қолына қalam алды. — Бұрын-сонды Тамдыда болғаның бар ма?

— Жоқ, болғаным жоқ!

— Шөл десең шөл. Шөлейт десең шөлейт. Қойлар жайылып жүреді. Орып жейтін түк жоқ. Әр жерде бір кездесетін жалғыз-жарым сирек шөп. Бірақ қойлар семіз. Ол жерде тек қазақтар тұрады. Жер емес, резервация! Ал елі жомарт, ақ көніл. Аузын ашса — көмейі көрінеді. Мені сүмдық жақсы қарсы алды. Әдемілеп шығарып салды. Кетерде

қоштасу кеші болды. Сонда мен елдің алдына шығып, “Тамды аруы” деген өн шығарамын деп уәде бердім. Арт жақта отырған бір бозбала орнынан турып: “Аға, егер де сондай бір өн шығара қалсаңыз, өлеңін Қадыр Мырзалиевке жаздырыңызшы!” дегені бар емес пе. “Жақсы, айналайын! Жаздырайын! Ол өзімнің бауырым ғой!” деп едім, ел ду қол шапалақтады. Енді сен соны жазуың керек.

— Ойбай, Шәке-ая! — деп ыршып түстім. — Көрмеген жерім, көрмеген елім, ғашық болмақ түгіл бір көрмеген қызыым, қалай жазам ол туралы?

— Қайдан білейін! Қайтсем де саған жаздырамын деп уәде беріп қойдым ғой...

— Қызық екенсіз, Шәке! Көруін сіз көресіз, тамсануын сіз тамсанасыз, жазуын мен жазамын ба? Ақылға сыймайтын логика. Не жаз десеңіз соны жазайын, тек көрген нәрсемді айтыңызшы!

Байқаймын, Шәкең қатты састы. Аласа үстел үстінде жатқан етектей ақ қағазға бүкіл Бұхара облысының бір пүшпағын, яғни Тамды ауданының аумағын сызып шықты. Колхоздардың, совхоздардың, тіпті фермалардың аттарына шейін жазды. Барған жерлердің бәрін де есіне түсірді. Мыңбұлақ деген де бір жер бар екен. Оны да түсірді қағазға!

— Міне, бүкіл Тамды жері осы! Енді осы жерге бір қызды ойладап тап! Қайда туса, онда тусын мейлі. Соған ғашық бол! Жарайды. Мен-ақ ғашық болайын! Тек менің атымнан, яки лирикалық кейіпкер атынан айтып шық. Ән мынандай! — деп Шөмші әннің өуенін ыңылдан айтып шықты.

Әрі ойладым, бері ойладым — миым қатты. Сасқан үйрек артымен сұңғиді дегендей, неге екенин білмеймін өлгі Мыңбұлақ деген жерді ішімнен қайталай бердім, қайталай бердім. “Бұрымың,

Мыңбулақта туған ару, Сол жердің мың бірінші бұлағындей” деп қойдым. Бір тармақтың іргетасы қаланған тәрізді...

- Жақсы, Шәке! Мен кеттім. Енді өзіммен-өзім оңаша болуым керек! – дедім.
- Қайда барасың? Ет дайын!
- Етті кейін жеймін.
- Ей, жындысың ба, дайын тамаққа қарамай?
- Етті өлең жазып болған соң жейміз. – Шәкең-нің қарсы болғанына қарамай қоштастым да, тезірек шығып кеттім. Троллейбустың ішінде отырып, өлгі Мыңбулақтан бір шумақ жасадым. Әзірше тырнаққа ілінгені сол бір сез ғана.

Сені ойлап, құлазыған құла құмдай
Заулайды қиял қырдың құланындей.
Бұрымың Мыңбулақта туған ару,
Сол жердің мың бірінші бұлағындей.

Басы емес, аяғы емес, бұл не өзі? Не болғанда да осы шумақты дамытуым керек. Үйге жеткенше ойландым. Үйде екінші шумақ дүниеге келді.

Ілінген құмарлықтың құрығына
Өүейі өпендеңнің түрі мынау!
Мен қашан сұңғір екем
Мың бірінші
Бұлақтай
Тарқатылған бұрымыңа!

Иә, бұл енді соңғы шумақ болуға жарап қалар. Енді кіріспе бір шумақ және қайырма қажет. Ол екеуі келесі күні туды.

Жамалың жас қөктемнің жамалындей,
Жүрегің махаббаттың қамалындей,

Тамдының тамылжыған өнші аруы,
Лебізің таңның уыз самалындай.

Қайырмасы: Жел аңсаған
Ебелектей,
Гүл аңсаған
Көбелектей
Келем саған.

Жалма-жан Шәкеңе телефон соқтым. Трубканы өзі алды.

— Шәке, салаумағалейкүм! Бұл Қадыр ғой...
— Ағалейкүм ассалам! Қалай? Жақсылық па?
— Жақсы ма, жаман ба? Білмеймін. Эйтеуір жаздым. Қазір барам. Етті жеп қойдындар ма?
— Кел! Осындай ыстықта ет желінетін бе еді? Тоңазытқышқа салып қойғанбыз. Қамырын илеп нанын салса болды.

— Ал шықтым...

Менің “жаздым” деген бір сөзімнің өзіне қуаныш мәз болып отыр екен, машинкеден жаңа шыққан жаңа өлеңді алдымен бір оқып алды да, содан кейін өн қылыш ыңылдады.

— Жақсы! — деді содан соң. — Көрерсің өлі, бұл айтылатын өн болады! — деді. Айтқанындай, өн бірден тарап кетті. Өлі күнге шейін айтылып жүр.

Бірде ол ауырды, бірде мен ауырдым. Сөйтіп жүріп Шемшиден адасып қалдым. Оның соңғы күндерінің қалай откенин Илья Жақанов жақсы биледі. Ең жаманы, Ильяның айтуына қарағанда, ұлы сазгердің зердесі тозып, кімнің кім екенін білмейтін болышты. Өз өндерін өзі танымайтын халғе жетіпти.

— Мынау бір жақсы өн ғой, кімдікі өзі?
— Шәке, бұл сіздің өз өніңіз ғой.

— Қойшы! Мен мұндай да өн жазып па едім? —
дейтін болыпты.

Бір жерде байыз тауып отыра алмайтын халық-
пзы фой. Көшіп-қону, ел аралап, сауық-сайран қуу
қанымызға сіңген. Содан да шығар, біздің қазақ
ақындарына қадалып отырып жұмыс істей онша
ұнамайды. Мен өзім де ел көргенді, жер көргенді
жек көрмеймін. Сөйте тұра, шаруаның көптігі етек
басты тірлік мені, негізінен, тұсан үстады. Қайталаң
айта берген сөздің дәмі болмайды. Әйтсе де, мен
үшін ең басты мақсат — жазу болды да, қызыру
мүмкіндіктерінен үнемі бас тартуға тұра келді...

Ал-пысыншы жылдардың басында Түрік-
менияда қазақ өдебиеті мен мәдениетінің күндері
өтті. Баратын қонақтардың тізімінде мен де бар едім.
Бірақ жеме-жемге келгенде, түрлі-түрлі себептерді
тілге тиек қылып, қалып қалдым. Осы тәсілді мен
Украина, Армения, Ленинград сапарларында да
пайдаландым.

Сөйте тұра, барғым келетін жерлерге барып
бақтым. Соның бірі — Баку. Әзербайжандар өз-
дерінің ұлы ақыны Самед Вургунның алпыс жыл-
дығын ұлан-асыр тойға айналдырды, бұл, ұмыт-
пасам, 1966 жыл болды. Ол кезде Самед Вургун
тірі емес, одан он жыл бұрын дүние салған. Осы
тойға біз Қазақстаннан төрт ақын бардық: Әбу
Сәрсенбаев, Сырбай Мөуленов, қателесисем Аман-
жол Шамкенов және мен. Сан жағынан салмақты
болғанмен, регалия (атақ, шен-шекпен) жағынан
келгенде қонақтардың ішіндегі ең жұпышысы біз
болдық. Бір де бір халық жазушысы, бір де бір
мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болмай шықты.
Ол кезде біздің бәріміз де жалаң тәс едік. Әзер-
байжандар оған өте қатты мән береді екен. Соның



кесірінен де біздер екінші сортты қонақ болып шыға келдік. Бұл өсіресе Сыр-ағаңың жанына қатты батты. Кітаптарынды оқымай, анкетаңа қарап бағалаған қайбір жақсылық дейсің. Шынында да бұл жағдай менің ағаларыма жаман өсер етті. Пұшайман болған Сыр-ағаң:

— Қой, ағайын, бір жерге барып ішпесек болмас!
— деп еді, думанханаларда да, дәмханаларда да, тіпті дүкендердің өзінде арақ-шарап сатылмайды екен, бізді алыш жүрген жетекші жігітпен ақылдастып едік.

— Бізде бұл жағы қындау... Бүкіл қалада бұғып барып, бұғып шығатын бір ғана жер бар. Интеллигенциямыздың біразын сол жерден табасыздар! — деп ол бізді сүйек-саяқтан сорпа жасайтын бір асханаға алыш барды. “Қолда барда алтынның қадірі жоқ” деген өлең тармағын “Қолда барда арақтың қадірі жоқ” деп өзгертуге тура келді. Бір стақан арақты тастап кеп жібергенде Сыр-ағаңың маңдайынан тер бүрк ете түсті. Дүниеде ішкің келген кезде арақ таптағаннан жаман нөрсө жоқ, екен! Әшейінде арақтан қашып жүретін сорлы басым, осы жолы Сыр-ағаңа қарап тұрып, жаным ашыды... Бірақabyрой болғанда өкімет берген үлкен қонақсыда ішімдік жағы мол көрінді. Сол дастар-қанда Гейдар Әлиев ұзақ сез сөйлемді. Қырық-елу минуттық орысша сөзінің жартысынан көбін Самед Вургунның өлеңдерімен толтырды. Соның бәрін Әзербайжан тілінде жатқа оқыды. Жасыратыны жоқ онысы маған қатты үнады.

Обалы не керек, жалпы Гейдар Әлиев — мықты адам. Ол көзінің тірісінде Әзербайжанды аяғынан тік тұрғызып жіберді. Қай жағынан алыш қарасақ та бұл ел Кавказдың ең мықты, ең қуатты елі. Халқының саны жағынан да Грузиямен,

Армениямен салыстырғанда өлдекайда көп. Бір өзі сол екі елге татиды. Бірақ Мәскеу өзербайжандарға өгей ұлына қарағандай қарады. Тізгін Сталиннің қолына көше сала олардың бір де бір қайраткері Саяси Бюроға мүшес болып көрген жоқ. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Иранның құрамындағы он миллионға тарта қалың өзербайжанды бүкіл байлығымен қоса бүгінгі Әзербайжанмен біріктіріп жіберуге болатын еді. Бірақ оны істемеді. Істегенді қаламады. Өйткені Кавказдың жартысынан көбі мұсылман еліне жөне түркі тұқымдастарға қошетін еді. Сталин жалпы түркі халқын жек көрген. Сол себептен де шығар Тұрар Рысқұловпен қырғи қабак болған. Болып қана қоймаған, оның тубіне жеткен. Сталиннің түркі тұқымдастарды жек көруі мұнымен де тынған жоқ. Қытай халық революциясынан кейін бостандық алған Шынжаң республикасы өз еркімен КСРО-ның құрамына кірмек болып ұсыныс жасағанда ол идеяны да бесігінде түншіктырып, сол ағымға мұрындық болып жүрген азаматтардың авиа апартына ұшырауына себепкер болды. Оны істеген Мао. Оған мүмкіндік берген Сталин. Қысқасы, сол мұртты шалдың кезінде Әзербайжан да Қазақстанның халін бастан кешті.

Бір байқағаным, өзербайжандар Мамед деген атты өте жиі қояды екен. Басқаны былай қойғанда менің өзім Мамед деген төрт-бес ақынмен таныстым. Ал Самед деген атты кездестіре алмадым. Самед Вургун Әзербайжанның қазақ ауданы деген ауданда туған. Оның неге олай аталғанын ешкім түсіндіре алмады. Білмеді. Әйтеуір көрі интеллигент:

— Бұл аудан үш республиканың Әзербайжаның, Грузияның, Арменияның тоқайласқан, үштасқан тұсына орналасқан. Үлкендердің айтуына

қарағанда, тап сол жерде қалың өскер тұрған. Қазіргі қазақтардың ата-бабалары болуы керек, сірә!
— деді.

Анна Антановскаяның “Великий Моурави” атты өйгілі эпопеясына берілген түсініктемеде: “Казахи — союз казахских племен, сложился во второй половине XVI века. Основная масса казахов-скотоводов кочевало в Средней Азии. Одно из казахских племен занимало часть Закавказье. В XVI-XVII веках, находясь к Востоку от Картли, это казахское племя совершило частые набеги на Картлийское царство” деп жазылған.

Әзербайжанға барған кезде мен Анна Антановскаяның “Великий Моуравиімен” таныс болатынмын. Ол кезде бұл алты томдық өте үлкен еңбектің барлық томы да жарық көріп үлгерген-ді.

Сол Бакудегі Самед Вургунның мерейтойына барған кезде өңшең Мамедтердің арасында отырып, бір емес, бірнеше мөрте сөйлеуге тұра келді. Отырыс өдette өзіл-қалжыңсыз болмайды. Сол көп әңгіменің бірінде:

— Мамедтерің көп, Самедтерің аз екен. Оның өзі қазақ ауданында туыпты! — деп өзілдедім.

...Жасыратыны жоқ, көзіңнің тірісінде дүниенің бөрін көргің келеді. Бірақ оған мүмкіндік бола бермейді. Жас кезімде өлемді бір аралап шығып, “Жұмыр жер” атты кітап жазсам деп те армандағам. Бірақ төрт-бес елден басқасына бара алмадым. Испанияда, Туркияда, Индияда және Монголияда ғана болдым. Испания және Монголия туралы ғана топтама өлеңдер жаздым. Сонымен бәрі бітті. Ол идеядан бас тартуға тұра келді. Бірақ, қолымнан келгенінше, түркі халықтары тұратын жерлерді түгелге жуық араладым. Башқұртстанда, Қарақал-

пақстанда, Сақа елдерінде болдым. Әбден құрып бітүге қалған тофалар, шорлар, долгандарды да көрсем дең едім. Әзірше ол арманымды орындаі алмай келем. Қартайып та қалдым...

Дегенмен, түркі халықтарының халық жұмбақтарын жинап, оларды қазақшаға аударып қойдым. Құдай қаласа, жеке кітап қылып шығармақ ойым бар. Ең бастысы – ол бітіп түр.

Әртүрлі республикаларды аралауға, көруге Кеңес өкіметінің кезінде біраз мүмкіндік болды. Әнуар Әлімжанов марқұмның хатшы кезінде өзара ақылдасып, Башқұртстанмен, Якутиямен байланысқа, мәдени-рухани байланысқа шықтық. Оларды өзімізге қонаққа шақырдық, олар бізді шақырды. Халықтар достығы, әдебиет достығы одан зиян шеккен жоқ. Біз түбі бір туысқандарымызды тапсақ, Якутиядан Қалаубек Тұрсынқұлов өзінің Қаңыларын тапты. Ол тарих және тарихи байланыс туралы мениң Қалаубек құрдасым жапжақсы мөлімет беретін кітап жазды, өзі Якутия (Сақа) республикасының еңбегі сіңген қайраткері деген атақ алды. Сөті түскен сол сапарда мен өмір бақи көрмей өтуім мүмкін Солтүстік Мұзды мұхитты көрдім. Мұзын басып жағасында тұрдым. Алыш өзен Ленаның атыраулатып келіп мұхитқа құятын жеріндегі ғаламат жартастардың үшар басында отырып арақ іштік. Таң сол арада мен табиғаттың құдіретіне және адам баласының оңбағандығына, ақылсыздығына таң қалдым. Олай дейтін себебім: алыпинистерден басқа ешкім көтеріле алмайтын сол қия жартастардың төбесіндегі қоқыстарды көрсөніздер! Тікүщақпен барып қонып, той тойлап, ішіп-жеп, тұнып тұрган табиғи сұлулықты өжетханаға айналдырып кететін адамдарға



не деуге болады! Сынған шөлмек, босаған консерві қалбырлары, полиэтилин дорбалар, сүйек-саяк, папиростың қораптары, туалет қағаздары... Бәрі-бәрі, бәрі бар. Жер атты ұлы планетаның адам аяғы жетпейтін шалғай, өте шалғай пүшпағының түрі осы. Ал халқы қалың, көлігі көп аймақтардан не күтүте болады? Зауыты, фабрикасы бар өндірісті орталықтарға не істей аласың?

Бір бақыты, Якутияда асфальт, тас жолдар жок. Немесе жоққа тән. Өйткені бұл ел түгелге жуық мәңгілік тоңға (мұздаққа) орналасқан. Ол тоңның кез келген жерде ойылып кетуі мүмкін. Көбіне-көп шаңғымен немесе ит жеккен шанамен жүре-тіндері сондықтан. Ал негізгі көліктері – тікүшак. Соның арқасында болуы керек даласы таза.

Бізде “Алты ай – қыс” деген тіркес бар. Оның өзі кейбір облыстарымызда ғана. Ал онтүстік аймақтарымызда қысымыз екі-үш айдан артыққа созылмайды. Ал Якутияда ол тоғыз айға созылады. Жаздары өте қысқа. Көктемге олар өбден сағынып жетеді. Сол қысқа мерзімді жаздың өзінде-ақ олар біраз қызық көріп үлгереді...

Біздер тек қалалық жерде ғана емес, алыс-алыс бұғылы аудандарда да болдық. Менің тіпті бұғыға мініп түскен суретім де бар. Олар қонағына қазақтар сиякты бас тартпайды. Бұғыны сойып бола бере оның ішегіне сол бұғының қанын құйып оған сут араластырып пісіреді. Бұл енді өте дәмді тағам. Ең үлкен, ең сыйлы қонағына бұғының омыртқасын ұзыннан жарып, жұлынын алады да, сол шикі жұлынның үстіне тұз сеуіп береді. Балықты да негізінен шикілей жейді. Алдымен оны тоңазытқышқа салып мұзға айналдырады. Содан соң оны ыдысқа жонып түсіреді. Тұздайды да сол күйінде жей бе-

реді... Эрине, үйренбекен адамға ынғайсыздау, оғаштау. Бірақ тұк те сорақылығы жоқ, табиғи әдет...

Сапардың бір жақсылығы – ел танисың, жер танисың. Бұрын сырттай ғана білетін тамырлас та түбірлес туысқан халық сахалар маған ешқандай жасандылығы жоқ, табиғи болмысыменен, өсіресе бір беткей қайсарлығымен үнады.

Біздің якут өріптеріміз тіпті ресми дастарқан басының өзінде қанша ішкісі келсе соңша ішіп, не айтқысы келсе соны айта береді екен. Бірақ онысы тәрбиесіздік, тағылық емес. Мысалы, орыстармен саясат үстап, құлблітелеп жатпайды. Сендер бізге қысым көрсетіп, үстемдік жасап жүрсіздер деп айқаса кететіндерін байқадым.

– Үларың қалай? – деп сұрағанымда:

– Олармен басқаша сөйлесуге болмайды! – деп жауап берді саханың бір жазушысы. Бұға берсең, сұға береді. Біз аз шыдаған жоқпыз. Үлар бізге не іstemеді? Арағына үйретті, ана тілімізде оқитын мектебіміз жоқ. Бастауыш сыныптарда ғана якут тілі жүреді. Болды, сонымен біtedі. Мектептер орысша. Тілімізді құртты. Дінімізді де құртты. Түгелдей шоқындырыды.

Біз де іштей тынып өрең жүрген халықпыз. Бірақ дәл бұлай таусыла қоймаған едік, қалай түсінерге білмедім. Ішімдіктің өсері шығар деп ойладым да қойдым. Бірақ олай емес екен. Біздің Желтоқсан сойқанынан кейін көп кешікпей олар да дауыл бол көтеріліп, теңіз бол толқыпты. Қалай басталып, қалай аяқталғанын жақсы білмеймін. Ол сойқан да Мәскеуді бір сілкіп өткен сияқты...

Ақылға салып, тереңірек үңіліп көрсек, Ленин кезінде КСРО-ның құрамындағы үлттар мен ха-

лықтардың хал-жағдайы жаман бола қойған жоқ. Бірақ, өкінішіне орай ол кісі тым ерте дүние салды. Кейбір шовинистер үшін оның өлгені, тіптен ерте өлгені өте керек болды. “Төреде бауыр жоқ” дейді қазақтар. Патшаларда да солай. Отыз жылға жуық мемлекет басында отырған Сталин шын мәніндегі патшаға айналды. Ойындағысын істеді. Көдімгі қандастарының өзі: “Сталин тек отызыншы жылға шейін ғана грузин болды. Содан кейін орыс болды, орыс болып өлді” – дейді. Бұл жай ғана өкпе емес, тап-таза шындық. Рас, Сталиннің кезінде Грузия шалқып өмір сүрді. Бірақ соның бәрі Иосиф Виссарионовичтің өрекеті емес, Сталинге жақсы көрінгісі келген жарамсақтардың өрекеті... Ал басқа үлт республикаларының хал-жағдайы ешқашан жақсы бола қойған жоқ. Тіпті ең ірі, ең мықты республикалардың өзі, мысалы, Украина мен Белоруссия колония дәрежесінде ғана өмір сүрді. Отызыншы жылдардағы аштықта бірнеше миллион адамнан айырылды. Үлтшыл деген айдар тағып, үлтжанды адамдарын баудай түсірді. Ал Ресей құрамындағы автономиялардың халин айтып та керегі жоқ. Сібірде тұратын ат төбеліндей аз халықтар жылдан-жылға азая берді, азая берді. Кейбіреулер тіпті құрып тынды. Орыстардың өздерінен кейінгі сан жағынан ең көп халық татарлардың өзі үлттық қасиетін өрең-өрең сақтап қалды. Башқұрттар татарларға қарағанда тіптен аз. Пайызға шаққанда өз автономиясында орыстардан кейін екінші орынға өрең-өрең жетеді. Башқұртстан экономикасы жағынан ең бай, ең мықты автономия. Сондықтан онда орыстарды аямай төккен... Олар ешқашанда басқа тілде, өсіреле аз халықтың тілінде сөйлеп жарытпайды. Оның үстіне ол кезде үлт тілдерінің қадірі

кеткен. Башқұрт тілін башқұрттардың өзі жақсы білмейді. Орыс тілін былай қойғанда, Башқұртстанның өзінде башқұрт тілінен гөрі татар тілінің өзі абырайлылау. Содан да шығар, башқұрт ақындарының біразы: Сайфи Құдаш та, Мұстай Кәрім де, Мұса Фали да татарша өлең жаза береді. Өз дүниелерін өздері татаршаға аударады. Қысқасы, тіл мәсеселесіне келгенде башқұрт тілінің халі мүшкіл. Уфада башқұрт театры бар. Бірақ пьесаларын башқұрт артистері ойнағанмен, үнемі синхронды аударма жасалып тұрады. Әйтпесе көрермендер келмейді. Әйткені бұл халықтың жартысы, өсіресе жастары ана тілін білмейді. Бұл, өрине, ұлттың қасіреті. Сондай қасіреттің зардабын біз өлі шегіп келеміз.

Башқұрттар туралы көбірек сөйлеп кеткен себебім, 1977 жылы тамыз айының аяғында бір топ қазақ жазушылары Уфаға сапар шектік. Бұл күндер – қазақ әдебиетінің Башқұртстандағы күндері деп аталады. Делегацияның құрамында Әбділда Тәжібаев, Қалижан Бекхожин, Сөуірбек Бақбергенов, Жамаледдин Босақов, Саги Жиенбаев, Валерий Антонов, Рамазан Тоқтаров, Төлен Әбдіков, Ахат Жақсыбаевтар болды. Сапар айқай-шусыз, даудамайсыз тыныш өтті. Бір емес, бірнеше қаласында болдық. Қайда барсаңыз да өндіріс. Тазалық, жинақылық. Мұнысы маған қатты ұнады.

Башқұрттар бізге өте жақын халықтың бірі. Бір кездері араласып-құраласып отырған тамырлас туыстармыз. Қоңе түркі тілінде “құрт” деген сөз “бөрі” деген мағынаны береді. Қасқырдың үрғашысын “құртқа” дейді. Қазақтар ертеректе қыздарға Құртқа деп ат қойған... Ал тұтас алғанда “башқұрт” деген сөз “бас бөрі”, “көкжал” деген сөз, демек батыр халықтың бірі болған.



Кешегі Кеңес өкіметі кезінде “Халықтар достығы жасасын!” деген ұран – негізгі ұранымыз болды. Бұл өзі, негізінен, дұрыс ұран. Бірақ ол ұран, басқа халықтардан гөрі, орыстарға көбірек тиімді еді. Неге екенін талдаپ жатпай-ақ қоялық... Халықтар достығында, дос болған елдердің бір де біреуі зиян шекпеуі керек. Ал зиян шегетін болса, ол достықтың не керегі бар?

Міне, осы ұлы ұранның астында бас қосып отырған Башқұртстанның негізгі халқы, башқұрттар ұтылмаса, ұтқан жоқ. “Халықтар достығы жасасын!” деп қойып отаршылдар қай кезде де, нақтылы алғанда сол Башқұртстанның өз ішінде башқұрттарды татарға айдал салып отырды. Біз барғанда осы туысқан екі халықтың арасы онша жақсы емес екен... Естімін қазір де оңып тұрмаған төрізді. Халық санағының нәтижесіне разы болмаған Башқұртстанның негізінен татарлар тұратын ауданы өз беттерімен қайта санак жүргізіп жатыр. Ойлары, реті келіп жатса, референдум өткізіп Татарстанның құрамына қосылмақ. Мұның аяғы немен тынады? Әрине, жақсылыққа апармайды...

Бұл мәселеде ол кезде Қазақстаннымыз да оңып тұрған жоқ еді. Қазақ мектептерінің саны жылдан-жылға азайып, қазақ тілінің халі мұлдем нашарлап, жанымыз жылап жүрген жылдар еді ғой. Башқұрт халқының қасіреті жан-жарамызға тұз сепкендей болды...

Бұл сапардағы жалғыз қуанышым – еліміздің ежелгі досы Сайфи Құдашпен таныстым... Әке мен баладай сырластық. Ең бастысы – ол маған Мағжан Жұмабаев жөнінде көп өңгіме айтып берді. Естелік кітабын жазған екен, сол кітапқа Мағжанның өлеңін эпиграф қылыш алыпты. Бізде ол кезде Мағ-

жанның атын да ататпайтын. Ал сонау Башқұртстанда жатып Сайфи Құдаш білегін сыйбанып, белін буып Мағжан Жұмабаевты актауға кірісті. Мәскеуге Орталық Партия Комитетіне хат жазып осындай бір азаматтық өтінішті Димекеннің атына да жолдапты. Жалпы Мағжан Жұмабаевтың туған әдебиетімізге қайта қосылуына Сайфи Құдаштың қосқан үлесі зор. Міне, бұл азаматтық.

Уфа үлкен және жақсы қала екен. Сол шаһардың көркі болып тұрған бір нәрсе бар. Ол – Салауат Юлаевқа орнатылған ескерткіш. Ол ескерткіш ғана емес – символ. Батырлыққа, тарихқа қойылған ескерткіш. Кешегі күнің қандай еді? Бұғінгі күнің қандай? Арасында айырмашылық бар ма, ойсыз үрпақ? дегендегі үстіндегі сұрақ. Керемет ескерткіш. Санкт-Петербургтағы Петр біріншіге орнатылған ескерткіштен бір де кем емес...

Авторы бір осетин, алан азаматы. Ұмытпасам, Тавасеев. Бір ғажабы бұл өзі тапсырыспен істеген жұмыс емес, автордың жүрек қалауымен, өз тандауымен, өз идеясынан, өз ықыласынан туған еңбек. Автор Суретшілер академиясында оқып жургенде парасатты ұстаздар өз шәкірттеріне:

– Диплом жұмысына объектіні өздерін таңдаңдар, – деп ақыл береді. Осетин жігіті алдымен өз халқының тарихына, өз эпостарына үніледі. Бірақ солардың бірде біріне қанағат етпей, ақыр аяғында Салауатқа тоқтайды. Салауаттың тағдыры шынында да ғажап! Біреу айтса, көзіңнен жасың сорғалап, егіліп тыңдайсың. Өзің айтсаң тоқтай алмайсын.

Қысқасы өлгі диплом жұмысының авторы жас мүсінші өз жобасын құшақтап Уфаға келеді. Қазіргі тілмен айтқанда, қалалық әкімшілікте болады. Республика басшыларымен сөйлеседі. Обалы қан-

ша, барған жерінің бәрінде де жылы қабылдайды. Өтініштерінің бәрін орындаиды. Ең ақырында өздері де бір өтініш айтады:

— Бұл сіздің енбекіңіз. Ол бізге қатты үнайды. Салауат Юлаевқа ескерткіш орнататын кез келді. Құдай қаласа, орнатамыз. Оған республиканың күші жетеді. Енді сіз қаланы өбден аралап, үқыпты аралап, қарап шығыңыз. Қай жерге орнатқан дұрысырақ болар екен? — дейді. Уфандың орталығын он мәрте аралап шығып, лайық жер таппаған мүсінші:

— Қала қатты есіп келеді екен. Және мұнымен тоқтайтын түрі жоқ. Құрылыштың көзімен қарағанда күндердің күнінде қаланың орталығы басқа жаққа қарай ауысатын болады. Қазір біз Салауаттың ескерткішін бүгінгі орталыққа орната қалсақ, ол ертең-ақ көп кешікпей шаһардың шетінде қалатын болады.

— Не істеуіміз керек сонда?

— Қаланың орталығын ғана емес, шет жақтарын да үқыпты зерттеп көрдім. Атақты Ақ Еділдің бір бұтағы қаланы орап, аймалап ағады екен. Сол жерде бір биік тәбе бар. Сол тәбе тұра Салауаттың ескерткіші үшін жаратылған...

— Ойбай-ау ол тіптен шет қой. Онда кім барады?

— Барғанда қандай! Белгілі-белгілі сөuletкерлеріңізben сырласып көрініз. Түбінде сол төбенің түбіне облыстық партия комитеті, облыстық атқару комитеті, бір сөзбен айтқанда, саяси-мәдени басшылық көшіп барады. Қаланың өсу тенденциясы солай!

Уфандың және автономияның басшылары ұзак ақылдасады, ұзак кеңеседі. Ақыр аяғында мұсіншінің ұсынысын қабылдайды...

Биік төбенің басына орналасқан сол керемет ескерткішке көзім талғанша қарадым. Башқұрт тұмағын киген батыр. Қолында қамшы. Айғыр арынданап аспанға шапшып тұр. Ені ен емес, оқтаулы зеңбіректей үңірейген аузын отаршылдарға қарай бұрып қойған.

Қарақалпақстан бір кездे Қазақ Республикасының құрамында болған... Бірақ біздің бүгінін ғана ойлайтын шикі шенеуніктер өкімшілік қарым-қатынасқа қызын деп Қарақалпақстаннан өз еркімен бас тартқан, бұл барыш тұрған ақымақтық еді. Бұл жай ғана бере салу емес, туысты және туысқандық идеяны сату, сатып жіберу еді.

Құндердің күнінде сол қарақалпақ халқы жетім қалғандай, өте ауыр жағдайда... Олар бізге тек түркілігімен ғана емес, қай-қай жағынан да жақын. Тілімізде пәлендай айырмашылық жоқ. Ал руларының өзі біздің руларымызбен үштасып жатады. Ашамайлы, Бағаналы, Байбақты, Қоңырат, Қыпшақ, Қарақыпшақ, Қанжығалы, Қаңлы, Қарамаңғыт, Маңғыт, Сүйіндік, Тарапты, Үйсін деген рулар екі жаққа бірдей емес пе? Осындағанын, осындаған бауырларды өзбектердің сұық құшагына итере салу ешқандай ақылға сыймайды.

Өз басым жүрген жерлерімде, мүмкіндігімше, түркі халықтарының сөздіктерін жинап жүрем. Қарақалпақстанда мен екі рет болдым. Бірінші барғанымда-ақ мен Дәulet Аймұратов деген қарақалпақтан “Қарақалпақша-орысша сөздігін” қалап алдым. Сол сөздіктің құрастырылуына, ышығуына үлкен еңбек сіңірген адам, көбімізге белгілі ғалым, профессор Н.А. Басқаков. Сонда сол сөздікте қарақалпақ тайпалары мен руларының тізімі бар. Жоғарыда аты аталған руларды мен осы сөздіктен ал-

дым. Және осы барысымда Мөтен Сейтниязов деген қарақалпақ ақынымен таныстым. Өз басым жалпы ру сұраспайтын адаммын. Әңгіме үстінде сол ақын маған:

— Мениң руым Байбақлы! — деді.

Мен елең ете қалдым

— Қайталап айтшы! — дедім.

— Байбақлы!

Қарақалпақтардағы “лы” журнағы бізде де бар. Бірақ ол көбіне-көп “ты” болып қатқыл айтылады. Демек, “Байбақлы” біздің тілде “Байбақты”. Сырым Датұлы да Байбақты. Сырым көтерілісі жеңіліс тауып, оның ауылы, руы құғынға үшыраған кезде, түгелге жуық сол қарақалпақ жеріне көшіп кеткен. Сырымның сүйегі де сол жақта жатыр. Мениң руым да Байбақты. (Он екі ата Байұлы). Сөздің реті келгенде айта кетейін маған өткен жылды қазақтың белгілі суретшісі Салауат Өтемісов:

— Маған бірде Қоңыр, мүмкін болса, тірі Байбақтыны көргім келеді деді. Өкінішіне орай, мен ол кезде сіздің Байбақты екенінізді білмедім ғой! — деді.

— Ол өзі Байбақты ма еді? Венгрияда жүрген қайдағы Байбақты? Олар осыдан мың жыл бұрын Қазақстанның үстімен көшкен ғұндар емес пе? Соларға ере кеткен ағайындар шығар... Не солардан үзіліп түскен бір түйме шығар...

— Қоңырдың Байбақты екені рас өйтеуір. Кім екендерін ұмытпай, өздерінің кім екендерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған ғой...

— Сонымен ол көзінің тірісінде бір де бір тірі Байбақтыны көрмей кетті ме? Өкінішті... Мен онымен бір-ақ рет жолықтый. Жазушылар одағының кафесінде бір сағаттай отырып конъяк іштік. Қап! —

дедім мен. Сол ру сұраспайтыныма бірінші рет өкініп.

Әңгіме мұнымен де аяқталмайды. Менің әйелім бірде немересін домбыра мектебіне апарып жүріп, сол жерде Қоңырдың әйелімен жолығады. Ол өзінің жалғыз ұлын домбыра үйрету үшін апарса керек. Олар сол жерде танысып, Қоңыр марқұмның әйелі мен ұлын әйелім үйге ертіп келеді. Әйелінің аты Айша, өзі адайдың қызы екен. Қоңыр марқұм дүниеден өткен кезде осы баласына жүкті болса керек. Егер ұл тапсанғ, атын Аттила қоямыз деген ғой. Бірақ тағдырың аты тағдыр, ойда жоқта сапарда жүріп опат болады. Жесірі аман-есен босанып, ұлының атын Аттила қояды. Сөйтіп мен Аттиламен туысқан болып шыға келдім. Өйткені бұл Аттиланың Байбақты екені анық... Пенделік қой... Қоңыр ұлына басқа ат таппағандай, неге Аттила деп атаған? Сол ана өйгілі Аттиланың өзі Байбақты болып жүрмесе деп ойлаймын. Ойлаймын да құлемін.

Бір ғажабы, қайда барсам да мен бір қызыққа жолығам да жүрем. Осыдан он шақты жыл бұрын Анатолияда дүние жүзі түркі халықтарының бас қосқан бірінші құрылтайы өтті. Ол құрылтайға дүниенің түкпір-түкпірінен біраз адам келді. Көптеген жерлерді аралатты. Кісілер көп болғаннан кейін үлкен-үлкен автобустармен жүрдік. Сондай бір сапар үстінде менімен қатар, бірақ басқа орындықта отырған екі түрік маған қарап қойып бір-біріне:

— Фызыл дері!

— Иә, фызыл дері! — деп мәз боп отырды. Бір кезде сол екеуінің бірі менің жанымдағы бос орындыққа ауысып:

— Біз Америкадан келген түріктерміз, сіз қайдан келдіңіз? — деді түрікше. Мен өзім филологияны бітірген адаммын. Сөздіктермен жұмыс істеймін. Реті

келгенде өзөрбайжан жөне түрікмен ақындарын түпнұсқадан қазақшага аударғанмын. Бұлардың бәрі де түркі тілінің оғызын тобына жатады. Үқыпты тыңдасаңыз түсінбейтін ештеңесі жоқ. Оның түрікшесін де тәп-тәуір үқтый.

— Мен Қазақстаннанмын. Қазақпын! — дедім қазақтың қатал дыбыстарын жұмсарта сөйлем.

— Біз сізді Американың көне түрғыны, яки ғызыл дерісі екен деп ойладап едік. Аумайсыз солардан. Бет-келбетіңіз, өсіреке мұрныңыз, ұзын шашыңыз солардан аумайды. Сіз өзіңіз оларды көрген жоқсыз ба?

— Жоқ, мүмкіндігім болған жоқ.

— Көрсөңіз, өз көзіңізбен көрсөңіз, туысқаныңызды тапқандай боласыз.

— Мүмкін...

Мені көргенде үйғырлар — үйғырша, татарлар — татарша сөйлейді. Біздер Мәскеудегі “Араат” ресторанында бір топ қазақ болып тамақ ішіп отырғанбыз. Бір армян келді де маған армянша сөйлемді. Мен армянша бір сөз де білмеймін. Бірақ:

— Пожалуйста! — дедім мен оған орысшалап.

Ол менің жанымда тұрған бос орындықты алды да:

— Спасибо! — деді.

— Сен өзің немене, армянша білетін бе едің? — деді дастарқандас жігіттерім.

— Жоқ, білмеймін.

— Білмесен, неге “пожалуйста” — дедің.

— Ол бір қолымен орындықты ұстап тұрып бірдене деді ғой. Мен соны сұрап түр екен деп ойладым. Болжамым дұрыс шықты ғой, көрдіңдер!

Кейбіреулер кейде орыс екен деп қалады. Бірде троллейбустың аялдамасында көлік күтіп тұрған-

мын, екі қазақ жігіті келді. Біреуі маған:

— ПрикуриТЬ есть? — деді орысшалап. Жаңа ғана екеуі өзара қазақша сойлесіп келе жатқан, ал маған орысша тіл қатты.

— Айналайын, мен өмірі аузыма шылым алған емеспін! Еңді шегіп жарытпаспын! — дедім. Ол маған таңдана бір қарады да, әріректе түрған қазақ қыздарына барып қазақша бірдене деп еді, олар орысша жауап берді. Ештең түсінбеген сол пұшайман жігіт жолдасының жанына оралып:

— Бүгін өзі не болып кеткен? Орысқа барыш орысша сейлем едім, ол маған қазақша жауап берді; қазаққа барып қазақша тіл қатып едім, ол маған орысша жауап берді. Түк түсінсем бұйырмасын! — деді.

Тілмен, тілдің тағдырымен ойнауға болмайды!

Тіл — ұлттың ең басты атрибуты, белгісі. Одан айырылған халық ең алдымен ұлттық қасиетінен, ұлттық даралығынан айырылады. Менің пайымдаудымда осыны ең бірінші бол сезген және қасарысып күрескен қайсар республика Эстония еді. Аумағының кішілігі жағынан да, халқының аздығы жағынан да ұлт республикаларының ең соңында тұратын Эстония мені кереметтей таң қалдыратын. Міне, сол республикада бір жылдары Қазақстан өдебиеті мен мәдениетінің апталығы өтті. Оны Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары Шәңгерей Жәнібеков басқарып барды. Ал Жазушылар одағының бірінші хатшысы Жұбан Молдагалиев. Ұлттық саясатымыз жағынан біздер мен эстондардың арасы жер мен көктей екен. Барғанымыздан кеткенімізше осыны сезінумен болдық. Екі республика жазушылары бас қосып сұхбаттасқанда бірінші болып Эстония Жазушылар одағының төрағасы жанына аудармашы алыш отырып, өзі

эстонша сөйледі. Онысы орысша білмегендігі емес – өздерінің ұлт екендігі, ел екендігін баса көрсету.

Барған елде, барған жерде алдымен кітап дүкендерді аралайтын өдетім бар-ды. Сол ауруыммен Таллинн дүкендерін бір сүзіп шықтым. Эстонша мен түсінбеймін. Маған керегі орыс тілінде шыққан кітаптар. Бірақ ондай кітаптар емге жоқ екен. Жоқ болатын себебі, Эстония орталықта басылатын кітаптарға жалпы тапсырыс бермейтін көрінеді.

Біздің әншілер, әншілер ғана емес, жалпы музыканктар негізінен европалық бағдарламамен барған-ды. Еуропаны Еуропамен таңқалдыруға болмайды. Бірақ орталықтан тапсырма осылай берілді ме, өлде өзіміздің пысықайлар, аты қазақ, заты мазақ саяз шенеуніктер солай шешті ме – ұлттық музыкаға мұлдем мән берілмеген.

Ақын-жазушыларға ешкім ешқандай қысым жасаған жоқ. Әркім өзінің қалаған өлеңдерін оқып, көңілдегі ойларын ортаға салды. Менің “Қызыл кітап” деген өлеңім бар еді, оны кезінде “Жұлдыз” жариялауга батылы бармай, өзіме қайырған-ды. Мен оны орысшаға аударып, Ленинградтың “Звезда” журналына бастырғанмын. Соны көргенде сол кездегі “Жұлдыздың” редакторы Бекежан Тілегенов өзінің қорқақтығы үшін менен кешірім сұраған еді. Эстондармен кездесу кешінде мен сол өлеңнің орысша аудармасын оқыдым. Кештің соңында өзімізben бірге жүрген Леонид Кривошеков:

– Өлеңің жақсы екен, аудармасы да маған ұнады. Өзің де мықты оқыдың! – деп құттықтады. Өлеңнің жақсы екенін ішім сезетін. Бірақ мықты оқығаныма күдігім бар. Әйтсе де Кривошеков “өте жақсы оқыдың” деп айтқанынан қайтпады.

Сол кештен кейін эстон өріптестерімің маған деген көзқарастары да өзгеріп қалды-ау деймін. Маған деген ізет-ілтифаттары мұлдем басқаша бола бастады. Мери Лернет деген бұрыннан таныс жазушысы мені іздеп келді. Үйіне шақырды. Ол Қазақстанда айдауда болған “ұлтшылдарының” бірі. Алматыда жүрген жерінен Мұрат Әуезов біздің үйге ертіп келіп қонақ болып кеткен-ді. Кейін Кеңес өкіметі ыдыраған кезде сол Лернет егемендік алған Эстонияның алғашқы президенті болып сайланды.

Бұл сапарда біз Кеңестер Одағындағы ең көне оқу орны – Тарту университетінде болдық.

Көрнекті эстон жазушысы, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері Юхан Смуудың туған аралы Мухуда, оның кіндік қаны тамған Когува деревнясында болдық. Бұл сыйлықтарды кімдер алмаған! Алуға лайықтылар да алған, лайықты еместер де алған. Сол лайықты жазушының бірі – осы Юхан Смуул. Оның “Мұз кітабы” маған қатты өсер еткен еді. Шұрайлы шығарма еді. Сол кітап арқылы мен эстон халқын да жақсы көріп кеткенмін. Бір ғажабы, бұл халық – қайсар халық. Бұл халықтың тілі угро-финдер тобына жатады. Ал оларға ең жақын халық, бір ғажабы, өзімізге таныс ханты-мансылар. Таң қаласың. Бірақ таң қалатын нөрсе өте көп. Ертеректе қазіргі Мәскеу орналасқан төңіректе финдер тұрган. Ал Берлин орналасқан жерде бір кездері орыстар, шығыс славяндары өмір сүрген. Ұлы босқын (Великое переселение) кезінде дуние жүзінің халықтары атамекендерінен қол үзіп, қайда барып тоқтағандарын өздері де сезбей қалған. Юхан Смуул Антарктидаға бара жатып, Австралияға жолай соғады. Сонда Аделаида деген жерде алты жүз эстон тұрады екен. Эстония қайда, Австралия

қайда? Көз алдыңызға елестетіп көрініш! Міне сонда, пәленбай шақырым жердегі бір бейтаныс өйелмен сөйлесіп көргенде, Юхан одан:

- Шешеңіз кім болады? — деп сұрайды.
- Неміс қызы! — деп жауап береді ол.
- Ал өкеңіз ше?
- Орыс!
- Сонда сіз кім боласыз?
- Кім болушы ем? Эстонмын, өрине! — деп жауап береді.

Біздерде өкесі қазак, шешесі қазақ ағайындардың өздері де қазақпын деп айта алмайды. Өйткені қазақпын деген сезімнен жүрдай. Біздерді құртып жүрген міне солар...

Кейде жаңың жүден, жүрегің қан жылайды. Осы біз қашан Ел боламыз? Осы біз қашан Қазақ боламыз деп түнімен дөңбекшисің. Эстон деген сөз, Өзбек деген сөз, мысалы ұлттың аты ғана емес — елдің басын біріктіретін ұран. Ал “қазақ” деген сөз әлі ұранға айнала қойған жок. Біздерге өкінішке орай, ұлттың атынан гәрі рудың аты қымбаттау. Қазақ тарихында рудың атқарған қызметі үлкен. Оны түсінемін. Бірақ енді ол кертартпа күшке айналды. Бара-бара ол қазақ деген халықтың, ұлттың, мемлекеттің тұтастығына зиян келтіруі мүмкін.

Оз басым, жасырмаймын, туысқандықты қатты бағалаймын. Ол біздің ең жақсы қасиеттеріміздің бірі. Бірақ туысқандық дегенді дұрыс түсінуіміз керек. Мысалы, біз айтып отырған Эстонияда Эйнерлер (бұларда фамилия ру есебінде ғой) XIX ғасырдан бастап шіркеу кітаптары арқылы қазбалап отырып, 1683 жылдардағы өмір сүрген атalaryна шейін тапқан. Осы іздеу, зерттеу, мұрагаттарға үңілу арқылы Эйнер үрім-бұтактарының

картасын жасаған. Сол күжаттар бойынша, Эйнерлер Эстонияның он үш қонысында, Эстониядан тыс КСРО-ның жиырмада төрт елді мекенінде омір сүретін болып шығыпты. Олардың біразы бүгінде он шакты ұлттың құрамына сізіп ұлгерген екен. Біразы орыс, біразы латыш болып кеткенге үксайды.

1811 жылы Хиуа хандығы қарақалпақтарды Сырдың төменгі етегінен олардың қазіргі соңғы мекеніне шейін ысырып, қыптықкан. Бұл халық бүгінде тығырыққа тірелген. Өте ауыр халде. Құндердің бір күнінде олар ұлт ретінде мұлдем құрып кетуі де мүмкін. Ерте ме, кеш не оларды өзбектер жұтып тынады.

Соңғы жылдарға дейін сахалар да (якуттар) өздерін-өздері басқарып, өз байлықтарының орталықтан (Мәскеуден) қалған сарқытына мәз болып омір сүріп жүрген. Соңғы сайлаудың бірінде президенттіктен айырылды. Қазір орыс басқарады.

Осындай қауіп Башқұртстанның басына да тоніп. Президенттіктен олар да айырылып қала жаздады.

Біз білетін, біз әңгіме қылыш отырған аз халықтың, аз ұлттың ішінен өзірше айдаһардың аузынан жырылып шыққаны эстондарғана.

Осылардың қай-қайсысы да біздер үшін сабак болуға тиіс.

Естеліктің дәл осы түсінда Константин Симоновтың бір шумағы есімеге түсіп отыр:

В нас есть суровая свобода:
На слезы обрекая мать,
Бессмертье своего народа
Свою смерть покупать.

Ел бостандығы, халық бақыты, үлттық арман ешқашанда арзанға түскен емес.

Мәскеу – Алматы бағытымен ұшып келеміз. Бүкілодактық жазушылардың кезекті бір съезіне келеміз. Арамызда қонақ ретінде шақырылған тортбес ақын-жазушы бар, қалғандарымыз түгелдей делегатызыз. Жалғыз үшқаннан горі қошып үшқанғанибет. Қатар-қатар отырып уақыттың қалай откенін де сезбейсің. Мен ұшактың сол жақ қапталында иллюминатордың түбінде отырмын. Астананың үстінде ұшып жүрміз. Қонатын да көзіміз болған. Эне қонамыз, міне қонамыз деп қобалжып отырмыз. Менің орным дөңгелектің (шассидің) дәл үсті екен. Әлсін-әлсін тыр-тыр етеді. Сөл тоқтайды да қайтадан тыр-тырлайды. Біраздан кейін түсіндім. Самолеттің бауырындағы бүгіл алған шасси шығайын дейді шыға алмайды, шығайын дейді шыға алмайды. Біраз уақыт өтті. Мәскеуді шыр айналып ұшып жүрміз, ұшып жүрміз.

Алматы рейстері көбіне-көп Внуково аэропортына қонады. Неге екені белгісіз өуелден солай. Бір кездे стюардесса ұшак Шереметьевага қонады деп хабарлады. Терезенін түбінде отырған адамның бір артықшылығы – бөріне қарап, бөрін көреді. Байқаймын, астанада жаңа ғана нөсер құйып өткен сияқты. Айнала шалшық, айнала көлшік. Қаптаған “жедел жәрдем” көліктепі. Көп болғанда да көп. Көдімгі бір автопарк. Қысқасы, бір сағаттан артық ұшып әренде қондық. Қонғаннан кейін барып білдік. Шассиіміз шықпай қойғаннан кейін диспетчер ұшқышқа бензинің біткенше ұш, біткеннен кейін барып шалшыққа қон деп бүйрый бергенге үқсайды. Әлгі қаптаған “жедел жәрдем” көліктепі сол қауіпті жағдайға байланысты



шақырылған болып шықты. Бірақ жаратқан жар болып, аман-есен қоныспыз. Мениң мұндай ұзақ сапарларда үнемі қалтамда жүретін бармақтай ғана сувинир Құраным болатын. Енді ғана байқадым: сол қолымда жүр. Құдайсыз заманда туып тәнірін мойындармай өскен атеист “батырың” жаңы қысылғанда “Құранға” жармасқан ғой! Өзімнен өзім күлгөн болдым. Бірақ ол қайбір жетіскен күлкі дейсің. Қаша дегенмен, Алланың арқасы болуы керек, аман-есен Жер-ананың құшағынан бір-ақ шықтық...

Бұл менің аспан апатынан бірінші рет аман қалуым емес. Екінші рет. Бірде, қай жылы екені есімде жоқ. Бір ұлken тойға барған болуым керек, Орал аэропортында барлық тексерулдерден өтіп, самолетке отырып, құрыш қанат құсымыз біраз жүгіріп барып тоқтады.

— Самолет үшпайтын болды. Техникалық септерге байланысты бұл ұшақ бүтін үшпай, ертең ұшады... — деді. Сөйтіп, самолет қарқын үстіне қарқын алыш, жерден көтеріле бергенде дөңгелегі өртенилті. Біз түскен кезде оның өлі де сөніп үлгере қоймаған тұтінін көрдік. Егер біз сол үшқаннан ұшып кеткен болсақ, Алматыдан емес, о дүниеден бір-ақ шығады екенбіз.

Ежелгі заманда Анахарис деген бір данышпан айтқан екен: “Адамдардың үш түрі бар: бірі — тірілер, бірі — өлгендер, бірі — теңізде жүргендер” деп. Сол үшіншісін — теңізде жүргендер емес, көкте жүргендер деп өзгерсек дұрысырақ болар еді.

Өлім дегенің өлім. Одан қаймықпайтын адам жоқ шығар. Ерте ме, кеш пе — алатын ажал қайткенде де алыш тынады, өрине. Әйтеуір бір келетін өлімге мойынсұну — жасықтық емес. Оның өзі



адами ақылдың белгісі. Одан қорқып керегі жоқ. Шынын айтсақ, адамның көбі мен өлемін-ау деп қайғырмайды, артымда қимастарым: бала-шағам, көп жыл отасқан қосағым, жақын-жұығым, дос-жарандарым қалады-ау деп қайғырады. Оның үстіне біздер, өнердің, сөз өнерінің өкілдеріміз... Ана шаруам бітпей қалды-ау деп, мына шаруам бітпей қалды-ау деп өкінуіміз мүмкін... Міне, осындай ойлар бірінен соң бірі келіп, сол түні мен біразға шейін үйіктай алмадым.

Бала кезімде және бозбала кезімде маған ажал екі мәрте ит болыш жармасқан-ды. Бірінші рет біздің үйден үш-төрт шақырым жерде тұратын қойшы нағашыма барам деп адасып кетсем керек, басқа бір шопанның отарына тап болыптын. Мені алыстан байқап қалған нағыз бөрібасар, тайөгіздей үлкен төбет маған қарай бет алып, құйындастып келе жатты.

— Таусоғар! Таусоғар! — деп айқайлаған иесін тыңдамай екпіндеп келіп те қалды. Бастауыш сыйныптарда оқып жүрген тіpten бала кезім. Қорыққаннан даусым да шықпай, тіpten қашуға да шамам келмей, ес жоқ, түс жоқ телміріп тұрып қалсам керек. Әлгі алапат үлкен ит құйындастып келіп жетті де үрып етті. Мен, өрине, бірден үшып түстім. Үшқанда да қалпақтай үштым. Бір емес, біrnеше мәрте аунап тұрған тәріздімін... Бір мезгілде жан үшырып иттің иесі де келіп жетті. Құлатуын құлатып, бірақ таламағанына таңқалған қойшы итін ұстап, ырсиган аузын ашиақ болыш еді, аша алмады.

— Е-е-е! — деді ол. — Бәсе, жағың қарысып қалған екен ғой. Әйтпесе,.. Әйтпесе, бұл адам түгіл, қасқырдың өзін жүндей түтетін дүлейдің өзі емес

пе? Құдайың бар екен? Құдайың! – деп үйіне алыш барды. Айран-майран беріп, жағдайымды айтқаннан кейін нағашымды таниды екен, атына мінгестіріп, апарып салды!

Бір ғажабы, осыған үқсас бір жағдай студент кезімде екінші рет қайталанды. Алматыда пәтерде тұратын бір-екі жерлесім бар-ды. Соларды іздең барғам. Ол үйдің де үнемі байлаулы тұратын қабаған иті болатын. Үргенің өзі үрей. Сұсты. Қорқынышты қасқыр ит. Үйге кіретін есіктен аулағырақ жерде шынжырлаулы тұрады. Бейтаныс біреу-міреуді көргенде, ата жауын көргендей аузынан суы ағып, көзі қанталап кетеді. Бар күш-қуатымен жұлқынғанда темір шынжыр шыдамай бір жерінен үзіліп кетердей. Зәрең кетеді... Бұл жолы сол шынжыр шынында да үзіліп кетті. Біттім деп ойладым. Қалай қорыққанымды, қалай сасқанымды суреттеп жеткізу мүмкін емес! Бірақ, бір ғажабы, мен ғана емес, үзіліп кеткен кезде, не істерін білмей, иттің өзі сасқан сияқты, құйрығын бұлғақтатып, қыңысалап кері қашты. Үйшігіне кіріп, иесі шыққанша жатып алды. Иесі шығып еді, құйрығын бұлғақтатып жетіп келді. Маган тіпті мән берген жоқ.

– Невероятно! Невероятно! Как он сорвался! Как он не разорвал тебя! Странно! Странно! – деді қожайыны.

Шынжыры үзіліп кеткен, босанған иттің, долы иттің мені қаппағаны менің де ақылымса сыймайды. Мен өзі ит жылы туғанмын. Соның бір қатысы жоқ па екен деп те ойлаймын. Солай болуы да мүмкін фой. Бұл өмірдің құпиясына кім жетіп болған.

“Японцы” деген кітаптың ит жылы туғандар жөнінде мынандай бір сөзі бар: “Всеми прекрасными



человеческого характера, по японским поверьям, рождение в год Собаки. Собака лояльна, верна, честна, в ней развито чувство долга... Она великодушна и бескорыстна... Она не любит всякие сборища, толпу.

Люди, рожденные в год Собаки, всегда были поборниками справедливости. Любая несправедливость вызывает у них протест и они бросаются в бой за правое, по их мнению, дело... Собака бывает хорошим руководителем в промышленности, активным профсоюзным деятелем, воспитателем. Но чем бы она ни занимает, она остаются идеально честной..."

Осы мінездеме менің де болмысым сөйкес келеді деп батыл айта аламын. Жұз миллион жапон халқы бұл түйінге тектен-текке, қалай солай келе салмаған шығар.

Негізгі өңгімеме қайтып оралайын. Жоғарыда жазып өттім. Аспан апатынан аман қалып, қонақ үйге келіп орналасқаннан кейін, шынында да көңіл күйім бола қойған жоқ. Өңшең бір қыын кездерім, ауыр кездерім есіме түсіп дөңбекши бердім. Ал ондай күндер менің басымнан көп өткен. Өлім аузынан қайтқан сөттерді еске түсіру – өлім аузына тағы бір барып қайтқанмен бірдей... Бірақ естелік адамға бағынбайды...

Заманың түзу кезінде Қара теңізге жиі-жиі барып тұратынбыз. Менің өзім өзен бойында туып, бүкіл балалығым сол өзеннің жағасында өткен. Жақсы малтимын. Қара теңіз – ұлы теңіз. Сол ұлы теңіздің біраз жеріне шейін жүзіп барып жалғыз өзім шалқамнан жатып дем алатынмын. Сөйтіп жан рақатына батып, жүзіп жүргенімде бір аяғым құрысты да қалды. Құрысқан жер құр сіресіп қана қалмайды,

арқан ескендей бүкіл бұлшық етінді бұрап денең үршықша айналады. Мұндауда адамға ең керегі сабыр. Үрейге берілсең – су түбіне кеттің. Құдай сақтағысы келген болуы керек, сірө. Қын да болса сабыр тұтып, су ішінде шыр айналып жүріп, құрысқан аяғымды уқалауга кірістім. Тенізшілер әдетте ішкіміне (трусиғіне) түйреуіш қадап жүреді. Құрысқан жеріне түйреуіш шашысаң, құрысқаны бірден тарайды. Менде түйреуіш жоқ. Енді не істеймін. Бар болғаны жанымды салып, уқалай бердім, уқалай бердім. Абырой болғанда сол өрекеттімнен нәтиже шығып, аман-есен жағаға жеттім.

Бала кезімде де су мені бір рет жұтып қоя жаздаған. Онда жағалауда мал суаруға келген бейтаныс біреу көріп қалып, ажалға ара тұрған еді. Енді міне, екінші рет...

“Қырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің” дейді қазақтар. Ең бір қын, ең бір қауіпті сөтті мен екінші курста оқып жүргенде басымнан кешкенмін. Күздің қара сұық құні еді. Екінді ауып бара жатқан шақ. Қасымда өрі курсас, өрі қаламdas, көңілдес ақын досым Еркін Ібітанов бар. Жиырма сегіз Панфиловшылар паркіне кіріп келе жатқанбыз, қақпадан өте бергенде алдымыздан сақалмұрты өбден өскен, жейдесінің жені түрулі, қолсағатынан шынтағына шейін қалың жұн қаптағ өскен бір дүлей жігіт ойқастап шыға келді. Қай ұлттың, қай халықтың өкілі екені белгісіз. Анығы – өйтепеүр қазақ емес. Орысша бірденелерді айтыш, менің шыбықтай жіңішке білегіме жармаса кетті. Екі көзі қып-қызыл, қанталап тұр. Қолдары да қуатты екен, сіңірлі саусақтары сығымдал алғып барады. Көзіме бірден түскені – селебе пышақ. Бөрі оқыс, бөрі тез болғаны соншалық, тіпті көдімгідей қорқып та

Ұлгере алмадым. Құдай маған о бастан еңгезердей дене бермеген. Мектеп бітіргеніме де бір-екі жыл. Небары екінші курстың шәкіртімін. Сидиған арықпышын. Оның үстіне жартылай ашпын. Жел соқса ұшып кеткелі тұрмын. Освенциумнан осы жаңа ғана шыққан шыңжау еврей сияқтымын. Оған, әлгі тұла бойы жұн-жұн болған жабайы күшке қарсы тұрар қауқарым жоқ. Ол өткір көзімен ішіп-жеп тесіреіле қарады да “мына мелюзганы өлтіріп абырай алмаспышын” дегендей қысқаштай қуатты қолымен сілкіп-сілкіп итеріп жіберді. Әлденеден секем алды ма, әлде бірдеңені байқап қалды ма, парктың күнбатыс қақпасына қарай жүгіре жөнелді.

Қасымдағы Еркінге қарасам қызыл шырайлы бетінен қаны қашып, боп-боз боп кетіпті. Ол менен де гөрі қаттырақ қорықса керек, тілі күрмеліп қалыпты. Біразға шейін сөйлей алмады.

Өстіп анда-санда бір үркітіп, бір қорқытып қойып, тағдыр мені өзірше аман сақтап келеді. Рас, алпысқа тола сала, дәлірек айтсам, алпыс бір жасымда, яки мүшелімде менің жүрегіме қаяу түсті. Содан бері мен ЭКГ-ден қорқамын. Он кардиограмманың тоғызы ойбай салып, безектеп тұрады. Мені қойши, менен бұрын дәрігерлердің зәре-құты қашып, жатыңыз, емделіңіз деп бәйек болады. Солардың талабымен ауруханаға бірнеше мәрте жатып шықтым. Құдайға шүкір, өзірше жер басып жүрген жайым бар.

Қалай қабылдауға, қалай түсінуге болады? Осының бәрі бірінен кейін бірі келген қабат-қабат кездейсоқтық па? Егер мән-мағынасы үқсас қауіпке толы құбылыстар бір емес, бірнеше мәрте қайталанса, ол өзі жай ғана кездейсоқтық емес, занғылық болып шықпай ма? Ал егер занғылық болып шық-



са, мені осынша аласапыран, алақұйын жағдайдан аман алып қалып, желеп-жебеп жүрген қандай күш, қандай құдірет?

...Біраз дүние жазылды. Жазылмағаны бірақ одан да көп. Үш-төрт есе көп. Оның да себебі жоқ емес. Өйткені, кейіпкерлерімді, көргендерім мен білгендерімді барынша сұрыптап алдым. Біреу-міреуді ренжітетін, шала-шарпы білетін немесе көңілім қаламаған дүниелерді кейінге қалдыра тұрғанымды дұрыс деп таптым. Қысқасы, қағазға түспей қалған естеліктерді, байқаймын, енді жазып жарытпаспын. Ең басты себебім – шаршадым. Елу жыл бойы үзбей жазып келемін. Мәңгілік двигатель төрізді жұмыс істеппін. Бірер күн, бірер апта, бірер ай қағаз-қаламнан қол үзіп қалған кездерім болған шығар, бірақ он екі ай, яки бір жыл жазбай кеткен кезім болған жоқ.

Заманымыздың ең әйгілі жазушыларының бірі Жорж Сименон осыдан бірнеше жыл бұрын жетпіске толды. Бельгия оны мемлекеттік деңгейде кереметтей атап өтті. Жетпіске келген жазушының жетпіс томын басып шығарды... Міне сол кезде Жорж Сименон бір журналиспен сұхбаттасып отырып: “Шаршадым. Енді жазғанды қоямын!” деп айтып қалды және айтқанын істеп сол кезде тірі, ауру анасының басында отырып, шешесін бақты, күтті. Анасы дүние салғаннан кейін “У изголовия матери” деген кітап жазды. Мениң анам осыдан төртбес жыл бұрын ғана қайтыс болған... Демек менде ондай қауіп жоқ. Дем алсам деген ойым бар...



Kosmosz





Отызыншы жылдар біраңы

Мерзімдік баспасөздің куәландыруына қаранды комсомол-жастардың алпыс тоғызы пайызы жеке адамдарға табыну және Сталиннің өзі саналы түрде жүзеге асырған қиямет-қайым қақында алаңсыз қопара жазуды қаласа, он сегіз пайызы мұндай әшкере мақалалар социалистік қоғам идеалына кәдімгідей сенімсіздік тудырады деп есептейді екен. Ал аға буынның басым көпшілігі, кейбір жерлерде тіпті түгелге жуық, “халыктар көсеміне” шаң жуытқысы келмейді. Негізінен, отызыншы жылдардың екінші жартысынан басталып, елуінші жылдардың бас кезіне шейін үздік-создық жалғасып келген қанды қасалқа Сталиннің өзі емес, оның айналасы кінәлі дегісі келетіндер әлі күнге аз емес.

Осы өткен жазда қаламызға Қарабұтақтан келіп демалып жатқан ескі интеллигентпен таныстым. Көп жылдар бойы Кеңес қызметінде болған, көзі ашық көнілі таза сол азаматтың Сталинге деген мызғымас махаббаты мені қатты таң қалдырыды. Бірақ қуантпады. Ақылға сыймайтын бір жәйт: әлгі қайсаρ қазактың өз әкесі де, әйелінің әкесі де отыз жетінші жылы “халық жауы” деген масқара айып тағылып, жазықсыздан-жазықсыз атылып кеткен... Сөйте тұра:

— Сталин көп нәрсені білген жок, білсе олай іstemеген болар еді! — дейді.

Отызыншы жылдары оқыс бас көтерген лағынет нәубетке тек қана Ягода, Ежов, Берия, Абакумов, Мехлис, Вышинский, Ульрих, Каганович, Шкирятов,.. сияқтылар гана кінәлі. Олардың не істеп, не қойғанынан Сталин мүлдем хабарсыз болды деу тіптен ақылға сыймайды. Ауыл-аймақ, көршікөлемінен басқа ешкім таныс емес бір Иван мен Микола, бір Мәмед пен бір Карапетті, бір Ян мен бір Василь, бір Тәшмәт пен бір Сейсенбайды үн-тұнсіз айдал кетіп, үн-тұнсіз атып тастағанын Сталин білмесе білмеген шығар. Тіпті білмей-ақ қойсын!

Бірақ!..

1897 жылдан партия мүшесі, профессионал революционер, тарих, философия, қоғамтану мәселе-леріне байланысты бес жұзден артық ғылыми енбек жазған әйгілі оқымысты Владимир Иванович Невскийді /Сицаны/ калай қамап, қалай атып тастағанын Сталин білмей қалыпты дегенге кім сенеді?!

Кеңестік генетика ғылымының іргетасын қалаған аса әйгілі ғалым Николай Иванович Вавиловтың қалай ұсталып, қалай опат болғанын Сталин аңғармай қалыпты дегенге кім иланады?!

1923-1928 жылдарды қамтитын алғашқы бесжылдық жоспардың негізгі жетекшісі Николай Дмитриевич Кондратьев ше?! Мерзімдік баспасөз берін жалпы әдебиетте “Кондратьевтің жылдығы” аталған бұл кезең және оның авторы Сталиннің есінен оп-опай шығып кетуге тиіс емес. 1938 жылдың ақырабында ол да атылған!

Ал Плетнов ше?! Жалғыз ол ғана ма?! Г.К. Орджоникидзенің шын мәнінде неден және қалай қаза



тапқанын, яки ол кездің мемлекеттік құпиясын ба-
рынша жақсы білген бір де бір дәрігер, бір де бір
куәгер аман қалмаған. Д.Д. Плетновты қудалау бұл
окиғадан гөрі ертерек басталған. 1937 жылдың
сегізінші маусымында бір орталық газет “профес-
сор Плетнов сүзек ауруынан жана ғана айырып келе
жатқан бір бикештің емшегін қыршып алды...” деп
ашықтан-ашық жала жапты.

Сұмдық па? Сұмдық, емес пе!

Әйгілі академиктер Д.Н. Прянишников, П.Л. Ка-
пица, отандық пенициллинді ойлап тапқан белгілі
микробиолог З.В. Ермоловалар болмағанда Л.Д. Лан-
дау, С.П. Королев, А.Н. Туполев, Л.А. Зильбер секілді
ұлы оқымыстырудың қасиетті сұйектері қай жерлер-
де шіріп жатар еді!

Дүние жүзі сыйлайтын Эптон Синклер тәрізді
талантты тұлғалар ара тұспегендеге Сергей Михаилов-
ич Эйзенштейннің қуні не болар еді?! “Александр
Невский” /1938/, “Иван Грозный” /1943-1946/
іспетті классикалық көркем фильмдерін көрер ме
едік, көрмес пе едік?!

Сол ұлы режиссермен қай жағынан да терезесі
тең Всеволод Эмильевич Мейерхольдтың бүкіл
“қүнәсін” анықтауға және оның жарық дүниеден
аттанып кетуіне небары жиырма-ақ минут уақыт
кеткен...

Исаак Эммануилович Бабельдің азаматтық һәм
жазушылық тағдырын “әділ” шешуге Ульрих сияқ-
ты жендеттер одан да аз уақыт бөлген...

“Дружба народов” журналының қызметкери
Эдуард Белтовтың жинаған материалына қараған-
да отызыншы жылдары ұзын-ырғасы мындан артық
ақын-жазушы жаппай опат болып, соншалықты
әдебиетші айдаудың азабын шеккенге үқсайды.



Қаза тапқан сол бір мың жазушының жеті жүзге жуығы одақтық және автономиялық республикалардан болса керек.

Жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы әдемі әдеби процеске белсene араласқан украин жазушыларының бес жүздейі репрессияға ұшыраған.

Армения Жазушылар одағы өзінің арқа сүйер қырық бір ақын-жазушысын жоғалтқан.

Удмуртия, Алтай өлкесі, Солтүстік және Оңтүстік Осетия жазушылары түгелге жуық кеткен.

Атылғаны бар, азаптан өлгені бар – сол мыңдаған жазушының қудалауына, қамауына себеп болған, қажетті документтерге қол қойған өзәзіл әдебиетшілер де жоқ емес. Сондай қиямет-қайым аласапыран заманды басынан кешкен қасиетті қаламгердің бірі Александр Александрович Фадеев... 1956 жылы он үшінші мамыр күні өзін-өзі атып өлтірді. Партиямыздың жиырмасыншы съезінен кейін мезгілсіз қаза тапты демесек, ол да сол отызыншы жылдардың құрбаны еді! Кейбір әріптестерінің жер аударуына амалсыз келісім берген кіріптар басшы, бірақ арлы азамат өз ожданы алдында өзінегінде үкім шығарады. Ал біздің арамызда...

Ешқандай мемлекеттік мәселе шешпейтін, әкімшіліктен өбден аулақ ақын-жазушылардың хал-жағдайлары осындай болғанда ел басқарып жүрген партия-кеңес қайраткерлерінің күндері қандай болмақ?!

1924-1925 жылдары Саяси бюроның құрамына кірген жеті революционерден отызыншы жылдардың басында Сталиннің өзінен басқа бір адам қалмапты! Бұл не деген сөз? Бұл – сол кездері Сталин және оның жандайшап мұридтері саяси және мемлекеттік төңкеріс жасап, айналаларын лениндік

бағыттағы таза революционер-коммунистерден мұлдем бөліп үлгерді деген сөз. Ол тұстары басқа, тіпті Владимир Ильичтің өлерде жазып кеткен партиялық хатын өз үйінде жай сақтағаны үшін талай адам атылған немесе түрмеде шіріген.

Ол-ол ма!

1937-1938-ші актандық жылдары Кызыл әскердің отыз бес мыңға жуық командирі және Бас Штаб офицерлерінің тен жартысы Сталиннің бүйрығы бойынша түгелдей оққа ұшқан. Жаудың оғы емес өз оғымызға! Сексен бес корпус командирінің тен жартысы, он бес әскери қолбасшының он үші, бес маршалдың үшеуі құрбандыққа шалынған. Белгілі публицист Эрнест Генридің жазуына қарағанда жоғарғы дәрежелі командирлік құрамының үштен екісін өз қолымыздан құртыппыз. Мұны да Сталин білген жок дейміз бе?

Төбе шашың тік тұратын бір факт: М.Н. Тухачевский, И.Э. Якир, И.П. Уборевич тәрізді дарынды қолбасшыларды Я.И. Алкснис, В.К. Блюхер, П.Е. Дубенко сияқты солардың өздеріндегі талантты әріптестеріне соттатып, Сталин олардың өзін көп кешікпей өлті ағайындардың артынан жіберген.

Сұмдық па? Сұмдық емес пе!

Әрине, сұмдық! Бірақ Сталин бұған да қанағат етпеген. Бүгінін ғана емес, ертеңін де қауіпсіздендіру керек деп есептеген! Ал Ертең, яки келесі жастардың, комсомолдардың қолында. Ендеше оларды да сау қалдыруға болмайды! Бүкілодактық Лениншіл Жастар Одағы Орталық Комитетінің кешегі, бүгінгі хатшыларының ешқайсысына сенуге болмайды! Күдіктің аты күдік: Оскар Рывкин, Лазарь Шацкин, Петер Смородин, Николай Чаплин, Александр Косарев қыршындарынан киылып, атуға ке-

сілген Александр Мильчаков қана кездейсоқ аман қалған... Айдаудан емес, ажалдан!

Ішкі жауды осылай ойрандап болған соң Стalinнің “қырағы” гвардиясы бауырлас компартияларды, Коммунистік интернационалды талқандауға кіріскең.

Фашисттік Германиямен өзара шабуыл жаса-
мау қақында шартқа отырар алдында, Гитлерге жақ-
сатты көріну үшін, оның сеніміне кіру мақсатында,
Германия Коммунистік Партиясының бір топ бас-
шыларын Х. Эберлейн, Г. Реймел, Г. Нойман,
Ф. Шульте, Г. Киппенбергер сияқты саяси күресте
шыныққан жауынгерлерді отыз жетінші жылдың
алғашкы жартысында-ақ қамап ұлгерген. Париже
турған кейбіреулерін алдаш шакырып алған.

Югославия компартиясынан М. Горкич,
М. Филипович, кейіннірек Чопичті; Польша компар-
тиясынан Э. Прухняк, Я. Пашин, Ю. Ленский,
М. Кошутскаяны; венгр Бела Кунды; Финляндия
компартиясының негізін қалаушы Г. Ровно мен
А. Шотманды; Румыниядағы жұмысшы қозғалысы-
ның белсенді басшыларының бірі А. Доброджяну-
Геряны, КСРО-ға көшіп келген біраз болгар комму-
нистерін отыз жетінші-отыз сегізінші жылдардың
комағай өңеші бір-ақ қылғыған.

Грекия компартиясының Бас секретары
А. Кантас пен Иран компартиясы басшыларының
бірі, Коминтерн атқару комитетінің мүшесі А. Сұл-
тан-заде де солардың кебін киген.

Қалыда кеткендердің ішінде Владимир Ильичті
тура ажалдан арашалап, кезінде өзін ойланбай оққа
тосқан швейцар интернационалисті Фриц Платтен.
Ол 1938 жылы қамауға алынып, 1942 жылы лагерь
лазаретінде дүние салған.

Сұмдық па? Сұмдық емес пе!

Осының бәрін Сталин білмеді дегенге кім сенеді!
Әрине, біледі. Білгенде қандай!

Сталин ғана емес, басқалар да біледі. Бірак білгенде не істейді! Не істей алады?! Түбінде бір пәле шықса осылардан шығады-ау дегендегі Калинин мен Молотовтың әйелдерін қамауға алып, Кагановичтің өзімен бір туған бауырларын түрмеге қамап /біреуі өзін-өзі атып өлтірген/, бәрін бірдей кіріптар ғып, тырп еткізбей ұстаған. Осының бәрін өз көздерімен көріп, түк істей алмай, тығырыққа тығылып, амалда-ры құрыған Г. Орджонидзе, М. Томский, Я. Гамар-ник секілді сезімтал коммунистер абақтының аза-бын шеккенше атылып өлгендерін дұрыс көрген. Мұндай қым-қиғаш оқиға, қып-қызыл қанды сю-жет Шекспирдің де түсіне кірмеген шығар!

Ал КСРО Бас прокуроры А.Я. Вышинскийдің өзі бір кездері Ленинді тұтқындау жөніндегі ордер-ге қол қойған қарабет болса, мына істеп жатқанда-рымыздың бәрі бірдей қиянат деп қалай айтпақ! Бұл драманың бас режиссері Сталин жолдас оның бәрін жақсы білген, жақсы түсінген!

Тіршілік қаншалықты қын, қаншалықты қия-мет болған күннің өзінде өмірден қол ұзу одан да гө-рі қындау! Бірак, соған қарамай, отыз жетінші жыл-дары өзін-өзі атып өлтіру – қиянатқа қарсы курес-тің белгілі бір формасына айналған. Қаншалықты жа-ның ашыса да, қаншалықты емірене егілсең де кейбір ағайындардың өзін-өзі атып өлтіргендері тілті дұрыс болған ба деп те ойланасын. Өйткені нағыз тозак о дүние ғана емес, осы дүниеде Ежов пен Берияның түрмесінде екеніне талайлардың көздері жеткен.

Профессор Н.Д. Кондратьевті бірнеше тәулік бойы есін жиғызбастан, кіргік ілдірмestен шакши-

ған жарық шамның астында ұстаса, Н.И.Вавиловты құніне он сағаттан тік тұрғызып жауап алған. Бұл азап бір емес, екі емес, төрт мәрте қайталанған. Бір кездегі КСРО Жоғарғы Кенесінің депутаты, Орталық Комсомол Комитетінің хатшысы В.Ф.Пакина тасбауыр тексерушілердің алдында бірінші құн нәр татпастан отыз алты сағат, екінші ретте елу сегіз сағат аяғынан тік тұрған.

Лефортов түрмесінің бір кездегі қызметкері Розенблюмның айтуына қарағанда сол тұстағы Сыртқы Істер министрінің орынбасары болған Н.Н.Крестинскийдің тас қапастағы хал-жағдайын түршікпей, шімірікпей тыңдай алмайсын. Кезектегі тергеулердің біреуінен кейін оның жауырынында таяқ тимеген сау жері қалмапты. Жалбыраған қып-қызыл қансоқта, ет пен тери дәрігерлердің тәбе шашын тік тұрғызыпты.

“Тергеуші Родос сол қолымды мыжғылап сындырып, мойындау қағазына қол қою үшін ғана он қолымды амалсыз аман алып қалды. Менің мұндағы көргенімді адам баласының басына бермесін! Азапқа шыдамағаннан барлығын да “мойындаумен” болдым. Енді соның бәрінен де бас тартам!” деп жазыпты өлерінің алдында Мейерхольд КСРО-ның Бас прокуроры А.Я. Вышинскийге.

Ягода, Ежов, Берия, Абакумов жендеттері ер-азамат түтіл өйелдер мен бала-шаганың өзін аямаған.

“Әкесі үшін баласы жауап бермейді” деген жай бос сөз ғана. Сталин оны елдің көнілін аулау үшін арамдықпен, жәдігөйлікпен айтқан. Шындыққа жүгінер болсак, ері үшін өйелдер, әкесі үшін жауап берген балалар толып жатыр.

Бір кездегі Украина Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы П.П. Пос-

тышевтің әйелі және үлкен баласы оның өзімен бірге атылған. Сол тұстағы Ішкі Істер министрінің орынбасары М.П. Фринковскийдің отбасы да солай: оның әйелі мен мектеп жасындағы баласы да ату жазасына кесілген. Тұrap Рысқұловтың Ескендерінің атты жалғыз ұлы өзімен бірге атылыш кеткен.

Жалпы Сталиннің аярлығында шек жок. А.И. Микоянның айтуына қарағанда ол бірде курортта демалып жатып “мен енді картайып келем. Партиялық линиядан – Бас секретарылыққа Алексей Александрович Кузнецовты, Советтік линиядан – Министрлер Советінің председателіне Николай Алексеевич Вознесенскийді дайындаудың керек” деген екен. Көп кешікпей 1950 жылы олардың да түбіне жетіп тынды!

Отзынышы жылдардың ойраны қақында ондаған, тіптен жүздеген материал оқысадым. Бір гажабы – қанша оқысам да, қанша қадалып іздесем де – күғын көрген, қамауға алынған бір де бір дәлдүріш халтурщикті кездестіре алмадым. Керісінше, асыл азамат, аяулы аруларды аяусыз аласташау кезінде олардың бәрі Сталиннің жандайшап жендеттеріне айналған. Өкінішіне орай солардың көбі тиісті жазаларын алмай әлі күнге тірі жүр. Талантты тұлғаларды таптап жаншуды кімдерге тапсыруды Сталин өте жақсы білген. Ондай безбүйрек, ондай тасбауыр тасырларға қарсы тұру қай заманда онай болған! Баскаладыбылай қойғанда әділетке, ақиқатқа жаңы ашыған, қолдарында әжептәуір биліктегі бар НКВД-ның жиырма мың адамы зорлық-зомбылықтың құрбаны болып кеткен. Сонда басқа бишаралар не істеп жарытпак!

Аз айттың не, көп айттың не, қабырған қайыспай, жүрегін сыздамай еске алу мүмкін емес ол жылдарды!



Жамандауға келгенде шетімізден жорғамыз, мықты болсандар жақсылығын неге жазбайсындар дейді кейбіреулер. Шынында да неге жазбасқа! Жазғың-ақ келеді, бар дауыспен айқайлап айтқың келеді. Бірак, бірақ, бірақ... Осынау бір көлеңкесі мол құрделі тұлғаның жамандығымен салыстырғанда жақсылығы бір пайыз да үстамайтын сияқты. Шап-шағын мақаламызда тиіп-қашып мысалға келтірген нақтылы-нақтылы бірер қиянаты үшін-ақ кез келген пендені қара тақтаға іліп, тарих алдында масқаралауға болады. Мемлекеттік хайуаннатортар корына ұрланып кіріп, жазықсыз жан-жануарға қару жұмсағаны үшін браконьерлерді шетінен қылмысқа тартып, аяусыз соттап жатамыз. Ал енді халықтың қалаулысы, елдің елеулісі болған ақылды ер-азаматтарымыз бер айдай сұлу аруларымызды лақша бақыртып жаппай жазалаған қоғам қөкжалдарына не істеуіміз керек! Анадай еңбегі бар еді, мынадай еңбегі бар еді деп, шырылданап ара түсуіміз керек пе??!

Жә, жақсы!.. Бір азамат, екі азамат, тіпті жүз адам, жүздеген адам қосақ арасында бос кетіп, себепсізден себепсіз күйіп жатсын. Оған да көндік делік! Шегіне жетіп шиеленіскен таптық тартыс кезінде екі жүз миллиондай қалың халық бар кең-байтак елде қоғамдық тәртіп сақтау мемлекетінің кімді үстап, кімді қамап жатқанын Сталин білмей-ақ қойсын! Алайда тарих бір тұстарымыздағы “Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама”, яки зар заман дәуірін еске салатын бүкіл ел, бүкіл халық қасіретін қайда қоямыз?! Кіндік кесіп, кір жуған асыл атамекендерін амалсыз артқа тастап, жер түбіне жер ауған ингуш пен чешен, түрік пен курт, қырым татары мен Еділ қалмақтары, қала берді өзіміздің немістердің



ағыл-тегіл көз жасын қайда қоямыз?! Оны да Стalin білген жоқ па?! Жоқ, бауырым! Білген! Білгенде қандай! Осының бәрі ұзақ ойланып, терең толғанып, жүйелі түрде істелген өрекет!

Аяқ астынан, күтпеген жерден Stalin дүние салмағанда адам ору науқаны жаңа қарқынмен тағы да қайта басталатын еді. Дәлірек айтсақ басталып та үлгерген-ді. Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаев Мәскеуді панарап, Ермұхан Бекмаханов пен Қажым Жұмалиев тәрізді талантты ғалымдарымыз тұтқынға алынып, қазақ газеттерінде қазақ мақалалары жиі-жі җарияланып, кара ниетті сыншылар көр қазуға кірісken-ді. Солардың біразы бүгінде өнештерін жыртып ышқынып жүр...

Отызыншы жылдардың алғашқы ойраны басталғанына елу жылдан астам уақыт өтті. Алуан азamat, қыруар қызымыздан айырылдық. Солардың есебінен талант теңізі төмен түсіп, ақыл айдыны әжептөүір тартылды. Жесірлер сынсып, жетімдер зар қакты. Отырып қайтқан ардагер ағалардың абактыда жазған азды-көпті өксікті өлеңдері болмаса, сол кезеңді өз бастарынан кешірген қария қаламгерлеріміз әлі күнге шейін ләм-мим деместен дүниеден өтіп барады.

Неге? Неге? Неге!

Отызыншы жылдардың аяқ кезінде біздер кішкене ғана бала едік. Көп нәрсені көріп жарытпадық. Көрсек те байқамадық. Байқасақ та, ұқпадық, түсінбедік... Бірақ біз жиырма жыл бойына сол дәүірдің уланған ауасын жұтып келдік. Енді ойлап көрсек, оның өзі онай емес екен...

Kіslіk

Ұлық болсаң – кішік бол.

Сальвадор Альенденмен сырласу-сұхбат үстінде журналист одан:

— Мемлекет қайраткері үшін аса қажет екі-үш қасиетті атап өте аласыз ба? — дейді.

— Эрине!

— Қандай-қандай?

— Кәдімгі мақсат-жігер тұтастығы. Кіслік.

Ұлылықпен шектесіп жатқан кішіпейілділік!

— Сол сіз айтқан үш қасиеттің үшеуі бірдей өз бойынан түгелдей дарыған бір қайраткерлердің атын атаңыз!

— Атаяын, Хо Ши Мин, мысалы!

Сальвадор Альенденің өзі тегін адам емес. Бірақ кеменгерге де күдікпен қарайтын сәттер болады.

Белгілі қоғам қайраткері және бір мемлекеттің аяқ астынан опат болған жаңа президентінен басқаның атын атаса бірсәрі, Хо Ши Миннің атын атауын күткен жоқ едім. Жалма-жан Евгений Кобелевтің ЖЗЛ-дан шыққан Хо Ши Мин туралы кітабын сөреден суырып алып, тез-тез оқып шықтым. Одан кейін Вьетнам көсемінің өлеңдері мен мақала-

сөздері жинақталған шағын томымен қоса таныстым. Көзім жетті. Альенде айтқан үш қасиеттің үшеуі де тұтас дарыған кеменгер адам екен. Жаның сүйсінеді.

Мемлекет қайраткерлерінің бәрі бірдей көсем, бәрі бірдей кеменгер десек, қателесеміз. Өз халқын өзі тобыр деп санайтын топас патшалар тарихта көп-теп кездеседі. Сөйте тұра елім деп, жерім деп, жақсылық үшін жанын пида қылған өулие адамдар да аз емес. Олардың негізгі және басты қасиеті – Кіслік!

Кіслік кісі тандамайды. Ол қой бағып жүрген қатардағы қазақтан бастап, ел басқарып жүрген елеулі азаматтарға шейін, бір де біреуін жатырқамайды. Иә, жатырқамайды. Бірақ ол екінің біріне бұйырмайтын, адамның адамына ғана, соның жүрегіне үш салатын қымбат қасиет.

Жасыратыны жоқ, елдің тағдыры, негізінен, ауыл өкімдерінен бастап, ел басқарып отырған ірі мансап иелеріне, солардың пенделігі мен кіслігіне байланысты. Сондықтан да біз әңгімемізді бір кездегі патшалар мен көбіне-көп осы соңғы заманғы, соңғы бір-екі ғасыр төнірегіндегі ел басшыларының төнірегінде дамытқанды дұрыс көрдік.

Мәселе – жай мәселе, кіші-гірім мәселе емес. Әңгіме Кіслік туралы болмақ. Ал енді кісліктің қадір-қасиетін түсіну үшін пенделік, тіпті иттік хақында да да әңгіме айтуға тұра келеді. Айтқың келмейді, әрине. Бірақ айтпасқа амал жоқ!

Кеше ғана өте шыққан Кенес өкіметінің толып жатқан жағымды жағы болса да, жанымызды жегідей жеген жұғымсыз жақтары да аз болған жоқ. Соның бірі – цензура.

Жетпісінші жылдары “Жазушы” баспасында

бөлім менгерушісі болып қызмет істеп жүргем, бір күні жұмыс телефоны шылдыр ете түсті.

— Маған Мырзалиев жолдас керек еді.

— Ол кісі тындаған тұр.

— Өте жақсы. Мен — Литоданмын /цензура деп түсініңіз/. Осы қазір менің алдында Сырбай Мәуленовтың жаңа жинағы жатыр. Сонда “Алматының аспанында көк түтін” деген өлең жолы бар. Қалай жіберіп қойғансыздар?

— Онда тұрган не бар екен?

— Бар. Олай жазуға болмайды. Түзетініздер!

— Олай болса, Сіз Алматының аспанын тазалап беріңіз! Сонда біз оны, сізге ұнамаган өлең жолын оп-онай алып тастаймыз! Ал егер тазалай алмасаңыз, өлеңде шаруаңыз болмасын! — дедім мен. Ол тарс еткізіп телефонның трубкасын қоя салды.

Осы өнгімен кейін менің ойыма Түркияның бір кездегі падишасы Абдулхамид екіншінің кісі құлдерлік қылыштары түсті.

Көзінің тірісінде ол баспасөзде “динамо” деген сөзге тыйым салған. Айттырмаған. Өйткені ол “динамит” деген сөзді еске түсіреді деген. Оның осы мінезін жақсы білетін баспасөз қызметкерлері “таз”, “жексүрын” деген сөздерден де ат-тондарын ала қашқан. Абдулхамит екінші соның бәрін өз адресіне қабылдаган. “Пьесаларда қалай жазылса, олай жазылсын. Бірақ театр сахнасында патшаларды өлтіруші болмандар!” деп қатты ескертпе жасаған. Баска баска, тіпті көп нұктелердің өзіне тыйым салған. “Барлық пәле сол көп нұктелерде жатады!” деген ол.

Павел бірінші таққа отырғаннан кейін ұзак жыл патшалық құрып, Ресей үшін аяусыз еңбек еткен Екатерина екіншінің бүкіл еңбегін жокқа шығарып, тарихтан сыйып тастауға өрекет еткен. Бір-біріне

қайшы келетін бес жұзге жуық зан шығарған. Дөңгелек қалпактар мен қонышын қайырған етіктерге, тіпті ұзын баулы ботинкаларға тыйым салған. Мемлекеттің бүкіл шекарасын түгелдей жауып, шетел кітаптарын әкелген адамдарды жазалайтын болған. Елді үрей билеген. Кешкі сағат тоғыздан кейін астана көшелерінде шамдарды жаппай өшіруге бұйрық берген. Өлерінің алдында туған шешесі Екатерина екінші мен өзінің мұрагер баласы Александр біріншіні қамап қойған. Іші ыза мен кекке толы мұндаидар адам елдің қамын, халықтың қамын ойлап жатушы ма еді?!

Күндердің күнінде дүниені дүркіреткен Кенес өкіметі кирады. Күйреді. Күйреген коммунизм идеясы емес. Коммунизм идеясын мұлдем басқа мақсатқа пайдаланып, тоталитарлы қоғам құрган нағыз таяз, коммунизмге үш қайнаса сорласы қосылмайтын отаршыл мемлекеттің кесірінен құлады. Менің өз ойым: онын басында үнемі Ленин сияқты коммунизм идеясына шын берілген пәк адамдар отырғанда заман мұлдем басқаша болар ма еді, қайтер еді?! Дүние жүзіндегі бірінші социалистік ел болған Кенес өкіметін азғана жыл басқарған Ленин гүмыры – гибратты гүмыр. Халықтың қамын Лениндегі ойлаған бір де бір ел басы болмаған. Лениннің хатшысы болып істеген Фотеева деген әйел өзінің естелігінде Лениннің Кремль коменданттына жолдаған шағын хатын мысалға келтірді. Төлеу сөзбен айтканда оның мазмұны шамамен мынандай: Анаған барып, мынаған барып, мәндайы тасқа тірелген қам көніл халық маган арызданбағанда, кімге арызданады? Ал сен оларды маган жібермей-сін. Жіберген күннің өзінде, бір емес, екі-үш есікте тексеріп, итін шығарасын. Менің атыма жазылған



шагымдар да менің қолыма өте кешігіп жетеді. Спасс какпасының іргесінде пошта жәшігі бар. Соған түсken хаттарды әр он-он бес минут сайын тексеріп, менің қолыма шұғыл жеткізіп тұр. Бұл менің үшінші рет ескертуім. Алдын ала ескертіп қояйын: төртінші ескерту болмайды. Бұл бүйрық. Бүйрықты бұлжытпай орындаған дұрыс!

Жаңылмасам, жетпісінші-сексенінші жылдары Ленин туралы естеліктердің бес томдығы жарық көрді. Сол естеліктерді жүгіртпіп бір оқып шыққан адам Владимир Ильичке амалсыз бас іп, оны өмір бойы әулие тұтып кетеді. Кенес өкіметінің сорына ол өте ерте дүние салды. Өкінішті!

Ленин туралы сол бестомдық түгелдей кіслік туралы дүние деп есептеуге әбден болады. Онда жұрттың бәріне таныс бір ғажайып әнгіме бар. Онда Надежда Константиновна екеумізге оның жартысы да жетеді деп, өз енбекақысының жартысын Владимир Ильич өз еркімен қыскартып тастайды. Ал біздің шенеуніктердің катардағы қызметкерлер болса бірсөрі, дәuletті шенеуніктердің, тіпті министрлердің, депутаттардың ертеден кара кешке шейін ойлайтындары кара бастың камы, кайткенде енбекақыларын сәл өсіру, көлденен табыстың көзін қарастыру.

Лениннің осынау бір азаматтық әрекетін қайталаған тарихта тағы бір мықты болған. Ол – Юзеф Пилсудский. Ол өзінің маршалдық енбекақысынан түгелдей бас тартып, қаламакысымен күн көрген.

Лениннің кеменгерлігі Кремль коменданттына арнайы хат жазып, оны жерден алып, жерге салғынмен немесе бұл бізге көптеу деп, енбекақысының жартысынан бас тартуымен шектелмейді. Оның өмірі ұлы мақсаттарға ғана емес, ұлы әрекеттерге де

толы. Соның бірі – финдердің өтінішін орындаپ, оларға бостандық-еркіндік беруі. Қай ғасырда, қай елде отаршылар басқа бір бұратана халыққа күрессіз егемендік берген?! Берген болса, қазіргі Ресей чеңдерге неге соны істемейді? Ресейдегі барып тұрған ең басты шовинист Солженицынның өзі Ресей бүкіл Кавказдан бас тартуға тиіс деп жүр. Ал Ресей басшылығы бұл ақылды өліп бара жатса тындармайды. Өйткені бүтінде Лениндей бір де бір көсем, бір де бір гуманист жок. Иә. Ресейде жок. Бірақ дүние кен. Көсемге, президентке, елбасына жарыған халықтар бар. Солардың бірі – вьетнамдықтар. Хо Ши Мин өз халқы, өз ұлты үшін жар сүймей, сөби сүймей, бүкіл өмірін, бүкіл тірлігін еліне арнаған.

Америка Құрама Штаттарымен соғысқан кезде вьетнамдықтар қардай жауған бомбадан ғана емес, аштықтың өзінен баудай түсіп, қырылып жатқан. Екі миллион халық аштан өлген. Сол кезде Хо Ши Мин отандастарына әркім бір күндік тамақтан бас тартып, оны аш-жалаңаш халыққа берейік деп ұран тастанды. Тастан қана қойған жок, өзі бас болып, аптастына бір күн аш жүрді. Елі оны бірауыздан қолдады.

Жалпы Хо Ши Миннің кіслігінде, кішіпейілдігінде шек жок. Ол өзі хан сарайынан бас тартып, сол сарайдың жанынан шағын құжыра салдырып алып, сонда өмір сүрген. Американдықтар күндізтүні Ханойды тынымсыз бомбалап жаткан шакта, Вьетнам көсемі бас сауғалап, басқа жакқа кетпей, сол құжырасында отырып, ел басқарды.

Сарай демекші, үй демекші... Франсуа Миттеран да Франция президенті болып сайланғаннан кейін президент сарайына ауыспай, өзінің бұрынғы үйреншікті баспанасында тұра берген.



Бұл мәселеде Миттеран да жалғыз емес. Египеттің бірінші президенті Гамаль Абдель Насер де Эскери Академияда сабак беріп жүрген кезінде жалдап алған шағын вилласын тастамай өле-өлгенше сонда тұрған.

Елім деп еміренген елеулі азаматтардың армандары да, өрекеттері де ұқсас бола ма қалай? Панама президенті болған Омар Торрихос та Абдель Насер тәрізді. Ол да генерал. Египет президенті Суэц каналы үшін қалай айқасса, Панама каналы үшін ол да солай айқасты. Панама каналы – панамалықтардың каналы. Бірақ оның пайдасын тек қана АҚШ көрген. Ал панамалықтарды каналдың жанына жұытпаған да. Содан да болса керек, Торрихос: “Я не хочу войти в историю, я хочу войти в зону канала!” деген. Түгелдей болмаса да, панама халқының асқан патриоты сол арманына жартылай болса да жетіп өлді. Ал американцың оның түбіне жетіп тынды. Авия апатын ұйымдастырды. Және оның ісін жалғастырмак болған қажырлы ізбасарын, генерал Норьегоны, наркобизнеспен күрескен болып, тұтқыннады. Аз күннің ішінде Панаманың тас-талқанын шығарды. Генерал Норьего әлі де түрмеде. Ресей бір кездे қалай Еуропа жандармына айналса, Америка Құрама Штаттары бүгінде дүниежүзілік жандармға айналды. Оның Ауғанстан мен Иракқа жасаған шұғыл шабуылын мен өз басым солай түсінем.

Гамаль Абдель Насерден кейін мемлекет басқарған Әнуар Садат бүкіл Египеттің түкпір-түкпіріндегі әдемі үйлердің бәрін президенттің билігіне көшірген болса, Садаттан кейін келген Хосни Мұбарат оның ол бүйрығын бұзып, бір кездері өз қаржысына тұрғызған ескі үйінде өмір сүріп жатыр.



Жаксыдан шарапат демекші, Хосни Мұбарак мұнымен тынған жок. Абдель Насер сиякты мемлекет басшысын жөнді-жөнсіз мадактауга тыйым салды. Бір үлкен салтанатты кеште сахида өзін мадактаған ән салған жарамсақ өншінің өзін ортасынан үзіп, бұдан былай қарай мұны койындар деп, жаңындағы ірілі-ұсакты министрлеріне ескертпе жасайды. Насер тәрізді туған күнін тойлатпайды. Газеттердің күн сайын шығып жататын жана сандарында портретін жиі басып, тынымсыз мактап-мадактауды пышак кескендей тоқтатады. Онымен де шектелмей: “Мениң отбасынан да аулак жүріндер! Египетте бірінші леди деген болмайды!” деп айттылады. Президенттің сөзі – бүйрық. Айтты – бітті!

Осыған ұксас әнгімені Иордания королі Хусейн бен Талал да айтқан еді.

Кісілік деген ұлы касиет. Кісіліктің үлкен-кішісі болмайды. Оның кай-кайсысы да бағалы, кай-кайсысы да қымбат. Мысалы, генерал Де Голь қай-кай жағынан да ірі, кай жағынан келсен де кісі. Ол президенттікten кететін кезде әскери медальдан да, Францияның ең үлкен наградасы “Құрметті легион” орденінен де, тек Де Голь үшін арнайы берілмек болған жана атак “Азаттық генералы” атағынан да бас тарткан.

Әдетте, биікке шығу киын, әрине. Өте киын. Ал түсіне білген адамға төмендеу одан да киын. Ауыр. Келесі президенттік сайлау кезінде де Голь мен Франсуа Миттеран амалсыз бәсеке болып калады. Сонда генерал командастындағы бір мыкты:

– Миттеранның абыройын төгетін оқыс бір әрекет істеп көрсек кайтеді?! – дегенде, Де Голь:

— Жок! — деп кесіп тастайды. — Ерте ме, кеш не президент бола алатын адамның намысына тиу жігіттікке жатпайды.

Не деген азаматтық! Не деген рышарълық! Жан беріш, жан алысатын сын сагатта, озге түгілі, өзінен өзің биік болу тіктен ақылға сыймайды. Бірақ факт. Екінші бірінін колынан келмейтін ерлік.

1963 жылы Вьетнам халқының ұлттық жиынында Хо Ши Минді “Алтын жұлдыз” орденімен наградтау туралы шешім кабылданады. Бірақ жауынгер елдін көсемі ешкімнің көнілін калдырмай, рахмет айта тұра мәртебелі марараптан бас тартады. “Халықтың хал-жагдайын жақсартып алмай, бөлініп жаткан екі елдін басын коспай тұрып, мен бұл сыйлықты ала алмаймын!” дейді.

Адам деген қызық кой, әнгіменің дәл осы тұсана келгенде менің есіме марқұм Леонид Брежнев түсті. Омырауын бір тонна металмен құрсаулаган Орталық Партия Комитетінің Бас секретары көз алдыма келді. Осы адамның орденкүмарлығында шек болмайтын.

Гамаль Абдель Насер келесі мерзімге, яки тағы бір алты жылға президент болып сайланады. Ал Халық ассамблеясы кезінде Біріккен Араб Республикасының президентіне өле-өлтінше отыратындағы етіп сайлау керек деген ұсыныс айтылып калады. Сол кезде Абдель Насер мінбеге шығып: “Президенттің күкігі онсыз да үлкен. Онда шек жок. Кабылдауға бола ма бұл ұсынысты? — деп өзіне-өзі сұралк кояды да, — Болмайды, әрине! Бірақ сіздердің ықылас-ниеттеріне мын да бір рахмет! Мұндай шаруаларды сезім жетегіне еріп, лапықдал отырып шешуш керек. Аса үлкен жауапкершілікпен карау керек!” деп туйеді.

Халық пен президенттің арасында жүрген ортағы жөне төмөнгі сатыдағы шенеуніктер Елбасына қайткенде де бір жылды сез айтуда керек. Мактап койнанын да зияны жок деп есептейді. Соити есіле, едән басшысын да колаисыз жағдайда қалдырады.

Югославияның елбасы Иосиф Броз Тито да үш морте Социалистік Енбек Ері атагын алғып, Кенес оқметтін де біраз орденине ие болған-ды. Жөне ол-өзгеше президент креслосын да ешкімге берсе койған жок. Мине, сол Тито туралы отандас жөне партиялық орыншы М. Джилас "И Тито корольдер секілші шалқын өмір сүреді. Оның сарайларындаи сарай, оның салтанатындай салтанат, оның доулеттіңдеи даулет көрген жокпны!" деп жазды. Несі бар, ағайындар ішінде де мұңдаштар кездеседі. Олар жөнін аз емес. Бірақ халық олардан горі баскалады жаксы көреді. Соңдай баскаладын бірі Панама президенті Омар Торрихос Маркұмың орталықтара үйі, тамакты да жоңдеп тісіре алмайтын қызметкері тана болған. Өзі үнемі жұтыны күнгей. Конетоздау шалбары, етеги шалбарданы сырттына коя берепті жейдесі жөне ескілеу саңдалы болған. Оның өзін кебіне-көп шұлыксыз киеді екен. Мұны мен контраст үшін айтып отырмын. Біреуінкі дүрыс, біреуінкі бұрыс деуден аулактын. Соның екеуіне де едән көзіне түспейтін әп-әдемі тұруына болатын еді гой.

Маркұм Дж. Неру елерінде өзінін орына Баҳадүр Шастриді ұсынып кеткен. Ал сол Баҳадүр Шастри кайтыс болғаннан кейін көңіл айтуда келген Кабинет мүшелері маркұм премьер-министрдің соншатық жұтыны, тіпті жарты тұратынына тан калған. Өз көздеріне өздері сенбеген. Екі-үш күннен

кейин Шастридин артында қалған айел мен екі қызынын наң алтын жетін тиындары болмagan. Онын солай аса кедей тұратынын, бірақ жаңы таза иманды адам екенин Дж. Неру оте жасы билen. Соңдыктan да өз орнына басқаны үсынбай, соны үсынған той! Шастри оны актады. Ненделкке берілмегі. Ал берілу он-онай еді. Оған, премьер-министрге бір күжатка, небары бір күжатка көп койса жетін жатыр емес пе?" Банын жүре беретін мүмкіндік бар-ды. "Экозиди арбауына түспі, оның жеген адамдар аз ба?" Сол нара деген поленин көсірінен Оңтүстік Кореяның екі президенті, Жапонияның бір премьер-министрісті болмап па еді?"

ЦРУ-дын адамдары бір кезде Абдель Насердін озин сатып алмақ болған. Бул туралы сол кездегі ЦРУ-дын агенті бытайдеп жазды: "Хасан /Насердін адамы/ жаңындағы оқшагар екі нокерімен мен Маадиданы үйнде карсы алды. Онда ешкандан кысылу, кымтырылу немесе каймыту байқалмады. Чемодандының ақшаны бір емес, біришке морте есептеп көріл еді, үш миллионта он доллар жеткеді. Яки 2999999 болды да тұрды".

— Жа, он долларға болта бекергे күйіп-тіспейік! — деді де қатанын қарама-карсы жағына орналаскан президенттің ревиленшілігіне қарай тартылдырыды.

Абдель Насер бір чемодан долларды көргенде кіттү ашуланды. Менин өтімे бұлай істегендеге, менин шенеуніктеріме не істемейді бұлар деп кала болды. Баспасөзге жария етпі. ЦРУ-дын арекеттің әшкере-лесек пе деп ойлады. Мұндай оқигалар бұрында болмagan. Тура осынша долларымен американдықтар Сингапур президенттіне де шыюхан... Бірақ ойланана-ойланана келе Насер бұл райынан кайтып, әлпі үш миллион долларға Америка Құрама Штаттары-

ның барлаушылық құпия хабарларын ұстап, талдаң отыратын радиостанция тұрғызуды құп деп табады.

Баспасөз, ақпарат құралдары арқылы жақсы білеміз: біздің республикамызда да коррупциямен аяусыз күрес жүріп жатқан тәрізді. Бірақ президент қаншама жаңын салғанмен парапорлық, жемқорлықтың тамырына түбекейлі балта шабылды деп айта алмаймыз. Әйтсе де, ерте ме, кеш пе – шабатын шығармыз.

Өзімді өзім шеттеп, өзімді өзім тежемесем бұл әлкіссаның аяқталар түрі жок. Өйткені кісілік туралы әңгіме бір күннің ғана проблемасы емес – әңгімелік проблема. Бір емес, бірнеше мәрте оралып соғатын әңгіме... Рас, жылдар өткен сайын заман күрделеніп, адамдардың өздері өзгеріп барады. Бірақ қанша өзгерсе де, қанша құбылса да кісілік жоғалып кете қоймас. Тек соны әркім – қатардағы қарапайым адамнан бастап ел басына дейінгі қалың ел түгел сезінуге тиіс.

Казіргі жыл санауымыздың ең басында өмір сүрген Рим императоры Әулие Тит /Тит Флавий Веспасиан/ көнілі кіршіксіз таза, аса жомарт, еліне сондай жайлы жан болған екен. Оның алдына арызбен барған, бірдене сұрай барған адам құр шықпайтын болса керек. Ең бастысы – келген адамның көнілін қалдырмағанға ең алдымен өзі риза бол, күні бойы көнілді жүреді екен. Сол бірде тәулік бойына ешкімге, тіпті адамға жақсылық жасай алмай қалып: “О, Жасаған-ай! Бұғін бір кісіге кісілік көрсете алмадым. Сөйтіп бір күнім босқа өлді!” – депті.

Біздің қанша күніміз босқа өліп жатыр екен!



МАЗМУНЫ

Иірім

| | |
|--------------------|---|
| Иірім (ессе) | 6 |
|--------------------|---|

Көсемсөз

| | |
|------------------------------|-----|
| Отызыншы жылдар ойраны | 336 |
| Кісілік | 347 |

Художественное издание

**ҚАДЫР МЫРЗА АЛИ
ОМУТ**

(на казахском языке)

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *А. Дәдебаев*

Көркемдеуші редакторы *Ә. Жақсылықова*

Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*

Корректоры *Ә. Кенжалина*

Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ №014

Теруге 12.12.2003 берілді. Басуға 28.01.2004 кол койылды.
Пішімі 75x90¹/₃₂. «Балтика» гарнитурасы. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табагы 14,06. Есептік баспа табагы 14,12.
Таралымы 10000 дана. Тапсырыс №163.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия
комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Макатаев көшесі, 41.